

12015

3622₁₀

Еркегүл АРЫҚҚАРАҚЫЗЫ

**МОНГОЛ ҚАЗАҚТАРЫ ПОЭЗИЯСЫ
ЖӘНЕ
АҚЫН КӘКЕЙ ЖАНЖҮНҰЛЫ**

**МОНГОЛ ҚАЗАҚТАРЫ ПОЭЗИЯСЫ
ЖӘНЕ
АҚЫН КӘКЕЙ ЖАҢЖҰҢҰЛЫ**

Алматы-2009

УДК 821. 09

ББК 83. 3

А 86 ✓

Арыққарақызы Е.

“Монғол қазақтары поэзиясы және ақын Кәкей
Жаңжүңұлы”, зерттеу.

Ақотау баспасы, Алматы 2009, 208-бет.

ISBN 9965-9763-3-3

А $\frac{4603020102}{00(05)-09}$

УДК 821. 09

ББК 83. 3

ISBN 9965-9763-3-3

© Ақотау баспасы, 2009

рухани мұрамыздың ілгергі - кейінгі тарихын тұтас тану мүмкін емес.

Қазақ халқының ауқымды бір бөлігі тіршілік етіп жатқан Монғолияда өз туындыларына халықтың тұрмыс - тіршілігін, тағдырын, арман - аңсарын, заман шындығын арқау - желі еткен ақындардың әдеби ортасы қалыптасқан. Осы қатарда шығармаларының мазмұндық - идеялық тереңдігі, стильдік - көркемдік деңгейі жағынан қатарластарынан қара үзіп дара көрінген ақынның бірі – Кәкей Жаңжұнұлы. Сондықтан аймақ поэзиясының көрнекті өкілі Кәкей мұрасын өзінің алды - артындағы ақындардың шығармаларымен байланыстыра-салыстыра отырып, мемлекеттік мәдени мұра бағдарламасына сәйкес зерттеу жұмыстың өзектілігін көрсетеді.

Монғолиядағы қазақ әдебиетінің туып, даму жолдары соңғы кездері ғана зерттеу объектісіне айнала бастады. Кәкей шығармашылығы қазірге дейін арнайы зерттелген жоқ. Оның мұралары жөнінде айтылған ой - пікір, сын рецензиялардың өзі саусақпен санарлық. Жалпы Монғолия қазақтары әдебиеті жайында алғашқы пікір айтқан ғалым – Қабидаш Қалиасқарұлы. Оның «Өскен елдің өршіл әдебиеті» (Өлгий, 1976), «Халық ақындары» (Өлгий, 1970), «Баян - Өлгий казактарының халық ауыз әдебиеті» (Өлгий, 1969) атты зерттеулерінде Баян - Өлгий аймағы әдебиеті, соның ішінде Кәкей поэзиясы туралы құнды пікірлер айтылады.

Сырттағы қандастарымыздың әдебиетін жүйелі зерттеп келе жатқан адамның бірі – ғалым З. Сейітжанұлы. Ғалым «Монғолия қазақтарының әдебиеті» және «Қытай және Монғолия қазақтарының әдебиеті» атты зерттеулерінде Монғолиядағы қазақ әдебиетінің даму жолдарын зерделейді. Осы ретте Кәкей Жаңжұнұлы шығармаларына да назар аударып, оны өзіндік өрнегі бар ақын ретінде бағалаған.

Сондай-ақ, Р. Зұрғанбайұлы «Кәкей Жаңжұнұлы туғанына 50 жыл» және Л. Шалдыбаевтың «Тау қыраны» атты кітапшаларда авторлар Кәкей ақынның өмірі мен шығармашылығы жайлы естелік аралас ой айтады. Ғалым Тұрсынбек Кәкішевтің «Рухани байлығымызға ие болайық» және «Үш қоңыр» мақалаларында кеңестік дәуірде рұхсат етілмеген шетелдердегі рухани мұрамызды жинап,

насихаттаудың кезі келгенін атап өтеді. Ал ғалым С. Негимовтің «Тойлыбай толғаныстары» атты мақаласында Тойлыбай ақынның поэзиясына көңіл аударып, ақынның өзіне тән дара мәнерін, көркемдік сөз саптау үрдісін зерделейді.

Әдебиетші Л. Шалдыбаев «Атажұртын аңсап өткен» атты мақаласында Кәкей ақынның ұлтын сүйген азаматтық болмысын, қазақ халқының жанашыр асыл ұлдарының бірі ретінде танитынын айтса, Бақытбек Бәмішұлы «Қазақ әдебиетінің бір бұлағы» мақаласында, автордың өз сөзімен айтсақ: «арын адамгершілік шеңберімен өлшеген шымыр да шыншыл шешім, болат байламды» Кәкей «жібектей өріліп, маржандай тізілген өлеңдерімен қазақ әдебиетіне бір – бұлақ болып құйылған» ақын ретінде өте орынды атап көрсетеді.

Б. Мақабылұлы «Оспанханның ізбасары» деген мақаласында, шетелде өмір кешіп, өзінің саналы аз ғұмырында артына қомақты мұра қалдырған қазақтың талантты сықақшысы ретінде таниды. А. Рахатұлының «Ел есінен өшпейсің» мақаласында, сыншы Қ.Жұмаханұлының «А. Бабиұлының өмірі мен шығармашылығы», әдебиетші Н. Қазыбековтың «Ой таразысы» (Тамыры бір, тағдыры басқа), Е. Кәпқызының «Монғол қазақ әдебиетінде проза жанрларының қалыптасып, дамуы» еңбектерінде Монғолиядағы қазақ әдебиетінің даму барысы мен өкілдері, шығармалары жайлы пікірлер, жалпы қазақ әдебиетіне сүбелі үлес болып қосылғандығына назар аударады.

Жоғарыдағы үлкен - кіші зерттеулерді басшылыққа ала отырып Монғолиядағы қазақ поэзиясы және Кәкей шығармашылығы жайында ғылыми тұжырым жасау қажеттілігінің мәні зор.

К. Жаңжұңұлы – артына қомақты мұра қалдырған ақын. Ол бірде лирикаға, бірде сатираға ден қойып, тағылымды туындыларымен көп көңілінен шықты. Аймақ әдебиетіне қомақты үлес қосқан ақын мұрасының табиғатын тану, әдебиеттегі орны мен мәнін анықтау жұмыстың басты мақсаты болып табылады.

Қазақ халқының, соның ішінде Монғолия қазақтарының поэзиясын қазақ әдебиетінің бір саласы ретінде қарастыра келіп, аймақтық поэзияның дамуындағы зерттелмей,

бүгінгі оқырманына жетпей жатқан қыр - сырын тереңірек талдап, түсіндіру. Ұлттық әдебиетті өздік ерекше сипатымен толықтыратын бір арнасының сырын аша түсу.

Осыған орай төмендегідей нақтылы міндеттер алға қойылды.

– Монғол қазақтары поэзиясының даму жолын саралау.

– К. Жаңжұңұлы шығармашылығының тақырыптық өзгешеліктері мен жаңашылдық қырларын анықтау.

– Монғолиядағы қазақ поэзиясының өзіндік ерекшеліктеріне барлау жасау.

– Монғолиядағы қазақ поэзиясының қалыптасуына Абай мұрасының және қазақ совет әдебиетінің ықпал - әсерін бағамдау;

– Ақындар шығармаларының көркемдік тәсілдерін ашу.

– К. Жаңжұңұлы өлеңдерінің бейнелеу құралдарын талдау;

– Ақын шығармашылығындағы өмір шындығы мен лирикалық қаһарманның ара - қатынасын зерделеу.

Кәкей Жаңжұңұлы шығармашылығын негізге ала отырып, Монғолия қазақтары поэзиясының дамуын алғаш рет ғылыми айналымға түсіріп, әр қырынан зерттелуі жұмыстың ғылыми жаңалығын көрсетеді. Өйткені Кәкей шығармалары да, оның алды - артындағы ақындардың әдеби мұралары да әдебиеттану ғылымында бұрын - соңды зерттелген емес. Монғолиядағы қазақ поэзиясының дамуына үлкен үлес қосқан, өзіндік орны бар бір шоғыр ақындар мұрасын және Кәкей Жаңжұңұлы шығармаларын әдебиеттану ғылымының бүгінгі талабы тұрғысынан бағалап, өздеріне тән ерекшеліктерін ашу зерттеудің сонылығы болып табылады. Осы ретте төмендегідей ғылыми жаңалықтарға қол жетті:

– Монғолиядағы қазақ поэзиясының туып, қалыптасу кезеңі жаңаша тұжырымдалады;

– Монғолиядағы қазақ поэзиясының салаларын (саяси лирика, табиғат лирикасы, махаббат лирикасы т.б.) дамытып, қалыптастырудағы ізденістер зерделенеді;

– К. Жаңжұңұлы және оның алды - артында өмір кешкен ақындар шығармаларындағы ортақ сарындар қарастырылады;

– Кәкей Жаңжұңұлының шығармашылығы ата жұрттағы ақындар туындыларымен сабақтастыра зерттеліп үндестігі мен даралығы ғылыми тұрғыдан айқындалады;

– Монғолиядағы қазақ поэзиясының белгілі өкілдері шығармаларының поэтикалық - көркемдік қырлары нақты талданады;

– Монғолиядағы қазақ диаспорасының қоғамдық - әлеуметтік өміріндегі санқилы құбылыстардың поэзиядағы көріністері ашылады;

– Кәкейдің ақындық шеберлігі, жаңашылдығы, аймақ әдебиетінің дамуына қосқан үлесі пайымдалады;

Сонымен қатар Монғолиядағы қазақ поэзиясының дамуы мен жалпы тенденцияларын ашып көрсеткенде оның негізгі өкілдерінің туындылары маңыздылығы тұрғысынан бағаланып, тұжырымдалды. К. Жаңжұңұлының туындылары және Монғол қазақтарының әр кезде жарық көрген поэзиялық шығармалары алынды.

Зерттеу жұмысының теориялық және методологиялық негізіне белгілі әдебиетші ғалымдар А. Байтұрсынов, М. Әуезов, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмаилов, З. Ахметов, Т. Кәкішев, З. Қабдолов, Ө. Күмісбаев, С. Қирабаев, Р. Нұрғалиев, Ж. Дәдебаев, Б. Майтанов, З. Бисенғали, Қ. Алпысбаев, Қ. Қалиасқарұлы, Т. Тебегенов, Ж. Тілепов, Д. Ысқақов, С.Негимов, З. Сейітжанов, Қ. Әбдезұлы, Б. Әбдіғазизұлы, Р. Тұрысбек, С. Мақпыров, Т. Рахымжанов, М. Базарбаев, Қ. Жұмаханұлы, Ө. Нарымбетов, Т. Есембеков, т.б және алыс, жақын шетел ғалымдарының ғылыми - теориялық еңбектері бағыт - бағдар болды.

Жұмыстың негізгі тұжырымдары мен нәтижелерін көп томдық қазақ әдебиетінің тарихын жазуға пайдалануға болады. Сондай-ақ, Монғолиядағы қазақ әдебиетінің даму жолын білуге мүмкіндік береді.

Республикалық жоғары оқу орындарының филология факультеттерінде «XX ғасырдың екінші жартысындағы әдебиет» пәні бойынша қосымша материал және арнаулы курс ретінде оқытуға болады.

Зерттеу еңбекте:

– Монғолиядағы қазақ поэзиясының туып, қалыптасу

кезеңі – ХІХ ғасырдың соңы болғандығы зерделенеді.

• Монғолиядағы қазақ әдебиетінің 1940 жылдан бастап жаңа үрдіс табуы.

– Монғолиядағы қазақ поэзиясы қара шаңырақтағы қазақ поэзиясының құрамдас бір бұтағы.

• К. Жанжұңұлы Монғолиядағы қазақ поэзиясына жаңа идеялық - көркемдік ізденістерге негіз салған ақын.

• Монғолиядағы қазақ ақындарының Атамекен жайлы өлеңдерінде ерекше эстетикалық - көркемдіктің көрінісі мол.

• Дәстүр жалғастығы мен дара шығармашылық ізденістердің анықталады.

• Аймақтағы қазақ поэзиясының ерекшелігі бүгінгі күн талабынан қарастырылды.

• К. Жанжұңұлының қазақ әдебиетіндегі орны сияқты келелі мәселелер тұжырымдалады.

I. ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ӨРКЕНДІ БІР БҰТАҒЫ

Алтайдан жеткен азаттық әуен...

Алтай тауының теріскей бетіндегі қазақтардың әдебиеті (поэзиясы) дамуын оның тарихымен байланыстыра қарастыру орынды болмақ. Зерттеу жұмысымыздың алғашқы тарауында поэзиялық туындылары арқау болған ақындар қазақ тарихындағы аса күрделі дәуір ХІХ ғасырдың соңы, ХХ ғасырдың бастапқы жылдарында өмір сүрді. Бұл кез күллі қазақ тарихындағы аласапыран оқиғалар мен қасіреттерге толы жылдар еді.

Ақындар туындыларындағы басты сарын – елді бірлікке, ғылымға, азаттыққа үндеу болды. Бұл кезең поэзиясынан осы өлкеге қазақтардың қоныстану тарихын тануға, қазақтар басынан кешірген қоғамдық жағдайлардың барлығынан мол мәліметтер алуға болады. Басқаша айтқанда, Өлкелік қазақтардың өмір тарихын өлең шежіресінен танимыз.

«Қобда қазақтарының ауыз әдебиеті ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап дами бастады. Бұл осы өлкеге қазақтардың келіп қоныстана бастаған кезеңіне сәйкес келеді. Дәл осы тұста бірінші болып ел көзіне түскен ақын

Тауданбек Қабаұлы (1830 - 1908). Ол ауыз әдебиеті мен көркем әдебиетімізді жалғастырушы өкілі болды» [3, 6 б.]. – дейді ғалым Қ. Қалиасқарұлы.

Тауданбек Қабаұлы (Қаба өзенінің бойында туылғандықтан) Шығыс Қазақстан жерінен сүйгені Жайлыбаланы алып қашып, Алтай жерінен өтіп, Қобда қазақтары арасына келіп тұрақтайды. Бұл жердегі ағайындар ақын жігітті жылы шыраймен қарсы алады.

Тауданбек Қабаұлының:

Болғанда таудан найман, тастан найман,
 Мен Тауданбек болғалы бірталайдан.
 Атамекен артта қап, арман жұтып,
 Жылқышыға сіңгенім осы жайдан. [4, 6 б.].

деген өлең жолдары ақынның Қазақстан жерінен Алтай тауының теріскей бетіндегі қазақтар арасына келіп өмір кешкендігін дәлелдейді.

Бұл өлкеге қазақтар қоныстанған кездерден бастап - ақ өздерінің рухани қажеттілігін өтеу борышын жалғастыра білді. Бұл мұраттың жолында адамдар өздері бастан кешкен тарих, өткен өмір, белгілі оқиғаларды арқау еткен әдеби мұраларын тудырды.

Тауданбек ақын бір өлеңінде:

Төрде отырған торсиып төрелерім,
 Жеке - жеке бір төбе бұл нелерің?
 Есіктің алды толған жаман тонды
 Табаққа жетпеді ғой кедейлерім, – [5, 9 б.]. деп

ақын «төрде отырып торсиган» шен-шекпенділерді сынға алады. Жаман тонды жалбырлар есік алдында қалған. Табақтағы тамаққа көздерін сатудан басқа амалдары жоқ. Бұл қазақ аулының бір көрінісі еді. Әлді мен әлсіздің арасындағы теңсіздікті көрсете келіп, төрдегі төрелерге мейір – қайыр қайда деп сауал тастайды. Әлеуметтік теңдікті талап етеді.

Ақын «Бақ қайтқанда адамнан бейіл кетеді» атты екінші өлеңінде адам болмысына үңіледі.

Бақ қайтқанда адамнан бейіл кетеді,
 Бейіл кетіп артынан безілдетеді.
 Еріншек пен жалқаулық жиылып ап,
 Сол адамның дәулетін кейіндетеді. [5, 11 б.].

Пейілі кетіп, араны ашылған адам қандай болмақ? Араны ашылудың арты жақсылыққа апармайды. Қанағат жоқ жерде дүние - қоңыз тойымсыздық бой көтереді. Бұл адамгершілікке дақ түсірер жаман әдет.

Еріншек пен жалқаулық біріксе ше? Онда адамның бақ - дәулеті кемиді. Абай айтқан бес дұшпанның бірі – осы еріншек пен жалқаулық емес пе? Мұндай жаман істің бәрі де адамның бағын байламақ. Сондықтан адам дейтін ардақты атқа лайықты болудың бір жолы пейіл - ниетті түзеп, ерінбей еңбек ету екенін айтады.

Тауданбек «Ағайындарға» деген өлеңінде ағайын мен ел арасының ашылмауын насихат етеді. Береке - бірлік болса ғана жақсы тірлік болады деп біледі:

Балаларың Бүрті, Батпа,
Сүйегі ұксағанмен адамзатқа
Бірі – тас, бірі – балта ала келер
Араз боп ағайынды салып отқа. [5, 12 б.].

Екі адамның көші - қон кезінде жерге таласып жүз шайысағын әдеттерін шенейді. Мұның әсері ағайын арасын бұзады, ыңғайсыз жағдайға душар етеді. Сондықтан татулық, бірлікті сақтауға шақырады.

Қарасам ауылыңның бәрі делбе,
Жаман үлгі бересің кейінгі елге.
Көрдің бе туысында тәрбие жоқ,
Шырағым, тілімді алсаң жібер селге,— [5, 12 б.].

деп тәрбиесіз, көргенсіздіктен құтылуды ұсынады. Елге жаман үлгі көрсетпегенді үндейді.

Ел арасының ашылмауын мақсат еткен ақынның жаманға жаны күйеді, жақсылыққа жадырайды. Тауданбек өз өлеңдеріне сол кездегі өмір шындығын өрім етеді. Қоғамдық -әлеуметтік қайшылықтарды аңғара білген ақын үнемі имандылық пен ізгілікті дәріптейді. Сана - сезімдегі кертартпа - кесепаттық тәрізді қасиеттерді сын тезіне салады.

Сондай-ақ, ақынның «Сұрасаң менің атым Тауданбекпін», «Ескілер қалған екен баршын тартып», «Бүркіт пе?», «Тазқара», «Жексенбі аңшы», «Біреу кетсе тозаққа молда кетер», «Алдаберген баласы атың Тәжі», «Сақыға» атты өлеңдерінен оның өз өмірінің қилы кезеңдері, өмір сүрген

ортасы, өмірге деген көзқарасы айқын аңғарылады. Халық ішінде ақынның наданды, озбырды, олақты әжуа - сықақ, жақсы мен игі істі мақтан еткен өлеңдері кеңінен тарап, үлкен беделге ие болған. Ақынның мұраларының шағын бір бөлігі ғана бүгінгі ұрпаққа келіп жеткен.

Тауданбек ірі айтыс ақыны, оның Ыбысжан, Есбосын, Жолды, Мешел, Жеңікбайлармен айтыстары белгілі. 1908 жылы қайтыс болады.

«Ақыт Үлімжіұлы (1867 - 1938) қазақтың біртуар перзенті, кемеңгер, ойшыл, ұлтшыл қайраткер, бостандық жолындағы жарқын күрестің көш басшысы болды. Алтай мен Қобдадағы, яғни Монғолия мен Қытайдағы қалың қазақтың саналы тұлғасы боп танылып, Абаймен тұстас өмір сүріп, өшпес әдеби мұрасын қалдырған – данагөй ақын» [4, б б.]. Ақыт ақынды Алтай, Қобда қазақтарына ортақ ақын деуіміздің себебі – Ақыт Алтайдың күнге бетінің Көктоғай деген жерінде туып, балалық шағын сонда өткізгенімен.

Алтай тау, Қобда, Сауыр, Бәйтік Боғда,
Ерентау, Сантай, Бөкен – тұрмыз сонда.

Алшаңдап азғантай жыл кендік көрген,
Байытқан берекелі қайран Қобда. [6, 12 б.].

деп өзі жырлағандай, жігіттік шағын, саналы өмірінің көптеген жылдарын осы бетте өткізеді. «...Алтай тауынан Меккеге дейінгі кеңістікте өмір кешіп, шығыс пен батыс ой алыптарының шығармаларымен танысып, жеке дара дүние танымы қалыптасқан қазақ әлеміндегі жарқын құбылыс, өрен тұлға болды» [7, 12 б.]. «Ақыт ақынның ұлылығы – оның мешеулік пен отаршылдық бұғауы торлаған Алтай, Қобда қазағының мәдениетін әлеуметтік биікке көтеріп, алып шығуында жатыр. Ісләм дінін халқына кең таратып қана қоймай, қазақ халқының бостандығы, теңдігі, мәдениеті жолындағы күресте оның адастырмас бастаушы екендігін жұртына уағыздауында, ұқтыруында жатыр. Ол осынау зор мақсат үшін халқымыздың өлеңшіл қасиетін дарындылықпен де, данагөйлікпен де пайдаланды» [4, б б.]. – дейді ғалым Қ. Қалиасқарұлы.

Ақыт ақынның «Қалам, сия – көз жасы» атты толғауы халқын оянуға шақырып, ұлы Абаймен, өз тұстасы Шәкәрім, Сұлтанмахмұт, Мағжан, Міржакыптармен үндеседі:

Ояналық шыңдалып,
Өзге халық не ғып тұр,
Оларды да тыңдалық.
Замана қалай ағып тұр,
Тым надандық қылмалық.

.....
Талаптылар ой ойлан,
Мынау қалай, япырым - ау?
Ұйқыдан көтер басыңды,
Өнерге көндірі жасыңды... [6, 15 б.].

Ол азаматтық ақындық ғұмырын халқының азаттығы, бақыты, ынтымақ - бірлігі, ғылым - білімге бет алу жолындағы күреске бағыштады.

«Қалам, сия – көз жасы» толғауында:

Қайлалы халық – арыстан,
Қайласыз халық – көртышқан
Елі мен жерін қорғауға
Қай - қайсысы қарысқан.
Сен де қамдан, бас көтер,

.....
Дінмен өсер кетті күн
Өнерменен ел ержетер – [6, 12 б.]. деп дінмен
сыңаржақ қалсаң ел - жеріңді де қорғай алмайсың, ғылымнан мақұрым қаласың деп үйретеді.

Елдің тұтастығы мен бірлігі – Ақыттың арманы мен қасіреті еді.

Дұшманға елін бермеген,
Алаштан қорлық көрмеген,

Елге тұтқа ерің сол
Азуы кере қарысың. [6, 19 б.]. деп ақын ұлт бірлігінің қамын жеп, мұңын жоқтайды. Аталасыңмен де, алашыңмен де тату болып, жауға еліңді бермесен ерлік – сол деген ой тастайды. Ақыт ақын қазақтың ұлттық мүддесін жоқтап, елім деп еңіреген жырлар жазды. Алтай тауы төңірегіндегі қазақтар бір кездері тосыннан екі бөлініп қалғанда:

Бұлғын, Шіңгіл екі өзен,
Арада бар бір кезең

Екі тарап бөлінді
 Бірі – Монғол, бірі – Ежен.
 Қайран жұртым, қайран ел,
 Көбірек тиген пайдаң ел,
 Екі тарап болды ғой,

Табылар мұндай қайдан ел?! [6, 26 б.]. деп бір халықтың екі елге қарап қалғанына өкініш білдіреді.

Оның шығармалары қазақ халқының бай ауыз әдебиеті, шығыс пен батыстың жарық жұлдыздары алдындағы Абай сынды ұлы тұлғалар, айналасындағы тұтастарынан терең нәр, әсер алып отырды. Классик ақын Абайды өзіне үлгі етіп өмірінің соңғы кезеңінде Абай әуенімен «Дала дилул: ғахылиясын» жазып, ұлы Абайға құрмет білдіруі оның көрегендігінің тағы бір айқын белгісі.

Ақыт ақын өзінің ақындық орнын:

Ақындар бізден бұрын өткен талай,
 Әсіресе Құнанбай баласы Абай.
 Солардай өткір сөзді таппасам да,
 Ойымды жеткізейін құрай - жамай. [6, 12 б.].

деп бағалаған. Дей тұрғанмен де, талай жылдар бойы шалғай шетте жүріп Абайды да, өзге ақындарды да жақсы тани алмаған Алтай (Шығыс Түркістан), Қобда (Монғолия) қазақтары өлең - өсиетте тек Ақытты ғана пір тұтып, ғибрат алды. Сондықтан Ақыт ақынның өлкелік қазақтардың тұрмысы мен рухани өміріне тигізген ықпалы, олардың рухани әлеміне жасаған жақсылығының орны ұшан - теңіз болғандығын айтып өту ләзім.

Ақыт шығармаларының тақырып аясы орасан кең де, дені имандылық, адамгершілік тәрбие беруді көздеген, тілге оралымды, ойға қонымды, көркем болып келеді. Адамгершілік тақырыбындағы шығармалары әдептілік пен ибағаттылықты уағыздайды. Аса көркем тілмен шығарма шырайын келтіре шебер суреттейтін:

Кей адамның мінезі–
 Аударма да төңкерме–

Толықсып тұрған сынаптай [6, 12 б.]. деп басталатын өлеңінде жаман мінез әжуа-сықақпен суреттеледі.

Ол өзінің адамгершілікті, бірлікті ту еткен жыр

дастандарында қазағының озық та биік, білімді де мәдениетті ел болуын аңсады. Ақыттың өсиет - өнегелері қазақтың ірі бір бөлімінде ұят - иман, ар - ұжданын тұп - тұнық сақтауға теңдесі жоқ ықпал етіп келгендігі шындық. Алтай қазақтары (Қытай, Монғол жеріндегі) ұлттық тілі мен дәстүрін таза сақтап жаңа ХХІ ғасырға жетті.

«Бұл жақтағы қазақтың ұлттық абзал қасиеттерін таза сақтауына халықтың ақылгөй ақыны, рухани көсемі Ақыт қажының үлгі - өнегелері де тікелей ықпал еткендігін атап көрсетуге әбден хақымыз бар» [8, 12 б.]. – дейді әдебиет зерттеушісі, ақын Ш. Рахметұлы.

Қазақ ауылы көшеді,
Сайдан көшін құлатып,
Масаты кілем манатын,
Түйеге жауып жайнатып.
Саялы бұлақ, бау шалғын,
Жағалай бие байлатып.
Үйде қымыз бар болса,
Ән тартады ойнатып,
Тоғыз перне домбыра,
Одан да күйді заулатып [6, 12 б.].

Өленде сол кездегі өмірде, қазақ тұрмысында неғұрлым жиі кездесетін мәнді әрекеттер басым екенін көреміз. Бұл Абайдың «Жаз» өлеңіндегі қазақ тұрмысына тән әрекеттерді еске түсіреді.

«Есептесер күн болар» атты толғауында күпірлік, тәкаппарлық, қараулық қатарлы кесірлік мінездер талай ғасыр бойғы тарих тағылымдарымен шендестіріліп беріледі:

Патшамын деп ойласаң,
Сүлеймен де өткен дүниеден.
Төремін деп ойласаң,
Ескендір де өткен дүниеден.
Күштімін деп ойласаң,
Ғали Арыстан, Қаһарман,
Олар да өткен дүниеден... [6, 12 б.].

Ақыт хажы мәңгілік – ахиреттік дүниені де жалықпай жырлады. Әсіресе «Хиямет ахуал» – «Ақирет баян» қиссасында ұжымақ пен тозақты сенімді әрі әсерлі айшықпен суреттеді,

мұсылман баласын ислам дінін қастерлеп, бес парызды мүлтіксіз орындауға шақырды.

Бірақ халықты дінмен ғана қанағат етіп қор болып қалмауға мегзеді. «Өсиетім жұртыма» өлеңінде:

Жастар құлақ салып қал,
Магрипаттан құр қалған
Неше түрлі халық бар.
Соларға еріп құр қалмай
Ғылым, білім танып қал.

.....
Құлдықпен өмір сүрмендер.
«Иман көрдік» –деп шырақ

Қарайып көрге кірмендер [6, 12 б.]. деп толғайды.

Сөйте тұра, өркениетке шақыра отырып та көшпенділер өмірінің жақсы жақтарын мансұқ етпейді, қалалы жердің қатты тағылымдарын еске салады. «Ақыт - нәмәда»:

Қыр сахараның жадағай
Өзіне лайық жері бар.

.....
Кең мінезге келгенде
Шаһардың қырдан кемі бар.

Шаһар жердің адамы
Әр нәрсеге тартынақ.

Береріне келгенде,

Жомарттығы «әрі тұр» - ақ» [6, 12 б.]. деп шындық сырын шертеді.

Ақыт ақынның «Сарын», «Беташар», «Жақсы әйел», «Білімсізден ит артық», «Әйелдер жөнінде», «Моллаларға» өлеңдерінде жақсы, жаман адамдардың образдары көркем сомдалған болса, «Жүрмейді доңыз жөнге айдағанға», «Қалған көлге бақа би», «Қыран мен қарға», «Өкпе тістеген ит», «Піл мен канден», «Ақымақ патша» өлеңдерінде адам бойындағы жақсы мен жаман қасиеттер – әлді мен әлсіздің, күшті мен күшсіздің әрекеттерін мысалға ала отырып, салыстырады. Сол арқылы жақсы, жаманның айырмашылығын аша отырып, елді адамгершілік пен ізгілікке, мейірімді, қайырымды болуға шақырады, адамшылыққа жат жаман әдеттен арылуға үндейді.

Өресі тар наданның,
Дәулет бітсе басына
Үйден шықпай мыңқылдар.
Және бір өлеңінде:
Ғаділі жоқ ұлықтың,
Уағдасы кетер сырғақтап.
Мал буына мас жігіт,
Бос сөйлейді бұлғақтап. [7, 12 б.]
деп аз сөзбен көп мінді шенейді.

Ақыт ақынның «Қырық төрт назым» деп аталатын қырық өлеңінің топтамасының мазмұны мен түрі айрықша. Ақын Ақыт бұл өлеңдерінде де Асанқайғы, Ақтанберді, Бұқарлардың терме, жыраулық дәстүрін шеберлікпен дамыта отырып, адам баласының ата белі мен ана құрсағында жаратылып, дүниеге келуінен бастап қара жер қойнына еніп, ол дүниеге баруындағы табиғи және жасанды қимыл - әрекет, мінез-құлықтары сыни зердемен сипатталады.

Тоғыз ай тұрып тоғыз күн,
Онан соң тудық анадан.
Ғазиз жанын ата - ана,
Аямаған баладан. [7, 12 б.]

Міне, осы кезден бастап-ақ пенде болып қиғылықты салып, саналы болсақ сауап жинап, ақымақ болсақ күнәға белшемізден батып бұл дүниеден өтеді екенбіз де, жалғанда қылған ісімізбен таразыға түсетін мәңгілік дүниеге әлі-ақ жетеді екенбіз. Мейлі ата-анаң, жақының қисық жолға бастаса да оған барма, иманнан тайма: //Иман жақын ақырда, Ата - ана бауырдан.// Ахиретте не пайда, Артта қалған ауылдан// – деп түйіндейді.

Бір құдайдан басқаның,
Бәрінен де мін шыққан.
Ашындырсаң момынды,
Заһардай ащы тіл шыққан, - дейді.

Ақын тілі қарапайым, түсінікті, әрі өткір және өмір сыры аса шыншылдықпен суреттеледі. Өмір туралы толғанған ақынның жырларының берер ғибратты өнегесі өлеңмен өрілген өшпес мұра күйінде бүгінгі ұрпаққа жетуінің себебі; ойландырап ойға бай, толғандырап толғанысы, тағылымы мол

болуында деп ойлаймыз.

Тұрымтайдай түрім бар,
Сонда да торғай болмаймын.

Хат - қаламға келгенде

Арғымақ аттай ойнаймын. [6, 12 б.] - деп ақынның өзі айтқандай Ақыт алдына жан салмаған ақындық өнердің анық арғымағы еді.

«Ақыт шығармалары жанр жағынан өлең, толғау, хисса-дастан болса» [3, 12 б.]. тақырып жағынан адам, қоғам, заман, адамгершілік, махаббат, дін, салт – сана. Алтай тауы қазақтарының тарихына арналған, мазмұны терең, тілі аса көркем шығармалары арқылы халқының тағдырына бағдарлама беріп, дүние танымын кеңейтіп, өмір үшін, елінің еңсесін көтертіп, қайрат беріп, күрескерлік рухқа баулып, өрге басып, езгеден қалмаудың жолы береке - бірлік, ақыл - парасат, күрес, білім - ғылым екенін зерделейді.

Ақыт ақын өзі өмір сүрген дәуірдің саяси, қоғамдық құбылыстарын ұлттық мүдде тұрғысынан суреттеген шынайы ұлттық ақын екенін танытты. [6, 210 б.].

Ақыт қажының қаламынан аса мол шығармалар туды. Көптеген дастандары басылып шығумен қатар бірталай жырлары қолжазба күйінде тарайды. Ақыт хажы Алтай, Қобдаға келген татар, ноғай, қазақ саудагерлері (Ғабдолқадыр, Ғабдоллақабылұлы, Ахметкәрім, Кәрімберді, Бабаев т.б.) арқылы кітаптарын Қазанға жіберіп бастырған. Ақыттың хисса, жырларының көбін Шамсиддин Құсайынов және оның мұрагерлері өз қаржыларына бастырған. Ақыт Үлімжіұлы Қарымсақов Алтайскийдің Қазан қаласында 1895 - 1914 жылдарда жарық көрген кітаптары мыналар:

– «Хисса-и Сәйфулмүлік» (дастан), Қазан, Домбровский баспасында 1895, 1909, 1914 жылдары басылған. «Хисса - и Ғабдулмүлік» деген атпен 1902, 1904, 1909 жылдары Шамсиддин Құсайынов тағы да бастырған.

– «Тәржіма - и Ахид бин Уәлүд Гәлімжі Алтайский Қарымсақов» (дастан), Қазан, Университет баспасы, 1897, Бастырған Мұхаммед - Ғалиакбаров.

– «Хисса и Жиһан шаһ Тамуз Шаһұғлы» (дастан), Қазан, Университет баспасында 1901, 1902 жылы Шамсиддин

Құсайыновтар бастырған.

– «Ахуал қиямет» (насихат толғау), Қазан, 1908.
Бастырған Кәримовтар.

– «Хисса - и минахиб пиран Ғазаз - ан» (дастан), Қазан, Университет баспасы 1909.

– «Әдебиат Ғахидия» (жыр), Қазан, Университет баспасы. 1909. Бастырған Шамсиддин Құсайыновтар балалары.

Ал бұлардан басқа ақынның көзі тірісінде басылған өзге кітаптары туралы дерек жоқ. Ақынның шығармалары қолдан қолға көшіріліп, Алтай тауы қазақтары арасына кең тарады. Ақыт ақын шығармаларын жинау, зерттеу, басу жұмыстары басталып, «Сейфулмәлік» хиссасы Алматыда «Ғашықнаме» жинағына кірсе, Қ. Қалиасқарұлы 1972 жылы «Халық ақындары» (Өлгий, 1972) атты зерттеуінде Ақыт жайлы алғаш сөз етті. Онан соң Ақыт ақын шығармалары Өлгий қаласында бірнеше дүркін басылды.

– «Ғахылия», Жыр - толғау, қисса - дастандар. Құрастырған Шынай Рахметұлы. – Баян-Өлгий баспагерлер компаниясы, 1994.

– «Хажыбаян», «Қобда кеңес», «Жеті хажы», «Қырық төрт назым». Хисса-дастан, назым. Жинап, баспаға әзірлеген Кәкей Жаңжұңұлы. Өлгий, 1991.

– «Ақыретбаян» жинап баспаға әзірлеген Кәкей Жаңжұңұлы. Өлгий. 1993.

– «Жиһаншаһ». Жыр - толғау, қисса - дастандар. Құрастырған Айқанұлы Марат, Рахметұлы Шынай. – Өлгий, 1994.

«Ақыт қажы ғұмырында аса көп шығармалар жазып, артына өшпес із қалдырды. Ақынның әдеби шығармалары кемінде жүз баспа табақ немесе сегізден он том болуы мүмкін» – дейді ғалым Қ. Мұхамәдиұлы. [6, 12 б.].

Ірбітұлы Оңашыбай (1892 - 1953) қазақ әдебиетінің өкілдерінің бірі. Ол ХХ ғасырдың алдыңғы жартысындағы осы өлке қазақтарының өмірі мен тарихының куәгері болды.

Талантты ақын назарынан өлке қазақтарының басындағы әрбір оқиға қалт кетпеген, өз тарапынан қорытынды жасап, оны жыр тілімен білдіріп отырды.

Жаламаға ...ді (?) өлтіргенде айтқаны:

...Есіктің алды тал еді,
 Еліне тыныш жан еді.
 Құдай атқыр Жалама,
 Не жазығы бар еді.
 Айдадың, қырдың, қираттың...
 Өзінді атсын қан енді!

Жалама (Жалама (Даа - лама) - 1911 жылы Қобда қазағын Увс бетке қырғын салып айдаған монғол феодал билеушісі) бастаған жендеттердің қазаққа салған ауыр күндерін сынап, жауыздыққа қарсы батыл үн қосады. Өлең біріншіден, Махамбеттің «Хан емесің қасқырсың, Қас албасты басқырсың, Дұшпаның келіп табалап, Достарың сені басқа ұрсын» – деп хан Жәңгірден қаймықпай, қасқайып тұрып айтатын батыл, да түкті жүрек ерлігін еске салса, екіншіден «еліне тыныш жан еді, не жазығы бар еді» деп жазықсыз, әділетсіздіктің құрбаны болған азамат ерді жоқтауынан тағы Махамбеттің Исатай досын жоқтағаны еске түседі. Қазақтың ұлтым, халқым деген қаншама есіл ер Азамат ұлдары дүниеден баз кешпеді десеңізші!

1. Оңашыбай ақынның шығармаларынан бұл өлкедегі қазақтардың әдебиеті өкілдерінің рухани өмірінде болған өзгерістер, шығармашылық деңгейі т.б. жайлардың бейнесін байқауға болады.

Қазақ халқының басынан небір нәубет, зұлматты жылдар өтті. Ел басына туған азаптың «елдің ауыр қайғыдағы мұңлы үнін» – заманының ащы шындығын жеткізген өлеңдер өміршеңдігімен бүгінгі ұрпаққа жетіп отыр.

XIX ғасырдың екінші жартысынан XX ғасырдың 30 - жылдарына дейін өмір сүрген қазақ диаспорасының көрнекті ақындары Тауданбек, Төлебай, Жолды, Отарбай, Мешел, Жеңсікбай, Бұрқасын сынды талантты тарландар өз заманының өткен - кеткенін, бастан кешірген айтулы оқиғаларын өлең - жырларында өзек етулері сол кезеңнің шындығын паш еткендігінің айғағы. Бұл өткен қоғамның тарихын жырлау, рухани нәр беру анығырақ айтсақ, сол заманның шынайы болмысын, бет - бейнесін көрсету еді. Олардың көбі суырып салма тәсілмен ауызша өз туындыларын таратқанымен араларында жазып шығарушылардың да болғанын зерттеушілер мойындайды. Олай болса, Монғолия қазақтарының жазба

әдебиетінің де осы тұстан бастау алатыны дау тудырмайды.

Қазірге дейінгі зерттеулерде Шығыс Түркістан, Монғолия қазақтары арасында жазба әдебиеті «кенже» дамыды деп қарастырылып келгендігі шындық. Бұл пікірлерге қарсы сын айтқан ғалым Қ. Мұхамедиұлы: «Шығыс Түркістан, Монғолия қазақтары арасында жазба әдебиеті «кенже» дамыды деп қарауға келмейді. Сонымен қатар осы өлкедегі қазақтар арасынан туындылары өз атымен мәлім болған, кейбір дәуірге қатысты ақын жазушыларды қандай бір «жана» әдебиеттің басы, немесе, негізін қалаушы ретінде дәріптеуде де ғылыми негіз жоқ» деп өткір сын, пікір айтады. Ал Соян Қажыбайұлы «Аққа күйе жағып...» деп аталатын мақаласында Монғолиядағы қазақ әдебиетін зерттеудегі өзекті мәселелер, кеткен қателіктер мен ағаттықтар жөнінде біршама тоқталады. Автордың пайымдауынша, «Монғолия қазақтарының ауыз әдебиеті» деп қарастырып келген өлең, жырлардың ішінде Ақтан, Төлебай, Дөңтай, Тілеген, Қауан бастаған оншақты ақынның шығармалары жүргендігі» [9, 12 б.].

Осы тәрізді пікірді Монғолия қазақтарының әдебиетін зерттеген ғалым Зұпар Сейітжанұлы да айтады. Ол: «XIX ғасырдың екінші жартысының соңын ала кейбір халық ақындарының есімдері белгілі бола бастады. Олардың шығармалары халық арасына көбінше ауызша кейде хат білетін адамдар арқылы қолжазба күйінде тарап отырды. Шығармалары өз атымен белгілі болған алғашқы ақын – Тауданбек Қабаұлы» [10, 12 б.]. – деп жазады.

Нақты дерекке сүйене отырып айтқан екі зерттеушінің ой - тұжырымдарына біз де қосыламыз. Аймақ әдебиетінің тарихын 1940 жылдан бастау бірнеше ақындар шығармаларын қаға берісте қалдырумен бірдей.

Бабажұрттан шалғай өлке топырағында бұл фәнидің тұзын тауысса да «қазағым, туған халқым, Азаттыққа жетсе, бірлік пен ынтымақ болса» деген үкілі үміттерін болашақтың арайлы таңдарына артып, ұрпақ - жұрағаттарға жауһар жырларын аманаттап өткен Ақыт хажы, Тауданбек, Оңашыбай сынды тарлан таланттар туындыларының тәлім - тағылымдық мәні зор. Ұлан байтақ дала төрінде көшіп - қонып жүріп, өлеңнен өмірлерінің шежіресін жасаған ақындардың төл әдебиетіміздің

алтын қорынан алар орны бар. Себебі, қазақ әдебиетінің көне нұсқалары бар қазаққа ортақ мұра. Ал, қазақ шашырандылары да сол әдебиеттің заңды мұрагері, жалғастырушысы.

«Дүниеде қазақ деген ұлт, қазақтікі деген ата жұрт, қара шаңырақ, қазақтың мәдениеті деген тіл, мәдениет біреу ғана» [1, 4 б.] – деп жазды З.Қинаятұлы.

Зерттеу жұмысымыздың алғашқы тарауына туындылары арқау болған ақындар мұрасы – XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы Қобда жеріне қазақтардың алғаш қоныстануымен байланыстырыла отырып, осы өлкедегі қазақтардың өмір тарихын бейнелегендігін көреміз.

Қазақ халқының әрбір бөлігі, әрқилы заман кешіп келсе де, ұлттық қасиеттерін, тілін, дінін, салт - дәстүр, мәдениетін шама - шарқынша сақтап, әрі қарай жалғастырып, өз тараптарынан жаңа әдеби үлгілермен байытып келді. Монғолиядағы қазақтар жалпы қазақ әдебиетінің нәрін өз бойына терең сіңірумен бірге, қазақтың ауыз және жазба әдебиетінің үлкен арнасына өздерінің лайықты үлесін қосты. Осы әдебиет үлгілерінде өздерінің өмір тарихы, болмысы, саяси жағдайдың өзгеруі, арман - мақсаты, мұң - мүддесі туралы сырын шерткен туындылар жасап, халық кәдесіне жаратып келді. Қысқасы, Монғолия қазақтары жасаған әдеби мұра олардың қазақ әдебиетіне қосқан үлесі, қазақ ұлтының ортақ қазынасы. Басқаша айтқанда, Монғолия қазақтары арасында дара қазақ әдебиеті жоқ, тек қазақ әдебиетінің, қазақ поэзиясының жергілікті ерекшелігін бейнелеген үлгі түрлері ғана бар.

Қазақтың әрбір дарын, талант иесі, қашанда дербес қазақ әдебиетінің өкілі, оның ғасырлар бойы жасалған мұрасынан нәр алып, ары қарай дамуына үлес қосушы болып есептеледі.

Бұл жайында Ресейдің монғолтанушы ғалымдары Г. Михайлов, К. Яцковскаялар: «Монғол Халық Республикасының Баян-Өлгий аймағында қазақтар тұрады. Олар өз әдебиетін өркендетуде» [11, 12 б.] деп жазды. Олай болса, Монғолия қазақтары Алтай тауының теріскей бетіне қоныстанған кезден бастап ұлт әдебиетінің өзіндік ерекшелігі бар үлгілерін жасағанына көз жеткізе аламыз. Дей тұрғанмен де, алғашқы

ақындардан бастап жалпы қазақ әдебиеті атты терең арналы рухани әлеміміздің қайнар бұлағынан сусындағанын айтпауға болмайды. Осы ретте айта кетер мәселенің бірі – Монғол жеріндегі қазақ әдебиетінің қайнар көзі қайда жатыр? Біз Баян - Өлгий қазақтарының бүгінгі жазба әдебиетінің даму жолын сөз еткенде халқымыздың бай мұрасы ауыз әдебиетінің үлкен әсері болғандығы даусыз. Жазушы, ақын Шерияздан Нығышұлы:

«Біздің қазақ тіліндегі әдебиетіміз егіз екі дариядан сусындап, солекеуінің шарапатымен туып, өсіп, өркендеп келеді. Екеуінен керегінше қорек алып, хал - қадарының жетісінше өз бойына қуат дарытуда. Оның ең бастысы – алуан жанрлы бал шырынды қазақ совет әдебиеті. Қазақ фольклорының асыл қазыналарын, қазақ жазба әдебиетінің құнды туындыларын, Махамбет, Ыбырай, Абайларды да бізге қазақ совет әдебиеті жеткізді» [12, 12 б.] – деп жазады. 1960 жылдардан бастап Қазақстандық бүкіл баспасөз өнімдері мен әдеби туындылары халықаралық кітап саудасы арқылы келе бастаған. Бұл сол тұстағы оқу - білімге, кітапқа құштар халық сұранысына сай жасалған аса маңызды, игілікті іс болғаны даусыз. Рухани демеу – шеттегі қазақ халқының рухани дүниесі үшін, ұлттық мүдде тұрғысынан жасалған үлкен шарапатты іс болғаны ақиқат. Баян - Өлгий қазақтарының сусындап, тәлім өнеге алған екінші бір арнасы – Монғол әдебиеті болғандығы дау туғызбайды. 1949 - 1950 жылдардан бастап қазақ әдебиетінің өкілдері монғол қаламгерлерінің үздік туындыларын қазақша тәржімалады. Монғол әдебиетінің жақсы шығармаларын қазақ оқырмандары өз тілінде оқыды. Бұл жұмыс 1960 жылдардан қауырт өрістеп, монғол әдебиеті қалың оқырмандардың ана тіліндегі рухани азығын, әдебиетшілердің де бір тобының үлгі - өнеге алар қайнарына айналғанын атап айту жөн.

1921 жылы Монғол елінде «Халық төңкерісі» жеңді. Алайда астана Ұлан – батырдан екі мыңдай шақырым алыс Монғолдың батыс өлкесіне революция «дабылы» бірден жете қоймайды. Оның ішінде ұлты басқа, яғни Монғол емес қазақтар үшін тіптен өзгеше болды. Тек қана революциядан 10 жыл өткеннен кейін, яғни 1930 жылдарда ғана халық ортасында жаңа заманның саяси ұйымдары партия, кәсіподақ, жастар, әйелдер ұжымдары орнай бастаған.

Қиырдағы қазақы үн серпіні

1940 жылы Монғол Халық Республикасының жаңа әкімшілік бірлігі Баян-Өлгий аймағы құрылды. Ол әдебиет пен өнерді өркендетудің жаңа болмыстарын қалыптастырды. Ұлт аймағы болып бас біріктіргенде соның рухани жаршысы ретінде қазақ тілінде «Өркендеу» газеті, 1958 жылы әдеби - көркем «Шұғыла» журналы жарық көрді. Бұл жағдай қазақ қаламгерлерінің басын біріктіруге әсер етіп 1955 жылы қаламгерлер үйірмесі құрылды. «Монғолия қазақтарының жазба әдебиеті 1940 жылдардан бастап бой көрсетіп, бұл күндері шығармашылық тұрғыдан қалыптасып, толысқан әдебиетке айналды» [3, 3 б.]. деп тұжырымдайды ғалым Қ. Қалиасқарұлы.

Монғолия қазақтарының жазба әдебиеті 1940 жылдардан бастап бой көрсетті – деген тұжырымға бүгінгі күн тұрғысынан қарасақ, көп мәселені аңғартатын сияқты...

Ғалым Қ. Мұхамәдиұлы: «Қазіргі кезге дейінгі зерттеу еңбектерде көбіне «Монғолия қазақтарының жазба әдебиеті 1940 жылдан бастап «бой көрсеткен» – дегенді жазып келді. Олай болса Қазақтың Абақ – Керей тайпасынан туып шығып жазба әдебиетінің шексіз мол мұрасын жасаған Ақыт қажы Үлімжіұлы Қарымсақов Алтайский тағы басқаларды қайда қоямыз. Ал, 1940 жылдарға дейін Монғолиядағы жазба әдебиеті үзіліп қалмады. Тек саяси - экономикалық жағдайларға байланысты өз шығармаларын баспа бетінде жариялай алмай өткендері көп болды» [7, 46 б.] – деп өткен уақыт сырына сын көзбен қарап, орынды пікір айтады. Осы пікірдің растығын біз жоғарыда сөз еткен ақындардың мол мұрасын қарастыру барысында көз жеткіздік. Сондай - ақ, Монғолия қазақтарының жазба әдебиетінің негізі халық революциясынан бұрын «Ақыт қажы Үлімжіұлының 1897 жылы Қазан қаласында өз кітабын бастырып, шығарған» [13, 46 б.] кезінде қаланғаны белгілі. Ал әдебиет зерттеушілері

С. Қажыбайұлы мен Қ. Қалиасқарұлының мәлімдеуінше, Монғолия қазақтары халық ақындарының жыр шығармалары сонау ХІХ ғасырдың соңынан бастап ел арасына

ауызша да, қолжазба түрінде де тарады. Халық ақындарының шығармалары көбінесе ауызша тарағанымен ішінара қолжазба түрінде болған. Ақыт қажы 1897 жылы Қазан қаласында кітабын алғаш рет бастырған. Бұл Монғолия қазақтарының тарихындағы ірі мәдени прогресс еді» [5, 21 б.]. – деп көрсетсе, ғалым З. Сейітжанұлы «Ақыт ақын» атты еңбегінде Ақыт ақынның Қазан қаласында алғаш жарық көрген кітабы 1891 жылы деп анықтайды [15, 4 б.].

Ендеше, Монғолия қазақтарының әдебиеті (поэзиясы) 1940 жылдан бастап «бой көрсетті», 1950 жылдары «жаңа қазақ жазба әдебиеті туып шықты» деген пікірлер біржақты, ұшқары айтылған.

Алайда, 1940 жылдан бастап жазба әдебиет емес тек, «жаңа тұрпатты» (яғни социалистік революция жеңісінен кейін) әдебиет (поэзия) дамудың жаңа жолына түскендігі шындық еді. Ол жайлы Монғол ғалымы Цэвэгжавын Хасбаатар: «Монғолияның барша ұлт-руларының мәдениетін дәуірлеткен 1921 жылғы төңкерістің арқасында қазақ халқының жаңа әдебиеті туып, дамыды» [149, 9 б.]. – деп атап көрсетті.

1940 жылдан бастап қалыптаса бастаған әдебиет қандай бағытта дамыды?

Бұл тұста поэзия жетекші жанр болып, бірнеше ақындардың есімдері белгілі бола бастады. Бұл жайында қаламгер Ш. Нығышұлы: «Әдебиетіміз тарихы алғашқы қадамын поэзиядан бастаған - ды. Әсіресе 1940 - 50 жылдары поэзия – негізгі де басты жанр ретінде балаң әдебиетіміздің жүгін көтерді. Мұның өзіндік сыры бар еді. Біріншіден, поэзия халқымыздың ежелгі жан серігі, бұрыннан жалғасқан дәстүрлі жанр, екіншіден, уақыт жаңалықтарына дер кезінде үн қосуға ұшқыр да ұтымды жанр» [16, 14 б.]. –деп ой айтады:

1941 жылы октябрьде «Өркендеу» газетінің шыға бастауы жас әдебиеттің туу, өсу жолында маңызды роль атқарды. Көлемі шағын бола тұра оның алғашқы сандарынан бастап - ақ әдеби туындыларға кеңінен орын беріліп отырды. Жаңа әдебиеттің негізін қалаушы алғашқы қарлығаштары А. Бабиұлы, Қ.Мұхамәдиұлы, А.Жұмажанұлы, М. Құлыбекұлы, Д. Дікейұлы, Ш. Нығышұлы бастаған аға буындар ең әуелі «Өркендеу» газеті арқылы жұртшылыққа танылды.

1942 жылы аймақтың баспасынан латын әрпімен тұңғыш әдеби кітап – «Өлеңдер жинағы» деген атпен басылып шығуы қазақ тілінде әдеби кітап шығарудың алғашқы игі қадамы болды. Сондай - ақ, Улаанбаатар қалалық баспахананың жанынан 1947 жылы қазақ тілінде кітап басатын бөлім ашылып, 1956 жылы Баян-Өлгийде аймақтық баспахананың құрылуы үлкен мүмкіндіктерге жол ашты.

Ұлттық баспасөз бен баспахананың құрылуы монғолиядағы қазақ әдебиетін өркендетуде ұшан - теңіз роль атқарғандығын айрықша атаған жөн. Алайда жекелеген қаламгерлерден ең алғашқы өлең жинағы Жұмажанұлы Арғынбайдың «Тақпақтар» атты кітабы 1949 жылы шықты. 1957 жылы Өлгий баспа өндірісінен Бабиұлы Ақтанның шығармалар жинағы басылып шығуы – көркем әдебиеттің бастамасы болды.

1958 жылы мамырда Монғол Халық Республикасының Жазушылар одағының II съезі шақырылып, оған аймақ әдебиетінің негізін қалаушы ақсақал Ақтан Бабиұлы қатысып сөз сөйледі.

Жас қазақ жазба әдебиетінің тез есеюіне 1960 жылдан бастап Қазақстандық бүкіл баспасөз өнімдері мен әдеби туындылардың халықаралық кітап саудасы арқылы тұрақты келе бастауының да зор маңызы болды. Сонымен бірге, 1956 жылы музыкалық драма театры, 1968 жылы өкімет қаулысымен Қазақ Жазушылар бөлімшесі құрылды. Осы сияқты іс - шаралар әдебиеттің тез арада қалыптасып, дамып кетуіне әсер етті.

1950 - 1980 жылдар аралығында әдебиетке Қазақстан мен Монғолияның жоғары оқу орындарынан білім алған талантты жастар топ - тобымен келіп қосылды. Бұлар көркем әдебиеттің дамуының қозғаушы күштеріне айналды.

Әдебиет елуінші жылдардың екінші жартысынан бастап дамудың жаңа жолына түсіп, қаламгерлер қатары артты. Олар: Даян Қалаубайұлы, Кәп Құмарұлы, Ақын Алақанұлы, Имашхан Байбатырұлы, Кәкей Жаңжүнұлы, Кеңес Ілиясов, Тойлыбай Құрманмолдин, Қуанған Жұмаханов, Рысбек Зұрғанбайұлы, Зүлкәпіл Мәулітұлы, Шерияздан Қатшанұлы, Яки Ілиясов т. б. Аталған ақындардың алды жеті - сегіз, соңы бір - екі кітап шығарып, қазақ поэзиясының дамуына өзіндік

үлес қосқан өнер иелері болып табылады. Уақыт озған сайын қаламгерлер қатары жаңа есімдермен толығып отырды.

Бұл ақындар шығармаларының басты тақырыптары - сол тұстағы қазақ халқының тыныс - тіршілігі мен заман өзгерістері болды. Монғолияның бір аймағын мекен еткен қазақ халқы жергілікті ұлттармен тағдырлас болды. Ел өміріндегі қоғамдық - әлеуметтік өзгерістерден сырт қалмады.

1960 жылдардан бері Монғолиядағы қазақ қаламгерлері қазақ әдебиетіне өзіндік үлесін қосты деуге болады. Өйткені, бұл жылдары әдебиетке дайындықпен келген жастардың қаламынан тың, соны шығармалар туды, біртіндеп әдебиеттің белгілі өкілдеріне айналды. Социалистік реализмді басшылыққа алған ақындар алғашқы бірлестіктер мен бесжылдықтарды, социалистік өмірді және сол тұрмысты құрушы еңбеккер халықты, ел, Отан қамқорлығын өз шығармаларына негізгі тақырып етті. Бұл жөнінде Кеңес Ілиясұлының «1966 жылдың поэзиясы жайлы сөз» атты мақаласында: «Өлгий әдебиет әуесқойлары 1966 жылы поэзия саласында қаншама еңбек етті? Поэма, дастан дегендерді қоспағанның өзінде тек «Жаңа талап» журналы, «Жаңа өмір» газеттерінде ақындарымыздың 200 - ден аса лирикалық өлеңдері жарық көрді. Мұның сыртында көлемі 10 баспа табақ үлкенді-кішілі 37 ақынымыздың ең таңдамалы өлеңдерін «Жыр қарлығашы» деген атпен жинақ етіп шығардық. Осынау кітап-журналдарды ақтара қарап отырғанда біздің авторларымыздың үнемі іздену, өсу жолына құлаш сермегенін байқаймыз» деп жазады [17, 54 - 55 бб.].

Осы тұста әдебиет өз алдына қандай мақсат қойды?

Әрине, алдымен компартия басшылығын, оның көсемі В. И. Ленинді, Октябрь революциясын жырлау міндеті тұрды. Бұл ретте ғалым Т. Кәкішевтің мына бір парасатты пайымдауы сөзімізге дәлел бола алады: «Революция жылдарында теңдік алу күресіне шақырған, ғасырлар бойы меншіктік психология санасына сіңген халықты коллективтік меншікке үгіттеген, ұйымдасқан еңбектің нәтижелі болатындығына жұрттың көзін жеткізуге арналған өлеңдер аз болған жоқ» [18, 40 б.]. Сондықтан қарт қаламгерлер Ақтан Бабиұлынан бастап, соңғы буын өкілдеріне дейін бұл тақырыпқа қалам тартпаған ақын жоқ десек асыра айтқандық болмайды.

Ақын А. Бабиұлы 1950 жылдары партия туралы жырлардың алқызыл туын алғаш көтерушілердің бірі еді. Партия – ақынның творчествосының өзекті арқауы. Ақын оларда партия идеясының салтанат құруын, дана басшылығын, жетістіктерін, халықпен байланысын ыстық сүйіспеншілікпен жырлайды. «Отан» атты өлеңінде:

Даңқыңды жырлаймыз біз партия сенің,

Жеңіс пен жетістікте жетілдірген [147, 116 б.]– деп жырлаған ол, әрдайым өзінің осынау суреткерлік мұратының биігінен көріне білді. Сондықтан да ақын былай дейді:

Шешіп берді партия,

Тар өмірдің түйінін [147, 115 б.].

Иә, Ақынның «Ақбурыл Алтай бүркіті», «Халқым менің қанатым», «Жетпіс жастың тойында», «Ризалық білдірдім»

т.б өлеңдері партия туралы ақын сезімінің сөзбен айшықталған айқын тұлғасының символы деуге болады. Кейінгі буындағы ақындар партияны жырлағанда әртүрлі көркемдік тәсілдерге барады, тың ой айтып айшықты соны суреттер жасауға ұмтылады. Оны асқар тұлға әкеге, аяулы анаға теңейді.

Ақын И. Байбатырұлы «Партия аясында» атты өлеңінде:

Арманым, о, партия сенде менің!

Аяулы ана – десем, сен дегенім.

Асады асқарлардан туынды ұстап,

Ақыл - ой, қуатыңа сенген елім, [20, 12 б.] деп

толғанады. Өлеңдегі басты ой - сарын сол тұстың өз шындығын көрсеткендігі болғанымен, қазіргі кезеңдегі жаңа таным, жаңаша көзқарас тұрғысынан қарағанда, әрине, бұл жалаң ұраншылдықтың жалған айқайшылдықтың белгісі екендігі аян. Кеңестік дәуірдің идеологиялық тар шеңберінен шыға алмаған көптеген ақындардың туындыларынан орын алған жасампаздықты, жетістікті тек “партия сенің арқан, сенің құдіретің» деп суреттеу сол кезеңдегі әдебиеттің алға қойған басты міндеттерінің бірі болғандығымен де тікелей байланысты.

1950 - 60 жылдары әдебиетке келген ақындар да халықтың бақытты «жаңа» тұрмысын, партия бастауында қолға келтірген жетістіктерін басты тақырып ретінде

жырлады. Е. Мұхамәдиқызының «Жасасын, жеңімпаз партия», И. Жәдөнұлының «Партия», Қ. Арысбайұлының «Сенен де биік ел бүгін», С. Далайұлының «Партияға» қатарлы өлеңдері, міне, осындай өлеңдер.

Біте қайнап, бірге өсіп,

Партия, халық туысқан [21, 216.] - деп

Қ. Мұхамәдиұлы жырлағандай, партия мен халықты біртұтас жырлау көптеген өлеңдерге ортақ қасиет. Оларда партия мен халық ұғымдары егіз ұғым ретінде суреттеледі.

Бара жатыр сәулетті болашаққа,

Ел қамқоры - партия халқын бастап [21, 15 б.]

десе, ақын З. Шәріпақынұлы:

Бар ғаламға нұрын сепкен жарық күн,

Күдіретінен қуат алған ғарып мұң.

Халқы - қамал, айналасын қоршаған,

Партиямыз алыбы ғой халықтың – [141, 21 б.]

деп сыр шертеді. Бұл З. Жәнібекұлының «Партия», Қ. Арысбайұлының «Партия», К. Жанжұнұлының «Партия», Т. Құрманмолдаұлының «Партия күдіретті ұлылығың» қатарлы көптеген туындыларына тән сипат.

1940 - 1990 жылдар поэзиясының басты тақырыбының бірі партия болса, екіншісі оның көсемі В. И. Ленин болды. Ақтан, Құрманхан, Тойлыбай, Имашхан, Даниял, Даян, Зухай т. б ақындардың бәрі де көсемге өлең арнап, адамзатқа жарқын жолды нұсқаушы идеал ретінде көрсетуге ұмтылды. Бір ғана мысал келтірейік. Имашхан Байбатырұлы «Бұл Ильич» деген өлеңінде:

Зұлымдардың асқынып арамдығы,

Ауырлаған кезеңде адам мұны.

Таң боп атса бұл Ильич, таң емес пе,

Жарық қып тұр мәңгіге қараңғыны! - [142, 30 б.]

деп көсемді атқан таң, шыққан күнге балайды.

Сондай - ақ көсем басшылығымен құрылған жаңа қоғам – октябрь төңкерісінің де шапағаты аз болмағанын ақындар үнемі тілге тиек етіп отырды. Осы кезең поэзиясы туралы ғалым Қ.Қалиасқарұлы: «Поэзия алдымен үгіт - насихаттық өлеңдер түрінде көрініп көп жылдар өмір кешті. Ол біртіндеп азаматтық

лирика ретінде ақындар творчествосынан молынан орын алды. Үгіт - насихаттық және азаматтық лириканың бұл ерекшелігі әдебиетке таңылған таптық, партиялық, интернационалдық принциптерге, яғни коммунистік идеологияға тікелей қатысты болды» [3, 47 - 48 бб.]. деп орынды атап көрсетеді.

Біз сөз етіп отырған дәуірде әдебиет компартияның яғни идеологияның қуатты қаруына айналған болатын. Әдебиетке алпысыншы жылдары келген Кәкей:

Атпаса егер октябрьдей таң күліп,

Қапастықта өтер едік мәңгілік...

Талай ғасыр серпілмеген тіршілік,

Алпыс жылда - ақ шыға келді жаңғырып [143, 3 б.]

деп жырлайды, 1977 жылы жазған «Октябрь шапағымен» өлеңінде.

Ақын халықтың өткені мен бүгінгісін салыстыра келіп, адам танымастай жаңа заман орнағанына ризалық білдіреді. Бұл тәрізді өлеңді барлық ақындар жазды. Бұл орайда ғалым Т. Кәкішев: «Жаңа заманды қастерлеп жырлау, жақсыны, жаңаны көре білу, оны ілгері дамыту ниеті совет әдебиетінің алғашқы жылдарының өзінде-ақ айқын көріне бастаған-ды. Октябрь революциясы осы кездегі қазақ ақын-жазушыларының негізгі тақырыбына айналды» [148, 45 б.] – дейді. Ол тұс осылай жазбаса бір нәрсе жетпей тұратындай заман еді. Әрине, ақындарды біз кіналаудан аулақпыз. Бұл – уақыт, дәуір талабы. Кеңес заманының ғибраты мен қысымы қатар жүрген қайшылығы мол кезең екені көпке аян. Ғалым М. Қаратаев: «Тарихтың асқар асуы, жаңа дүниенің табалдырығы, халық бақытының қайнар бұлақ көзі болған Ұлы Октябрь революциясы тақырыптың тақырыбы, мәселенің мәселесі болды» [14, 183 б.]. – дейді. Сондықтан бұл кезеңде Монғол қазақ поэзиясының да негізгі тақырыптарының бірі компартия мен оның көсемі Ленин және Октябрь төңкерісі болған деген тұжырымға келуге болады. Бірақ оны ұзақ айтуды қажет санамадық, қысқа қайырдық.

Бір айта кетер жай партияны, Ленинді, Октябрді жырлау бұл кезеңдегі қазақ совет әдебиетінің де басты сарыны болатын. Бұл жағынан алғанда Қазақстан мен Монғолиядағы қазақ әдебиеті үндестік байланыста болғанын байқаймыз.

«Алғаш, қырқыншы жылдары, қанат қаққан революциялық мазмұнды, ұлттық сипатты монғолдың қазақ әдебиеті бүгіндері өзіндік ерекшелігімен сараланып, барлық жанрда өркендеп толысқан, Отандық әдебиеттің бөлінбес бір бүрлі бұтағы саналуда. Б. Ақтан, М. Құрманхан бастаған аға буын өкілдері тыңына түрен тартып, негізін қаласқан Монғолдың қазақ әдебиеті атты жаңа әдебиет – бүгіндері біршама толысып жеміс беріп отырған, кешкен тарихы, жеткен биігі бар салиқалы әдебиетке айналды» [122, 8.]. – дейді каламгер Ш. Нығышұлы.

1960 - 70 жылдар Баян - Өлгий қазақ қаламгерлері қазақ әдебиетіне жаңа туынды берді. « Әдебиет жанр, түр, мазмұн жағынан да байыды. Әр автор өзіндік қырын танытуға, бағыт - бағдарын айқындауға мүмкіндік туды. Өлең - өнерге деген талап деңгейі көтеріліп, ақындардың шеберлігінде дараланған ерекшеліктер айқындалып, қалыптасты. Б. Имашхан, Қ. Тойлыбай өлеңдеріндегі сыршыл лиризм, А. Қауия, І. Яки, Ш. Зухай өлеңдеріндегі түсінуге оңай көркем оралым, М. Қабдай, Ж. Кәкей өлеңдеріндегі жанды да қою сурет, Ш. Жәмліха, Ж. Қуанған өлеңдеріндегі ішкі логика - өскен поэзияға, шебер ақындыққа тән ерекшеліктердің қалыптаса бастағандығын аңғартады.

Қ. Шабдарбай, А. Қауия, І. Яки, Ш. Зухай, Қ. Тойлыбай, Ж. Кәкейлердің жүрекке жылы тиетін азаматтық әуендері мен лирикалық түйіндері сүйсінтеді» [144, 23 б.].

Бұл кезең поэзиясының өзек - өріміне айналған тақырыптың бірі – халықтар достығы. Бұған да аға буын ақындардан бастап, соңғы буын өкілдеріне дейін жыр арнаған. Әсіресе қарт каламгер Ақтан Бабиұлы шығармашылығынан мол көрініс тапты. Ол Совет Одағының Монғолияға көрсетіп отырған достық жәрдемін әр қырынан жырлады.

Шын адал Совет халқы жәрдемінде,

Шырадай жайнап келед Монғол елім [147, 116 б.].

Халықтар достығы бейбіт қатар өмір сүрудің кепілі ретінде суреттелгені анық.

Ақын Ж. Арғынбайдың «Болгар әсерлері» атты топтамасы халықтар достығын, туысқан социалистік елдер жетістіктерін өлеңмен өру арқылы оқырмандарды жаңа әсерге

бөлейді, әрі ақын поэзиясының тақырып ауқымының кеңейе түскендігін көрсетеді.

Ақын Зуқай Шәріпақынұлының «Кавказ тауында» өлеңінде:

Ерімеген құрсаулы мұзы қалың,
Көз алмастан қарайсың құзына мың.
Бір қуысы жап-жасыл, бірі – ақ ұлпа,
Осы ғажап суретке қызығамын [145, 29 б.].

деп совет еліне сапарындағы бір әннің сыры етіп қарт Кавказ тауын жырына қосады. Ақындық таныммен, ақындық сезімталдықпен жырға қосқан қарт Кавказ бейнесінің «Көріп көшкін биіктен құлағанын» деген суреттеуден ақтаң қалатындай тамаша табиғатын танытады. Әрі оқырманының «осындай ел - жерлерді бір көрер ме еді» дейтіндей құштарлығын оята түседі. Бұл жайды айтып отырғанымыздың сыры – ақын болсын, жазушы болсын ел - жер жайлы жырларымен адамдардың табиғат әлеміне, туысқан халықтардың өзара түсінісуіне, олардың жан - дүниесіне бойлай түсуіне дегендей дүние танымдық көзқарастарын қалыптастыратыны белгілі. Түйіндей айтсақ, халықтардың бейбіт өмір сүруіне, бір - бірімен тату - тәтті тіршілік жасауына сөз құдіреті арқылы жасаған ықпал әсері үлкен болатынын айту. Яғни, әдебиеттің қоғамдағы атқаратын қызметінің, соның ішінде поэзияның ұшқыр жанр ретіндегі орнын тағы да дәлелдей түседі.

Ал ақынның келесі бір өлеңінде:

Ұшқындап қары, аралас түсіп жаңбырмен,
Көрінбей қалған жалғыз-ақ түнде тал бүрден.
Мәскеудің осы көктемі қызық, көңілге,
Шақырып шабыт салдырды ән [145, 30 б.]дейді.

Ақынға шабыт сыйлаған сұлу қала, сағынышқа айналған қимас күндер, жастық шақ елестері еске түскен сәтте ақын тағы да:

Әдемі кешін Мәскеудің сол бір қия алмай,
Барғым кеп тұрам күнделік [145, 30 б.] - дейді.

Ақын сағынышының сырына иланасың. Өлең шынайы жазылған.

Сондай-ақ, ақынның «Эльбурс», «Балқарда» т.б. өлеңдері халықтар достығының айғағындай әсер беретін әсерлі

туындылар екендігі дау туғызбайды.

Өмірбек Қабылханұлы Орыс монғол халқының ұшқыштарына арнап «Қос қыран» атты өлеңін жазды.

Көк теңізін найзағайдай,
Жарып өтіп қос қыраным.
Космостық кең сахнада,
Шырқатты бір достық әнін.
Бүкіл әлем дүр сілкініп,
«Ұшты аспанға Монғол» – деді.
Салтанатты сазды әуен,
Байқоңырда күмбірледі.

Мерейімді өсірді деп,
Туған елің қуанышта.
«Рахмет, Батырларым
Жәнібеков, Гүррагчаа» [107, 53 б.].

И. Байбатырұлы да осы тақырыпқа өлеңдер топтамасын арнапты. «Ленин ескерткіші алдында», «Көреді ұлым үйден Москваны», «Алтайдың ақ гүлдері», «Аппақ жаңбыр жауып тұр», «Петефи алаңында», «Совет қаһармандарының ескерткіші», «Мәңгі гүл» т.б қатарлы өлеңдерінде Монғолия, Совет Одағы, Венгрия елдерінің арасындағы достықты, сапарға барған сәттегі әсерлерін сәтті жеткізеді.

Бұл ретте К. Жаңжұнұлының да қаламынан бірнеше өлең өріліп, оралымды ой түйеді. Ақынның «Айхай Русь» атты өлеңі:

Айхай Русь, тербетіп өлеңіммен,
Нар төсінді қақ тіліп келемін мен [146, 52 б.] - деп,
өршіл рухты ақын жырымен жар салғандай-ақ, ұлы далаға да,
ұлылар аруағына да тағзым етеді:

Уа, Есенин! Бір қара ұл келеді аңсап,
Бидай шашың жалтылдап алдынан шық! [146,52б.].

Міне, осы бір қос шумақтан азамат ақынның алысқа қанат қаққан асыл арманы аңғарылатындай.

«Әдебиет дүниені тану формаларының бірі болғандықтан, ол әрқашан да нақты тарихи шындықпен, белгілі қоғамның таптық мүдделерімен тығыз байланыста болады» [148, 10 б.] – дейді ғалым Т. Кәкішев.

«Эрдэнэт» өлеңінде:

Жүр мұнда: монғол, орыс, қазағын да,
Еңбектің құжынаған базарында.
Қайнайды бұрқ - сарқ етіп Эрдэнэті,
«Найрамдал – дружба» қазанында!.. [143, 9 б.].

дейді.

Басқаны былай қойғанда атажұрт – Қазақстанға, ондағы өнер иелері, әйгілі адамдар туралы ақындар қаншама өлендер жазған. Ақындар дәулеті мен сәулеті биіктей түскен қазақ елін, үлкен мақтанышпен еске алады. Өлем таныған елге айналғанына мақтанады. Ақындар туындыларының нақты мәні мен маңыздылығы жөніндегі ғалым Ж. Тілеповтің: «... Сәулет өнері, ауыз әдебиеті, саз өнері секілді негізінен, елдің естиярлығын, халықтың жады мен зердесін таразылайтын рухани қазыналарында да ел тарихының ізі сайрап жататыны қақ. Және бұл тұрғыдан келгенде сырттан келген жиһанкез-тарихшының сөзінен гөрі де шынайы болуы әбден мүмкін. Ал, бұл тұрғыдан келгенде осы ортада өмір сүрген, оның қуанышы мен сүйінішіне ең алдымен өкінетін де, сүйінетін де жыраулар мен ақындар шығармасында сөз болар оқиғалар мен тарихи мағлұматтардың қадір қасиеті тіптен ерекше» [22, 5 б.] деген пікірі осы ойға дәлел ретінде айтылғандай.

Имашхан ақынның Қазақтың елі мен жеріне деген ықыласы ерекше және оны әр қырынан әдемі жыр жолдарына айналдыра білген.

Маужырап жамылғанда көктем көк нұр,
Ер елдің ерке ұлындай өктем деп бір.
Аралап аңсар басып қайтар ма еді,
Алмалы Алатауды бөктерлеп бір [142, 199 б.].

Бұл ақынның көңілін көлегейлеп жүрген сыр - сезімі екені даусыз. Тіпті бей - жай қалдырмайтын сағыныш сазы десек те жарасады. Ал Кәкей ақын не дейді:

Бұл орда да бақыты бар талайдың,
Бұл орда да арманы бар ақ айдың.
Бұл орда да столы түр Сәкеннің,
Бұл орда да есімі бар Абайдың [143, 33 б.].

Ақынның осынау бір қасиетті Орда, киелі шаңырақ жайлы жырлаған өлеңіндегі сөз қуатының байыбына барып, ой

сарабына салсақ айтар сыры мол дүние. «Бұл орда да столы тұр Сәкеннің, Бұл орда да есімі бар Абайдың» деп қайталап екпін қоя сөйлеп отырған ақынның өзіне де, өздері сынды көптеген білім іздеген жастардың қиялына қанат бітіріп, қыран қып самғатқан киелі Орданы құрмет тұтып, оның қасиетті сырын жеткізгендігі тартымды, шынайы.

Немесе:

Құшағында құлаш жайған қаулай бақ,

Еркелегің келеді бір аунай қап.

Асан атам аңырап кеп іздеген,

Па, шіркін - ай, жер ұйықтан аумайды - ақ! [143,

31 б.]. деп тамсанады.

Ақынның екі өлеңі де сәтті шыққан. Алғашқы өлең өзі оқып білім алған университет, ал соңғысы ару астанаға арналған. Лирикалық кейіпкердің сезім шынайылығы, ел мен жерге деген ыстық ықыласы, ізет - ілтипаты бірден аңғарылады. Ақынның «Сәбит Мұқановқа», «Мұхтар тойында», «Ғани», «Бурлактар» (Репиннің картинасы) сияқты өлеңдері жылы әсер қалдыратын туындылар. Тұтастай алғанда ел мен ел арасындағы жанасымды жарастық осы кезеңдегі поэзияның бір ағынды арнасы іспетті.

Уақыт лүпілін, қоғамдық құбылыстар мен әлеуметтік өзгерістерді зергерлікпен бейнелеу ақындардың азаматтық көзқарасы, дүниетанымының өрелі өрісін танытады.

Азаматтық лириканың бағыт - бағдары жөнінде әдебиетші Яки Илиясұлы: «Ақындарда азаматтық лириканың біршама сәтті жырланғандығы байқалады. Отан, партия, Ленин, туған ел, әскери тақырыптарда жазылған жырлардан ақынның азаматтық үнін, өзіндік ой түйіндеуін айқын аңғаруға болғандай. Жалынды жастарымыз әрқашан Отанымызда социализмнің сәулетті сарайын құрып, болашаққа алып қадаммен алғабасушы халқымыз замана көшінің алғы шебінде болып келеді» [147, 64 б.]. – деген пікіріне қосылуға болады.

Кез келген ақын заман перзенті, дәуір жыршысы. Өз кезінің шындығын жырлау азаматтық парызы. Олай болса ғалым Ж. Дәдебаев: «Жазушы өмір шындығын қалай да белгілі бір уақыт және кеңістік аясында суреттейді. Шығарманың тарихи болуы, айналып келгенде, онда суреттелетін уақыт пен кеңістіктің аясындағы өмір шындығының тарихи сипаты

мен суреттілігінде» [24, 7 б.] деп айтқан пікірінің мәні зор екендігіне көзіміз жете түседі. Қолына қалам ұстаған өнер иелері бұл міндеттерін шама шарықтарынша атқарды. Уақыт сипаты өлеңдерінен көрініс тапты. Сондықтан еңбек адамдары көптеген ақындар шығармаларының арқауына айналды.

Ақын Шынай Рахметұлы:

Бұзылмай жатқан тасты бір,
Игілік үшін бұзайын.
Жеңуге қиын бәсті бер,
Жарысқа түсіп қызайын.
Жыртылмай жатқан жер қайда,
Игеріп тоңын көгертем.
Сусырап жатқан шөл қайда,
Аттанам солай мен ертең [137, 6 б.].

Ақын жастардың жігерін, еңбекке деген қайрат - құлшынысын шынайы сезіммен жырға қосады. Жігерлі - жалын атқан жастық шақ қандай қиын қамалды да жеңіп шыға алатындығы да шындық. Тауды бұзып, тас қашап жол салушы, зәулім сарайларды тұрғызушы, жер қойнауын ақтарып асыл қазынаны ел игілігіне жаратушы, қара жердің жонын таспадай тіліп ақ меруерт теңізін толқытушы қайсар жандардың көбі жастар. Шынай ақынның тағы бір өлеңін оқып көрелік:

Аралауға әлемді кетеді ойым,
Ауырды да артындар көтерейін.
Уа, жылдар қажымас өр талап бер,
Жас жігермен тас бұзып от өрейін – [137, 7 б.].

деуге ақынның толық қакысы бар. Өйткені ол бүгінгі заман жүгін арқалап, нұрлы болашақ үшін тер төккен жандардың бірі. Ақынның бұл лирикалық « менің» бір өзінің атынан ғана емес, ұрпақ атынан сөйлеп тұр деп ұғу жөн.

Ал ақын Тойлыбай :

Астында тұлпар, қолында шақша,
Ақбас шал алтын медальдар тақса.
Ақжарқын елім той жасап жатса.
Жүрегім менің тулайды атша [25, 31 б.]. деп

туған елінің жарқын келбетін, ондағы еңбегінің игілігін көріп, мерейі үстем болған адамдардың қуанышына шын көңілмен, азаматтық көзқараспен ортақтасады.

Немесе:

Қайратын қанат қылған қия асуда,
Жанған өрт, тасып жатқан құла суда.
Болмаған оған бөгет ғұмыр бақи,
Адамның алыптығы міне осында [25, 33 б.].

Адамның еңбеккер табиғаты, қайсар қайратын осындай шумақтармен береді.

Ақын Яки Илиясұлы «Дикан әңгімесі» аталатын өлеңінде:

Еңбектің қағып дабылын,
Барады жастар әндетіп,
Көркейтіп бұлар ауылын,
Үйлерді салған сәнді етіп [28, 16 б.]. деп жастардың еңбеккер істеріне ризалық көңілмен қарай отырып үлгі - өнеге етеді.

Еңбеккер жандарды жырлауда ақын Имашхан Байбатырұлы көп қырлылығымен қызықтырып қана қоймайды, сонымен қатар «тыңнан түрен салып» таңдандырады да. Атап айтсақ «Кочегар» атты өлеңіне назар аударып көрейік.

Адам қолы ауырлықты еңсеріп,
Домна пештер күрсінеді теңселіп.
Нақ Толағай – кочегарға күрек – дос,
От үрлейтін аузы үлкен жел – серік!
Толғанады ол барша халық қамы үшін,
Жылы «тонмен» киіндіріп қала ішін.
Ер жігіттің абыройын қорғайды,
Керек десең отқа жағып намысын [29, 41 б.].

Ақынның «Байланысшы» атты өлеңінде бір қарағанда өлеңге өрім болатындай ештеңе жоқ сияқты болғанымен оқи келе ойнақы тілмен, ойлылықпен жазылғандығы бір сәт назар аудартады. «Айшылықпен тілдестіріп» тұрған байланысшының тынымсыз еңбегін жоғары бағалайды. Күн райының кез келген уақытында байланысқа шыға беретін оны ертегінің алыбына балайды.

Қоймалжындап ұйыса да түн – қатық,
Торғын ауа толқынына шым батып.
Айшылықпен тілдестіріп тұрады ол,
Аяулыңның асыл сөзін тыңдатып.

Қылдан нәзік, сезгіш аспап – құралы,
Құлақшын боп құлағыңда тұрады.
Құрылық пен құрылықты жалғайды ол,
«Әу» деп қалсаң қағып алып құлағы
Көрген емес сағы сынып, мұңайып,
Оның үшін аспан ашық, күн айық.
Ертегінің алыбы екен бұл да бір,
Ертөстікке дос болуға лайық [29, 41 б.].

Ақынның бірқатар өлеңі замандастарының жан сырын шертіп, еңбектегі ерлігін, адамгершілік абзал қасиеттерін жырлауға арналады..

Ал «Ұста» өлеңінде ұстаның қолынан шыққан зергерлік бұйымдарына сүйінеді. «Арулардың ай келбетін» сәндеген, ойға – көрік, бойға – сән болған ата кәсіптің ұмыт қалмауын ойға салады.

Зергерлікпен әшекейлеп әрнені,
Ептілікпен өрнек салып әрледі.
Кірпік қақпай ол жасаған сырғалар,
Арулардың ай - келбетін сәндеді.

Беріп келген ойға – көрік, бойға – сән,
Толғанамын сол ұстаны ойласам.
Қайран өнер ұмыт болып кетердей,
Осындайда ойға салып қоймасам [29, 41б.].

Сондай - ақ, «Үй ағашшы», «Дәнекерші» сияқты әр түрлі кәсіп иелеріне жеке - жеке өлеңдер арнаған ақын бірде ойнақы қалжыңға сүйеп, бірде ойға негіздеп әркілы әдіспен этнографиялық сипаты басым әдемі өлең шумақтарын жазады.

Қатшанұлы Шабдарбай ақынның жырларынан еңбеккер жандардың сол тұстағы нағыз шынайы болмысын көреміз.

Тілегім – сорғалауы маңдай тердің,
Тілерім – тыныштығы барлық елдің.
Борышым – халқым үшін еңбек ету,
Бөтендей бақытым жоқ басқа менің – [115, 19 б.].

«Бақытым менің» деп «социалистік кезеңдегі еңбек жоспарын» орындау жолында барша халық жаппай еңбек науқанына кірісіп жатқан кезін, осы кездегі адамдардың еңбекке деген құлшынысын көреміз. Ақын еңбек етуді борыш санайды.

Еңбекті өмір қажеттігі ретінде жырлайды.

– Ұлы бол Отаныңның жетте күнім! –

Үйреткені осы ана мектебінің.

Құруға аттанғанда жаңа өмірді,

Бірімін менде алдағы шептегінің – [115, 21 б.].

Қауия Арысбайұлы «Жоталар маңғаз» өлеңінде

Отырсаң тындап,

Өлкенің үнін сарынын.

Алаулап жанған

Көресің еңбек жалынын [44, 17 б.] деп еңбекке

құлшына кіріскен ел адамдарының шынайы келбетін, кезек суретін, бет - бедерін береді. Алаулап жанған еңбек жалынына ризалық білдіреді.

Ал Бүкірбайұлы Қажыбай «Алтай шыңы» атты өлеңінде:

Таңдаулы табыс орнатқан,

Елімнің ерлік еңбегі.

Жоспарлы жолмен дамытқан,

Коммунизм жеңбегі [51, 120 б.].

Таудай табыс әкелген ерлік еңбекті коммунизм жеңісі деген түйінге келеді. Бұл кеңестік кезеңнің таным - түсінігі екені белгілі.

Бірлестігім дамыспен,

Келеді міне нұр жайнап.

Бірлік, жойқын табыспен,

Қызу еңбек тұр қайнап [51, 120 б.].

Бұл – ұжымдық шаруашылықтың табысын көтере, көпінде жырлаған насихаттық сипаты басым жолдар. Қажыбай ақынның еңбеккер жандарға арнаған тағы бір өлеңіне назар салып көрейік:

Сәулетті үйлер салдық тастан қалап,

Жүктелген біздерге де таудай талап.

Бірігіп өмір сүріп, еңбек еттік,

Қуатты көптің күшін нұрға балап [51, 116.] - дейді

ақын. Бұл жолдардағы бейнелеу де жоғарыдағы өлеңмен қарайлас.

Дікейұлы Даниялдың еңбек ерендерін бірнеше өлеңдерінің арқауына айналдырады. Жарыс туын қолынан

түсірмей құлшына еңбек еткен жандарға сүйінеді. Олардың еңбегін көпке үлгі етеді. Шыңдалған шымыр асылға салыстырады.

Шыңдалған құрыш білегің,
Саналы еңбек жолында.
Қайтпайды батыл жүрегің,
Жарыстың туы қолында. [118, 30 б.].

Ал «Диқан Рахатқа» арнауында:

Осы бір ерен еңбектің,
Тұлғасын толғап жыр еттім.
Жазармын дастан өңдеп тың,
Әзірше шақтап сыр шерттім [118, 43 – 44 бб.]

деп еңбегі арқылы ел құрметіне бөленген тұғырлы тұлға жайында әлі талай сыр шертетінін айтады.

Ақын Шәріпақынұлы Зухай өлеңдерінде табысы тасқындаған ауыл бейнесін көреміз.

Ал ағалар ақ самай ауылдағы,
Еңбегімен бастайды қауымды әрі.
Мамандықпен біліп ап, келген өрен,
Сол ауылдың шам - шырақ дабылдары [105, 6 б.]

деп, еңбеккер жандарды мақтаныш етеді. Еңбек адамды елге сыйлы етеді. Еңбек озаттарын ауылдың шам-шырақтары деп біледі. Зухай ақын енді бірде:

Құрсауын қиындықтың үзе алмасаң,
Ағынға қарсы тұрып жүзе алмасаң.
Өмірдің күресінде жығылғаның,
Еңбекпен қамалдарды бұза алмасаң – [105, 85 б.].

деп лирикалық кейіпкерін тек еңбек арқылы ғана өмір атты қамалды бұза аласың дегенге үндеу де орынды. Ақын өзіне де осы талапты қояды.

Пиғылыма қазақтың төрін ұсын,
Өрлеуіме Алтайдың өрін ұсын.
Жігіт болып мен өмір сүре алмаймын,
Мимырттаған күйбеңшіл өмір үшін [105, 86 б.].

Ақынның күнделікті күйбеңшіл өмірді емес, жігіттік намысына қамшы басып, биікке самғар өршілдікті қалауы осының дәлелі.

Әбілқайырұлы Дәулетхан:

Еңбекпенен дала төсін думан қылып,
Түрленткен жайылымды суландырып.
Қолында халқымыздың сақталады.

Жарыста жеңіп алған ту мәңгілік [113, 12 б.].

деп өскен өлкесінің еңбекқұмар қауымының еселі еңбегін, ерлік істерін шабыттана жырлайды. Еңбек Аймақтағы қазақ поэзиясының басты тақырыбына айналған. Бұл тақырыпқа үлкен-кіші ақындардың бәрі атсалысқан. Ақтанның «Алтайбай», «Жылқышы әні», Ш. Қатшанұлының «Астықты алқап», «Тың тойы», И. Байбатырұлының «Шопанның төрт мезгілі», Д. Қалаубайұлының «Шопан ұлдары» т.б. өлеңдерде еңбек адамдарының жасампаз істері әр қырынан жырланады.

Өкіметтің кезіндегі қаулы - қарарларын іске асыруға үндейді. Абай, Ыбырайлардан бастау алған еңбек тақырыбы Монғолиядағы қазақ поэзиясының арналы өзегі болған.

«Әдебиетіміздің Ыбырай мен Абайға дейінгі кезеңінде бұл тақырып жеткілікті өріс ала алмаған еді. Ыбырай мен Абайдан бастап қазақ әдебиетінде еңбекке байланысты жаңаша көзқарас туды» [26, 279 б.]. деген тұжырымды аймақ ақындарының шығармаларына қолдануға болады. Жоғарыда біз сөз еткен ақындар да адал еңбекті үлгі етті, оның өмірдегі орнын жоғары қоя жырлады.

Монғолиядағы қазақ қаламгерлерінің поэзиялық туындыларын ғалым Қ. Мұхамәдиұлы үш бөлікке бөліп қарастырады: «Біріншісі – тағамөлдір қазақ әдебиеті туындылары. Екіншісі алаң - құбаң қазақ әдебиеті туындылары. Бұған 1930 жылдардан 1990 жылдар арасында жазылған шығармалар қамтылады. Бұл кезде қазақ әдебиеті өз заңдылығымен емес, әкімшілдік, әміршілдік жүйеге қызмет етіп, төңкеріс, социализмді мадақтауға арналып шындықтан алшақтап кетті» [7, 110 б.]. – деді. Осы кез поэзиясы «социалистік реализм» таптық, партиялық, жалған интернационалдық талапқа сәйкес жазылып, қаламгерлер қатары соған бой ұрып отырды. Тағы бір топ шығармалар «социализм құрылысы дәуірі», «еңбек адамы», «жұмысшы табы» сияқты тақырыптарға арналды. Осы дәуірдегі поэзиялық туындылардың түрі мәні, нәрі, нақышы сұйылып, көлемі қалыңдаса да, халық көңілінен шықпай, бүгінгі күндері мән - мағынасыз «шығармаларға» айналғандығы шындық.

Дей тұрғанмен, «социалистік реализмді бетке ұсынатын» шығармалар болса да, халқымыздың өмірін, кешіп өткен тағдырын көрсететіндіктен бұл кезеңдегі туындыларды тарих беттерінен өшіре алмайтынымыз да ақиқат.

Монғолиядағы қазақ әдебиетінің басты бір тақырыбы – табиғат. Ақындар өздері мекен еткен өлкесінің қысы мен жазын, күзі мен көктемін, буырқана бұлқынған өзені мен айнадай көлін, биік таулары мен орманын – бәрін сан түрлі бояумен келісті суреттейді. Ақтан Бабиұлы «Қыс» өлеңінде:

Жамылып ақ көрпесін жатқан жерді,
Жел келіп оятады бетін ашып - [147, 64 б.].

десе, Бесбоғда туралы:

Әсем сұлу , кербез тау,
Күмістен сауыт киіп тұр.
Аймалап құшып алтын күн,
Ақ бетінен сүйіп тұр - [147, 115 б.].
деп сөзбен сурет салады.
Тағы бір өлеңге назар аударайық:
Киінді неге асығыс дала тынбай,
Тойынан құрбысының қалатындай.
Жүгірді бұлақ неге қырдан ойға,
Алдынан ана күтіп алатындай [29, 25 б.].

Бұл И. Байбатырұлының «Көктем көріністері» атты өлеңі. Ақын табиғатты қауырт қимылға келтіреді. Дала асығыс киінеді, бұлақ төмен қарай жүгіреді. Имашхан ақын табиғатты жандандыра отырып, ұлттық сипат береді. Көктемдегі тіршіліктің түлеуін барынша тартымды бейнелейді.

Өлеңді тағы да жалғастыра оқып көрейік:

Тіршілік жер астынан шыға келіп,
Жапырақ талға қонып сілкінеді [29, 21 б.].

Немесе:

Табиғат қаз даусына құлақ түрді,
Терезе қысты ұзатып жылап тұрды.
Өзендер мұз көрпесін сілкіп ашып,
Жағаға жұлып - жұлып лақтырды [29, 22 б.].

Образды ойлау дегеніміз осы болса керек. «Табиғат талға қонып сілкінеді» . Қандай әдемі айтқан. Табиғат түлеген, түрленген. «Өзендер мұз көрпесін сілкіп ашып» –

дейді. Сендіреді, иланасың. Көктем көркі бар бояуымен сан құбылады. Табиғат алыстан аңсап жеткен қаз үніне де құлақ түреді. Тынысы кеңіген табиғат басқа қырынан алуан түрлі ажарымен айшықтала түскен.

«Табиғат – поэзияның объектісі ғана емес, оның бойына қуат бітіретін, өңін кіргізетін сұлулықтың арсеналы да тәрізді. Тіпті көркемдік – бейнелеу амалдарының неше алуан түрлерін ақындардың табиғаттан алатыны белгілі» [30, 4 б.] – деп жазады поэзия жанрын зерттеуші ғалым Ә. Нарымбетов.

Осы сияқты табиғат лирикасы аймақ поэзиясының өзекті тақырыптарының бірі болғанын көреміз. Кез - келген ақынның жыр жинағынан табиғат туралы өлеңді оқуға болады. Мәселен, Зухай ақын да жазғы түн суретін жанға жайлы калпында беруге тырысады. Ол:

Келе жатыр айлы түн тыныштықты арқалап,
Түнгі самал жайлы тым маужыраған шартарап.
Інірттіктен бой жазып өрістеді жылқылар
Айқара ашып құшағын төскей жатыр шалқалап
[141, 20 б.] -

деп, даланың мамыражай бір көрінісін көз алдыға әкеледі.

Жұмаханұлы Қуанған ақынның « Іңір» деп аталатын өлеңінде:

Жайлау. Ауыл. Мамыражай іңір еді
Көлбең-көлбең көлеңке жүгіреді.
Түн – жолаушы ат соғып, шөліркеген,
Шұғыланы құныға сіміреді.
Көлбең-көлбең көлеңке жүгіреді.
Ойдым ойдым ойпатқа сүрінеді.
Еңку-еңку еңісте жер бауырлап,

Шалдыққандай мамырлап кідіреді [32, 76 б.] - деп табиғатты тартымды суретпен бейнелейді. Қайталанып келген тармақтар жыраулар поэзиясының әсерін танытқандай. Бұл өлеңнің кемшілігі емес, қайта оған соны сурет дарытқан. Ғалым З. Бисенғали: «Қазақ әдебиеті замана, уақыт, өмір, қоғам, адам тіршілігінің пәлсапасын эстетикалық игеру бағытында халық әдебиеті мен мәдениетінің інжу - маржандарын қолданды.

Қазақ халқының сөз өнеріне етене жақындығы, ерекше қабілеті белгілі. Оның дүниені эстетикалық қабылдау, бейнелеу

әрекетінің аса еркіндігі, өткірлігі, шеберлігі әлемге аян» [33, 264 б.] деген пікірі ойымызға орайласады.

Имашхан табиғат құбылыстарын үлкен суреткерлікпен бейнелеп, оқырманның көркемдік таным әлемін кеңейте түседі. Ол «Теңіз» атты өлеңінде теңіз көрінісін былайша бейнелейді:

Жел тұрса жон терісі иректеліп,
Атады ақ көбігін сүйреп келіп.
Жел тынса жайланады,ойланады,
Жүзінің әжімдері иректеліп [31, 21 б.].

Бір шумақ өлеңде поэзияға тән нәзік сезім бар. Көз алдыға сырлы теңіздің әдемі суретін әкеп береді. Бұл тек теңіз суреті ғана емес, бүгінгі өмірдің бет-бедері, арынды ағысы мен толқыны.

Табиғат көркін сан түрлі бояуларымен жандандыра тартымды суреттейтін өлеңдер И. Байбатырұлы шығармаларында молынан ұшырасады. Ол «Күз суреті» өлеңінде:

Жамылды дала үстіне сары кілемін,
Өлі де қызықтары бар білемін.
Ертең-ақ ақ сақалды аяз келіп,
Сұғады қойындарға қар білегін [20, 16 б.].

« Тағы да көктем күле кеп» өлеңінде:

Шойырылған таулар емделіп,
Жіпсиді дене ақ самай
Моншағын жаздың теңденіп,
Келеді орман қапсағай – [20, 16 б.].

дейді. Табиғатты адам бейнесіне келтіріп, өзінше бір қарым - қатынасты бейнелейді.

Әлем жаратылысының заңдылықтары көркемдік таным мүмкіндіктері жайында ұлы ақынымыз Абай: «Әуелі көзді көрсін деп беріпті, егер көз жоқ болса дүниедегі көрікті нәрселердің көркінен қайтіп ләззат алар едік?» деп ой түйеді. [34, 27 б.].

Байбатырұлы Имашхан:

Асыға жүгіргенде бұлақ қырдан,
Тау бейне қайғылы адам жылап тұрған.

Жылауды жер бетіне үйретсін деп,

Табиғат оны жерге лақтырған – [20, 17 б.] - деуі де ақынның өзіндік ой өрнегін тапқандай.

«Табиғат, мезгіл көріністерінің түрлі суреттерін беруде, оны түрлі бояулармен астастырып, адам санасының астарымен алып жүруде, оны өзінен тысқары емес өзімдікі деп баурына басуда, сөйтіп, осынау көркем табиғатқа ақыл көзімен қарауда ақынның ой сергектігі басым, сөз құбылтуы соншалықты үйлесімді, соншалықты әсерлі» – деп бағалады Е. Баятұлы [35, 37 б.].

Екінші бір «Көктем таңы» өлеңінде де ойды образбен айтуға бейімділік байқатады:

Сал көктем, сен де осынша киелі ме ең,

Таулардың тер сорғалап иегінен.

Оянып ұйқысынан маңғаз дала

Жыртылып өзен жатыр жиегінен [29, 20 б.] дейді.

Немесе:

Шапанын тыстап киіп бүліспенен,

Өзеннен белбеу буып күмістеген,

Жігіт – жер сыланғанда сал табиғат,

Аспанның алқасы ғып күн істеген [29, 19 б.].

деген жолдарда бірінші, ақынның шеберлігін өлеңмен өрнек салу, құбылысқа қимыл беруінен байқасақ, екінші бұл үлкен сезімталдық пен талғампаздық нышаны. Әсем сурет пен әдемі құбылыстың үйлесімі сәтті көрініс тапқан.

Зүлкәпіл Мәулітұлы «Жаңбыр. Жайлау. Мен» деген өлеңінде табиғат құбылысын ауыл өмірімен қабыстыра суреттей келіп:

Тағы да пайда болып таспа бұлақ,

Тағы да секіреді тасқа құлап.

Тек қана ақбас таулар міз бақпайды,

Болар ма ем мен де сондай асқағырақ! [36, 24 б.].

деп түйіндейді. Ақынның суреткерлік ұшқырлығы бірден аңғарылады. Көшпелі елдің дағдылы тіршілігі де қаға беріс қалмаған Табиғат көріністерін бейнелегенде нақтылық, дәлдік және оны жандандыру ұштасқан кезде суреткер әрі табиғат әдемілігін ашады, әрі сыр - сезімін жайып салады. Дүниені өзгеше қалыпта елестетеді. Мәселен, осы ақын тағы бір

өлеңінде былай жырлайды.

Күміс жанар төбеден ай қарайды,
Самал ғашық тұлымды аймалайды.
Ақша бұлттар ашушаң дода - дода,
Айдын көлдер қыз мінез жанға жайлы [36, 33 б.].

Бұл да сурет.

«Адамның өзін рухани байытудың жолы біреу ғана.

Ол табиғаттағы сұлулықты, әсемдікті көру, сезінудің сезімді ұштайтыны секілді, әдебиет пен өнердегі эстетикалық сезім бұлағындай білу» [37, 10 б.] – деп С. Әшімбаев айтқандай, адамның рухани жан дүниесін сұлуландырып, нәр беретін күдірет те осындай өлеңдерден дарыса керек.

Қуанған ақынның «Сырғалы жағасында» өлеңін оқығанда ақын шеберлігі айқын аңғарылады. Ақын «шарбы» деген эпитет арқылы өлеңге ұлттық ерекшелік дарытады.

Мәселен:

Шарбы бұлттар шалдыққан шудаланып,
Жалбыраған балағын суға малып.

Бұрқыраған бұрымы тарқатылып.

Жатыр жосып өріле, тулап ағып [32, 53 б.]. ақын

табиғатты жандандырып, күш-қозғалыс беріп, әсем картина жасайды, яғни табиғаттың сұлулығына баса назар аударады.

Ақындар әдемілік негізін әдетте тек табиғат әлемінен іздеген. Әдемілік – жаратылыс сырына тандана, тамашалай қарайтын адам жанына сырттан құйылатын, сырттан даритын ізгілік нұры. Ендеше адам сезімінен тыс табиғат шын мағынасында эстетикалық сапаға ие бола алмайды, ол үшін әр адам сұлулықты тани және бағалай білу қажет. Бұл жөнінде З. Қабдолов былай дейді: «Нағыз пейзаж – поэзия! Мінез! Адам! Неге десеңіз, адамның қабылдауынан, сезіну, түйсінулерінен, көңіл - күйінен тыс табиғат суреті – пейзаж жоқ» [38, 63 б.]. Қазақ поэзиясында табиғат пен адам тағдыры, айналып келгенде, ең алдымен табиғат суретімен, өлеңдері пейзажбен, олардың көркемдік сипатымен ерекшеленеді.

Аймақ ақындарының шығармаларын оқып отырғанда әдемі бояумен өрнектеген жыр жолдары молынан ұшырасады. Әр ақын өзіндік қалам тартыс, сөз саптасымен дараланады. Бұл жөнінде кезінде сыншылар да орынды пікір айтқан - ды.

«...Көркемдік поэзия деген не: Бұл – сөзбен сурет салу. Бұл – әдемі бояу. Бояулы жанды сурет – кино лентасындай көз алдымыздан өтіп жатуы керек. Поэзия – сәуле шашқан сезім, адамдардың қыр - сырлары. Өлеңдегі сөзді сөз жарқырата ашып, сөзге сөз сәуле түсіріп тұруы керек. Әр сөз әсем болуы керек» [39, 30 б.] – дейді Д. Белдеубайұлы.

Монғолиялық қазақ ақындарына тән басты бір ерекшелік – табиғатты кескіндеуде қазақ халқына тән тыныс - тіршілік, әдет - мінез, салт - дәстүр белгілерін молынан қолданатындығы. Яғни, ұлттық болмысқа тән бояудың көптеп кездесетін тұсын айтпай қоюға болмайды.

Қызай Бақтыбайұлының «Бесбоғда» өлеңін оқып көрейік:

Жұлдыз көрпе жаздағы түнін түріп,
Жөнелерде Бесбоғда шыңын сүйіп.
Тамылжып бір, толқып бір моп - момақан,
Келе жатса керіліп, таңың күліп [40, 24 б.].

деген шырайлы шумақтар бірден ойға ұялайды.

«Бұл табиғат көрінісін жалаң, жалпылама баяндап түсіндіру емес, бұл – туған өлке тынысын мейлінше образды мүсіндеу. Осы жолдардың өзінен - ақ, риясыз ақын жанының дүние көркіне рухани көзқарасын, бағалау пафосын айқын аңғаруға болады.

Табиғат бейнесінен біз біте қайнасып, бауырласып кеткен екі бірдей қатынас шамасын байқаймыз: таныту сипаты, бағалау сипаты. Өнер туындысында әдетте жаратылыс шындығы осылай таныла отырып, сұлулық көрінісі ретінде бағаланады, образды, өрнекті келісімін табады» [41, 51 б.].

Ақындар өлеңдеріндегі табиғат суреттері бір жағынан адамдардың қарым-қатынасын терең көрсету үшін олардың характерін, сезім күйлерін бейнелеу үшін алынса, екінші жағынан, табиғаттың өз образы арқылы оны терең тануға, сол жолмен дүниенің, әлемнің сырын түсінуге көмектеседі. Табиғат құбылыстарын адам сезімінің өзгерістерімен көмкеріп, зерделеп жеткізуінде сол табиғат құбылысы керісінше, адам бойындағы нәзік сезім, көңіл - күйінің өзгерісі тәрізді болып кетеді. Сұлу сөз арқылы құлпырған табиғат, құдды адам бойындағыдай қасиеттерімен тіршілік процесіне айналады.

Бұл ақын зердесінің тылсым дүние сұлулығын саралай білетін талғампаздығын білдіреді.

«Әдеби тіл қарапайым да сазды болуға тиіс. Асылында қарапайым әрі сазды жазу дегеніміз түсінікті жазу деген сөз. Тіл құдіреті таңғажайып. Адамның табиғат әлемінің сарқылмас түр - түсін, қозғалысын бейнелейтін ең абсалюттік ой - санасын белгілейтін сөздің шексіз мүмкіндігін тіл құдіреті дегеннен басқа лаж жоқ» [42, 7 б.].

Ақындар табиғатты бірыңғай тамашалап қоймайды. Оны қазақ ауылының тұрмысымен байланыстыра суреттейді. Әсіресе шырайлы да шұрайлы шумақтар Имашхан Байбатырұлының мұраларынан көп табылады. Тағы бірер мысал келтірейік:

Келді көктем. Келіп атып май таңы,

Тірлік біткен көктем әнін айтады.

Қар күпісін,

Мұз – көрпесін сүйретіп,

Алжыған қыс жалаңаяқ қайтады [29, 22 б.].

Имашхан ақын өлеңіндегі жансыз нәрселердің өзі тіршілік иесінің қасиеттеріне ие болып, түрлі қимылдар жасайды. Ол үшін ақынды бүкіл ізгілік атаулыға қиялы ұшқыр, фантазиясы бай болуын, бір сөзбен айтқанда автордың өзі эстетик болуы керек. Сонымен бірге табиғатты шынайы суреттеуге шеберліктің ролі күшті екені белгілі. Осы жауапты талаптардан лирикалық кейіпкер жоғары көріне біледі.

«Адам тілі – біздің кәдімгі күнделікті өмірде қолданып жүрген қарапайым сөздеріміз ақын жүрегінің мыс қазанына түсіп, асқақ шабытпен қайнап қорытылғанда небір құлақ естіп, көз көрмеген ғажайыптар туады. Бұған оқушы былай тұрсын, сол поэзияны өз қаламынан тудырған ақынның өзінің де жағасын ұстап, таңдана қарайтын кездері аз емес. Поэзия қашан да өзінің осы сиқырлы күшінен адам баласының басынан кешірген арғы - бергі бүкіл өмір тартысының, ізгі арман - мұратының, сұлулығын, ұлылығын, өміршеңдігін бейнелеп келді» [23, 12 б.]. – деген пікірге ақынның туындылары дәлел болып тұрғандай.

Жер – ананың сал денесі балбырап,

Күн – келіннің беті нарғтай албырап.

Сығалайды түлкі аңдыған аңшыдай,

Жылғалардан бас көтеріп балқұрақ [29, 22 б.].

«Алдымен табиғатты ол тұтастықта таниды. Табиғат та адам сияқты кейде көңілді, кейде мұңды. Соған лайық ақын да оны әр - күйде суреттейді» [43, 137 б.].

Абайдан бастау алған табиғатты жандандыра бейнелеу дәстүрі Монғолиядағы қазақ ақындарында жалғастық тапқан. Аймақ ақындарының шығармаларында табиғат лирикасы сүбелі орынға ие. Сондай - ақ, табиғат туралы өлеңдердің көбі - ақ адамның сыр - сезімін дөп басатын айшықты туындылар десек асыра айтқандық болмайды. Мұндай даралық әсіресе 1960 - 70 жылдары әдебиетке келген бір шоғыр ақын мұраларынан анық аңғарылады. Олар И. Байбатырұлы, К. Жаңжұнұлы, Қ. Жұмаханұлы, Қ. Бақтыбайұлы т.б. Сөз дәлелді болу үшін Имашханның «Жаздың жайлы кешінде» өлеңінен үзінді келтірейік.

Жылқышы да көрсем деп құдашамды,

Бір сұғымға жылқысын бұра салды.

Күн жеңгетай болды да, құбылаға,

Қызыл торғын шымылдық құра салды [29, 24 б.].

деген жолдардағы малшы ауылдың кешкі көрінісі бейнелі суретімен әсерлі.

Ақынның қолтаңбасын айшықтайтын нәрсе - поэзиясындағы уыздай тұнған ұлттық балама сөздер еді. «Ат жарысы алаңында», «Алтыбақан» атты шоғыр жырларында тарихи - этнографиялық жанды сурет, логикалық нақтылық бар. Табиғат лирикасы үлгісіндегі өлеңдерінде ақындардың ой - сезімі, жан - дүниесі де терең ашылған. Туған ел табиғатын сипаттауда оның суреткерлік шеберлігі айқын аңғарылады.

Монғолиядағы қазақ әдебиетінің дарынды өкілі, асқақ үнді ақындардың бірі – Тойлыбай Құрманмолдин.

Ақынның туындыларына тоқталып, жақсы баға берген ғалым С. Негимов: «...Тойлыбай толғауларында сезім тереңдігі мен ой кемелдігі, құлшыныс пен бұлқыныс, қанаттылық пен арманшылдық, қиял еркіндігі мен тіл серпінділігі бар. Әсіресе, «Ару Алтай – Ана Алтай» – Тойлыбай толғаныстарына поэзиялық сұлулық дарытады. Сыршыл, мұңшыл кеудесіне, нәзік жанына күміс маржан тұндырады. Ақынның көргіштігін,

сезімшіл түйсігін, Сұлу жаратылыстан үн - сыр аулап, сырбаз да көркем сөйлетуге икем - бейімін, қабылдау қабілетін мына бір сымбатты түйдектерден аңғаруға болады. Мысалы:

Шомбал таулар шоқтықты, шүйделірек
Ол жайында естимін күй көбірек.
Күн қадайды жап - жарық қарашығын
Бұл жалғанда бір өзің сүйгенім деп,
Балуан Алтай шоқтықты шүйделірек.

Немесе:

Тас та мұнда айшықты, бейнелірек
Бұлттың қаны ысиды кейде еңіреп...
Су ішеді кешкілік қос шалқардан
Сынық мүйіз, сиыр тіл ай мөңіреп,
Тас та мұнда бедерлі бейнелірек.

Тойлыбай атамекен сәулетін, ақбоз орда қасиетін, таңғажайыптабиғаттықұбылта, құлпырта, келістіресипаттайды. Ол өзінің тұтас болмысымен біржола беріліп жырлағандықтан, оның бойындағы іңкәрлік пен құштарлық оқырман санасын, оның ішкі дүниесін дүр сілкінтеді, жаңғыртып жайнатады, шырақтай маздатады. «Күн қадайды жап - жарық қарашығын», «Сынық мүйіз, сиыр тіл ай мөңіреп», «Ақ тиіндей ақ бұлақ секіреді» дейтін ажарлы жарасымды тізбектер ақынның алғыр - тапқыр өрелі өнерпаз екендігін кіршіксіз дәлелдейді» [45, 15 б.]. деген пікірін орынды айтылған деп білеміз.

Осы тәрізді айшықты өлеңдерді Д. Дікейұлының туындыларынан да молынан ұшыратамыз. Ақынның дара қолтаңбасын танытатын айшықтардан қазақ болмысына тән, қазақтың тіршілік әрекетін, салт - санасын бедерлеген эпитет, теңеу метафора т.б көркемдеу құралдарын көптеп кездестіруге болады.

«Дікейұлы Даниял – көрікті ой, нәзік сезіммен жырлауға көбірек көңіл бөледі. Ақын – табиғат суретін салуға шебер. Әсіресе, бұл – «Көктем», «Жазда», «Даян көл жағасында», «Сырғалы суреті», «Жайлауым» қатарлы табиғат лирикаларында айқын көрініс табады. Мұндай өлеңдеріндегі сыршылдық жанды суретпен образдылыққа ұласады. Бұған «Еркінсіп асау өзен сақ - сақ күлді» [46, 29 б.]. деген жалғыз жолды алсақ та жеткілікті.

Монғолиядағы қазақ поэзиясына тән басты бір ерекшелік: ақындар жырларының бойында Абай салған образдылық, бейнеліліктің сан алуан қырлары, бір мағына емес, бірнеше мағыналылықтың сырларының болуы.

Ақындардың табиғат лирикаларын оқып отырғанда ең алдымен Абай, Шәкерім, Мағжан лирикалары ойымызға оралады. Абайдың атақты «Жаз» өлеңінде қозғалыстағы яғни көшпелі қазақ жазы көрініс табады. Бұл өлең бойында махаббат та бар, әлеуметтік ортаның тұрмыс тіршілігі де бар, философиялық ой тереңге тартқан, уақыт пен кеңістіктің, дәстүр мен салт бәрі көз алдына келеді. Абай жазған табиғаттың классикалық үлгісінен тәлім алған Монғолиядағы қазақ ақындарының шығармаларында лириканың бұл түрі көптеп кездеседі. Ақындардың табиғат тақырыбына жазған өлеңдерінің көбі - ақ суреткерліктің жақсы үлгісіндей туындылар. Қауия Арысбайұлының «Қаңтар» өлеңіне сәл назар аударайық.

...Ұйып қалған айрандай,

Ұлпа қардың түс - түгі.

Таулар ұйықтап қалғандай,

Тыныш жатыр қыс күні [44, 78 б.] тәрізді бейнелі сурет, тың теңеу осыған дәлел. Табиғат – өмірдің бір сәттік көрінісі ой тезінен өтіп сезім сырымен ұштасып жатады.

Әдебиеттің даму кезендері адамдардың табиғатқа эстетикалық қатынасы екі түрлі бағытта болатынын айқындап отыр: а) әлеуметтік өмірдің негізі ретінде; б) сұлулық негізі ретінде. Екі жағы біріге отырып, ақындық таным жүйесінде бір тұтас дүниеге айналады, бірінсіз - бірі өмір сүре алмайды.

Соның негізінде табиғатты эстетикалық тұрғыдан тану концепциясы туындады. Табиғатты эстетикалық тұрғыдан тану дегеніміз – суреткердің өз жан сұлулығымен астасқан, оқушысын толғандыра отырып, көз алдына бейнелі, бедерлі жаратылыс суретін қайталанбас керемет келбетімен, өзіндік сыр - сипатымен мейлінше көркем, ажарлы жеткізуі [47, 56 б.]. Олай болса, монғол қазақтары табиғат аясынан ала білген ажарлы айшықтарды, оның көрікті келбетін, табиғаттың тамаша тамыршысындай дөп басып бедерлі бейне, сұлу суреттермен көмкере отырып, оны қазақтың тыныс - тірлігімен, әдет - салтымен, ғұрып - дәстүрімен көріктей көрсетеді. Қазақтың кең

даласындай жомарт жанды қазақ күйін шерте отырып, қазақ пейілін, қазақ көңілін, нағыз қазақтың шынайы болмысын өлең - өнеріне айналдырды. Қазақ ертеден - ақ өлеңді өнер санаған. Сондықтан ықылым заманнан бері өздерін табиғаттың бір бөлшегіміз деп өмір сүріп, оның сұлу бейнесін поэзияға айналдырып жырға қосқан. Сөйтіп, Табиғат – Монғолиядағы қазақ поэзиясында да ең бір өзекті өрім.

Қай ұлттың әдебиетінің тарихына зер салып қарасақ та ақындар соқпай өтпейтін бір тақырып – табиғат екенін көрер едік. Сезімтал ақындар жанына жылылық дарытып, бойына қуат беретін де туған топырақтың қасиеті екенінде дау жоқ. Сондықтан да болар, балауса жанын жырға малындырып, ақ қанатына қайрат дарытатын, ақын жүрегіндегі табиғаттың келісті көркем суреті шумақ-шумақ жыр түйдегіне айналып сұлу өлең күйінде өрілетіні, сөйтіп поэзия әлемінен орын табатын табиғат туралы толғаныстардың орны үлкен. Қолына жаңа ғана қалам ұстаған балауса балғыннан бастап әлемдік классиктер атанған ұлы тұлғалардың табиғат, Отан, Туған жер туралы жазбағаны кемде - кем.

«Табиғат, Отан, Туған жер тақырыбы – монғол қазақтары поэзиясының өзекті бір иірімі. Перзенттік махаббатының алауына, сезім сәулесінің шұғыласына бөленіп, ақындар жүрегін жарып шыққан мұндай өлеңдер ақындардың азаматтық тұлғасын отан сүйгіш қаламгерлік сезімін айқын танытады. Сонымен қатар өлеңдеріне азаматтық асқақ леп, сыршыл саз, арайлы ажар беріп тұрады» [49, 19 б.].

Туған жерін тұғыры санамайтын адам бола ма? Ал ақын үшін оның жөні мүлде бөлек. Аймақ поэзиясында туған жер туралы толғаныстар сүбелі орынға ие. Қарт қаламгер Ақтан Бабиұлының «Менің Отаным», «Өлгий» өлеңдерінен бастау алаған бұл тақырып кейінгі буын шығармаларынан үзілмейтін желі тартқан. Мүбәрак Ташанбайұлының «Менің ауылым» өлеңінде:

Менің аулым, бақыт, байлық мекені,
Көпке әйгілі даңқы биік екені [52, 15 б.].

деп ауылын мақтаныш етсе, Әбдікей:

Қондырған дарындылық талап маған,
О, далам, асау таймен далақтаған.

Аңсаған айдын көлін жыл құсындай,
Асыға өзің жаққа қанат қағам [52, 9 б.].

деп сағыныш сазын тартымды жеткізеді «Дала» атты өлеңінде.

Есейіп кетсе де туған жеріне деген ыстық сезімі суымаған.

Қандай суреткерді де туған жерінің тарихы мен тағдыры, өскен жердің бұрынғысы мен бүгінгісі туралы ойлауға мәжбүр етеді емес пе? Үлкен парасаттылықпен ойлайтын, сезімтал, талғампаз ақындар да бұл тақырыптан шеттеп қалмастан, мұндай тақырыптарға да бірнеше өлеңдерін арнағанын білеміз.

Ақын Қуанған Жұмаханұлы өзінің балалық базары өткен жеріне сағынышпен келгенде:

Келгенімде алыстан сені көрмей,

Тұра алам ба жағанда тебіренбей? [32, 7 б.].

деуі өте орынды. Аптыға алып ұшқан көңілдің бір емі туған жер екені мәлім. Алғаш қанат қағып, қадам басқан ұшқан ұяның орны бөлек болмақ.

Одан әрі:

Шіркін-ай таба алмадым бір-бірін де ,

Түспеді көз алдыма ізім мүлде

Кім білсін қаңбақтайын жел ұшырып,

Кеткен бе борасынды бір күзінде – [32, 7 б.].

дейді. Бұл ақынның «Қаратұмық» деген өлеңінен үзінді. Туған жерінен алыстап кеткен ақын «Қарауменен жанарын талдырып» жетеді. Сағыныш пен өкініш қос өрім тартқан жолдардан лирикалық кейіпкердің жеңіл мұң оранған сыр - сезімі айқын аңғарылады.

Құмар Белдеубайұлының «Көктөбе» өлеңі де жүрекке жылы әсер қалдырады. Көктөбенің басқа таудан биік көрінуі табиғи, нанымды. « Әркімнің туған жері Мысыр шаһары» деген қағиданың ақиқатына қалтқысыз сенеміз.

Басқа таудан биігірек көрінесің көзіме,

Жеткенше мен асығамын алыс жүрген кезімде.

Ән кернеген сағыныш бар саған деген сезімде,

Өмірімнің жақсылығын арнап өтем өзіңе

[130, 51 б.].

Өлеңде ақын туған жердің небір тамаша сұлу да әсем көрінісін сөзбен сурет салып көркем шындықпен, поэтикалық

терең оймен, эстетикалық тұрғыдан шебер бере білген. Бұларды оқи отырып жаныңа рухани азық, эстетикалық, тәрбиелік әсер алып, ақынның ақиқат жыр дүлдүлі екеніне сүйсінесің әрі танданасың.

Туған жер туралы сәтті жазылған өлеңдер Имашханда да баршылық. «Қызылтөбе», «Қарғалы», «Туған жер дидары», «Туған ел, туған жерге» т. б.

«Жүрегінің асыл арманына» айналған Қарғалы туралы:

Алаулы жыр боп жанғалы,

Қиялым сені шарлады.

Жүректің асыл арманы,

Айналдым сенен Қарғалы [142, 85 б.]. десе, екінші

бір өлеңінде:

Сенің нұрың – жанымда аққан ағын,

Сенде жанған, туған жер, бақ талабым!

Сеніменен баймын да бақыттымын,

Сеніменен өзгеге мақтанамын [142, 86 б.] - дейді.

Өскен елі, туған жеріне табан тіреп тұрғанда ғана баймын, бақыттымын деуге қақысы бар. Лирикалық кейіпкер туған жеріне бүкпесіз сыр ашады, ағынан ақтарылады.

Поэзия туған жердің сұлулығын аша отырып, патриоттық сезімге тәрбиелейді, оқырмандардың эстетикалық талғамын ұштайды, олардың рухани саулығын нығайтады» [134, 86 б.], – деген пікір осыны айғақтайды.

Ақындық талантымен танымал болған Шәріпақынұлы Зуқайдың туып өскен өлкесі, келбеті көрікті – Бұлғын. Осы өлкенің тұлғалы биік таулары, сыңсыған әсем орманы, сылдырап аққан өзені, гүл жамылған кезеңі оның ақындық шабытын ерте оятты. Сондықтан да болар ақынның көптеген өлеңдері туған жер, өскен өлкесіне, ауылына арналды.

Суың тұнық мекенім шекер балдай

Арасаны өзгенің жетер қандай.

Бір жұтпасам Күртінің тұнығынан,

Жылдар бойы шөлім бір кетер қанбай [55, 84 б.]

деп жан сырын жайып салады. «Алтын бесік туған жеріне» деген ақжарма ықыласы оқушыны бей - жай қалдырмайды.

«Сөз ұстасы мейлі жарқырата өлең өрсін, мейлі ақ өлеңді селдете драмалық туындылар әкелсін дүниеге, болмаса

сырға толы проза жазсын, жанр салмағын жақұтша жарқыраған поэзияның сұлулығы басып кетіп жатады. Ол туындыда алдымен ақындық таным, ақындық толғам көзге ұрады. Қай жанрда жазылған қандай үздік шығарма да адам жанын қозғап, тербеп, тебіреніске түсірер болса ол – поэзия!» – дейді өлең сөздің құдіретін жанымен ұққан, жүрегімен сезінген ақиық ақын Т. Айбергенов [23, 12 б.].

Отан, туған жерге деген махаббаты ақындар жырларында кеңінен орын алған. Осы халыққа, туған елге деген жалындаған сезімді терең оймен біріктіріп, құнды көркем бейнелі туындылар жасайды.

Зухай ақынның бұл өлеңінде де ақындық шабыттан туған, өскен өлкеге деген перзенттік махаббат бар.

Туған жер жүрегім бір, өзің де бір,

Құясың әр уақыт сезімге нұр [55, 84 б.].

Туған жердің қаншалықты қымбат екенін осы екі жолдан-ақ айқын сезесіз.

Өлеңді оқыған әркімнің-ақ өз өскен өлкесіне деген өзек жарды құштарлығын арттырады десек артық айтпағандық болар еді. «Бұлғыным», «Күрті», «Дүргінім», «Келемін аңсап ауылды» тағы көптеген жыры, «Көңілдің көкжиегі» жинағындағы «Ата мекенде» циклі түгелдей жоғарыдағы тақылеттес өлеңдер.

Мұнда ол туған жерін, ауылын, Отанын әр қырынан жырлайды. Ақын жырларының тақырыбы әр алуан. Ойлылыққа, нәзік сезімге құрылған. Табиғат сұлулығын, елдің елдігін, жердің кеңдігін, ата салтты, асқақ арманды, өрен еңбекті жырлаған өлеңдері «Көкпар», «Сыр маржандары», «Ақжанбыр», «Көңілдің көкжиегі», «Жайлау сазы» және монғол тілінде басылған «Цагаан мод» (Ақсүйек) жыр жинақтарының қай-қайсысынан да кездеседі.

Келе жатыр айлы түн тыныштықты арқалап,

Түнгі самал жайлы тым, маужыраған шартарап.

Іңірттіктен бой жазып, өрістеді жылқылар,

Айқара ашып құшағын төскей жатыр шалқалап

[55, 85 б.].

Ақынның алғашқы жыр жинағы «Көкпардан» алынған бұл шумақтан даланың әсем бір көрінісі көз алдыға келеді. Ақын дала мен қазақты егіз ұғым ретінде жырлайды.

Көш көрсең жасыл төсті сәндендірген,
Той көрсең басталады әнмен бірден.
Бұл менің қазағым деп түсіне бер,
Әуезін домбырамен әлдендірген [55, 85 б.].

«Қазағым»

Бұл тақырып көп ақынның жырларына арқау болғанды. Бірақ Зукай ақын бұған қазағымыздың салт-дәстүр, салтанатының өзіндік өрнегін сала білген.

Ақынның туған жерге, елге, қазағына арнаған топтамалары жанға жақын, көңілге қонымды. Шынайылығымен баурайтын туындылар. «Босаға» дейтін өлеңінде:

Отанынды сүюдің өзі де өйтсе,
Сүюіңнен басталар босағанды – [55, 45 б.]

деп, тұжырымдауы да орынды.

Қай ақын болмасын алдымен өзінің өзекті өлең өрімдері арқылы туған топырақ, өскен өлке өмірін жыр етеді. Осы үдеден шыға білген ақынның бірі – Тойлыбай Құрманмолдаұлы.

Ақын – поэзияға өзіндік үн, өзіндік талант қырларымен келіп қосылған. Өзінің өскен өлкесі мен туған елінің бүгінгі жаңарған келбетін, адамгершілік достықты, махаббатты жырына арқау етіп, өз әуенімен жыр моншағын тереді.

Отаным – анам шайқаған,
Мәңгілік құтты ұямсың.
Ұзасам келем қайтадан.

Қандай жан сені қия алсын [56, 426.].

Отанға, туған елге деген перзенттік махаббатын осылайша жүрек жалынымен, сыршыл сезіммен жырлайды. Өлеңдерінде образдылықпен жырлау басымырақ.

Ақын Тойлыбай бүгінгі дәуір келбетін өзгертуші жасампаз адамдардың ұлы күшін, ерлік жігерін, ісін мақтаса да, дархан даласының әсем табиғатын суреттегісі келсе де, жастық махаббат сырын шертсе келісті суреттер мен нақышты теңеулер қолдануға, философиялық ой түюге тырысады.

Қайратын қанат қылған қия асуда,
Жанған өрт, тасып жатқан құла суда
Болмаған оған бөгет ғұмыр баки,

Адамның алыптығы міне, осында [56, 33 б.].

Тойлыбай өлеңдерінде соны теңеулер, көрікті суреттер,

нақышты жолдар кездеседі. Ақын шындықты бүкпесіз ашық, көңілге қонымды сезім отымен жырлайды. Ақынның «Ең алғаш кіндігіңді кесіп өзі» деп басталатын өлеңі өте қарапайым әрі сезімді баурап алар шынайылықпен жазылған.

Жөргекте тұңғыш рет үйреніп ән,
Бойына шыр еткенде күй дарыған.
Қарашы туған жерге анықтап бір,
Анаңның айнымайды дидарынан... [56, 4 б.].

Автор өзінің бүкіл адами болмысының, ақындығының тамырын туған жерден алғандығын паш етеді. Әрине, ақындықты туған топырақ сыйлайтыны даусыз.

Қауия Арысбайұлы «Мақтаныш» өлеңінде:

Ат тұяғын тауысып талай жерден,
Ағайынын дәл тауып қалай келген.
Қабырына бабамның жатқан тыныш,
Қайта - қайта қайран қап қарай берем [44, 35 б.].

Өлең монғол ағайындардың дархан мінез, бауырмалдық жүректеріне ырза қазақ жамағайындарының жүрекжарды сезімін аса шынайылықпен көрсеткен...

Яки Илиясұлы «Тұлба көл» өлеңінде онымен сырласады, тілдеседі.

Тұлба көл!
Мен сенің сырласың ем,
Жағанда толқын құшқан, сырласып ем.
Өзіңмен бұл өмірдің шат күлкісін
Жырласып ем... [28, 97 б.]

деп туған елге деген перзенттік сезімін ойлы шумақтармен жеткізеді.

Ақынның туған жерге деген терең махаббаты – зерек көңіл, зерделі ой тасқынымен, зор шабытпен жүрек тебіренерлік пафоста жазылып, айтар идеясы өте тереңде жатқандығымен оқушысында туған жерге, Отанға деген патриоттық ыстық сезімді оятады.

Жалпы, 1960 - 80 жылдардың талантты ақындары бүгін Отанның бөлшегі – кіндік кескен ауылын өлең тілімен өрнектегенде азаматтық ойға тән ауқымдылықтан айныған жоқ; әр ақын өз шама - шарқынша жалқы арқылы жалпының да жайын жырлай білді

Туған жердің қадірін білген бір жан болса, ол – қазақ. Қазақ үшін кең даладан, тауы мен өзен-көлінен артық құдірет жок.

Басталғандай жаңғырып жаңа бір ән,
Сарғалдақтар майысып сабағынан.

Күй төгілген сияқты кең далаға,
Шаң қобыздың шымырлап шанағынан [57, 19 б.].

Мұрат Бұшатайұлы «Қайдасың көктем» өлеңінде осылайша әдемі жыр өрнегін сала білетіндігін аңғартады.

Ата - баба аманат еткен туған жер әр қазақтың кіндігінен байланған қасиетті мекен. Зейнешқызы Гүлдәри жырларынан да табиғаттың тамаша көріністерін, туған жердің көрікті келбетін көз алдына келтіретіндей көңіл ашар тебіреніс пен сыршылдық байқалады. Гүлдәри «Неткен сұлу көркем едің» деген өлеңінде:

Баурашы көңілімнің сыршыл бағын,
Мөлдіреп таң шығындай тұрсын жаным.
Мен перне, саусағыңмен шертіп қал да,
Өмірдің оятайық тылсым таңын [66, 37 б.].

дейді. Көктемнің көрікті келбеті ақынның таңғы шықтай мөлдір сезімінің пернесін деп басып, «сыршыл бағының» құпия құдіретін ашып жібергендей.

Тағы оқып көрейік:

Уа, далам,
Бір уыс топырағың қымбат маған.
Келгенде шабыт өзен жырлап қалам,
Өзінде өскен бойлап ақ қайыңды,
Анашым иіп әкеп құндақтаған [66, 41 б.]. деп туған

жерге оның табиғатына деген махаббатын шынайы көңіл - әсерлерімен тартымды толғаған. Өлең мазмұны табиғи ой, сезім нұрымен көмкерілген. Ақын туған жері мен оның табиғатын бірлікте алып жырлайды.

Қуатхан Шәріпұлы «Әрқашан бекем шекара» өлеңінде өзінің азаматтық борышын төмендегіше айтады:

Болса да ыстық , соқса да қарлы бұрқасын,
Қарауылдамыз біз емес одан қорқатын.
Туған жердің бермейміз тіпті дұшпанға,
Сүйем жерін, бір тасын [131, 36 б.].

Қуатхан ақын өлеңінен өзге ақындарша туған жердің топырағын, тау - тасын суреттеу, көрікті келбетін өлеңге қосу емес, туған жерінің бір уыс топырағы түгіл бір түйір тасын да дұшпан қолына бермейтін қамқоршы ер, ел - жер, ана - мен қарындасты қорғаушы азаматтың дауысын естиміз.

Өлеңнің негізгі көзқарасы әскерлер Отанды, ел - жерді, шекараны қырағы қорғаушылар деп тұжырымдайды.

М. Әуезов: «Өлеңге қоятын шарт: еркін ой, шарықтаған терең қиял, нәзік өткір сезім, құйылған сұлу сурет, кестелі, таза, қысқа, анық тіл. Әркімнің жүрегінде бір жасырын сыр, жасырын тіл, жасырын күй бар. Ақынның ақындығы сол жасырын сырды тауып, жүректі тербетіп, қуанытып, мұңайтып, жасырын күйдің ішегін шертіп, әрбір пернесін тап басу. Ондай өлеңді оқығанда оқушының шері қозғалып, ой көзі жүрегіне үңілетін бір әсер пайда болады» [61, 162 б.]. – деп түйіндейді

Осы талап тұрғысынан келгенде Монғолиядағы қазақ әдебиетінің өкілдері үнемі өсу, шеберлікті шындау жолында тер төккендері байқалады. Аймақтағы қазақ поэзиясының тақырып ауқым аясы кең.

Тіпті өлең - муза жайында қаншама шығармалар жазып, өлеңді үлкен өнер ретінде қараған. Ақын болуды мақсат еткен. Зухай ақын:

Өлең деген өнеріңе,

Бала күннен ғашықпын [11, 92 б.].

деуі осы ойымызды дәлелдей түседі.

Ақын өлең - өнерге деген көзқарасын, жан сырын осылай жеткізсе, енді бірде:

О, інкәрім аңсаған жыр - өлеңім,

Өлеңге алман өзгенің мың өнерін [11, 92 б.].

деп ақындыққа құштарлық сезіммен қарайды. «Ұста өлсе артында заты қалар, ғалым өлсе артында хаты қалар» дегендей өлең - хатты бәрінен жоғары қояды.

Ақын Кәп Құмарұлы «Келемін» өлеңінде:

Қиялдар заулап,

Тербейді өлең.

Арманды шыңға,

Қондырып келем.

Мұхиттай терең,

Ғасырдың сырын,

Арқалай берем [53, 80 б.] - деп өзінің азаматтық мақсатын, ақындық мұратын ағынан ақтарыла жырлайды.

Академик З. Ахметов: «Поэзия – сөз өнері, көркемдік шеберліктің теңдесі жоқ озық үлгісі. Оның үстіне поэзияның аса маңызды әлеуметтік, қоғамдық құбылыстарды бейнелеп көрсете алатын зор мүмкіншілігі бар. Ол айналамыздағы дүниені, өмірді танып - білудің, күшті құралы, біздің қоғамдық ой - санамыздың, көркемдік эстетикалық сезіміміздің үлкен, өнімді саласы» деп жазды [63, 7 б.]. Бұған қарағанда поэзияны қоғамдық ой - санадан бөліп қарауға болмайды екен.

Әдебиет әлеміне келген әрбір ақынның алдында – ақын болу, ақын болып азаматтық парызды өтеу мұраты бар еді. Ел, қоғам алдында қызмет көрсетіп, жұртшылыққа бар болмысымен танылу мақсаты тұрды. Ақын Кәкей:

...Сан жүректер сырына,

Жақын болғым келеді.

Қанат беріп жырыма,

Ақын болғым келеді [146, 14 б.].

«Ақын болғым келеді»

деп әу бастан - ақ «қанат беріп жырына, жүректердің сырына» жақындауды мақсат етеді. Өзі айтқандай ол өз жырларында жан сыры, ішкі сезімдерін оқырмандарына барынша жеткізуді мақсат тұтты. Әрі айтарын айтып та кетті.

Ақын Зүлкәпіл Мәулітұлы:

Көкірегімде күн дидарлы сәуле бар,

Тек көлеңке түсірме!. [36, 52 б.].

«Жыр жазамын бар дүние жайында»

– дейді. Ақындық сезім сырын «көкіректе күн дидарлы сәулеге» балаған ақын. Зүлкәпіл ақындық болмысты таза пәк күйінде сезіне отырып, осы жолдағы міндетін кіршіксіз, адал атқару арқылы халқына қызмет етуді арман етеді.

«Поэзия материалы – сөз емес, өмірдің өзі» ,
«Материал поэзии – не слова, а сама жизнь» [64, 174 б.].

Өмірдің өзінен алынған ақындық таным, ақындық ой - түйін, дүние болмысының сыры әдемі өлеңге, өлеңнен соң өнерге, өмірге айналып құлпырып шыға келеді де әр жүректер жырына айналған сазды әуен болып қалады. Өмірдің өнерге айналған,

өлеңге айналған бір шырайы болып қалады.

Ақындар табиғатты, туған жер, атамекенді шынайы сезіммен жырлайды. Ақын болып өздерінің сыр - сезімдерін өлең өрнегімен жеткізуді мақсат етеді. Дүние – әлемге деген өз қатынастарын олардың шығармашылық әлемінен сыр тарта отырып пайымдауымызға болады.

Ғалым Т. Тебегенов сөз өнері жайлы: «Әр халықтың да уақыт заман ағымындағы тарихи көшінде жылдар жылжып, ғасырлар ауысса да уақыт сынына бой алдырмайтын, тот баспайтын мәңгілік рухани құндылықтары болады. Мұндай құндылықтар, әрине, алдыңғы кезекте ұлттың өнеріне қатысты. Өнер оның ішінде сөз өнері – мәңгілік құндылық» [146, 82 б.]. деп ой білдіреді. Олай болса осы ұлттық қазынамыздың сөз өнерінің сырын игеруге, оның құдіретін тануға талпыныс танытқан ақындар өлең - өнері жайлы әрқилы сыр шертеді.

Алпыс - жетпісінші жылдары әдебиетке келген бір шоғыр жастар ақындықтың қиындығын біле тұра соған үлкен сенім - сертпен келгендігі байқалады. Соның бірі Зейнешқызы Гүлдәри «Жүрегімнің пернесі» өлеңінде:

Таңмен бірге өлең тербеп оянам,
Күннің нұрлы шұғыласына боянам.

Келгенім жоқ өмірден бос өтуге,

Жыр бұлағын неге ағызбай қоя алам? [66, 19 б.].

деп таңмен таласа оянып, жыр жалауын биік көтеруді мақсат етеді. Өлеңді өмір, өмірді өлең деп қабылдасақ осы әлем арқылы ақын өзі көрген, көкірегіне түйген тіршіліктің тынысын жырлау, сол арқылы пенде пешенесіне жазылған қысқа ғұмырын мәнді мәмлеге айналдыру үдесінен шығатын тәрізді. Нәзік жанды ақындар болмысы бар игілік пен жақсылық атаулыны алғы күннің еншісінен күтіп, періште пейіл, ізгі ниетті болашаққа бағыштамаушы ма еді?! Өзінің тағдыр талайына жазылған қысқа ғана ғұмырын өмір - өлеңге айналдырып, сол мұратының жолында пенде - фәни-тірлікті мәңгілікке, ұмытылмас ұлы рухқа ұластыра білген, Гүлдәри ақын бар үмітін үкілеп, сенімінің тінін сетінетпей, өлең өлкесінде өзінің өшпес ізін қалдырды. Расында да өлең өлімді жеңіп тұрғандай. «Абай ұғымында, поэзия - поэзияның ғана құралы емес, өмірдің де,

шындықтың да құралы» [65, 192 б.] – деп жазушы С. Мұқанов айтқандай, ақындар үшін поэзия - расында да өлмес, өшпес өмірдің белгісі болмақ.

Гүлдәри ақын «Күміс күн» өлеңінде өнер жолының оңай емес екенін айта келіп, бір сәт күміс күнге тіл қатып, сыр ашады.

Арман алыс жол қилы,
Жыр нөсерін төгейін.

О, Күміс күн , төбемде!
Сен мәңгілік күлімде! [66, 32 б.].

Қилы жолдағы алыс - алыс арманына жетпесін сезген аса сезімтал ақындық болмыс «О, Күміс күн төбемде, Сен мәңгілік күлімде» дей отырып жырларының жақұт тамған тамаша тіңін тұрғызып кетті. Дүниеден ерте өткен талантты ақындардың халықтың ыстық - ықыласына бөленіп жататын себебі, өлеңдерінің астарында ақынның айта алмай кеткен арман - аңсары мен іңкәр көңілінің лүпілі жатады.

«Поэзия күдіреті – адамның рухын биіктетіп, адамның жан - дүниесін күнделікті күйкі тірліктің шаң - тозаңынан аршып алуға көмектеседі» [68, 59 б.]. Адам жанын нұрландыра алатын, адам әлеміне шуақ пен жылылық бере алатын қасиет – поэзия қуатына ғана тән, өлеңнің сазды әуеніне ғана тән. Асылы – «ақындық өнер Алладан беріледі» дегеннің ақиқаттығына жүгіндіретін сияқты.

Қуанған Жұмаханов өлең – музаға тіл қатып:

Кіндіктестім, сыңарым егізім бе ең,

Айта алмаған ақ жарма сезімім бе ең [32, 5 б.]

деп поэзияның қасиетті табалдырығынан осылай аттайды.

Көкірегі поэзиясыз адам аз. Өмірдің бүкіл құбылысы мен қимылына зер салып махаббатпен қарай алғандықтан да, ол – нағыз ақын. Нағыз өлең – адам денесі сияқты құрамды құбылыс. Оған ой да, сезім де, шеберлік те, бәрі де керек.

Мұқағали Мақатаев «Музаға» :

Отырғанын қарашы күйім келмей,

Қайда кеттің?

О, Муза! Құйын желдей.

Аузымды ашсам өкпемнен жел үреді,

Қаңыраған иесіз диірмендей.

Мұздатады жанымды бұйым көрмей [67, 6 б.].

«Поэзия – адам көкірегінің ең алыс түкпірлеріне дейін шымырлап - жаңғырып, шулап - буырқанып жететін ең сұлу жан сыры, тұтас бір халықтың басынан кешірген рухани өмірінің көркем тарихы. Адамның сол ішкі жан-дүниесінің шынайы адал сыры жайлы бүкпесіз ақтарыла сөйлегендіктен де, нағыз поэзияның ғұмыры шексіз» [71, 13 б.]. Ендеше, ақындық жолдың ауыр аманаты да бар. Ол ақынның халық қамын, мұң - мүддесін, тыныс - тіршілігін, арман - тілегін, басқаша айтқанда ғасыр жүгін, заман сырын, дәуір келбетін шынайы көрсету, сезім сырына бөленіп шыққан ақиқат сырын айнытпай айта білу болмақ.

Ақын Зұрғанбайұлы Рысбек «Ойхой, өлең!» деген өлеңі:

Ойхой, Өлең

Сен бір асқан құдірет,

Тегеуріңе шыдаса екен бұ жүрек!

Қиялдаймын...

Арманыма балаймын,

Қиял емес, Ақын ұлдың Жүгі деп! [60, 6 б.]

деген жолдар арқылы поэзия әлеміндегі мұрат - мақсатын айқындай түседі.

Өлеңдердегі әрбір ақынның алғашқы үндерінен, алғашқы кадамдарынан - ақ поэзия әлеміне келудегі мақсат - мұраттарын тани түсеміз, өнер сапарына поэзия әлеміне үлкен дайындықпен, азаматтық жауапкершілікпен келгендерін аңғарамыз.

Ақын – белгілі бір қоғамның өкілі деп қабылдасақ оның жырларынан уақыт шындығын, қоғам тынысын сезінеміз.

«Түрлі дәуірдің өзіндік ерекшеліктерін, сол тұстағы қоғамдық сананың негізгі белгілерін поэзиядан айрықша тани аламыз. Әр заман поэзиясының өзіне лайық күйі бар, өзіне лайық үні бар. Адам баласының бүкіл тарих бойына ілгері өсіп дамуы қаншалықты тынымсыз, толассыз жүріп жатқан процесс болса, көркем бейне жүйесімен ойлау, дүниені образбен танып баяндау, суреттеу өнері де тоқтаусыз дамып, жаңаланып, жақсарып келе жатқан құбылыс. Қоғамдық

сананың бір түрі ретінде көркем әдебиет қай ғасырда болса да, сол заманғы адамдардың бір-біріне деген қатынасын, ой-арманын, дүниетанымын байқатпақ. Соның ішінде поэзияның ғана құдіреті келетін, тек өлең ғана айта алатын тебіреніс бар. Ол – заман күйі, адам күйі, тіршілік еткен жанның мұңы мен зары, ішкі ой-сезімі, арманы, күйініші мен қуанышы» – дейді М. Базарбаев [68, 91 б.].

Демек дәуірге тән қоғамдық көңіл-күй ең алдымен поэзияда, әсіресе, лирикада бейнеленеді деген сөз. 1990 жылдардан бастап монгол қазақ әдебиеті жаңаша бағытта дами бастады. Тақырып ауқымы кеңейіп, идеялық тұрғыдан биіктеп, көркемдік қасиеті жоғарылап жаңа сапа, жаңа сипатқа ауысты. Ақындар өлеңдерінде жаңа заманмен бірге елдің оянуы, өмірге, еңбек пен шаруаға жаңа көзқарасы, уақыт – кезең көріністері, рухани сілкінісі баяндалады. Әрі осы кезеңнен бастап монғолиядағы қазақ ақындарының негізгі тақырыбы – бүгінгі күн тақырыбы болып келді. Болашақта да солай болмақ. Өз дәуірінің жыршысы болсам деген қаламгердің арман - мұраты мен еңбегі қайта құру кезеңінде бұрынғыдан да күшті қуатпен қанаттанып, оның көш басынан көрінуін, жаңартудың барша тағдырын баянды ету жауапкершілігі тұрғысынан бүгінгі күн тақырыбын сапалы да, салиқалы, кемелді де келісті түрде көтеруі орынды талап етілді. Әкімгерлік белең алған кездегі формализм, жалаң марапат, желөкпе ұраншылдықтың ескірген іс - тәсілдерін батыл аластап, өмірді нағыз шындығымен шебер бейнелеу көркем әдебиеттің бүкіл жанрларынан көрініс берді.

Осы тұрғыдан келгенде Имашхан ақынның төмендегі өлең жолдарында қаншама ой қатпары жатқанын аңдау қиын емес. Ол:

Қыңыр сап пішкен тонымның
Танасын кімнен табайын?
Ыңыршақ тескен жонымның,
Жарасын кімге жабайын? [69, 77 б.].

Талғампаз ақынның өмір шындығына зер сала қарап отырып өзінің шығармаларына өзек боларлық объектіні, олардағы оқиғаларды уақытпен бірге адымдатып, шебер соғылған сом тармақтармен өрнектеген қас шебердің өзі екендігін байқағандай боласың. Өлеңді ары қарай оқып көрейік:

...Байланып қалған тілімнің
Жаласын кімге тағайын

.....
Бұғаулап алған азаптың,
Шідерін қалай үзейін?
Тұманда қалған қазақтың
Жігерін қалай түзейін?
« Ит өмір » жыртқан жағамды,
Бүтіндей алмай келемін,
Жүйкемді құртқан наданды
Түтіп жей алмай келемін.
Тас қашау жонған тірлікті
Түгендей алмай келемін
Басасау болған бірлікті
Жүгендей алмай келемін [69, 76 б.]

дейді. Өлеңнің текстін әдейі толық келтіріп отырмыз. Оның себебін өздеріңіз көріп, біліп отырғаныңыздай, өлеңді бөлшектеуге келмейді.

Ондағы « Ит өмір » жыртқан жаға; / Тас қашау жонған тірлік; / Басасау болған бірлік т.с.с. жаңа эпитет, күрделенген метафоралар тіркесінен тұратын жолдардың бір - бірімен ішкі мағыналарының байланыстылығы күшті. Ол - элеумет жайын, қазақ халқының тағдырын суреттеудегі ақынның шеберлігін аңғартады. Өзіне қажетті әрбір суретті сөздерді, ойлы сөз тіркестерін бірнеше рет қайталау арқылы («бүтіндей алмай келемін», «түтіп жей алмай келемін», «түгендей алмай келемін», «жүгендей алмай келемін») айтар идеясына бағындырып қолдана білген.

Ақын өлеңінің мағынасына қайта оралып, назар салып көрейік

Ақындық «менің» тілі неге байланады? Бұғау – шідерді кім салған, оны қалай үзуге болады? Ақын ойы – тым терең. Тіліміздің байланғаны да, шідер—бұғаудың салынғаны да анық ақиқат еді. « Ит өмір » жыртқан жаға» деп ақын астарлап отырғаны не? Басқаға басы байлы болдық, ұлттық болмысымызды жоғалтуға аз-ақ қалдық. «Жүйкемді құртқан надандық» дейді, ол халықтық рухымыз қайда қалды? Ол – өзінің туған тілінен, дінінен, ұлтынан намыстанатын ұрпақ

жайы. Ащы да болса шындық. «Тас қашау жонған тірлік» Бұрынғы жоғалтқан ұлттық құндылықтарды меңзегені болар. «Басасау болған бірлік» – қазақ халқының өз жауы – алауыздық, бақталастық, елді берекесінен ыдыратқан талас - тартыс. Өлең ақындық кемелдіктің келіскен шағының жемісі десек артық айтқандық болмас?

«...Қоғамдық болмыс айнасы – қоғамдық сана екендігін, бұл екеуі диалектикалық бірлікте болатынын бірде - бір философиялық жүйе жоққа шығармайды. Өнер, әдебиет қоғамдық сананың бір түрі ретінде қоғамдық болмыс пен адам өмірінде жүріп жатқан реалды процестерді көрсетеді» [74, 36 б.]. Олай болса өлең өнерінде көрініс берген кезең шындығы ақындық таныммен суреттелгенін осы шумақтар дәлелдейді.

Саясаттың сан қилы сандырағы сарсытқан,
Еліктегіш сезімнің –Елпектігін мансұқта,
Патуасыз айғайдың аулын менен алыстат.
Толып бітті көмейім былапыт пен балшыққа.
Көз жасына кенде емес –менде мұңлық, жетімек.
Сағым сынған сан рет –сенім тіні сетінеп!

[60, 42 б.].

Келмеске кеткен кеңес қоғамының бет - бейнесін Зұрғанбайұлы Рысбек ақын да асқан шеберлікпен береді. «Саясаттың сан қилы сандырағы сарсытқан» жағдайда боданда болған халықтың жай - күйі, халі «еліктегіш, елпек» сезімге бой алдырмай қайтсін?! Ақынша айтқанда, «патуасыз айқай» – жалаң ұран, жалған насихаттың да уақыты өтті. «Көз жасына кенде емес –менде мұңлық, жетімек». Өтірік деп айта алмаймыз. Қазақ халқының басынан қилы - қилы, азапты, тозақты жылдар өтті. Енді ақын өлеңінің соңғы жолына келсек, айрықша назар аударатын мәселе тұр. Ғалым Т. Рахымжанов: «Жалпы өнер адамы – сол дәуірдің ірі тұлғасы. Ол замана рухы. Уақыт ырғағына қапысыз құлақ түріп, өмірдің тылсым сырына терең бойлап. өз шығармаларында қоғам шындығы мен қарапайым адамдардың мақсат - мүдде қайшылығын аша түскені ақиқат. Ал өнер адамы–туындылары толғаныс, тебіреністен, шалқымалы шабыттан туатыны белгілі» [138, 218 б.]. деп парасатты пайымдаса, бұл ойды ақын туындысына орайластыруға болатын сияқты.

Құрбандығы болдырмай –ғұмырымды көр -жөрдін,
Бағзы менен бүгіннің арасына көпір ет!

деп, халқының тілеуін тілеп, арман жолына жетуді Алладан жалбарына сұрайды.

Жаулап алып ырқымды алдамшы үміт, құр сағым,
Тұрақ таппай ой -сана, тұмшалады тұмса мұң.

Анда-санда құлаққа еміс-еміс жетеді,

Тыңдасам деп ежелден аңсап жүрген бір САРЫН!

Тағдыр талайына жазған тауқыметтерді тастай берік қайратпен жеңе білетін қазақ халқын « көк тәңірі желеп - жебеп» , ата - бабалар аруағы қолдап тұратынына сенеді. Рухы биік туған ұлтының үзілмес үмітін, болашаққа сенімін, асқан қайсар қайраттылығын, жігерлілігін өлеңіне өзек етеді.

Тұңғиыққа тартады ғасырлардың қойнауы,
Күн түбінен көз арбап батырлардың байрағы .
Көк тәңірі жебеген көк сүңгілі Күлтегін.
Көкірегімнің төрінде көк бөрідей ойнады

[76, 45 б.].

Өмірге құштарлық пен талпыныстың қуаттылығын Түркілік рухтың қайта оянуына балап суреттеген ақынның тапқырлығы таңдандырады. Олай деуімізге себеп, заман өзгерісінің бүгінгі, жаңа ғасыр басындағы жаңалыққа толы жаһандану дәуірінің жаңа көрінісін сыр мен сезімге орап, ой оралымдарын тым алыстан орағытып әкелген ақындық дара қолтаңба. « көк сүңгілі Күлтегін, Көкірегімде көк бөрідей ойнады» екінші сөзбен айтқанда Күлтегін рух бой көтерді, қайта рухтанып « түркілік көк бөрі» баба қайратына мінді, оянды. Қысқасы жаңа заман туды. Бұрынғы заман өзгерді.

Заман өзгерісі жайлы ғалым Ғ. Есім былай дейді: «Күллі мақұлықтың, заманның, адамзаттың өзгерісте болуының өз ішкі есебі бар, қысқаша айтқанда, өзгеріс деген тұрмыс, тіршілікке ынталану. Өмір сүруге талпыныс. Бұл қасиет табиғаттың өзінің бергені... Өзгерісті ешкім ақылмен жасамайды, ол болмай қоймайтын қажетгі іс» [73, 57 - 58 бб.].

Жоғарыда келтірілген екі өлеңдегі философиялық түйін - тұжырым орайлас. Бұларда халықтың өткені мен бүгінін салыстыра бейнелеу басым. Әсіресе Имашханда анық

аңғарылады. Енді қалай? Заман өзгерді. Енді басқаша яғни шындықты көркемдікпен көмкеріп айту керек.

«...Азаматтық лирикасы – әрбір ақынның адамдық және әлеуметтік бейнесі, оның барлық поэзиясының қан тамыры, тірлік беретін жүрегі; азаматтық лирикадағы айқын сезілетін ақындық тенденция, қоғамдақ көзқарас» [95, 57 б.].

Олай болса, монғолиядағы қазақ ақындарының адамдық, азаматтық болмысын аңғартатын, деңгейін дәлелдейтін дүниелер ретінде осы өлеңдердің көтерген жүгі үлкен.

«Әлеуметтік қоғам мен поэзия тығыз байланыста. Әлеуметтік ортаның, қоғамның, жалпы өмір процесі – поэзияның өлшеміне айналды. Ақын өз ортасын көріп өсу арқылы, өз ортасын бағалау арқылы ой түйеді. Поэзия тілі мазмұнмен үндесіп бірге өмір сүреді. Мазмұн болса өмір мен қоғамға келіп тіреледі. Өмір мен қоғам ақын сезіміне әсер берсе, керісінше ақын да өмір мен қоғамға ықпалын жасайды. Ықпал жасау дегенді жалаң үгіт - насихат деп қарамау керек, оның түп - тамырында бейнелілік жатыр. Тіл, ой, сезім сөз сиқырынан бейнелілік туады. Бейнелі сөз қашанда әсерлі, қуатты. Поэзия құдірегі де – бейнелілікте. Сол бейнелілік арқылы келешекте шығармашылық көркем өнер қызметі жер бетіндегі халықтың бәріне тән ортақ қазынаға айналады» [78, 16 б.].

Имашхан Байбатырұлының поэзиясында уақыт жүгі, заман талабы, халықтың мұң - мұқтажы көрініс береді. Оның әлеуметтік - саяси лирикаларымен қатар сол кезеңдік оқиғаларға үн қосып, көзқарасын білдіруі айқын, бедерлі.

Ақынның мына өлеңіне тоқталайық:

Көтерілсе көкжиектен қызыл күн,
 Балам күнге, мен балама қызықтым.
 Бір - бірінен айнымаған бұларды
 Өзі деймін өмірдегі қызықтың. [12, 16 б].

Ақын адам өміріндегі үш кезең: балалық, жастық, кәрілік шакты табиғат құбылыстарының үш мезгілі – «көтерілсе көкжиектен қызыл күн», « талтүс болып күн төбеде қараса», «күн еңкейсе шуақ кетіп өзектен» арқылы салыстырады. Ақындық осынау жолдарда терең сыр, оралымды ой, тегеуірінді түйін бар. Табиғат құбылысы мен адам өмірін психологиялық

параллелизм тәсілі арқылы, яғни, жұптастырып синтездейді.

Ақын өлеңінің мәні, айтқысы келген негізгі идеясы «өмірдің өткіншілігін», «күллі дүниенің өзгеріп, дамып» отыратындығын философиялық тұжырымдауы.

Әлімсақтан ән - жырдың арқауы болып келе жатқан жастық, кәрілік, өмір - өлім туралы дәстүрлі тақырыптар да монғолиялық қазақ ақындардың да көңіл күй әуендерінен лайықты орын иеленеді. Мұндай өлеңдердің психологиялық ой өрімі, философиялық түйіні – өмір туралы толғанысы, қуаныш - қайғысы, сүйініш - күйініші.

Абай Мауқараұлы «Асығу» атты өлеңінде өмір-болмыстың бар заңдылығын жарыстыра қатар қояды.

Жер асығып галактика шегіне,

Зымырайды Күн аруға жұтылып.

Асығады –сәби жарық көруге,

Анасының құрсағында бұлқынып. [76, 42 б.].

Ақын өлеңінің келесі бір шумағындағы ойға азық болған мына бір жайтқа көңіл аударсақ, өмір шындығын үлкен суреткерлік шеберлікпен бейнелегенін байқаймыз.

Шыққан күн де барып қапты белеске,

Қас - қағымда көкжиекке асылып.

Кіндігінен ажыраған нәресте,

Талпынады жігіттікке асығып.

Ертенгіге асықтырар бар үміт,

Өкіндіріп тосса да алдан кәрілік! [76, 43 б.].

Бұл өлеңде контраст арқылы ой өрбітеді. Жер асығады күн-аруға жұтылып, сәби жарық көруге асығады. Өзгермелі қозғалыстағы тіршілік тынысын философиялық астармен суреттейді. Өлеңде ақынның азаматтық өресі, философиялық ой өрісі көрініс береді.

Махаббат лирикасы – қашанда пәк жүректің сезімін сол махаббатқа деген адалдық пен айнымастықты, мұң мен сырды, ынтызарлық пен сағынышты, күту мен қоштасуды сол бір тұңғық тереңнен тартып жүректен - жүрекке жеткізетін поэзия.

«Махаббатсыз – дүние бос, хайуанға оны қосындар» – демей ме ұлы Абай?!

Әрбір түйсік - сезімі бар адам біреуді жақсы көру

немесе жек көруден тысқары тұра алмайды. Өмір де болсын, өнер де болсын сүйіспеншілік қастерлі сезім. Әсіресе адам жанын нұрландырар күшке ие. «Адам табиғатына тән жан құбылыстарының ең асылы - сүйіспеншілік, махаббат сезімі» [78, 145 б.].

Осы тұрғыдан келгенде аймақтағы қазақ әдебиетінің бір тақырыбы – сүйіспеншілік. Арыдан арна тартқан бұл тақырып өзінің дәстүрлі жалғасын тапты.

Ақын К. Жанжұңұлы махаббат тақырыбын жырлауда – адал жүрек, пәк сезімді өлең өрісіне айналдырды. Шынайы ақындықтың терең тебіреніске толы әсем лирикаларына: «Үркіт бағында», « Сен ар жақта қалқатай, мен бер жақта », « Депсің сені аңсадым », « Қызғаныш » т. б. өлеңдерін жатқызуға болады. « Жанарымды алмадым » атты өлеңінен үзінді алайық:

Жанарымды алмадым,
Жүрегімді жалғадым,
Ол – Баяннан аумады,
Мен – Қозыдан аумадым [27, 25 б.].

Кәкей ақын сырбаз сезімнен сыр шертіп, терең тебіреніске толы әсем, әдемі лирикалық өлеңін оқушысына ұсынады. Көңіл ауанын нәзіктік шеберлікпен үндестіре отырып « қиыннан қиыстыра » көрікті сөзбен көркем ойға жетелейді.

Сен жымисаң, көз алдымнан өтеді,
Көлбең қағып пері бақыт ертегі.
Жадыратып жіберуге әлемді,
Жалғыз рет езу тартсаң жетеді [146, 33 б.].

Ақын жан сырын бүкпесіз өлең өріміне айналдырған. Арман – қыздың « жалғыз рет езу тартуы бүкіл әлемді жадыратып жібереді » деуі іңкәрлік сыр. Мұнда ақын өмір шындығын романтикалық әсірелеумен ажарлап, асқақтата суреттеген. Сол арқылы ынтызар адамының сұлу сымбатын көтере көрсете отырып оқырманын да тарта түседі. Асқақ сезімнің алдында әркім де болса мойынсұнудан басқа лаж жоқ күйде болатындығы шындық.

Ақынның келесі бір өлеңі « Сен бір сәуле, ойнаған нұршыл өңің »

Сен бір сәуле, ойнаған нұршыл өңің,
Қас жанымда жарқылдап жүрші менің.

Қиыс кетсең түнек төс бір қара бұлт,
Жаба салардай болып түршігемін. [146, 33 б.].

Сүйіспеншілік – биік сезім. Нұр – дидардың жанында жарқылдауынан ешкім де сырт қала алмақ емес. « Махаббат деген қасиетті күш. Дүниеде махаббат болмаса, адам баласы қуаныш пен қайғының, бақыт пен бақытсыздықтың не екенін білмей өтер еді. Махаббат бір аққу құс емес пе, өзі де сәнді, әні де сәнді. Дүниеде аққудан әдемі құс бар ма? Сондай - ақ махаббаттан арт ық әдемі сезім бар ма?» [121, 392 б.].

Кәкей Жаңжұңұлының « Қара шашың –қара орман» өлеңі:

Қара шашың – қара орман.
Көз сүзем де кете барам адасып:
Бақытым боп жолыма кеп жаралған ,
Бәлкім, бәлкім сорыма кеп жаралған,-
Осынау бір қара орман! [146, 34 б.].

дегенде де ақынның екі ұдай сезімін аңғарар едік. « Қара шаш – қара орманда» не адасады, не жол табады. Адасса – соры, жол тапса—бақыты. Жаны қалаған жанмен жұптасып өтсе, оны тағдырдың сыйы деп білген жөн. Махаббатты қай ақын жырламады, жақсы жарды кім аңсамайды. Екі адамның жүрек қалауымен табысқан жарастықты неге үлгі етпеске?

Бұл Абайдан бастау алған дәстүр жалғастығы, екіншіден сүйіспеншілікті шынайы тебіреніспен жырлаған үкілі үміт көрінісі.

Бәмішұлы Бақытбек ақынның сылқым сезім сырын өзіндік өрнектерімен өрген өлендері де оқыған жанды бей -жай қалдырмайды:

Сен – жібек,
Сенің қасың,
Шашың – жібек.
Шашыңнан шашу шуақ шашылды кеп,
Шымырлап шартарабым шамырқанып,
Шарқ ұрад шау жүрегім жасын тілеп,
Асылшы кеп. [132, 81 б.]

Пенде болмысынан тыс ерік пен сананы билеп жүре беретін махаббат атты тылсым сезімнің қуаты асқақ. Әркім үшін де сүйген жанның бейнесіне, ынтық жардың жаратылысына

жетер сұлу, сымбатты ешкім болмақ емес. Оған иланбасқа амал жоқ. Ақын қолданысындағы жаңа эпитеттер ұлттық сипат сырының қайталанбас үлгісі.

Тоханов Бодаухан ақынның «Сағынам, өзің жайлы ойға оралам» өлеңі өзінше өрнекпен өрілген. Ақынның ұшқыр қиялына бағынған жаратылыс жаңаша түр тапқаны тандандырады:

Сағынам, өзің жайлы ойға оралам,
 Сен – айсың он бесінде қорғалаған.
 Үркер боп үдеремін көк төсінде,
 Тоғысар күнді күтіп болғам алаң.

Болысар жайдары жаз, болысар күз,
 Орақ Ай орталамай толысар жүз.
 Шілденің он бесінде сен екеуіміз,
 Үркер мен Айдай тоғысармыз. [17, 33 б.].

«Сен – айсың он бесінде қорғалаған, Үркер боп үдеремін көк төсінде» деп сүйгенін айға, ал өзін Үркер жұлдызға балайды. Махаббат атты сұлу сезімнің сырларын « Шілденің он бесінде сен екеуіміз, Үркер мен Айдай тоғысармыз» деген оймен түйіндейді.

Сөз ретіне қарай айта кетер мәселе, ақынның жеке дара қолтаңбасын айшықтап көрсеткен өлеңіндегі Үркер мен Айдың тоғысуы.

...Үркерді білмейтін қазақ болмас, ол – Торпақ шокжұлдызының құрамындағы, жыпырлап, біріне - бірі өте жақын орналасқан, бір топ жұлдыз. Қазақ есепшілері Үркердің тууы мен батуын ұдайы қадағалап, бақылап отырған, шаруашылық маусымдары соған сәйкестендірілген. Үркер бойынша тоғыс есебі жүргізілген. [139, 206 б.].

Тоғыс есебі – уақыт есебінің Үркер шокжұлдызы бойынша жүргізілетін жүйесі, яғни Үркерге негізделген календарь. Ай орағының немесе Ай табағының Үркерді « басып өтуі» тоғыс, тоғысуы немесе тоғаю деп аталады. Тоғыс кезінде аспан әлемінің аядай учаскесіне шоғырланып жиналған Үркердің айқын 6 жұлдызы Айдың арғы жағында, тасада қалады да, жердегі бақылаушыға көрінбейді. Ай ақырын жылжып өтіп кеткенде тоғыс аяқталып, Үркер көрінеді. Ай мен Үркер үнемі

тоғыса бермейді. Тетелес келетін екі тоғыстың аралығында өтетін уақытты қазақ халқы тоғыс айы деп атаған» [139, 226 б.]. – деген.

Олай болса ақынның өлеңіне арқау болған Үркер мен Айдың тоғысуы аса тапқырлықпен суреттелген танымдық мәнімен, көркемдік күші сезімге эстетикалық әсер беретін саздылығымен, өзіндік тіл ойнақылығымен оқушы қиялын билеп алады.

Ал Имашхан ақын «Сағындың ба?» өлеңінде өзі сүйген адамына жүрек лүпілін былай жеткізеді:

Көңілімнің көктемі едің,
Көктемі едің жанымның да.
Қимасым боп көптен менің.
Көптен мені сағындың ба? [142, 22 б.].

Лирикалық кейіпкер «Көңілімнің көктеміне» айналған жанға ынтық. Күдіктен гөрі үміті басым өлеңде «Сағындың ба» деген сөзді бірнеше рет қайталау арқылы риясыз сезімі, сартап сағынышын еселей түседі. Кейін бұл өлең жастар жиі айтатын әнге айналып кетті.

Ақын екінші бір өлеңінде:

Өзіңсің бірге жүрсем жан самалым,
Өзіңсің алыс кетсем аңсағаным.
Өзіңсің бақытым да, өмірім де,
Өзінді аңсай - аңсай ән саламын [142, 23 б.].

деп іңкәр жүрек толқынын риясыз жеткізеді. Алыс кетсе де, жақын жүрсе де ой - қиялы бір ғана ұнатқан адамын табады.

Ақынның «Махаббатқа бас идім», «Ізде мені», «Қайдасың кара көзім», «Қалқам - ау, қандай адам аңсағаным», «Ерке қалқам», «Көзің сенің көңілдің түндігі еді» т. б. өлеңдері жастық сырын, махаббат сезімін, шынайы достықты толғайтын туындылар.

Осы сияқты көңіл күй тылсым сезім иірімдерін шынайылықпен жырлайтын шығармалар басқа ақындардан да молынан табылады.

Зұрғанбайұлы Рысбек:

Махаббат па!
Махаббатты пір тұттым.
Сыр ауладым әр талынан кірпіктің [60, 5 б.].

«Тамсауменен тіршіліктің көкпегін»
деп осы бір әдемі сезімді қарапайым да сазды, өлеңнің өзіне тән жарасымды өрнегімен беру арқылы оқушысын баурап алады.

Ал ақын Солдатхан Орайханұлы өлеңі парасатты пайымдауымен, оқушысына ой салатын салмақты сырымен оқырманының қиялын қанаттандырып, жанын жадырата түседі.

Көктем келіп талдар бүрін жарғанда,
Сен екеуіміз батып талай арманға.
Болашағын жалғауға ұзақ осы үйдің,
Салдық екшеп,
Парасатқа, талғамға [79, 52 б.].

«Сырласу»

Лирикалық кейіпкерлер бір - бірін ұнатқан екі жастың өмір айдынындағы алғашқы армандары, болашақтан күткен бақыт пен жақсылықтары, үлкен үмітке толы ізгі тілектері мен қатар жауапкершілікті сезіне отырып алдағы өмір жайлы сырласқаны, бір - біріне деген айнымас адал сезімдерінің айғағындай.

Ақын Қуанған Жұмаханұлының « Бір әнім бар айта алмаған », « Көктем еді - ау » , « Мен сені ойладым » қатарлы туындыларының арқауы – сүйіспеншілік. Лирикалық кейіпкер өзінің ынтық болған адамына бірде айта алмай жүрген арманын білдірсе, бірде сартап болған сағынышын жеткізеді.

Барып сенің жүрегінді қағатын.
Мәңгілікке қимасың боп қалатын.
Сол бір әнім айта алмаған шырқатып,
Саған деген махаббатым болатын... [32, 56 б.].

« Бір әнім бар айта алмаған »

Ал ақынның « Көктем еді - ау » өлеңі;

Ақша шатыр қанатын жайған аппақ,
Аққудайын айдынға қонған аппақ.
Дидарыңды аймалап жүрегіммен,
Жанарыңда жанарым тайғанақтап [32, 57 б.].

Қуанғанның махаббат лирикасында сөз суретінің терең иірімдері тартып әкетеді.

Жазушы І. Есенберлиннің: « ...Шын жақсы көру – ғашықтық адамның түрінен, мінез - құлқынан, ақыл - ойы, сана - сезімінен, кісіні кісі етіп тұрған бүкіл қасиетінен, жан - тән

гармониясынан туады. Шын сүю – адамды түгелдей сүю» [121, 392 б.], – деген пікірінің шындығын ақынның махаббат туралы туындылары толықтыра түсетін тәрізді.

« Мен сені ойладым» деп аталатын өлеңі:

Мен сені ойладым,
Көктеменің көгілдір кештерінде.
Бозша бұлттар бошалап көшкенінде.
Қыз - жігіттер қыр кезіп кеткенінде,
Тырау - тырау тырналар керуені,
Желі тартып көгімнен өткенінде.
Мен сені ойладым,
ғашықтардың тойында болғанымда,
Қоңырлатып « Гаккуды» салғанымда.
Билегенде жұрт жалғыз қалғанымда.
Айтшы аяулым, жасырмай жан сырынды,
Ал сен ше, Мені бір сәт ойладың ба? [32, 66 б.].

Ақынның өлеңі «талайлардың жүрегін лүпілдеткен» махаббаттың беймағлұм болмысын шынайы бейнелеуімен қымбат.

Махаббаттың жолы мың бұралаң екені әйгілі. Шынайы сүйіспеншілік сезімді бастан кешкен лирикалық кейіпкердің көңілінің күйі, шын тебірене, толғана білген жүрегінің лүпілі берілген. Өлеңде адамның нәзік сезімінің қылын шертіп, ішкі жан дүниесін байқатады.

Ақын Мәулітұлы Зүлкәпілдің өлеңі өзіндік саздылығымен, суреттілігімен, өзіндік тіл ойнақылығымен оқушысын баурап алады.

Таңдай қақсын жұлдыз бенен ай қарап,
Мен тұрайын самал болып аймалап.
Қос жүректің дүрсіліне шыдамай,
Қуаныштан жас құласын тайғанап [36, 63 б.].

“Үй сыртына келіп тұрмын тағы да”

Зүлкәпіл ақынның осы өлеңінде шығыс поэзиясының сарыны бар. « Шығыс лирикасы өзінің саздылығымен, еркін толғамымен адам жанына терең бойлайды» [84, 96 б.]. – дейді ғалым Б. Майтанов. Ғашық жандар үшін бар айнала құлпырып тұрғандай күйде. Тіпті, табиғат та. « Таңдай қақсын жұлдыз бенен ай қарап », « Мен тұрайын самал болып аймалап» деп

лирикалық қаһарманның сезімімен қоса сырласатын да тәрізді. Нағыз ғашықтардың қуанышын, шаттығын, мұңы мен жырын табиғат та бірге жырлап, бірге әндетіп, бірге бөлісетін сияқты. Өйткені адам сырына куә, жырына куә болатын да сол табиғат – Ана. Ал Адам сол табиғат жаратылысының перзенті. Ақынның өлеңінің « Қос жүректің дүрсіліне шыдамай, Қуаныштан жас құласын тайғанап» дегенінде өзіндік сыр - түйін бар, ақындық бояу бар. Лирикалық қаһарман – махаббатымыз мәңгі – мәнді болсын, « табиғаттың таң калуы» бәлкім, қос жүректің бір - біріне деген сенімі мықты болсын дейтін сияқты. Осындай ізгі ниетін сәулелі сезімге бөлеп, терең оймен тебіренге жырлайды.

Зүлкәпіл ақынның « Ақ жастыққа қолаң шашың төгіліп» атты өлеңінде:

Ақ жастыққа қолаң шашың төгіліп,
Жатырсың - ау шырым алып, көз іліп.

Ойда жоқта қалғандаймын, қалқатай,
Ертегінің аруына кезігіп.

Жалпақ әлем ұжымақ боп сезіліп [36, 59 б.].

Мұнда ақын жыры өзіндік өрнегімен, өзіндік әуезділігімен ерекшеленеді.

Адамның махаббаты – адамның құдіреті. Кейде адамдар айналасындағы сұлулық әлемін сүйгенінің көзімен көретінге ұқсайды. Сол бір асыл адамның от күлкісі, нәзік үні, нұрлы көзі – бәрі де бір - бір қасиет боп өзіне баурайтындай. Сүйген жүрек үшін өзінің аңсар адамынан өткен сұлу – сымбатты ешкім жоқтай сезілетіні рас. Сүйген жар бейнесі – оның күлкісі де, бет - әлпеті, болмыс - бітімі де бір міні жоқ « періштедей» көрінеді. Лирикалық кейіпкердің ынтық көңілі өленде сезіммен суретке сіңіріле сәтті берілген.

Зүлкәпіл ақынның өлеңін тағы да оқиық:

Рубенс жазып кеткен мадонна,
Өзің бе едің, таңданамын, ой алла!
Жібексің бе, Құртқасың ба, беу шіркін,
Дидарыңа қараудан бір тоям ба,

Күзетейін ұйқыңды мен оянба! [36, 59б.].

Ақын сүйдім, күйдім деуден аулақ. Өзінің ұнатқан адамына жан сырын басқаша жеткізуге ұмтылады. Көп ақындар жырлаған шынайы сезімді салыстырмалы түрде айтуды лайық

көрген. Ардақ тұтқан адамына сезімін шынайы қалпында толғайды.

Лиясұлы Кеңес « Сырымбет» өлеңіндегі ой сүйіспеншіліктен гөрі эн-өлең жайындағы толғанысын танытқандай. Ақын арман - аңсардың тереңіне бойлайды.

Бір ыза бар көкіректі кернеген,
Ой, сұм тағдыр еркіндікті бермеген.
Екі ғашық өтті бәлкім арманда,
Бірақ, мынау – махаббаты өлмеген. [81, 55 б.].

«Махаббат – машахат» дейді. Барлық кезде махаббат жыры сәтті бола бермейді. Ұлы сезімнің құдіреттілігінің өзі сонда бірде тәтті мұң, бірде сағыныш, бірде алаулаған өрт сезім, тіпті кейде қайғы - қасірет әкелетін кездері де аз болмайды.

Адамзат тарихында тек осы бір сезімнің құрбаны боп, өмір атты дарияда бақытсыздықтың қамытын киіп, бұл жалғаннан баз кешіп, бақиға аттанып кете беретін мұңлықтар да мол кездеспеуші ме еді. Тек пәк сезімді аялап арман атты айдында бақыт кешу ғашықтарға қиял боп қалған кездер де жоқ емес - ау. Осындай бір сәттерде отты, ойлы жырлардың қазіргі жастарға берер мән - маңызы, тәлім - тәрбиесі көп болары шындық. Кеңес ақынның « Сырымбет» өлеңінің оқырманға берер сыры осы түйінге тірелетін тәрізді.

Ұлы Абай «Ғашықтық тілі тілсіз тіл, Көзбен көр де ішпен біл» демей ме?!

«Өзіңмен бірге қартайып барып сөнген махаббаттан, әрине, өмір бойы қиял сезімінде от боп жанып мәңгі сөнбейтін махаббат артық. Мейлі ол жаныңды күйдірсін, жандырсын, бірақ ондай арманың мәңгі өзіңмен бірге ғой! Қолың жетпей қалса да өзіңмен бірге. Мұндай арманды болуыңның өзі не тұрады! Ондай арманы бар адам – бақытты адам. Өйткені ол сүйе білген, сол үшін күйе де білген жан...» [120, 3926.].

Мәгежұлы Серік ақынның өлеңі өзіндік жұмсақ сезімімен, мағыналы да, ойнақы тілімен, өзгеден өзгешелеу өрнекпен өрілген.

Елік-қыз-ай, жанымды нұрға малған,
Нұрға малған, жарқырап тұрған алдан.
Сен маған қарыздарсың, сен ғой менің,
Мөп-мөлдір он жетімді ұрлап алған.

Махаббат болса—шынайы болсын. Шын сүйіспеншілік қана адам жанын «нұрға малып» нұрландырады. «Нұрлы махаббат» деп Серік ақын қолданғандай бар айналаңды жадыратып, өміріңе гүл рең, қуаныш сыйлайтын, шаттыққа шомылдыратын құдірет күші – нағыз шын махаббатқа ғана тән. Өмірдің қиын сәттерін, қасірет – қайғысын жеңе білетін, жанға жігер - қуат беретін де осы махаббат. Өмірге құштарлық пен ынтығушылық та осы саналы сүйіспеншіліктен туындары хақ, сөйтіп, бұл жалғанның мағыналы мәніне айналатын пенде тағдырының сыйы да – осы махаббат жыры, махаббат сыры, махаббат әні, махаббат әуені!

Елік қыз-ай, еліткен есімді алған,
Ерегесіп миыма көшіп алған.

Еліткен сезімге елтімейтін пенде бола ма? «Махаббатпен жаратқан адамзатты» деп ұлы Абай айтқандай, осы махаббат – нұр адам жаратылысының мағыналы, бедерлі беттері болмай ма? Саналы жан махаббат әнін сүйсіне тыңдайды, махаббат сырын мөлдіретіп шерте біледі, махаббат үніне қызыға құлақ түреді.

Бұл фәни дүниенің мәнді, сәнді бір сыры. Махаббат жайлы қанша айлар, қаншама жылдар тіпті, неше ғасыр жырланса да аз болмас. Өйткені ол пенде ғұмырының мәңгілігімен бірге жасайтын және жасай беретін мағыналы тақырып. Ақын:

Бәлкім, алда арманның алтын әні,
Бәлкім, алда сәтті күн жатыр әлі.
деп, толғана отырып, кенеттен ой шегініс жасайды.
Ол енді:
Елік қыз-ай, сарғайып бара жатыр,
Жан бағымның жап-жасыл жапырағы,
жап-жасыл жапырағы... [82,10 б.].

«Елік-қыз»

дейді. Алау атқан махаббат сезімді, кимас жастық шақты «Жан бағымның жап - жасыл жапырағы» деп сағынышқа бөлейді. Шынайы көңіл назын табиғи жылы сезіммен бейнелейді.

Қаламгер І. Есенберлин: «Махаббат мәңгілік тақырып. Адамзат баласы осы бір асыл да ардақты сезімді сан ғасырлар бойы жырлап келе жатыр. Бірақ қанша жырланса да махаббат

әні толастамақ емес. Әр адамның жүрегі өзінше соғады, өзінше сүйеді. Бірін - бірі қайталамайтын ғашық жүректер үнін тыңдаудан адамдар да жалыққан емес. Махаббат мәңгілік әңгіме. Одан қызықты да тартымды әңгіме және жоқ. Ол адамның жанын нұрландырып, шаттандырады» [121, 392 б.] деп айтқан уәжіне қосыла тоқталуды дұрыс санадық. Өйткені, махаббат жыры қай ақынның да сырлы сырына, жырына арқау бола беретін, өлеңіне өлмес өрнек бітіретін мәңгілік жыр - дастан екендігінде дау жоқ.

Ғалым С. Мақыров: « Ұлы Далада күрескер ғұмыр кешіп қуанышын да, қайғы мұңын да алдымен өлеңмен өрнектеген, яғни басындағы бар қасіретін де, кейінгі біздер бас иетін нар қасиетін де поэзия тілімен жеткізіп келген қазақ халқы үшін сөз өнері – ең басты құндылық болып саналуы әбден заңдылық» [60, 180 б.] деп ұлттық өнеріміз жайлы парасатты пайым жасайды. Ендеше, ғалым ойын ары қарай сабақтай түсетін, ақындар өлеңінің өріміне айналған өрнектер сыры АТАМЕКЕН туралы толғаныстарға тоқталайық.

XIX ғасырдың соңы қазақ тарихындағы аласапыран оқиғаларға толы жылдар болғандығы баршаға мәлім. Монғол жеріне қазақтар алғаш қоныстана бастаған тарих та осы тұстан басталады.

Ұлы Отаннан тағдыр талқысымен іргесі алшақтаған қазақ халқының бір бөлігі Алтай тауының теріскей бетіне қоныс аударған кезден бастап - ақ, өздерінің әдеби - мәдени мұрасын жасады. Өткен өмірлерінен өлең шежіре жасап ұрпаққа қалдырды. Алғашқы ақындардан басталған артта қалған Атамекенді аңсау сарыны сағынышқа айналған сырлы саз күйіндегі өлең боп өрілді. Баян - Өлгий қазақтары поэзиясының басталу тарихындағы тұңғыш ақын Тауданбек Қабаұлының:

Болғанда таудан найман, тастан найман,
Мен Тауданбек болғалы бір талайдан.
Атамекен артта қап, арман жұтып,
Жылқышыға сіңгенім осы жайдан. [4, 66.]

деп, өлеңіне өрген асыл арманы 150 жылдан кейін орындалды.

Ол Қазақ елі Азат ел атанған бүгінгі таңда алыс - жақыннан қандас бауырлар Ұлы Отанға оралу бақытымен орайласты. Баға жетпес бақыттың қуанышы өлең боп өріліп,

елім деп соққан жүректерге Есіл Ерлер рухындағы үкілі үміт, шемен боп қатқан шер, сағынышқа айналған сарын сыр боп ашылды. Ақын Кәп Құмарұлы «Сарын» атты өлеңінде:

Мен – қазақпын ақиық шыңдарда өскен,
Нар жетелеп таудан һәм қырдан көшкен.

Алты малта ас болып ат үстінде

Дүниеде дүр – рухым думан кешкен. [150, 15.б.]

деп, Алты алашқа жар сала ағынан ақтарылуы бойдағы қазақ қанының қуатын, жүректегі қазақы жанның жалынын паш еткендігінің куәсі.

Жаңа ғасыр жасынымен шағылысып, Ұлы Дала төрінде Қазақ халқының қасиетті шаңырағы көтерілді. Көк байрағын желбіретіп Азат Ел атанған күн – Ата - баба арманы орындалған күн болды. Ұлы Отаннан жырақ жүріп, шалғайда өскен қазақтан Азат - Ел атанған қуанышқа қуанбаған жан бар ма. Тәуелсіздіктің қуанышын жүрегі жарыла бөлісіп, қарсы алған, Атажұрттағы ағайындармен бұл бақытты шынайы бөліскен жандар да әр тараптағы қазақ ұлтының перзенттері еді. Иә, бұл күн қазақ үшін «Ата - бабалар аруағы аунаған», «Ақ түйенің қарны жарылған» КҮН ЕДІ. Бұл күн қуанбаған, қуаныштан көзіне жас алмаған қаны қазақ, жүрегі мен жаны қазақ атаулы жоқ шығар.

Қанша алыстай бастаған сайын сонша алып та сұсты көрінетін асқар таулар сияқты Отан да өзінен жырақта жүрген перзенттеріне керемет қадірлі, аса құрметті болады.

Тұяғы тасты үгіткен,

Тағыны туды қанатты.

Тебіні ерен түріктен,

Тегімізді жаратты.

Өз - ұяның төрінде,

Төрелік еткен азатты,

Түркілердің еліне,

Қара шаңырақ қазақты. [132, 6 б.].

Қайталанбас қолтаңбасымен - ақ оқушысын баурай жөнелетін «Қазағымның даласы» атты бұл өлеңнің шумақтары әркімді де тебірентіп, толқытып алары даусыз.

Өлеңнің авторы – Бақытбек Бәмішұлы. «Тұмарлы таң» деп аталатын кітаптың алғысөзіндегі: «Бақытбек Бәмішұлы

– монғол қазақтарының ой - арманын, аманатын арқалап келген талантты ақындарымыздың бірі... Қазақстанның өзге ақындарынан оның ерекшелігі – жырлаған тақырыптарының көп шырланбаған сонылығында. Атап айтқанда, қиыр қонып, шет жайлап жүрген қазақтардың сағыныш сазын, өкініш, арманын шеберлікпен жырлайды. Оның жырлары жалған тебіреністен мүлдем аулақ, әрбір жыр, әрбір толғауы шынайылықтың көзге ұрып тұрған шырайындай», – деген сөздердің шындығына ақынның өлеңдерін ары қарай оқығанда - ақ көз жеткізгеніміз рас:

Өшпесе де көкейден табынғаны,
Тұста бітер тартылып тамыр қаны.
Қандай жақсы,
– Қайт дейтін, – жерің бары,
Елің бары, қарсы алар қабырғалы.
Шерімді, енді зарымды шегеремін,
Қажет десе өртенем, егер елім.
Бойда қалған бабамның рухымен,
Тағдырымды тасына шегеледім. [132, 3 б.].

Төрткүл дүниенің төрт бұрышында тіршілік етіп жатқан қандастарымыздың жан сыры да, шындығы да осы бір өлең боп өрілген өмір дастан сынды жыр жолдарымен өрнектелгендей. Бабажұрттың баяндылығы, еркін еліміздің егемендігі – елден алыста өмір сүріп жүрген әр қазақтың мақтанышы, көңілдерінің қуаныш - көзайымы. Қабырғалы қазақ елінің қадірін де, қасиетін де қастерлеп, туған ұлтын жанымен, жүрегімен сүйе білетін де осы шетелде өмір сүріп жатқан қазақ бауырлар! «Атам қазақ, әкем мен шешем қазақ, мен неге қазақтыңтан намыстанам», – деп ақын С. Торайғыров айтқандай, қазіргі таңда, қазақ ұлтының басындағы алуан түрлі қиындық, қасіреттерге (қазақ бола тұра туған ұлтының тілінде сөйлеуге, ұлттық салт - дәстүр, әдет ғұрыптар т. б, ұлттық құндылықтарымызға жанашырлықпен қараудың орнына намыстанушылық) қабырғасы қайыса жанашырлықпен қарап ұлт болашағына алаңдай білетін «қазақтың бір баласы» нағыз ұлтжанды ұрпақ та осы шет жұртта өсіп жатқан қазақ ағайындар!

«Бойда қалған бабамның рухымен, Тағдырымды

тасына шегеледім», дегеннен асқан қандай сөз, қандай сезім керек?... Естен кетпес өлең! Оқыған сәттен - ақ тіліңе қайта-қайта оралып, жүрегіңді қуаныш кернеп, жаныңды жадыратып ала жөнелетін бір ғажайып әсерге бөленесің! Бойдағы бабалар рухының күдіреті, қазақ қанының қасиеттілігі осы шығар.

Арнадым бұрын мен бар тілегімді,

Ар – бағым аяладым киелімді.

Не берем?

не қалайсың, Туған елім?

Ала ғой қажет десең жүрегімді!

Болса да жат жайлаған тыс аласы,

Байғұстың, сірә, жоқ қой еш аласы.

Ант ішкен бөтен ойсыз жүректердің,

Азаттық, ұлттық, бірлік нысанасы? [132, 15 б.].

Бақытбек ақынның өлеңдеріндегі сезім шынайылығына шұба келтіруге еш хақымыз жоқ. Оқыған соң, шын жүрекпен сезінген соң әрбір саналы азамат өзінің арының алдында, өзінің азаматтық болмысының алдында өзіне сұрақ қойып көрсін.

«Туған ұлтымды мен қалай сүйе аламын? Туған халқыма мен не бере аламын?»

Міне, жат елде өскен қандас ағайындардың Атажұрттың, туған топырақтың қадір - паркын қалай бағалайтындығын Бақытбек ақын «шындықтан шымырлап туған» шырайлы шумақтармен жеткізеді.

Біздің халқымызда «атасында көрмегенді ботасында көріпті» деп айтылған тамаша сөз бар. Сандаған жылдарды артқа тастап, ата - бабалар арманына айналған тәуелсіздік таңы арайлап атты. Осы күнге жеткен бүгінгі қазақ ұрпағы «бақытымызды баянды қылғай, ел - Отанда тыныштық, береке болсын» деген бір тілекпен тіршілік кешуде.

Олай болуы заңды да еді. «Қазақ әуелде Шыңғыс хан, оның ұрпақтарының алты ғасыр бойы жасаған шапқыншылығын бастан кешірді. Кейін Ресейдің үстемдігін, одан әрі қазан төңкерісі және қайсы біреулер үшін оның жемісі саналатын шаш ал десе бас алушылық саясаты, бірлестіктендіру, аштық азабы, тың игеру, атом қуатын сынау сияқты адам көрмеген талай апаттың әсерінен торғайдай тозып, бидайдай шашылды» [1, 19 б.]. Қаншама қиындық қасіретке толы кезеңдерді бастан

кешті.

‘Ақын Яки Ілиясұлы «Туған ел» өлеңінде қазақ халқының басынан өткен нәубеттердің қырсық - соры аз болмағанын суреттейді.

Арқалап жылдар бойы тозақ жүгін,
Кешпеді сұм заманда азапты кім.
Тағдыры талқысына салған мықтап,
Сан рет жаны жалын қазақты мың...

Қазақтың тарихи тағдыры тым қиын - қыстау кезеңдерде қалыптасқандығы көпке мәлім. Ақын осындай тарихи жағдайларды суреттей келе өлеңін:

Бақыты өмірінің қолға ұстатпай,
Босыпты туған жерден қоныс таппай. [28, 7 б.].

деп түйіндейді. Бұл – туған жерден қоныс таппай босқан елдің басындағы трагедия. Шетелге ауған қазақтар ұжымақ іздеп кетпеді. Бас сауғалауға мәжбүр болғанын қазір көптің бәрі біледі. Басқаша айтқанда бодандық бұғауы аз қазақты бөліп - бөліп тентіретіп жібергені тарихи шындық. Ғалым З.Қинаятұлының мәлімдеуінше, Қазақ ел болып қалыптасқаннан соңғы төрт ғасырға жуық уақытта өз ата жұртынан бес дүркін үдере көшуге мәжбүр болған. « Оның алғашқысы тарихта «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» деп аталатын Жоңғар қысқан 1720 – 50 жылдар аралығы. Екіншісі бір бүйірден орыс, екінші бүйірден Қокан қысқан ХІХ ғасырдың басы. Осы бір қысылтаяң заманда қазақтар өзінің бұрынғы атамекені тау тәңірі – Тянь - шаньның солтүстік өңіріне көптеп қоныс аударуға мәжбүр болды... Қазақ көшінің үшінші бір ағыны Ресейдің империялық саясатына қарсы қазақ, қырғыздың 1916 жылғы Ұлт азаттық қозғалысының тұсы. Сондай - ақ, 1917 жылғы қазан төңкерісі, 1929 - 30 жылдардағы аштық нәубеті, бірлестіктендіру әлегі, 1937 - 40 жылдардағы тап қырғыны...Осы қорлыққа шыдамаған халықтың бір бөлігі үйірінен адасқан құлындай күңірене шырқырап, көзінен қанды жасын ағызып артына қарай - қарай ата мекенінен жырақ кете тұруға мәжбүр болды...» [1, 12 б.].

Ақын Серік Мәгежұлы:

Мен қазақпын,
Туып-өстім шет елде.
Қарсы тұрдым талай қауіп-қатерге,

Ұрпақ үшін оққа ұштым, от кештім,

Бірақ жанды пида етпедім бекерге [129, 12 б.].

Серік ақынның « Мен қазақыпым» деп көп қазақтың шын жан сырын жеткізуінің мәні зор. Шет жұртта өсіп, ата жұрттан шалғай тіршілік кешіп жатқан қазақ қандастардың бар ынта, көңілі Ұлы Отанның баянды, бақуатты ел болуында. Азат та арқалы елдің болғаны, қабырғалы қалың жұрттың, қандас ағайыныңның болғанына не жетсін! Ақынның сыры шетте туып, шетте өскен, шетте өткен әр қазақтың шын сыры екендігі де айдай ақиқат.

Қазақта Отан біреу ғана, тіледік,

Сол Отанға ұрпақ аман жеткей деп, [129, 12 б.].

Сан қилы қасірет қайғы кешкен қазақ ұрпағы бүгінде ата - баба арманына, азат елдікке, бақытқа қол жеткізді.

Ақын Яки Илиясұлы « Аңсаймын» атты екінші өлеңінде атамекенге деген сағыныш сезімін шертеді. Атамекеннің кең құшағына деген құштарлығын бүкпесіз жеткізеді.

Аңсаймын қой тастардан қарғып аққан,

Өзенді екпінімен жар құлатқан.

Аңсаймын сол бір сәтті Атамекен,

Төсінде шаң боратқан арғымақтан.

Бойымда тулап тасып мың күш ағын,

Төсінді туған елім мен құшамын.

Бәрін де сағынамын, әсіресе,

Аңсаймын ата мекен кең құшағын [28, 99 б.].

Ақын Кеңес Илиясұлының « Алматы әуендері» өлеңінде ерікті ел атанған Қазақ елінің қуанышына ортақтасады. « Тайған бақтың» оралғанын жаһанға жария етеді.

Маған қайта оралғандай сезіндім,

Бабалардың маңдайынан тайған бақ.

деп көкірегін кернеген сезім толғанысын әдемі өлең өрнектерімен өре отырып:

Көшендегі мынау тұрған нар шынар,

Айта алмайтын талай сыры бар шығар.

Өткен күннің өкініші кей сәтте,

Жапырағыңнан жас боп жерге тамшылар—

деп ойланады, толғанады. Оқырманын ой орманына жетелейді:

Қарт Алатау, сәлем саған жарықтық,
Саған ғана жарасар - ау алыптық.
Жырақ жүрген қазақтың бір ұлымын,
Иығыңа көтер көкке алып шық [58, 37 б.]

Ақын жанына демеу, жырына желеу, қиялына қанат боп біткен ата - баба мекені Қарт Алатаудың киелі топырағы жырақ жүрген қандас бауырдың бір арманын «Иығыңа көтер көкке алып шық» деген, яғни, ата жұртта ғана биіктен көрінсем, туған ұлтыма қызмет көрсетсем деген ізгі жанды қазақ мұратын білдіретіндей. Ақын Кеңес Илиясұлының «Алматы әуендері», «Көк аспан төңкерілген көк тегене», «Даңқыңмен - ақ алыстан құмар қылған» сияқты өлеңдері Атамекен туралы өлеңдер. Тойлыбай Құрманмолдиннің мына өлеңі:

Жердің шарын селк еткізген ұраным,
Өкпе – қолқам, бойымдағы тұмарым.
Аман ба деп атамекен тұрағым,
Аспандағы жарық күннен сұрадым [56, 6 б.].

Ақын Атамекенді бойдағы тұмарға балайды. Бойтұмар – аса қасиетті, кастерлі зат екені түсінікті. Расында да, Тойлыбай ақынның «өкпе - қолқам, бойымдағы – тұмарым» деп отырғаны шет жұртта өмір сүріп жүрген әр қазақтың Қазақ елінің тіршілігімен тыныстап, туған елдің тілеуін тілеп отыратын ізгі ниетін шындыққа сіңіріп, сағынышты сезімге бөлеп бергеніне иланбасқа амал жоқ.

Ақынға Отанның қалай шабыт беретіндігі, сол Отанды ақынның қалай сүйюі керектігі терең тебіреністер арқылы көкейімізге қона кетеді.

Сүйінші! Сабаңа бір түс, қазағым,
Сүйінші! Қанат байлап ұш қазағым.
Атқа қон, мұхиттарға қайық сап жет,
Оралған бақытыңды құш қазағым! – [129, 4 б.].

деп жырлапты Арғынбай Жұмаханұлы. Жақсылық хабар жеткенде сүйіншілеген сезім.

Ертеректе бір атамыздан: «Бақыт деген не, байлық деген не?» деп сұраған екен. Сонда дана қария: «Бақыт қолға конған құс, байлық қолға ұстаған мұз. Құс ұшады, мұз ериді, дүниенің қызығы – Сіз бен Біз» деп жауап қайтарыпты. «Біздің халықтың әулеті асып, дәулеті тасыған дәурені де бар, басынан

бағы тайып, тар заманға тап болған қилы кезеңі де көп» [139, 409 б.]. Сондай замандарда жаңағы атамыз айтқандай, бақыт ұшып, байлық көшкенмен, сіз бен біз қалыппыз. Халық қалыпты. Мінеки, заманында бір ұлт боп ұйысудың өзі қанша қиын болғандығын, ел тағдырының, ұлт тағдырының басынан кешкен қасіреттердің ауыр салмағын осыдан – ақ аңғаруға болады. Содан кейін - ақ, дүниенің төрт бұрышында тіршілік кешкен қандастарды бір ғана ұлттың, қазақ атты қайсар ұлттың ұрпағын жаңа ХХІ ғасыр басында Ұлы қазақ топырағына қайтарып алуға мүмкіндік туғаны « Қазақ Елі шаңырағының» тым биік болатынын, Ұлы Ордаға айналатынын, халықтың нағыз «қой үстіне бозторғай жұмырқалаған» заманы туарын аңдатса керек.

Азат – азан айтқанда дала таңы,
Атажұрттың ашылып алақаны.
Ана Отанға оралды аңқылдаған,
Ақиықтың ақырғы балапаны.

...Уымды ұрттап, тасты екеш құшып өпті,
Қаққан қанат, аққан жас күші лепті.
Бурылтаудың бауырын елжіретіп,
Кішілігін арқалап Кісі кепті. [133, 13 б.].

« Бурыл таудың бауырын елжіретіп»

Ақынның бұл өлеңі – оқушысын толғандырып қана қоймай ойландыруға да жетелейтіні бар. «Азат - азан», «Ана Отан» «Ақиықтың ақырғы балапаны» деген ақындық қолданыстағы эпитеттердің сан қырлы сыры көп мәселенің мән - жайын баяндап тұрғандай. Сондай - ақ, «Кішілігін арқалап Кісі кепті» деп ақынның айтқысы келген ой - сезімі, арман - мұраты әрбір оқырманды өзінің терең де тұңғиық, беймағлұм болмысының бояуымен баурай түседі. Бақытбек ақынның өлеңінен басы артық бір сөз көріп отырғамыз жоқ. Бұл жағынан келгенде ақын өлеңге де, сөзге де аса сақ, кірпияз талғампаздықпен қарайтындығы таңдандырды.

Ал ақын Шынай Рахметұлы болса:

Бұл күнде шен мен шекпен кімге керек,
Рас, біз дауыл үзген ебелек.

Оралсақ жатсынбасын кейінгі жас,
« Қашқын ба, опасыз ба, кірме ме?» деп?»

[129, 9 б.]

деп толғанады. Ақын – алдағы күнді әрі армандап, әрі көңіліне кірген күдікті де жасырмай айтып отыр.

Ал ақын Кәкей Жаңжұнұлы « Мен – Қазақпын» өлеңінде:

Жаны – дана, жүрегі – жас баламын,
Мен сенің көңіліңе - ақ мас боламын.

Керек емес әулетің, дәулетіңмен,

Мен сенің көңіліңе - ақ, мас боламын, - деп, ағынан ақтарылады. Ұлы жұртқа оралып, қандастармен қауышқан қазақ ағайындар жылы жүрек, ашық қабак, таза пейілден басқа нені қажет етсін?! Шартарапта шашырап жүрген қазақ баласына Ұлы Отанға оралу бақыты бұйырғанына Аллаға мың тәуба келтіреді.

Ақын Бекен Қайратұлы болса:

Жан мұңымды айтайыншы деп келдім,

Қазақ күйін тартайыншы деп келдім.

Өлең шумағындағы « Қазақ күйін тартайыншы» деген сөздер нағыз шын сырын айтып тұр. Бұл да тәні сыртта жүрген қазақтың жаны –тарихи Отанында екенін жасырып - жаппай айтқан бір сөз!

Міне, жат елде өскен қандас ағайындардың Атажұрттың, туған топырақтың қадір - парқын қалай бағалайтындығын ақындарымыз « шындықтан шымырлап туған» шырайлы шумақтармен жеткізеді.

Әлемде бір ғана қазақ ұлты болғандықтан оның бір тілі мен әдебиеті ғана бар екені аян. Ал, Қазақстаннан тыс жерлердегі қазақ әдебиетінің үлгілері сол алып бәйтеректің бұтақтары, яғни тармақтары болып саналады. Себебі, олар қазақ халқының генетикалық - биологиялық, тарихи - мәдени, рухани дамысының заңды жалғасы екенін естен шығаруға болмайды. Қазақ халқының басқа елде күн кешіп жатқан әрбір бөлігі, әркілы заман кешіп келсе де, ұлттық қасиеттерін, тілін, дінін, салт - дәстүр, мәдениетін шама - шарқына сәйкес сақтап, әрі қарай жалғастырып, өз тараптарынан жаңа әдеби үлгілермен байытып келді. Монғолиядағы қазақтар жалпы қазақ

әдебиетінің нәрін өз бойына терең сіңірумен бірге, қазақтың ауыз және жазба әдебиетінің үлкен арнасына өздерінің лайықты үлесін қосты. Және өздерінің өмір тарихы, болмысы, саяси жағдайдың өзгеруі, арман - мақсаты, мұң - мүддесінің сырын шерткен туындылар жасап, халық кәдесіне жаратып келді.

Монғолия қазақтары арасында дара ауыз әдебиеті жоқ, тек қазақ әдебиетінің жергілікті ерекшелігін бейнелеген үлгі түрлері ғана бар.

Монғолия қазақтары Алтай тауының теріскей бетіне қоныстанған кезден бастап - ақ қазақ әдебиетін өзіндік үлгілермен байытты. Бұлар жалпы қазақ әдебиетінің терең тамырынан нәр алып, жалғасын тапты. Мұндай әдеби үлгілердің пайда болуына өз бастарынан өткен өмір жолдары мен арман - үміттерін бейнелеу қажеттігінен туындаған еді. Монғолиядағы қазақтар қазақ әдебиетіне өз үлесін қосып, ауыз толтырып айтарлықтай әдеби мұралар жасады.

Ақын М. Бұшатайұлы сөзімен айтсақ: « Алтайдың арғы бетіндегі қазақ ақындарының туындылары қазақ халқының рухани ұлттық қазынасын өзіндік өрнек - нақышымен сырлы сазымен байытқан өзгеше бір әлем» [151, 9 б.].

Ақындар – қоғамдағы сан қилы жаңалықтармен, әлеуметтік жайларды достық пен туыскандықты, бейбітшілікті, бейбіт еңбекті, махаббатты, туған жер – Атамекенді перзенттік сезіммен жырлады.

Баян - Өлгий жеке аймақ болып құрылуына байланысты газет журналдардың шыға бастауы осы заманғы жазба әдебиетінің қалыптасуына үлкен әсер етті. Газет - журналдарда алғашқы өлендерін жариялаған Ақтан, Құрманхан, Даниял сынды ақындардың шығармалары көбіне үгіттік - насихаттық тұрғыдан жазылған еді. Басқаша айтқанда, сол тұстың қоғамдық - әлеуметтік шындығын жырлады.

Монғолиядағы қазақ әдебиетінің жаңа сапалық сипатта дамуы 1960 жылдардан басталады. Бұл кезде әдебиетке бір шоғыр білімді жастар келді. Поэзияның ең басты тақырыбы компартия басшылығы, оның көсемі Ленинмен, Октябрь революциясы болды десек қателеспейміз. Бұл жөнде ғалым Қ. Қалиасқарұлы: « Әдебиетіміз 1940 жылдарда « жаңа мизамға белсене араласайық!» , 60 жылдарда « социализмді жеңдірейік»

деп ұрандаса, ал 70 жылдарда « коммунизмді барша халық бірге құрайық!» деген жалпылық коммунистік жалаң ұранның басымдығынан айырылмады» . – деп орынды айтады [3, 43 б.].

Бұдан ақындар осы аталған тақырыптарды ғана жырлады деген ұғым тұмауы керек. Сонымен бірге олар еңбекті, туған жер, өскен елді, ауылы мен табиғат көріністерін, өмірдің сан түрлі қам -харекетін өлең өзегіне айналдырды. Әрине, аймақ әдебиетіне де идеологияның ықпал - әсері болмай қалған жоқ. Соған қарамастан сыршыл өлеңдерімен көп көңілінен шыққан қаламгерлер қатары баршылық. Бұлар аймақтағы қазақ халқының өмір - тіршілігін суреттеп, әдебиеттің дамуына лайықты үлестерін қосты. Өзіндік өзгешелігі бар қазақ әдебиетінің бір бұтағына айналды.

Ал, 1990 жылдан өлкедегі қоғамдық, әдебиеттерде өз қарқынын бәсеңдетті. Көптеген ақын - жазушылар Қазақстанға қоныс аударып, творчестволық жағынан сапалық жаңа сатыға көтерілетін тамаша мүмкіндіктерге ие болды. Монғолиядағы қазақ қаламгерлері қазақ әдебиетінің өзіндік ерекшелігі бар үлгілерін жасауда аянбай талмай еңбек етіп келгенін естен шығаруға болмайды. Олардың арасынан белгілі ақын, жазушы, драматургтер өсіп жетіліп, халықтың рухани өмірінде маңызды міндет атқарып келді.

Ал, бұл өлке қазақ қаламгерлерінің шығармаларына таза әдеби - зерттеу тұрғысынан толық баға берілмей келді. Ақын - жазушылардың туындыларынан зерттеп талдаған еңбектер болғанымен бүгінгі күн талабы тұрғысынан шындықтың беті терең ашыла қойған жоқ. Бүгінгі күндері Монғолия қазақ қаламгерлері алдында жалпы қазақ әдебиетіне не қостық, қазақ әдебиетінің алтын сандығына салар қандай жыр, дастан, өлең, әңгімеміз бар? – деген сауал тұр.

Түйіндей келгенде, бұл аймақтағы қазақ әдебиетінің барлық жанрлары дамып, қалыптасқан іргелі әдебиеттің біріне айналған. Бұлардың таңдаулы туындыларын зерттеп кәдеге жарату әдебиеттану ғылымының басты міндеттерінің бірі болмақ.

2. АТАЖҰРТТЫ АҢСАҒАН АҚЫН ЖҮРЕК

Танымасаң танып ал, мен – қазақпын...

Монғолияда туып өсіп, әдебиет майданында қалам тартып келген қазақ қаламгерлерінің ішінен өзгеден оқшау, сара, дара тұрған Кәкей Жаңжұңұлының шығармашылық әлеміне жеке тоқталамыз. Оның бірнеше себебі бар. Біріншіден: Кәкей ақын халқының ар - намысын жырлап, тілі, ділі, діні үшін күресіп өтті. Туған ұлтының арман - тілегін дөп басып, мұң - мүддесін шынайы суреттеп, тыныс - тіршілігін өлеңдеріне арқау етті. Екіншіден: Ақын өзі өмір сүрген дәуірдің саяси, қоғамдық құбылыстарын ұлттық мүдде тұрғысынан суреттей білді.

Азаматтық арының алдында: « Жер мен тіл менің тағдырым, ар - намысым, бүкіл болмыс - бітімім, ол екеуі құрыған күні қазақ деген халық жер бетінде бар дегенге нанбаймын. Мен онан бұрын өлуім керек» [152, 12 б.]. – деп ағынан ақтарылды. Бұл Кәкей ақынның шынайы жан сыры еді. Үшіншіден, К. Жаңжұңұлы науқаншыл ақын болған жоқ. Қаламгер Лайық Шалдыбаев айтқандай: «Кәкей ақын әу бастан - ақ коммунизмге, оның көсемдеріне, жалған ұрандарға бой ұсынбаған. Оның есесіне, халқының бай мұрасын жинап, арғы - бергі тарихын зерттеп, қазақтың бүкіл болмыс - бітіміне байланысты шығарма жазып өлең жырларын өмірге әкелді» [152, 15 б.]. Міне, ақынның өзге қаламдас қатарластарынан оқ бойы озық тұрған бір даралығы – аса ұлтжанды, қайсар ақын болғандығында. Ақын өзгеден оза алға шығып ұлт мүддесін батыл көтере білген інжу - маржан жырларын халқына арнап қалдырды. Сара даралығы да, жаңашылдығы да ешкімді қайталамай, өзі салған сүрлеу - соқпақпен жол салып өткен ақындық мұратында жатса керек. Сонау алпысыншы жылдардың ақырында қазағының туын көтере білді: [94, 46.].

Танымасаң, танып ал, мен қазақпын,
Жағам жайлау, көңілім – көл кең қазақпын,
Ұлысым бай, іргелі ел қазақпын,

Ырысым сай, нұр жері – кен қазақпын. [13, 216.].

Жас ақын алғашқы жырларынан бастап - ақ «Мен –

Қазақпын» деп, дүйім жұртқа кеуде кере жар салды, ақындық ғұмырының отыз жылында осы бір әуеннен айнымай туған ұлтына адал қызмет жасады.

Осы ретте ғалым Қ. Әбдешұлының: « Қазіргі таңда, қазақ әдебиетінің әрқилы кезеңдерінде рухани дамуымызға, мәдени өркениетке, әсіресе ұлттық дәстүрге, ұлттық жан дүниемізге өз шығармаларымен айтулы үлес қосқан қаламгерлердің туындыларын тереңдеп зерттеп, олардың әдебиеттегі орнын, суреткерлік қолтаңбасын ажыратып, бағасын беру қажеттігі туды» [103, 3 б.]. деген парасатты пайым, тұжырымын жоғарыда сөз еткен ойларымызға орайластыра кету жөн.

Монғолиядағы қазақ қаламгерлерінен шыққан қазақ әдебиетінің талантты өкілдерінің бірі, белгілі ақын, сатирик, публицист Кәкей Жаңжұңұлы Баян - Өлгий аймағының Бұлғын ауылында 1946 жылы дүниеге келген. Орта мектепті 1964 жылы бітірісімен атамекен Қазақстанға аттанады. 1967 жылы Алматыда жоғары оқу орнының қара шаңырағы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының филология факультетіне оқуға түседі. 1971 жылы оқуын бітірісімен туған жері, Баян Өлгий аймағына бет бұрады. 1971 - 1981 жылдарда оқу ісінің меңгерушісі, мектеп әкімі, Аймақтық оқу бөлімінің инспекторы, 1982 жылдан Моңғолия Жазушылар Одағының Баян - Өлгий аймақтық бөлімшесінің бастығы, “Шұғыла” журналының редакторы, 1992 жылдан медресе мүдірі, “Шарапат” газетінің бас сарапшысы болып қызмет етті. К. Жаңжұңұлы саналы ғұмырын әдебиетпен айналысумен бастайды. Ақынның алғашқы жинағы 1972 жылы « Жауқазын» деген атпен Өлгий қаласында басылып шықты. Одан кейін « Маусым» (1981), « Жебе» (1986), « Қош, Көктем» (1992), монғол - қазақ тілдерінде « Танилцуулга» /Таныстыру/ (1984), « Диваажинд залрахын нууц» /Ұжымаққа барудың құпиясы/ (1994) жинақтарын ұсынды.

Кәкей Жаңжұңұлының өлеңдері Монғолия, Таулы Алтай, Украинаның басылымдарында монғол және орыс тілдерінде жарық көрді. Сонымен бірге ол монғол, тува, алтай тілдерінде шыққан ақындардың өлеңдерінен аудармалар жасады.

К. Жаңжұңұлы қысқа ғұмырында бірнеше әдеби

сыйлықтардың жеңімпазы болды. Атап айтқанда, 1990 жылы «Поэзия - 90» жыр мұшайрасының жеңімпазы болса, 1992 жылы «Қош, Көктем» жыр кітабы А. Бабиұлы атындағы сыйлыққа ие болды. Еңбек құрметі және мерекелік медальдармен марапатталды. Жыр кубогын, таңдаулы әңгімелер бәйгесін жеңіп алды.

Монғолия жазушылар одағының Баян - Өлгийдегі бөлімшесін он шақты жылдар бойы басқарған Кәкей өмірінің соңғы жылдарында мұсылманшылыққа бой ұрып, ислам мәдениетін үгіттей бастайды. Түркиядағы халықаралық «Заман» газетінің шақыруымен сонда болып қайтады. Түркиядағы сапарынан олжалы оралған ақын, «Дін үйренейік», «Діни хикаялар» атты кітапшаларды түрік тілінен қазақ тіліне еркін аударды. Халыққа ислам шапағатын үгіттеумен қатар түрік мәдениетімен танысып, жаңа әлемге көзін ашқан Кәкейдің қаламынан жаңа жырлар төгіледі. Өзінің қоғамдық еңбегімен қатар Кәкей Жаңжұңұлы Монғолиядағы мұсылмандар қоғамының айлық үні «Шарапат» газетінің бас сарапшысы қызметін де атқарады.

Қаламдас қатарластарынан оқ бойы оза шығып, даралығымен, дарындылығымен қайталанбас қолтаңбасын қалдырған, қанатты жырларымен туған халқына мол махаббатын арнаған, азаматтық, ақындық ар - намысының алдында адалдығымен өзгеге үлгі бола білген, «ең бастысы - қазақ еліне, жеріне деген құрметі, сағынышы» сырлы саз боп өрілген Кәкей Жаңжұңұлының орны әрқашанда алабөтен. Дара шыққан дарынды ақынның артына қалдырған мұраларының мазмұны ауқымды, маңызы - туған ұлтын сыйлай алатын, туған халқын сүйе білетін әрбір қазақ азаматының жүрегіне жылы тиіп, жанына жақын тартып, баурап алатын қасиетінің сырында болар - ау деген ойға келеміз.

Өйткені, «Әдебиеттің тарихында халықтың мұңын мұндап, арманын жырлаған, тұрмыс-тіршілігін шынайы көрсете білген көркем сөз маржандары ғана қалды. Шын мәніндегі халықтық шығармадан белгілі бір дәуір көрінісі айнадай жарқырап көрінеді. Онда халық өмірінің өзекті өңірлері қозғалып, халықтың бақытты болашаққа деген ұмтылысы суреттелуге тиіс. Әдеби шығарма-қоғамдық өмір шындығының

көркем бейнесі» [88, 556.].

К. Жаңжүзүлү лирикасы – сан-салалы, көп тақырыпты орасан зор ауқымды дүние. Сондықтан оның лирикасы туралы толықканды пікір айту үшін әуелі жалпы лириканың өзін жүйелеп алған жөн. Әдебиетті зерттеуші ғалымдар лириканы шартты мынадай түрлерге бөледі: саяси-әлеуметтік, азаматтық лирика, табиғат лирикасы, махаббат лирикасы, көңіл-күй лирикасы.

Ақынның туа бітті қабілет дарынының қарымдылығын зерттеуге ден қойған шақта оның поэзияға әкелген дара мәнері мен соған сәйкес өзіндік үн - сарынын саралап алған абзал.

Алпысыншы жылдары Алтай тауының арғы жағынан жас сәйгүліктің даусы естілді:

Сан жүректер сырына
Жақын болғым келеді.
Қанат беріп жырыма
Ақын болғым келеді [146, 146.].

«Ақын болғым келеді»

Асқақ та, аршынды дауыстан хас тұлпардың шабысына шабыт шақырған өршіл, тұнықуәзипаны мұрат тұтып, дарынына дырау қамшы үйіріп, арын адамгершілік шеңберімен өлшеген шымыр да шыншыл шешім, анық байлам аңғарылады. Бұл-өз жан-тәнін таныған жас ақын Кәкейдің 1966 жылы жазған ғұмыр бағдарламасы сықылды. Дүйім жұртқа осылайша жар салып, қаламын найзаша ұстап, жыр әлеміне жол тартқан ақын бұдан кейінгі жиырма бес жылдық ғұмырында айтқан сертінен аумады. Жырын ала-шұбарламай, халық жадына ұялатты. Туған халқының қуат-күшіне сүйеніп, оның бай қабілетіне бас иді. Алпысыншы жылдардың ақырында қазағының туын көтерді»

[89, 46.].

Танымасаң, танып ал, мен қазақпын,
Жағам жайлау, көңілім –көл кең қазақпын,
Ұлысым бай, іргелі ел қазақпын,
Ырысым сай, нұр жері –кең қазақпын. [143, 216.].

Дәл осы тұста Кәкей қазақтың үлкен ақыны Ж. Молдағалиевпен үндестік табады. Екі ақын да кешегі тарихты бүгінгі күн келбетімен қабыстыра толғап, «Мен қазақпын» деп кеуде кергендей әсер қалдырады. Өз елін мақтан тұту жақсы

жарасым тапқан.

Қазақпын: қазмойыны ойнақтаған,
 Ой да баққан, бір өңкей қой бақпаған.
 Ер елдігім –ешкімді жатсынбаған,
 Тереңдігім –ешкімді бойлатпаған.
 Жомарттық пен пәктіктен басталамын.
 Жаны-дана, жүрегі-жас баламын.
 Керек емес әулетің дәулетіңмен,
 Мен сенің көңіліңе-ақ мас боламын!.. [146, 596.]

“Мен қазақпын”

Менің жерім, елім, халқым дегенді рухани махаббат, рухани сүйіспеншілік қана тудыра алмақ. Адам –жерімен, елімен, халқымен ғана адам. Өйткені, адамды адам ететін – сол жері, елі мен халқы» [92, 1216.]

Кәкей ақынның жырларынан алар әсер оқырманға бір жылылық ұялатады. Ол – ақынның жүрегінен жарып шыққан асыл сөз, шынайы көңілден шыққан шымыр байлам, туған ұлтына деген шын сүйіспеншілікке бөленген сезімінің сыры.

Оқыған жанды ойландыра алатын ойлы шумақ, түйсікті жанды түйсіндіре алатын түйінді өлең, « тілге жеңіл, жүрекке жылы тиер» қарапайым қара өлең...Бұлар Кәкей ақынның қайталанбас қолтаңбасын аңғартатын бір даралығы.

Балауса Кәкей талант тұмасының көзі ашылып, өлең әлеміне ақсұңқар құстай еркін самғап шыққан шағында:

Айтылар бір жырым бар,
 Ақтарар бір сырым бар.
 Толқын атқан бұрымдар,
 Толки тыңдап тұрыңдар! [146, 426.]

«Тыңда сырымды»

деп дүйім жұртқа, дөңгеленген дүниеге дабыл қағып, дүбірлі додаға араласқан еді. Ақындық мінберге қадам басқан алғашқы адымынан - ақ өмірдің алуан түрлі қыр - сырына терең бойлап, орайлы оймен, терең де талғампаз түйсікпен түйін шығарып, « жүрегінің түбіне терең бойлап» содан шыққан шымыр да шыншыл шумақтарының шырайымен, шынайылығымен өмір - дария дүнияны өлеңге, өнерге, өмірге айналдырды. Өйткені, «Тақырып–жазушының өмір шындықтарының қалың тобынан таңдап алып, өз шығармасына арқау еткен құбылыстардың

тобы. Жазушы не туралы жазып отыр, нені суреттеп отыр – шығарманың көркемдік жүйесі үшін мұның маңызы жоғары. Сонымен қатар тақырып аясында ашылатын неше алуан проблематика болады. Шығарманың тақырыбына ерекше ажар дарытатын, оның мәнін ашатын көркемдік факторлардың қатарында осындай проблематиканың атқаратын қызметі жоғары» [103, 36] дейді ғалым Қ. Әбдезұлы. Олай болса Кәкей ақынның поэзиясының тақырып аясы, көркемдік жүйе, өлеңдерінің мазмұн, маңызы, ақын көтерген әлеуметтік әуен туралы тоқталайық.

Сыршыл ақынның «жалпақ әлем алдында ақтарар жан сырының» бір парасы, жыр сарасы – Анасына деген сағынышынан нәр алып, тұнық жыр боп таралды.

«Ана мен Бала арасындағы теңдессіз терең махаббат, бір - біріне деген сарқылмас сағыныш, маздақ мейірім хақында да әркімнің өз түсінігі, ұғымы бар. Осынау ұлы сезімді көкірек тереңіне сақтамай, тылсымын сыртқа шығару, барша Ана мен баланың ортақ сырына айналдыра әспеттеу тек ақындардың ғана еншісіндегі алабөтен қасиет болар - ау?!

Ана туралы, Баланың Анаға деген сүйіспеншілігі мен қарыз - парызы хақында қаламына шаң бітіріп, көмейінен сөз асылын төкпеген ақын жоқ. Бәрінің тақырыбы тамырлас, айтары айырмасыз бір ғана ұлы сезім сәулелері болса да, сол ақын атаулының ана бейнесін сомдаудағы шеберлік - шешендігі, ана мен бала арасындағы ақық сезімді жырлап жеткізу мәнері мың алуан» [92, 56].

Ақ көңіліндей ақ шұға,

Алау атып жаулығың.

Апа, халің жақсы ма,

Мықты ма денсаулығың?! [146, 436].

« Анаға хат»

Ақын Кәкей Жаңжұнұлы – осы бір барша адамның аузындағы қарапайым да киелі сөзді өлең етіп өрнектеп, бәріміздің еншімізге қалдырып кетті. Бұлар осыдан ширек ғасырдан да астам уақыт бұрын, алыс Алматыда дәріс алып жүрген бозбала Кәкейдің, Бұла Бұлғындағы Анасына деген сағынышынан тамып түскен тұнық тамшылары. Қазіргі кезде сол алпысыншы жылдардың студент жастары болған, ал бүгінгі

ғалым, ұстаз аға - тәтелеріміз айтқан әуезі әдемі өлең екендігін де естідік. Сол тұстағы студент жастардың сағынышының сыры, жастық шақтарының белгісі болған әдемі әнді тудырған да Кәкей ақын еді.

Сағындың ба, жан апа, сағындың ба?
Жанарыңа жас моншақ тағындың ба?!
Боз қайыңды бозша Айға шомылдырған,
Бозғыл түннің санынан жаңылдың ба?!

Сексеуілдей сыңсыған шағыл құмға,
Сарғаюмен, бөленіп жаның мұңға.
Қара жолды шөп басып кетсе дағы,
Терезеге телміріп табындың ба?! [146, 436].

« Сағындың ба, анашым?»

Кәкей Жаңжұнұлы поэзиясындағы ана тақырыбы – ана бейнесі мазмұнының өзгеше өрнектелуі ақынның өзіндік қолтаңбасын көрсетеді. « Үміт» атты өлеңі:

Тұлпарының тұяғында ай таға,
Ұлым менің осы жолдан қайта ма?
Құмалақшы жасайды бір жорамал:
« Жас арыстан мол олжамен оралар»
Ұлы бірақ сол сапардан қайтпады,
Құмалақ та не болғанын айтпады.
Сан жыл өтті санауменен әр айды,
Қара жолға қадала кеп қарайды.
Көзін жұмды аңсап жатып жалғызын,
Ит үміт - ай, арты қысқа, алды ұзын!
Жол шетіне жерлендерші мүрдесін,
Ұлы қайтса көрмей қалып жүрмесін [17, 626].

Соғыстан оралмаған ұлын тоса - тоса жанары суалған ана арманының, ауырлықты жанымен көтерген аяулы аналар бейнесінің, үміті үзілген сағыныш сезімінің ескерткіші іспетті өлең шумақтарының эстетикалық қуаты, поэтикалық ажары өте әсерлі. Ұзақ болса да негізгі нұсқаны толығымен алып отыруымыздың себебі, ақын өлеңінің композицияға құрылуында, яғни бөліп - бөлшектеп алсақ мағынасы саяздап қалады.

Ал « Күту» атты өлеңі. « Көз алдында – үй ауласына

үңіліп, сүйген жігітінің баптаулы сәйгүлігіне қарап ой кешкен көркем ару. Қасына келген жанашыр жанды сезіп оқырана дыбыстап, шідерін шылдырлатқан жануардың тықырынан селт етіп оянып, « ұлым келіп қалды ма?!» деген аңқау сенім жетегімен тысқа шыққан ақ жаулықты Ана...

Кәрі жанарынан қараңғылықты сүртіп тастап, кештетіп келген ұлын ғана көруді үміт еткен Ана бейнесі.

...Сыңар мәсі, жаулық қолда, сылдыр - гүлдір шыққанда,
Қайран әлгі сыбдыр қайда?! Түн тұр оқтау жұтқандай!
Шық тамды ма, құлап түскен құла Күздің бұлтынан?
Тентек жел ме, талдың соңғы жапырағын жұлқыған?!
Мазалаған бұл кім ә?!

Бір көлеңке барады өтіп, құлағында ай - сыңғыр,
« Ат қораға түнде үңілген, әдірәқалғыр қайсың бұл?»
Шаңқан көйлек еніп кетті көршілерге бұрылып,
Сенің кәрі көкірегің дір етті бір сыр ұғып... [146, 56 б.].

Қыбыр еткен, қылт еткен дыбысқа елеңдеп жаны тыным таппаған ана сағынышы, ана жүрегінің үміті суреттелген. «Сыңар мәсі, жаулық қолда, сылдыр - гүлдір шыққанда» деп бір ғана штрих - деталь арқылы аңғал ана болмысы, аландаулы жан сезімі әдемі суретпен бедерленген. Ақын « сезім мен суретті қоса өріп үлкен мән - мазмұнға шылбыр тастап отырады» Сондықтан да Кәкей ақынның жырлары жанға жақын, көңілге қонымды келеді.

А. Байтұрсыновтың лирика туралы теориялық түйініне зер салғанда да ақындық жайдың мәні айқын ашылады. « Өлең... ақынның ішкі ғаламының сөзі болғандықтан мұнда да сөзімен өзін көрсетіп отырады. Толғауда ақынды қабағын қарс жауып, қайғырып тұрған күйінде де, беті гүл-гүл жайнап, қуанып тұрған күйінде де, сүйінген, күйінген күйінде де, тарыққан, зарыққан, жабыққан күйінде де, шаттанған, марқайған, масайраған күйінде де көріп отырамыз» [74, 8 б.].

«Жайлау түні» атты өлеңі мазмұны тың, сонылыққа құрылған. Шындықтан шымырлап туған шыншыл сөздер оқушыны еріксіз соны да терең ойға жетелейді. Өгей шеше мен бойжеткен қыздың бір - бірімен қарым - қатынасын тек сезім әрекеттері арқылы дәл, шынайы суреттей білген.

Жайлау түні. Ел ұйқыда, таң қысқа.

Жайбарақат тыным алған аң - құста.
 Боз үйдегі тыныштыққа тұншығып,
 Екеу жатыр бірін - бірі аңдысқан. [146, 36 б.].

«Екеу жатыр бірін - бірі аңдысқан» деген жолдан - ак кейіпкерлер жан сезімін, эмоциялық әсерді сезінесіз.

Терістіктен жел еседі шер үнді,
 Ұмыттың ба келем деген жерінді.
 Өгей шеше шоқ басқандай жерінді.

Бойжеткен қыз от күрсіне керілді [146, 36 б.].

Сезімтал ақынның өлеңіне өрім болған өзек - өмірдің өзінен алынған шындық.

Шындық сырын сезімге бөлеп суреттеген сәтте адам жанының толқынысын анық таба біледі. Сонымен қатар, Кәкей ақынның ана жайлы жырлары « Ана сәлемі », « Сағыныш » , « Күту » , « Ана - өмір » , « Ана сағынышы » сияқты көптеген өлендерінен өзекті өрнек тапты.

« Өлеңнің табиғаты лирика, сондықтан да ақын өлеңмен жазған шығармасын лирикалық етіп, өзін толқытқан, тебіренеткен жайды оқырман да толқынарлық, тебіренерлік етіп жазады » - дейді Б. Кенжебаев: « Асылы, лирикалық қаһарман (немесе кейіпкер) болмысы ақынның адамгершілік қасиеттерін, ой, сана, сезім, дүниетаным тереңдігін, ақындық мәдениетін, көркемдік шеберлігін, эстетикалық һәм философиялық көзқарасын айқын танытады » [88, 46 б.].

Ақынның « Даламен диалог » (1969) өлеңінде:
 Жұпар иіс жусан далам, кең далам,
 Нардың жүгін арқалатта сен маған,
 Гүл өрілген сәндігінді бер маған.
 Кекілімнен баяу сипап бал лебің:
 Ең әуелі нар төсімде тік тұрар,
 Адам болып қал! – дедің [146, 25 б.].

Міне « нар төсімде тік тұрар, Адам болып қал! – дедің » , – дейді ақын, Жер ананың Дала перзентіне тілегін. Адам табиғаты адамгершілік алдында ар - ұжданы таза, абыройлы болғанда ғана ана – Жердің нар төсінде нық басып, тік тұра алады.

«Ақынның азаматтық тұлғасын оның шығармаларының азаматтық үні ғана таныта алады. Ақын өзіне ғана тән мінезі

мен ой -сезімін лирикалық образ арқылы береді, осы лирикалық образдың түп-төркінінде нақты ақын тұлғасының тұрғаны, ақындық даралық жатқаны ақиқат” [93, 66.].

Іргелі елі тұрғанда ақын табаны нық, тіпті ажырамас бірлікте екенін көреміз.

Ақын өлеңдеріндегі тақырып алуандығы, мазмұнның соны, тың әрі қызықтылығы оқырманды таңдандырмай қоймайды.

Әлдеқашан тыным алған ел жатып,
Жүргінші жоқ, кештеп келген түн қатып
Кеудесіне шабыт құсын қондырып,
Ақын отыр асау жырға толғатып.
Тау сілкініп, жаңғырыға жар құлап,
Тасығандай кеудедегі бар бұлақ.
Арындайды ол бір сәтке, --
Алып – қашып, асау қалам арғымақ.

Жолдар - жолдар...қайтқан қаздай тізілді.
Бітті өлең, нар шабыттың шәрбәті,
Кең маңдайдан жалғыз моншақ үзілді [146, 196.].

« Ақын»

Ақын өлеңіндегі ерекшелік – бір сәттік көңіл сезімін көркем айшықтаулармен нақты бере білуінде.

Қандай бір өнер иесінің болмасын, дарынының тереңге тамыр тартып, бүр жарып гүлденуіне нәр беретін құнарлы топырағы, тәлімдік мектебі болатындығы аян.

Кәкей – ақынның жан сезіміндегі дарын шоғын ұшқындатып, әдебиетпен әуестенуіне әсер еткен, өлең - жырдың өр көгіне қанат қағуына, талабын жанып, шеберлігін шындауына үлгі - өнеге, күшті ықпал еткен өнер көзі біреу болса, алды - артындағы, айналасындағы ақындар әулеті әлденешеу. Олардың ең бастысы, телегей теңіздей сарқылмас шалқары – қазақ халқының ауыз әдебиеті. Екіншісі – ұлы Абай. Үшіншісі – жаңа дәуірдегі Қазақстан мен Монғолия қазақтарының осы заманғы әдебиеті, олардың көрнекті өкілдері. Ақын – осылардың қай - қайсысының шығармаларын да ынта - ықыласпен ыждағаттылықпен оқып, көңілге тоқып, үздіксіз үйреніп отырды.

Ақынның тәлім алған ұстаздары мен тұтастарының өмірі мен шығармашылығын оның әдебиетке келу, өсу жолымен тұтастықта алып қарастырудың – жалқы мен жалпының рухани сабақтастығын жарасымды ұштастырудың – оның ақындық әлемін ашып көрсетудегі маңызы алабөтен.

Тауда тудым, тауда өстім, тауда өлемін

Кәкей Жаңжұңұлы табиғаттың тамаша жыршысы, нәзік сыршыл ақын. Олай дейтініміздің себебі ақын жаратылысында ол тау баласы, тау ұлы болды. «Тауда менің жүрегім» деп, Расул Ғамзатов айтқандай, талбесіктен жербесіктен дейін өзі туып өскен Бұлғынның сеңгір - сеңгір тауларын өз жүрегінде кіршіксіз аялап өтті. «Таулар, таулар» өлеңі:

Тауларыма шығайыншы бөктерлеп,
 Бұл жолменен өтпеген көп, өткен көп.
 Күлкімменен Күн көтеріп тұрайын,
 Жақын барып аспанына көкпеңбек.
 Бұл жолменен өткен де көп, өтпеген,
 Бұл асқарға жеткен де көп, жетпеген.
 Биіктен бір келбетіне қарайын,
 Балқи балқи Күнге айналып от денем [59, 246.].

«Ақын тауларды өте жақсы көруші еді. Тауда сейілдеп жүргенді, оның басына шыққанды әдетіне айналдырған - ды» – дейді, Кәкей ақын туралы сыр шерткен жазушы Лайық Шалдыбаев [95, 66.].

Ақын өзіне ғана тән мінезі мен ой -сезімін лирикалық образ арқылы береді, осы лирикалық образдың түп-төркінінде нақты ақын тұлғасының тұрғаны, ақындық даралық жатқаны ақиқат. Іргелі елі тұрғанда ақын табаны нық, тіпті ажырамас бірлікте екенін көреміз.

Табиғатынан сезімтал тау серісі:
 Менің жүзген айдыным іргелі елім,
 Не көрсем де өзіңмен бір көремін.
 Қайтара алмас бетімді жау да менің,

Тауда тудым, тауда өстім, тауда өлемін! [146, 196.].
 деп, биік қайсарлықты, тау қыранына тән қайраттылықты, тау ұланына тән өрлікті өлеңге өрім етті. Тіпті тауда өлемін дегені

де шынға айналды. Ақын өзінің бар тағдырын табиғатпен етене сезініп, өжеттігін өлең өзегіне өріп жібереді. « Лирикалық образ – сыршыл өлең жырлардағы ақынның өз бейнесі, оның ішкі бітімі, ақынның мың иірім көңіл-күйінен, нәзік сыры мен сылқым сезімінен өрбіп жасалған өзгеше кейіпкер» [38, 121б.].

Сонда лирикалық образ ақыннан өзге, ақыннан алыс, өз алдына бөлек тұрған оқшау жасалған бейне емес, ол «ақынның мың иірім көңіл-күйінен, нәзік сыры мен сылқым сезімінен өріліп жасалған өзгеше кейіпкер» тудырушы ақынның ерен тұрпаты.

Дара тұлғасын алдыңғы орынға қоятын текті «бітімі». Олай болса ақынның көңіл иірімі, сыр - сезімі арқылы білдірген жүрек жырынан бір құпия сырды ұғамыз. Ол ақынның жыр жиһазындағы Табиғат – ананы пір тұтудың, шынайы үлгісі:

Бір таудан соң бір тауым,
Бір дәуден соң бір дәуім.
Қыраннан соң қыраным,
Бір әннен соң бір әнім.
Тарылмайтын тынысым,
Таусылмайтын ырысым.
Айналайын,
Ұлаңғайыр Ұлысым! [27, 256.].

Ақын тау туралы төгіле жырлайды. Асқақ тау – арманы, ақ бұлақ – саумалы. Әйтеуір ақын жаны тауға құштар. Тынысын да, ырысын да таумен байланыстырады.

Асқақ-асқақ тауларым –
Асқақтаған арманым.
Ақ жусаны-әтірім,
Ақ бұлағы –саумалым.
Шешек атқан жан-жағым,
Шалғынына аунадым.
Көк майсасы –кілемім,
Көк аспаны –самғауым [27, 246.].

Көлемі шағын келетін, миниатюра түріндегі өлеңдердің өзгешелігі - артық сөзі жоқ ықшамдылығында, мағыналық сыйымдылығында. Кәкей ақынның тау жайлы өлеңдерінен көп сырды, үлкен ойға негіздеген мағыналылықты аңғарамыз.

Миниатюраға тағы бір жақсы үлгі Кәкей ақынның «

Тау жаққа пырағың» атты өлеңі:

Тау жаққа пырағың,
Тізгінін бұрады.
Жауқазын жолыңда,
Жаутандап тұрады.
Ақ бұлақ қияны,
Қақ тіліп құяды.
Көлкілдек көк саздың,
Желкілдеп қияғы [27,256.].

Поэзиядағы миниатюра түріндегі өлеңге бірден-бір тән қасиет жинақылылығы, идеялық мазмұны жағынан сыйымдылығы, тиянақты ойды білдіреді.

Сезімтал да сыршыл ақындар сырына айналған табиғат пен Адам жаратылысы ажырамас бір әлем. Бүтін болмыс

Аңызғаққа шаң шудасы түріліп,
Сол татырдың беті кеткен тілініп.
Қалтырайды жұлма-жұлма сағыныш,
Сексеуілдің бұтағына ілініп.
Құмдақ дала. Дода-дода күзгі уақ,
Қаңбақ өтед бір жыраға «мызғып» ап.
Сары белде сары орамал бір қыз тұр,
Айдай жүзін ыстық моншақ сызғылап [17, 546.].

Сүреңсіз күйге енген дала кейпі лирикалық кейіпкердің жан-әлемінен хабардар етіп тұр. Жалпы, өлеңнің динамикасы—өзекті өртер өткінші өмір, өкініш немесе «сағыныш». «Қаңбақ өтед бір жыраға «мызғып» ап» — тұрақсыз болмыс иесі Бәлкім, пенде ғұмыры болар, баянсыз да байлаусыз. Бұл өлең жолдарында адамның ішкі жан дүниесіндегі арпалысқан сезімдер шеруін табиғат құбылысымен шарпыстыра бейнелу арқылы философиялық ойға жетелейді.

Ақын кейіпкер көңіл-күйі, жан дүниесінің құбылыс сәттерін табиғатпен қатарластыра суреттеген.

Ақын поэзиясында табиғат көріністері бірде сезімді селт еткізер суретке, сырға толы, бірде оралымды ойға, тағы бірде табиғат көрінісі мен адамның ішкі жан сезім сәттері сан алуан сыр-сипатқа негізделе суреттелген. Ақындық таным табиғаттағы таза сұлулыққа құмартып қана қойған жоқ.

Халықтың ұлттық, философиялық, этикалық, эстетикалық

көзқарастары табиғат пен адам тағдыры қарым-қатынастары арасындағы толғаныстардан көрініс тапты.

« Өмір, Дүние, Адам тағдыры туралы үлкен толғаныстан тумаған, жәй сезімшілдік лириканы жандандыра алмайды. Лирикаға жан беретін сезімнің отты нәзіктігі» [96, 133б.]. Олай болса, Кәкей ақынның туындылары толғанысты, ойлылығымен, сезімді селт еткізер нәзік те қарапайымдылығымен ерекшеленеді. « О,Тіршілік» атты өлеңі:

Қайда сол шақ: мыңқ етпейтін,
Сең шайып,
Дауыл шайқап, тасқын да кеп ұратын
Жап-жасыл боп, жапырағын кең жайып,
Жарты әлемге сая болып тұратын.

...Өтті сол шақ, жалғыз-ақ күн « өлді» емен,
Қара жердің түп тамыры түршігіп...
Таң сәріде орнында желменен,
Желкілдейді бір шыбық. [17, 41б.].

« Емен» өлеңінде – табиғатта болатын өзгерісті, қозғалысты адам өмірімен теңестіріп өлеңнің қуатын арттырады. Философиялық астар береді.

Екі түрлі шындықты суреттей отырып, шынайы философиялық түйін шығарады.

Дүниеде тұрақты, мәңгі еш нәрсе жоқ. Өмірдің өткіншілігін табиғатпен ұштастырып, байланыстырып қараған. Өмірдегі үздіксіз алмасып жататын құбылыстарды табиғат болмысымен шарпыстыра бедерлеген .

«Тіршілік қарекетінде шешуші орын алатын адам мен жаратылыс бауырластығы аса маңызды өмірлік мәселелерді қозғауға да көп мүмкіндік береді» [41, 61б.].

Ақын қаламынан талай - талай тамаша табиғат көріністері жайлы жырлар төгілді. Әсіресе, жансыз табиғатқа жан бітіре, қимыл үстінде жеткізуі жарасымды, ұтымды. Оның табиғат жайлы өлеңдері жалаң емес, жанды сурет.

Жауқазындар жаутаң қағып тұрады,
Көктеменің күміс шығын уыстап.

Көктем бикеш көк көрпесін өтектеп,
Көтеріліп келе жатыр етектен [17, 48б.].

Лирикалық шығарманың күші, қуаттылығы алдымен адамның көңіл-күйін, өмірдегі жағдай-құбылыстан алған әсерін бейнелеп жеткізу шеберлігімен ұштасып жатады.

Ақын өзен, көл, тау жайлы өлеңдерінде тек олардың пейзаждық суретін ғана салмайды, көркін; аң, құс, орман тоғай дегендей алуан түрлі мол қазынасымен ұштастырып жырлайды. Сол байлықтың ел - жұрттың игілігіне жарап жатқанына шаттанады. Бұл қасиет оның өлеңдерінің идеялық - мазмұнын көтеріп, көркемдік сипатын аша түседі.

Ақынның поэзиясы көркем образды, сырлы сөздерге өте бай, яғни жансызға жан бітіріп, сезім толғаныстарымен береді. Кәкей ақынның « Жазғы түн» өлеңінде:

Қақ айырып көк төсін, баяу жүзіп барады Ай,
Жер сұлуға телміріп, қарады - ай кеп, қарады Ай.
Таудан құлап тас бұлақ, сылдырлайды тынымсыз,
Жағалауда жас құрақ, мүлгіп - шұлғып тұр үнсіз,
[17, 8б.].

деп, табиғат болмысының бір мезеттегі қалпын суреттеген.

Адамның жан - сезімін, көңіл - күйін тікелей лирикаға тән ерекше сыршылдықпен айтып жеткізудің ұтымдылығы өмір құбылыстарын, табиғатты айрықша сергектік, сезімталдықпен қабылдаудан туады. Осы ретте ғалым Б. Майтановтың: «Көркемдік -- шынайылық болса, оны ұғындыратын да, ұғатын да—адамдар өнер тілінің икемділігі мен суреттік бедерлер тереңдігін қадірлемек» [109, 4б.] деген пікіріне қосылуға болады. Жан әлеміндегі сиқырлы көріністерді, өзгерістерді, мың сан құбылыстардың ажарын ашатын табиғат құбылыстарының сыры мен сипатынан оралымды, өрнекті сурет таба білді. « Көл көріністері» өлеңінде:

Самал-балдыз асылса кім шыдайды,
Бүлк-бүлк күлген көл беті тыншымайды.
Бұлт пердесін бетінен сырып тастап,
Күн-келіншек қайнысын шымшылайды.
Күнге соғып маңдайын « мұз» жылады,
Суға төніп қуғыншы құз құлады.

Көл серінің койнына кіріп кетті,
Қашып келіп төскейдің қыз-бұлағы [17, 486.].

Табиғат көріністерінен көркем де тартымды кейіптеу бейнелер жасаған өлең шумағындағы табиғат суретін алсақ та, бейнелі сөздерді алсақ та қазақ ауылдарының адамдарына тән ұлттық болмыс-бітім, әрекет, мінез, әдеттерінен елес береді. Ақынның өлеңдерінен ұлттық бояудың нәші арқылы тіл байлығының молдығын аңғарамыз.

Кәкей ақынның өлеңдерінде табиғаттың сан - алуан құбылыстары, жануарлар мен өсімдіктер сыр - сипаты бейнеленген бедерлі шумақтар молынан кездеседі.

«...Сондай - ақ, ақын жырларын арнаған өзен - көлдер - ел мен жерге береке, байлық көзі болса, аң - құс, жәндіктер - аю, бұғы, бұлан, ілбіс, елік т.б. туған елінде кездесетін әр түрлі ағаш пен шөп атаулары, дәрілік өсімдіктер – долана, үшқат, шырғанақ, тобылғы т.т ат – атаулар ақындық өнердің қуат - күдіретімен қоса халық өмірі мен тарихынан, кәсіп - тіршіліктерінен мол сыр шертеді. Өлеңдердегі тау - тас суреттері, жер түгі мен жәндіктер т.т көрініс - құбылыстар жанды бейне, нақты деталь, көркемдік иірімдерімен бедерлі» [97, 19 б.].

Мәселен, өсімдік (гүл, ағашқа қатысты) атаулары:

Самырсындар сайды өрлеп бара жатыр,
Самал сүйген бұрымы тарқатылып [17, 526.].

Дамылдайын гудоктар боздағанша,
Сирен басын таң лебі қозғағанша [17, 536.].

Самал есіп сыңсып тұрса жырлап тал,
Ақ селеудің үкі басы бұлғақтар [17, 296.].

Жүрек тулап тербеледі жыр сезім,
Жапандағы жалғыз шынар сияқты [17, 206.].

Сары жайлау бұта - бүрген, құйқалы,
Арша, жалбыз, қожашөбі ем дәрі [59, 376.].

Балағынан иілген бала қайың,
Бал бұлақта жылқышы жағалайын [17, 566.].

Көкіректен бусанып дала мына,
Көк теректер сорғып тұр балағынан [17, 556.].

Қожашөптер ақ бөрік есіктерден сығалап,
Қарлы мұздақ қасқарып шаңырақтан төнеді [59, 286.].

Далаңда алтын астық ырғатылып,
Сары ала масақ мұртын ширатады [59, 316.].

Қауындар торсық шеке топырлайды,
Алмалар үзіледі қыз беттенген [59, 316.].

Жүріп келем табанымның астында,
Сытырлайды үйеңкі жапырағы [17, 226.].
Жауқазындар жаутаң қағып тұрады,
Көктеменің күміс шығын уыстап [17, 486.].

Құстар мен жануарлар әлеміне қатысты:

Аспанның тырна әнін тыңдатады,
Дамылсыз шаруамен күн батады [59, 316.].

Көк күмбезі жырақта,
Көк жиекке тіреліп,
Сақшыдай - ақ қыратта,
Секейеді бір елік.

Көпке дейін « үкі» тұрды шақырып,
Бүгінгі түн қапырық [17, 376.].

Ақтөс сүйек андиды,
Жерошактың қасында.
Жирен сәурік қалғиды,
Желібаудың басында [59, 266.].

Күмбез үйдің таудағы,
Күрпілдейді сабасы.
Іркілдейді бағыланы,
Бүлкілдейді жорғасы [59, 266.].

Арқырайды зел-зала асау бұлақ долданып,
Қыран отыр тұғырда шаңқ-шаңқ егіп қомданып
[59,296.].

Ақ бөкендер артында шаңдақ қалып,
Жоқ болады қылт егіп белегірден [17, 526.]

Тау сілемін сілкінте кісінеді,
Үйірінен адасқан ала құнан... [17, 556.].

Ақынның табиғат лирикасының бір қыры мезгіл -
мәнінде жұмсалған көріністер. Мысалы таңғы сәтті:
Қылаң тартты шығыс жақ,
Түн түнегі түріліп [17, 56.].

Таң самалы өмірден,
Түн ұйқысын жасқады [17, 56.].

Көк жиектен көтеріп таң балағын,
Тайга кешіп келеді Таңдана күн [17, 536.].
Түнгі көріністі:
Көмескі айды көкжиекке батырып,
Көлеңкелер шөгіп қалды қапырық [17, 376.].

Тында айдың сүт нұры,
Шомылдырған аппақ қыр [17, 426.].
Кешкі шақты көрсеткен:
Көкжиектің бір шеті күреңітіп,
Жалын шарпып өртеніп бара жатыр [59, 276.].

Күннің беті ұяттан шиедей боп,
Ар жағына таулардың еніп кетті [59, 276.].
« Көріскенше айналып қош - есен тұр жұртым» – деп
Өртенген күн жиекке сіңіп кетті, біртіндеп [59, 296.].

Ақын өзен, көл, тау жайлы өлеңдерінде тек олардың
пейзаждық суретін ғана салмайды, көркін; аң, құс, орман тоғай
дегендей алуан түрлі мол қазынасымен ұштастырып жырлайды.
Сол байлықтың ел - жұрттың игілігіне жарап жатқанына

шаттанады. Бұл қасиет оның өлеңдерінің идеялық - мазмұнын көтеріп, көркемдік сипатын аша түседі.

Ақындар табиғат құбылыстарын үлкен суреткерлікпен бейнелеп, оқырманның көркемдік таным әлемін қалыптастыратын болса Кәкей ақын да бұл үдеден шыға білді..

Кәкей ақынның жырлары тақырып өресінің кеңдігімен, ойлы да сырлы сазымен, құлпырма өрнек бояуымен қызықтырады.

Шаруадан шаршаған дара батыр –
 Алқам-салқам көсіліп дала жатыр.
 Көкжиектің бір шеті күренітіп,
 Жалын шарпып өртеніп бара жатыр.
 Жылқышы « сал» қыр гүлін теріп кетті,
 Отын алған аруға беріп кетті.
 Сол шекер қыз тәп-тәтті қалыбымен,
 Құшағында жігіттің еріп кетті.
 Күннің беті ұяттан шиедей боп,
 Ар жағына таулардың еніп кетті... [59, 276].

Ақынның шығармашылық бетін, қалам қарымын танытатын нәрсенің бірі—азаматтық әуен. Ақынның немесе оның лирикалық кейіпкерінің өмірге көзқарасы, арман-мұраты, адамдарға деген ыстық ықыласы, махаббаты танылады.

Азаматтық әуен—адамдардың, туған жердің, Отанның бейнесін асқақтата жырлайды, оларды ақынның лирикалық кейіпкері өз жүрегінің шуақты махаббатына шомылдырады.

Қандай бір ұлттың әдебиетінің айдын шалқарына көз жүгіртсек те оның басты бір тақырыбы – Табиғат –Туған жер – Отан екенін көрер едік. Қолына жаңа қалам ұстаған балауса балғыннан бастап, әлемдік классиктер атанған ұлы тұлғалардың Туған ел, жер, табиғат туралы жазбағаны кемде - кем. Табиғат – Туған жер – Отан тақырыбы моңғолиялық қазақ ақындарының да өлеңдеріндегі өзекті бір иірімі. « Дүние туындысы екендігіңді біле тұрып, өз өлкен, өскен ортаң, алтын ұяңмен етене туыстығыңды сезінбеу тіпті мүмкін емес»

[49, 65 б.].

Шын суреткер қашанда дүние тынысын тарихи – нақты бар болмысымен мейлінше терең бейнелей отырып, өзіне азаматтық зор жауапкершілік парызын жүктеген. [102, 26 б.].

Кәкей ақын шығармашылығындағы табиғат лирикасының бәрінен туған өлкеге деген перзенттік махаббат мөлдірлігін аңғармау мүмкін емес. Мұндай шығармалардың қатарында «Туған жер», «Ауыл таңы», «Оралу», «Ауылда демалғанда», «Сөйле, Өлгийім», «Мерейім менің», «Тұлба көлі жүз қазан», «Бұлғыным шалқар айдыным», «Өлгий оттары», «Эрдэнэт», «Хөхгол», «Отаным менің айдыным», «Улаанбатар», «Увс», «Улаагчин», «Бұла Бұлғын», «Тасы Бұлғын», «Нәрін тау», «Осы шығар туған жерге махаббат», «Байтақ өлке» сияқты өлеңдерді айтуға болады.

Ақынның бұл өлеңдері туған жер тарихынан көптеген мәліметтер берумен бірге, бұлар уақыт өлшемінің тереңдігі географиялық ортаның кеңістігімен де, айтар идеяның мәнділігі жағынан да көркем туындылар қатарына жатқызуға ылайық дүниелер.

Ақынның азаматтық лирикаларының ішінде туған жер тақырыбына арналған өлеңдері мәнді орынды иелейді.

Ақынның поэзиясында өскен өлке келбеті ерекше махаббатпен, ынтызарлықпен жырланады. Алғаш өлең жаза бастаған кезінің өзінде оның туған жерді шабыттана тебірене жырға қосқанын көреміз.

Өзіңнен өшпес бақыт құшамын да,
Ақын боп тебіренем ұшағында.
Сұңқар боп қанат қағып ұшамын да
Батыр боп ерік берем күш - ағынға
Туған жер тек өзіңнің құшағында [17, 46].

«Туған жер»

Өлеңде ақын туған жерге деген сағынышын, махаббатын, құштарлығын ерекше көркем түрде сездіріп, оқушысын тәнті етеді.

Екінші бір «Хөхгол» деген өлеңінде:

Төсімді ашып самал құша шабайын,
Осылайша бір рахат табайын
Азынатып дүлдүліңді мінгізші
О, ағайын ақ көңілді ағайын!
Жыр жолымен жүйткіте бір шабайын! — [17, 86.]

дейді.

Ақын туған жеріне деген жан сырын, құрметін білдіре

отырып, өзін өсіріп ержеткізген ортаға қарыздар санайды. Өнер шыңына өрмелетер шабыт сыйлағанын, өзіне артқан сенімін сезіп қуанады. Ол туған жер туралы өлеңдерінде үнемі жаңа серпінмен биіктеп, қиялы көк тіреп, қаламы да шеберленіп отырады.

Өзіндік үнімен өзгеше жырлауға бейім тұратын Кәкей ақын « Улаанбаатар» деген өлеңінде:

Сен тұрғанда басқаша күй іздемен,
Күй іздемен, өзгеден сый іздемен.
Мәр - мәр тасқа айналып шыға келді.

Кешегі дұшпан күлген киіз денең [13, 56.]

деп Улаанбаатардың әсем тұлғасын әдемі жырлаған. « Ақынның жырларының өзгешелігі – бағзы бір ақындарша өлеңді баяндаумен емес, суреттілікпен, образдылықпен, айшықты бояумен жырлауында»

Кәкей ақын қазақтың ата кәсібінің бірі болған қойшылықты, шопандар өмірін жырлаған. Бұл еңбек тақырыбына арнаған өлеңдерінің бірі:

Сағал - сағал Сайырдың қойнауында төбелі,
Сауыншылар ауылына жол жетелеп келеді.
Қожашөптер ақ бөрік есіктерден сығалап,
Қарлы мұздақ қасқарып шаңырақтан төнеді.
« Көріскенше айналып қош - есен тұр жұртым» деп,
Өртенген күн жиекке сіңіп кетті біртіндеп,
Берекенің желінде он саусағы ойнаса,
Көпіршиді шелекте сауылған сүт күрпілдеп –

[13, 296.]

дейді « Ақындар ауылда» өлеңінде.

Шопандар ауылының бар қам - қарекеті көз алдымызға келеді. Қойшы ауылының берекелі дастарханы да, кенпейіл адамдарының « достық лебіндей әзілдері» де бәрі жанымызға жақын, көзімізге таныс бір дүниені жадымызға салады. Өйткені өлеңде суреттеліп отырған өмір - нағыз қазақы тірлік. Өлең, жалпы поэзия – өмірді қозғалыс үстінде, қимылдаған қалпында адамға жеткізе алатын сырлы өнер. Кәкейдің туған жер, атамекен тақырыбындағы өлеңдерінде ақынның туған өлкесінің, елінің табиғатының, кеңпейіл адамдарының, жалпы тіршілігінің көрінісі бай да әсем бояулармен бедерленген және

одан перзенттік сүйіспеншілігі көрініп тұрады.

« Жаңжұңұлы жырлары туған халқының қамымен, харекетімен, тірлік – тынысымен жымдасып, жан - тәнімен сүйген жерұйық мекенінің табиғатына, топырағына арналған суалмас махаббатымен үндесіп, бір өлеңнен екінші өлеңге тылсым сырмен өріліп, қара жерді адамға емес, адамды ана – жерге табындырады.

Анам болған бала жастан,
Атырабыңнан айналдым.
Алтын, күміс араласқан,
Топырағыңнан айналдым.
Көкірегі сара дастан,
Қарияңнан айналдым.
Арасанмен араласқан,
Дарияңнан айналдым! [13, 286.].

Туған жерін бауырына басып, ет жүрегі елжірей еміреніп аймалаған ақынның нәзік, нәрлі, әсерлі, әрлі өлеңі әп - сәтте ән болып көкейге қонақтап, жан жүйені тебірентіп жібереді. Кәкей жырларының құдіреті де, құпиясы да осында» [90, 46.].

Туған жер табиғаты – ақынның тұла бойындағы абзал адамгершілік қасиеттердің қалыптасуына және ақындық қуатының шыңдала түсуіне тікелей ықпал жасайды. Өйткені адам бойындағы барлық қасиеттер киелі туған жердің табиғатымен тікелей тамырласып, үндесіп жатады.

Қиыр жердің татсам да бал-жемісін,
Қақ - сазыңды сағынамын қаталап.
Қойның – самал, құмың – сая мен үшін,
Осы шығар саған деген махаббат.
Ата-бабам кір шайқаған жерісің,
Аунар ма едім шалғыныңа жата қап.
Тауың – жазық, тасың – мамық, мен үшін,
Осы шығар саған деген махаббат [17, 616.].

«Осы шығар туған жерге махаббат» өлеңінің тұла бойынан ақынның елге, жерге, даласына деген махаббаты анық көрінеді. Әр ақын туған жер табиғатын өзінше жырлайды, сезінеді, оның сұлулығын өзінше көріп, өзінше қабылдайды.

Туған жердің қайталанбас сұлу көрінісі, оның әдемі

бейнесі кез - келген адамға сұлу сезім сыйлайды. Табиғатпен тұтастық, оған деген махаббат жеке тұлғаның этика - эстетикалық танымын қалыптастырады. Туған жер, қатар өскен құрбы, атамекен, елге деген махаббат, перзенттік парыз туралы тебірене жыр шертпейтін ақын жоқ. Туған жерді жырлау барлық ақынның перзенттік парызы.

Ақын лирикасының тақырыбы сан алуан дедік. Олай болса өмір шындығын, туған жердегі еңбек адамдарының бейнесін жасау ақын лирикасының басты тақырыбы, әрі лирикалық қаһарманы.

Ақын заман перзенті, дәуір жыршысы. Дәуір суретін жасау оның азаматтық парызы. Тіршілік тынысын, уақыт лүпілін, қоғамдық құбылыстар мен әлеуметтік өзгерістерді зерделілікпен қабылдап, зергерлікпен бейнелеу ақынның азаматтық көзқарасы, дүниетанымының өрелі өрісін танытады. Ақын бұл міндетін абыроймен орындап, заманының жыршысы болды. Уақыт сыпаты жырларында жарқын көрініс тапты. Сондықтан, еңбек адамы оның басты кейіпкері, Халық шаруашылығы салаларындағы өзгерістер, жаңалықтар оның шабыт қайнары. Кәкейде «Эрдэнэт» өлені:

Армысың, жез төбелер, мыс төбелер,
 Армысың, кен - қазынам түсте көрер.
 Армысың, салтанатты ақыл - ойлар,
 Жасампаз бұлшық еттер, күш денелер!...
 Көргенде - ақ көңілің тасып семіреді,
 Әп - сәтте өзгерілер жер реңі.
 Шақыр - шұқыр тас шайнап дәу крандар,
 «Обаның» мыс денесін кеміреді.

Немесе:

Таңдансаң, ал таңданып қара да тұр,
 Мұжылып бір үлкен тау бара жатыр.
 Қойнауға зәулім үйлер көктеп шығып,
 Қас пен көзде салынып қала жатыр [13, 96].

«Қойнауға зәулім үйлер көктеп шығып, Қас пен көзде салынып қала жатыр» деп қала аумағының кеңігендігін шынайы дәл табылған көркем сурет арқылы береді.

Ақын Кәкей өлең арқылы өз дәуірінің маңызды мәселелеріне үн қосып, заман шындығын шынайы бейнелеуге

тырысты. Халық өміріндегі елеулі өзгерістерді, қоғамдық тіршіліктегі маңызды оқиғаларды қағыс қалдырмай, сергек үн қосып отырды. «Космонавты монологы» атты өлеңінде:

...Ат емес, атом мініп шауып келем,

Бір сәтке жанарымнан жасырынба.

Жалқы жер саған серік тауып берем,

Жиырма жас – жиырмасыншы ғасырында, күт мені!

[17, 196.].

Ақын сезімі үнемі заман құбылыстарымен, ондағы өзгеріспен байланыста көрінеді.

«Октябрь шапағымен» өлеңінде заман, дәуір тұлғасы, адамдардың тұрмыс - халі суреттелумен қатар өткен күндер белгісі елес береді. Ақынның поэзиялық шығармалары өзі өмір сүрген дәуірдің негізгі талаптарына жауап беру, соған үн қосу рухында жазылған. Оларда Ұлы Октябрь әкелген «бостандық», «теңдік» алып жаңа өмір жасап жатқан халық және оның жаңа өмір ішіндегі әлеуметтік өзгерістері суреттеледі.

Күндерің қайда бұрымынан сүйрелеген,

Құлдарың қайда, малмен мал боп үйренген.

Қайда бүгін қан сасыған жер дауы,

Бас жарылып, көк сүңгіге түйрелген [13, 36.]

деп «күн мен құлдардың» қатарға қосылғанын, өткен күндерден елес қана қалғанын, қазан төңкерісінің алпыс жылында мүлде өзгеріп түлеген тірлікті өлең өріміне айналдырады. Бір ғажабы мұндай өлеңдері бір - екіден аспайды. Кеңестік идеологияның тегеуірінімен жазылған өлеңдер көп болмаса да ұшырасады. Ол үшін ақынды айыптаудың қажеті жоқ.

Атпаса егер Октябрьдей таң күліп,

Қапастықта өтер едік мәңгілік...

Талай ғасыр серпілмеген тіршілік,

Алпыс жылда - ақ шыға келді жаңғырып! [13, 36.].

Ақын сезімі үнемі заман құбылыстарымен, ондағы өзгеріспен байланыста көрінді. «Улаагчин» өлеңінде – заман шындығы, адамдардың тұрмыс - халі суреттелумен қатар өткен күндер белгісі де елес береді. Ақын Улаагчиннің өткені мен бүгінін салыстыра жырлайды. Бұл арада Илияс Жансүгіровтың көркемдік тәсілінің үлгісі анық байқалады. Ақын «кеше, бүгін»

деген сөздер арқылы контраст жасайды.

Кеше:

Қаралы аспан түксиді,
 Қара тұман топтала
 Шапқын жұртта быксиды,
 Қоңырсиды от - шала.
 « Елім—айлап есіл жер,
 Егіліп тұр күз мынау
 Сарғалдақты кесір жел
 Сағағынан үздің - ау.

Бүгін:

Қарашы, қандай сол ара?
 Улаагчин бүгін басқа алап.
 Қойнауы толы қораға,
 Баурайын тас жол таспалап [13, 206].

Ақын поэзиясындағы туған жер Атамекен оның адамдары туралы сыр шертетін өлеңдерінен қалам қуатының бейнелілігі сан алуан ізденіс үлгілері мен философиялық топшылаулар терең танылады.

Ақындардың туған жер туралы өлеңдері ылғи да пәк сезімдерге, мөлдір махаббатқа тұнып тұрады. Кәкей ақын туған жер туралы өлеңдерінің ауқымын кеңейтіп, ойларын тереңдетумен қатар, оны Отан атты ұлы ұғымға ұластыра білді. Ақын сөйтіп тақырып шеңберін кеңейтеді, қалам қуатының шыңдала түскенін танытады.

Х. Досмұхамедұлы: « Халықтың құлқы, мінезі, ойы заманындағы әдебиетінен білінеді» – дейді [99, 1476].

Арқалы ақын, қоғам қайраткері Кәкей Жанжұңұлы туған ұлтын жан-тәнімен сүйген қазақтың біртуар асыл азаматтарының бірі еді. Баба жұртының киелі топырағын жыр жиһазына қосқан Кәкей:

Бабам жері-ай,бірге біткен кіндігі,
 Өлгенде бас,тірлігінде жұрты қап, [17, 466.]

дейді сағынышының сырын өлеңімен өре білген ақын «Оралу» (1969) атты өлеңінде – Атамекен туралы. Бұл жас ақынның жыр әлеміндегі жаңа бір әуенінің бастамасы. Атамекен туралы ақжарма сезімін өзіндік өрнекпен шырайлы да шұрайлы жеткізе

алған суреткер.

Қадірінді білдім мынау жалғанда,
Аңсауменен ақ көкірегім толғанда...

немесе:

Қимастығым езе-езе еңсені,
Құстай ұшып аңсап келем мен сені.
Жұдырықтай жүрегімнің сазына,
Жұмыр жер тұр теңселіп! – [17, 466.].

дейді, ақын жүрек, алып ұшып аңсаған ата-баба мекеніне табан тірер алдында. Ал «Бабам менің» (1966) өлеңінде былайша толғанады:

Кек тасқындап, кеудеге мұң батқан шақ,
Қас жауларын жайпап өткен аттан сап.
Жығылғанда қан жамыла қайысып,
Ұрпақ үшін келер күнді жатты аңсап [17, 116.].

Өлеңді оқып отырған саналы азаматтың жүрегі дүрсілдеп, тағдыры аласапыран болған бабаларымызды мұндана еске алары хақ.

Қанын төгіп сол бір ауыр жыл үшін,
Бабам менің қорғап қалған ұлысын.
Дала төсін ат тұяғы қытықтап,
Шауып өтті ол кекке қайрап қылышын [17, 116.].

Ақын бабалар рухына арнап жазған шумақтарында ата-баба арманымен сырласқандай сыр бар. «О, Бабалар» атты тебіреністі, отаншылдық сезім отына толы өлеңдері ақынның елдік рухты, ұлттық намысты жүйелі түрде шабыттана жырлап келе жатқанының айғағы өлеңді оқып отырған саналы азаматтың жүрегі дүрсілдеп, тағдыры аласапыран болған бабаларымызды мұндана еске алары хақ.

Ақын өлеңінде «аттың жалы, түйенің қомында» жүріп ұрпақ қамын ойлаған бабалар алдында өзінің қарыздар екенін айтады. Дәстүр жалғасып, арман орындалмақ.

Ат жалында от пенен оқ қамалап,
Өтті өмірден өр төсіне мұз артып.
Менің киер көйлегімді жаңалап,
Менің жүрер соқпағымды ұзартып.
О, Бабалар жазбаған жыр хатың бар.
Бұл тірлікте бітпей қалған ақың бар.

Бітіретін ұрпағың бар, атың бар,
 Май топырақ торқа болып жатындар! – [13, 236.].

Кәкей ақынның « Кетпен» деген өлеңі Ата-Қарияның өсиет сөзімен берілген.

Ақ батам: ата жолын қусан балам,
 Күніңді бақ санама бусанбаған.
 Бар мұрам саған қалар қара кетпен.

Бар мұрам – жұпар иіс жусан далам! [13, 246.].

«Тарамыс қолыменен қалтыраған, Сипап бір кетпен жүзін жалтыраған, Көзі осы бақытыңның, ал бақытты, қадірлеу – ата-бабаң салты балам! – деген шумақтағы Баба өсиетін « кетпен» немесе, осы бір кішкентай деталь арқылы бере отырып, оқырманға ой тастайды. Өнер – өлеңнің күші осы тараптан анық аңғарылмақ.

Қазақ өнері, оның ішінде сөз өнері әдемілік пен сұлулықтың, эстетикалық ләззаттың қайнар бұлағы болумен қатар үлкен мемлекеттік, қоғамдық - әлеуметтік деңгейге көтерілгенін естен шығармаған абзал [104, 346.].

« ...Лирикалық поэзияның заман жайын, әлеуметтік мәселелерді қозғайтын үлкен бір саласы – азаматтық лирика. Өмір жөнінде, халықтың тағдыры туралы ой - толғамдар ақынның өз көңіл - күйімен терең ұштасып, өзінің өмірге қатынасын суреттеу арқылы көрінеді. Адамның белгілі бір дәуірге байланысты ой - арманын, мақсатын жырлайды, жалпы әлеуметтік мәселелерді толғайды...» [100, 226.].

Әдебиет босағасын аттаған сонау 1960 жылдардан - ақ бастап Кәкей Жанжұңұлы өлеңдері арқылы заманауи оқиғалар мен мәселелерге үн қоса білді. Оның өлеңдері заман шындығын көрсететін өмірдің өзінен туған қоспасыз таза шумақтар. Өлеңдерінің өзегінен халық тағдыры, өз бейнесі көрінеді. Ақын қаламынан туған қазақ халқының басынан өткен толып жатқан әлеуметтік теңсіздікті, қоғамдық қайшылықтарды көрсететін туындылары бар.

Сөзіміз дәлелді болу үшін ақын өлеңдерінен атай кетсек: « Мен...» (1966), « Біз олармен біргеміз» (1966), « Космонавты монологы» (1967), « Дана дауысы» (1968) « Карл Маркс туралы өлең», « Спектакль үстінде» (1968, Алматы), « Айхай Русь» (1970), « О, Ангара толқының талас ұрар» (1970),

« Октябрь шапағымен» (1977), « Вьетнам ананың шағымы» (« Коммунизм көшіне ерген итаршыларға »), « Улаагчин» , « Бурлагтар» (Репиннің картинасы), « Мойындау» (1990), « Тілім - пірім» (1986), « Қазақтың көтеріліп шаңырағы» (1991), « Қой жылының көктемі» (1991), « Отыз сегізінші жыл» (1988), « Қарлығаштың күйік шалып қанатын» , « Бес минут...» (Грек балаларының АҚШ президентіне жазған хаты), « Сақта жерді адамзат» (1985) т.б. сияқты үлкен саяси оқиғалар мен әлеуметтік мәні зор мәселелерді көтерген өлеңдері дәлел болмақ. Ақындық бай азаматтық парасат пен биік адамгершілік жұршылықты игі істерге тәрбиелейді. Қатпарлы сезімдер болмысы тіл құдіретімен көркемдеп жеткізу арқылы ақын өз шеберлігін танытып жатады. Сондықтан да ақын лирикасы шындық пен шеберліктің шындалып келіп , шымыр ететінін эстетикалық мол құнарлы шығармашылығы. Ақынның лирикалық кейіпкері де өзінің жоғары парасаттылығымен, жоғарғы болмысымен үлгі боларлық. Ақын жаны ақиқат пен әсіре сезімталдықты қатар өріп, нақты шындықтың шырайын шығарады.

Ақын шығармашылығында кездесетін тақырыптардың бірі – достық туралы. Кәкей ақын бұл тақырыпта да көптеген өлеңдер жазып өзінің достық, жолдастық жайлы терең де идеялы, өрелі ойларын, нәзік сезімдерін жыр жолдарына түсіріп көркемдік бейнеде суреттеп лирикалық қаһарманнан әр қырынан көрінетін мінез құлқын ішкі психология сезімімен айғақтайды. Талантты ақынның бұл тақырыпқа арнаған өлеңдерінен айтар болсақ: « Достарға», « Баға беріп сыртынан», « Бір досқа», « Қасыңнан да көңіліңді суытпа» .

Қаламгер өз тұсындағы дәуір шындығымен бетпестеліп келіп, оның ең көкейкесті деген мәселелерін ой мен сезім елегінен өткізеді. Ақын өз заманының өзекті құбылыстарына деген көркем пайымдауларын шығармашылығы арқылы оқырман назарына ұсынғанда, салқынқандылық таныта алмайды. Заманына, айналасына деген адами көзқарастың ең бай түрі поэзиядан танылатын шындық. Сондықтан да адам мен дәуір арасындағы байланыстан туатын көңіл-күйді көрсетіп берудегі поэзияның көтерер жүгі үлкен. Туада біткен дарын, талантты шығармашылық іскер ізденіспен нық ұштастырмай тұрып заман талабына сай туынды жасау мүмкін емес.

Осы реттен келгенде әрбір қаламгердің жаңашылдығы оның шығармашылығындағы – азаматтық болмысының даралығымен, қоғам, заман жайынан сыр шерткен шымыр, шынайы, өр рухты жырларынан танылатындығы ақиқат.

К. Жаңжұңұлының поэзиясында уақыт жүгі, заман талабы, халықтың мұң - мұқтажы көрініс береді. Оның әлеуметтік - саяси лирикаларымен қатар сол кезеңдік оқиғаларға үн қосып, көзқарасын білдіруі айқын, бедерлі.

**Жанда – рух , бойда – қан күшіменен,
мазалайын Атажұрт, түсіңе енем**

Кәкей Жаңжұңұлы жаңашыл ақын. Оның жаңашылдығы – кезеңдік жаңа поэзияның азаматтық рухын, үнін жаңа мазмұнмен жаңғыртуында, жаңа мазмұнға сай түрлік өзгешелік жасауында, поэзияның көркемдік құралдарын байытуында.

К. Жаңжұңұлының Атамекен туралы жазған өлеңдері - үлкен әлеуметтік жүкті көтереді. Ақынның Алматыда оқыған жылдары жазған өлеңдеріне тоқтала кетейік. « Спектакль үстінде» өлеңі:

Зал. Тыныштық. Күрсіністер. « Жалған - ай» ,
Жапырақтар жастайынан солғаны - ай...
Сахнада сұм соғыстың бейнесі,
Сахнада күңіренген Толғанай [17, 266].

Кәкей ақын үлкен (саяси мәні бар) шындықтың сыртқа шығар бастауын болмашы көріністен тауып алып, мәнді де маңызды оймен түйіндейді.

Қозғалды ма, шіркін жара түптегі,
Неге егілді, Мынау әжей « уһ» - деді.
« Уһ» - дегені қандай ащы япыр - ай
О, қасірет, саған қанша жүкті еді?! [17, 266].

Ақын жаны нәзік те сезімтал. Соғыс жылдарында ел басына түскен ауыртпалықтың азабын, соғыс өртіне шалынған арманды аналар мен арулардың мұңлы тағдырын жан-сезімімен сезіне түсіп, ащы шындықты өмірдің өзіндей етіп оқырманға жеткізе білген.

Қарғыс апат солдырмады не гүлді,
Қанша бүтін қабырғадан сөгілді [17, 266].

« Шығарма толық сол дәуірдегі қоғамның дамуынан туындап отырған, тарихтың өзі алға қойған ең көкейкесті мәселелерді толғай білуі және оларды халықтың көзімен қарап, түсініп, баяндап беруі шарт» – деп жазады ғалым З. Ахметов [112, 59 б.].

Ау, адамдар, тарих өзің сөйлеші,
Соғыс түгіл шошытпай ма бейнесі.

Ұстатпаңдар алқымынан өмірдің

Жыртылады тыныштықтың жейдесі [17, 266.].

деген қос жолдан Кәкейдің өзіндік, жеке дара қолтаңбасымен қатар ақындық азаматтық тұлғасын танимыз.

Ақын творчествосындағы азаматтық әуен әлеуметтік мақсат пен мұрат бірлестігі жер бетіндегі бейбітшілікті қолдап, тыныштықты, адалдық пен әділдік құштарлығын қалайтын бағытты танытады. Мұндай қасиеттерді тұла бойы тұнған адмгершіліктен тұратын тұлғалар ғана айта алады. Ақындардың бойындағы асыл қасиеттер жиынтығы өлеңнің өнін кіргізіп, әдебиетіміздің азаматтық дәстүрін жалғастырып, келешек ұрпаққа туған елінің әлеуметтік мұраттарын жеке басының мүддесінен жоғары қоя білетін биік интеллектілігімен үлгі бола алады. « Сақта жерді, Адамзат»

Ей, Адамзат, Жұмыр Жерді сақтаңдар,

Қол көтеріп еш күнәға батпаңдар.

Ана ғой ол, бәрімізге Ана ғой,

Оңған емес өз Анасын атқандар!

Сақ бол Адам! Жаза баспа адасып!

Қас - қағым сәт – « Бар» мен « Жоқтың» арасы,

Қас - қағым сәт – ағып қана түспесін,

Жалқы Жерің – жалғыз ғана қарашық,

Сақта Жерді, күллі адамзат баласы! [13, 206.].

Бұл бір адамға ғана емес, күллі адамзат баласына қарата айтылған пайым - пәрмені деп ұқсақ болады.

Ақын елдің қоғамдық өміріне белсене арласып өз заманының маңызды мәселелерін өлеңіне өзек етті.

Дүние әлемнің бүтіндігі, бейбіт өмір - тіршілікті қадірлеу Кәкей шығармаларында ерекше шоғыр құрайды. Ақын бұл тақырыпқа үнемі айналып соғып отырған, басты сарынға айналдырған. « Бес минут...» атты өлеңі: (Грек балаларының

АҚШ президентіне жазған хаты) әр адамның ой - арманына айналған жұмыр жердің тағдырына алаң болады.

Президент және сізден бір сұрақ:

Неге қажет бейбіт елдің шырқын ап?

Онсыз да тұр ұстараның жүзінде

Жалқы жердің жан дауысы шырқырап [13, 196].

Ақын жырлаған тақырыптың маңызды ерекшелігі – оның қалың қауымның, оқушы - жұртшылықтың ой - санасына жанасымдылығы, ұғым - түсінігіне жақындығы, өмір құбылыстарын бейнелеу шеберлігінің мейлінше қарапайым болып келуі. Ақын Кәкей өлең тілі арқылы өз дәуірінің маңызды мәселелеріне үн қосып, заман шындығын шынайы бейнелеуге тырысты.

Төлеген Айбергенов – поэзияның болмысын терең түсінгенге ұқсайды. Оны ақынның мына бір кара сөзбен жазған ойынан анық білуге болатын сияқты: « Поэзия –адам көкірегінің ең алыс түкпірлеріне дейін шымырлап-жаңғырып, шулап-буырқанып жететін ең сұлу жан сыры , тұтас бір халықтың басынан кешірген рухани өмірінің көркем шежіресі. Адамның сол ішкі жан-дүниесінің шынайы адал сыры жайлы бүкпесіз ақтарыла сөйлегендіктен де нағыз поэзияның ғұмыры шексіз» – деген тұжырымын Кәкей шығармаларына да айтуға болады [23, 456].

Тың тақырыпты көтеру арқылы ақын заман сырын ашады, әсіресе оның қайшылықтары мен кемшіліктерін көрсетеді, алға болашаққа жол сілтегендей ой қозғайды. « Мойындау» атты өлеңі өткен өмірді ой елегінен өткізеді.

Ағаттықты айып санайды:

Кеше ғана желпілдеп алқылдаған,

Таңдайымнан тәтті сөз жалтылдаған.

Өз үнімнен шошимын сол кездегі

« Коммунизм, міне!» деп саңқылдаған [27, 36].

деп өткен өміріне есеп бергендей болады. Бұл жаңа заманның жыры десек артық айтқандық емес. Ақын сезімінде бір--өкініш, бір –үміт алма кезек ауысады. Өтер өтті, енді не істеу керек? « Еш алаңсыз келемін, о, бетім-ай!» деп енді басқаша қимыл жасауды ниет етеді. Біз—оқырман қауым ақын сөзіне сенеміз. Себебі осы өлеңі арқылы-ақ өткен кемістіктерін жөндеп жіберді

емес пе? Ақын көптің ойын әдемі айта білген.

«Көркем әдебиет сөз сұлулығы ғана емес, сөзге сіңген сұлулық, оның жаны – ақиқат» [101, 486.]. Еш боямасыз ақиқатты айту деген – осы.

«Лирика - дейді академик З.Қабдолов, – әдебиеттің Аристотель заманынан бері келе жатқан дәстүрлі үш тегінің бірі. Шындықты адамның ішкі көңіл-күйіне бөлеп, ойы мен сезіміне астастыра суреттейтін терең психологиялық шығармалардың түрі» [38, 326б.]. Бұл лирикалық шығарманың табиғатын танытатын, оның жанр ретіндегі ерекшелігін, болмысын ашатын шығарманың жеке өнер туындысы қалпында өзіндік жасалу заңдылығы барлығын есепке ала отырып айтылған керемет тұжырым. Лирикалық қаһарман – ой-пікірі, сезімі, өмірге көзқарасы лирикалық шығармаларда байқалатын, образы лирикалық шығармалар арқылы жасалатын адам бейнесі.

Ақын өз қоғамының перзенті. Олай болса ақын дауысы заман дүбірімен үндес. Замандас көңілімен сырлас болуға тиіс. Заманының зәру мәселелерін қай жерде болса да шырқырап айтып, әлеуметтік мәнді проблемаларды дер кезінде өнеріне өзек ету керек. К. Жаңжұнұлының 1966 жылы жазылған «Біз олармен біргеміз» атты өлеңіне тоқталсақ:

Ол әділдік, ерлікпен тұр күй алып,

Жауыздықты кінәлап.

«Ақ үйдегі» қап - қара сұрқиялық,

Басын иер күн әлі - ақ.

Қорқытпайды ақ әлемді бұл егес

Болат қамал іргеміз.

Өжет Вьетнам!—

Әділдіктің жалқы өскен ұлы емес.

Олар бізбен,

Біз олармен біргеміз! [17, 196.] деп бейбітшілікті аңсаған ел арманының бірлікте болып, бір - біріне таяныш – тірек екенін жеткізеді.

Әдебиет зерттеушісі, ғалым Б. Кенжебаев ақынның кім және қандай болуға тиіс екенін былайша түйіндейді: «Ақын деген талантты, дарынды, ерекше қабілетті, аса білімді мәдениетті адам деген сөз. Ол жағдайды, мәселені, өмірдегі өзгерісті, жаңаны, жақсыны жұрттан бұрын көруге, аңғаруға,

сол көргендері мен аңғарғандарын дәл түюге тиісті: жұрт білмегенді ол білуге міндетті. Сөйтіп ол әрдайым тың, жаңа мағыналы күрделі ой - пікір, дәл нанымды, жарасты сезім, сурет тауып айтуға тиісті» [93, 61б.].

Өлеңнің өлшеуіші де, оны тартар таразы да басқанын бақыты үшін, туралай айтқанда, адамзаттың ар - ожданан қызғыштай қориды, және барша қауымға қызмет қылуды мақсат еткен. Ақын Кәкейдің « Мен...» өлеңінде:

Бейбітшілік бейнесі бар күшімде,
Жарық әлем, бақытты өмір үшін де!
Жалпақ басып мынау атом ғаламын.
Сыбағамды аламын.

Ақ арманды ат қып мініп зымырап,
Ақша бұлтпен араласып барамын. – [17, 9 б.]

Ақын лирикасындағы «сөз сарасының қадір - қасиеті жеке бастың мұң - мұқтажынан жоғары тұрады, « өнегесі» — адамдарды тәрбиелеудің қастерлі құралы.

..Лирикалық кейіпкер – сол өзі өмір сүріп отырған дәуірдің дауысы.

Поэзияның әлеуметтік, адамгершілік, тәрбиелік пафосы сол: ақын уақыт сырына құлағын қойып, заманының құбылысына талдау жасайды. Жүрегінің түбіндегі тірнектеп жиған асылын тіліне тиек етеді.

Қоғамдық өмірдің ең көкейкесті мәселелері – халықтың тағдырына, мүдделеріне, келешегіне байланысты сарындар ақын өлеңіне арқау болды. « Вьетнам ананың шағымы» өлеңінде АҚШ-тың бейбіт елге көрсетіп жатқан озбырлығы суреттеледі. Бір елдің отбасын ойрандап, ордасын құлатып жатса оған ақын-жүрек қалай үнсіз отырсын! Ақын озбырлыққа, зұлымдыққа қарсы. Кәкей қару-қалам арқылы гуманистік идеяны жырлайды. Өлеңін оқып көрейік:

Күллі ауылды жауыздар бірақ қырды,
Шырқыраған дауыстан құлақ тұнды.
Көз алдымда кескілеп тұңғышымды,
Кіші ұлымды найзалап лақтырды,
Міне, қанды сойқанның қасіреті осындай. Бұдан әрі:
Ел, Аналар! Жердегі бар аналар,

Бұл да тарих алдында сараланар!
Нақ жасымды қараңдар отыздағы.
Ақ шашымды қараңдар аруаналар,
Мен сендерге шағынам, бар аналар! – [13, 9 б.].

дейді.

Бұл өлең сонау өткен ғасырдың алпысыншы жылдары жазылса да, дәл бүгінгі күннің үніндей әсер қалдырады. Ана атынан айтылған арыздай шынайы естіледі. Тіпті қазір де от оранып жатқан елдер баршылық екенін ескерсек, ақын өлеңінің өміршендігіне көзіміз жете түседі. Өрескел өктемдік күндердің бір күнінде бүкіл аналар алдында жауап беріп, «тарих алдында» бір сараланатынына сенесің. Аmandық әлемнің әр бұрышына керек екенін түсінесің. Ізгі ниет, азаматтық әуен деген осы болса керек.

Кәкей туындыларында кездесетін тақырып жаңалығы, оқиға күрделілігі, мазмұн өзектілігі – (тың да соны ойланыстар) оқырман назарын аудармай қоймайды.

Бір қиырдағы жалғыз мола. Кез - келген жанға ой салғандай. Туған жерінің топырағы бұйырмаған жалғыз жан кім екен? Шерменде көңіл шерін былайша таратады:

Ертіс түсіп есіне, Қайран шынар,
Күрсініспен құшағын жайған шығар.
Сары арқаның самалын сағынып кеп,
Шөліркеген таңдайын шайған шығар...
Бабам ғой ол, жол іздеп күртіктерден,
«Ит жеккенге» айдалған, Үркіт келген
Әже ақтығын басына кеттім байлап,
Жаулығының ұшынан жыртып берген [17, 58б.].

Өлең ақынның бір сәттегі көңіл - күйінің көрінісі, әрі өрелі ойға негізделген, үлкен әлеуметтік мәнге ие туынды. Ақын жаны тебірене толғаған осы бір туындыдан Кәкей Жанжұдұлының ақындықпен қатар азаматтық тұлғасы да танылып тұр.

Ақын лирикасының басты ерекшелігі – аз сөзге көп мағына беру, өмір шындығын өзінен ойып алғандай көркем жанды суреттер арқылы елестету. Сондықтан да оның өлеңі өте шағын жинақы, басы артық сөздің болмайтыны осыдан.

Поэзия – белгілі бір уақыттың жемісі. Әр ақынның

жетістігі мен кемшілігі жөнінде сөз болғанда, әңгіме жемісі сол ақын өмір сүрген орта мен уақыт туралы болмаққа керек. Яғни, сол уақыт ақын шығармашылығының өзекті нүктесіне айналып, көңіл кеңістігінің құпия сырларын ақтарып, оқырманның жүрегіне жол тартқанда, лирикалық кейіпкерлердің сұлбасы арқылы өлеңнің шынайы келбеті айқындала түспек [103, 556].

Әлбетте, қандай бір қаламгердің жаңашылдығы оның дүниетанымының өрісіне байланысты болмақ. Қайнаған өмірдің бұрылыс – қалтарысындағы әрбір құбылысты қырағылыққа танып - білу, сөйтіп, оны көркем бейнелеу ғана жаңашылдыққа жол ашпақ. Ендеше ақынның поэзиядағы жаңашылдығының түп төркіні неде? Ол оның жырларының өмірмен өзектес реализмінде. Ақын өмір шындығын азаматтық алғырлықпен, ақындық ұшқырлықпен ұтымды жырлап отырды.

« Табиғат – Өмір – Уақыт үшбұрышының ортасында ақындық тағдыр мен уақыт ағысына сәйкес ситуацияны білдіретін уақиға жатады» [103, 946].

Шет жұртта жүріп жатқан әр қазақ ата - бабасының туған жерін аңсайды. Соның тыныс - тіршілігіне құлақ түреді. Кәкей ақын « Естисің бе, даусымды» өлеңінде ұзақ жылдар бойы көңілінде сартап сағынышқа айналған атамекенге деген ынтызар құштарлықты ғажайып тәтті мұңға толы сыр - сезіммен шынайы бейнелейді.

Өткерсем де сан тозғын, қырқысуды,
Түгендесең аз емес түр-түсімді.

Шартарапқа тағдыры шаша салған,

Менің халқым шашудың құрты-сынды [27, 106.].

« Біз халықтық деп атамекен сұлулығын жыр етуде әсерлі, айшықты сөз қолдануды, тұрмыс салтын дәл бейнелеуді ғана түсінбейміз, шын мәнінде, халықтың-халықтық рухын түсіну. Кітаби оқымыстылықты тастап табаныңмен жер басып көру» [135, 106.]. – дейді ғалым Р. Нұрғали.

Кәкей ақын « Шашудың құрты сынды» шашылған халқының тағдырын суреткерлік сезімталдықпен табиғи бейнелейді. Бөлініп-бөлшектену ұлт болмысын өзгерткені де анық ақиқат емес пе?

Кемшілік те бар менде, теңшілік те.

Өмір көшім жүрмеген жөншілікке.

Жарты елінде Әлемнің жартым жүрсе –
Жібермеген ешкім де елшілікке!
Тап-тұйнақтай өзгенің жұрты сынды
Біріктіре алмадым пір - күшімді
Момын едім тарихтың өзі үйретті
Қамшы үйіріп, жағаны жыртысуды [27, 106.].

Ақын Назым Хикмет: « Ақын өз жүрегін жеп, оның дәмін басқаларға да татқыза білуі керек» -деген қарапайым ғана айтылған бұл сөздердің астарында үлкен мән-мағына, терең ой жатқаны айдан анық.

Ақынның жеке басындағы жайлардан оның өмір сүрген дәуірі, сол кезеңнің саяси-әлеуметтік қайшылықтары, қоғамдық өмір өзгешеліктері көрінеді.

Кіналама, жақсым не, жаманым не,
Соның бәріне айыпты заманың де.
Ұланғайыр өлкеме кетсем сыймай ,
Сыйдырмаған тағдырға амалым не?
Жанда-рух , бойда-қан күшіменен
Мазалайын Ата жұрт, түсіне енем
Іздегендей үйірін енді енді
Естисің бе, даусымды кісінеген! [27, 106.].

Тағдырдың тәлкегімен, анығырақ айтқанда бодандық бұғаудың қысым - қиянатынан тарыдай шашылған қазақ халқының мұң - наласын жан - жүрегімен сезіне отырып шынайы жеткізеді, заман зауалын айтады. « Енді - енді үйірін іздейтін» уақыттың жеткеніне қуанады. Өлеңдегі табиғилық жүрекке жылы тиеді.

Бұл – өз Отанын шексіз сүйген, оның қуанышына шексіз шаттанатын, қайғысына шексіз мұңданатын адамның жан сыры, шын тілегі. Біз бұдан лирикалық қаһарманның барлық уақытта өзінің алдына қойған ізгі мақсатына, асқар таудай арманына деген аландаушылықты, ойдағы орындалса халқына пайдасы тиетіндігін білетін, сол үшін өз жүрегімен аласұра алысып жүретіндігін сеземіз. Оның өз жанына тыным бермейтіндігінен қара басы емес, Адамзат деп соққан үлкен жүректің дүрсілін танимыз .

Туған халқының көсегесін көгертпеген көре алмаушылық, пендешілік, кері тартпа мінезін шынайы беріп

адамгершілікке, парасаттылыққа үгіттейді.

Мұның өзі жәй ақындық шеберлікті ғана емес, азаматтық құдіретті, азаматтық асқақ позицияны танытса керек. Кәкей Жанжұңұлы « Қазақтың көтеріліп шаңырағы» атты өлеңін 1991 жылы тәуелсіз ел болғанда жазыпты.

Жеке ел боп ұйымаппыз сондадағы,

Білмедім бақтың неге қонбағанын? - деп, өз-өзіне сұрақ қоя отырып, әр қазақтың баласын ойлануға, ұлтының тағдыры жайлы толғануға жетелейді. Сөйтеді де тағы:

Жақ - жақ боп ру - ру тұйықтаған,

Ыдырап сол себепті сұйықтаған.

Би болып бас-басына күпінгендер,

Берекелі ел етіп ұйытпаған, - деп жауап та береді.

Ашы да болса шындық. Осы бір ұлттықтың берекесін кетіретін жаман қасиет—қазақтың жауы, содан сақтанса екен халқым—деген адал ниетін ақын өлеңінің соңғы шумағында « есінде болсын,сақтан, менің қазағым» деп айқайлағандай әсерде жеткізген мына шумақтармен түйіндейді:

Шашылдық сол себепті ақ тарыдай,

Байтақ ел боп басына бақ дарымай.

Ұлыс боп енді ғана оянғанда,

Көлденең көк аттыдан сақта, құдай [27, 96.].

Бір жағынан ел ішін ала тайдай бүлдірген берекесіздікті сынайды. Бақталас, қызғаныш, көре алмастық сияқты жаман әдеттер тарыдай шашылуға себеп болды. Билеушілер іштей ірітіп жауластырып отырды дей келіп, « ұлыс боп оянғанда енді ғана, көлденең көк аттыдан сақта құдай!» – деп бір Аллаға жалбарынады. Елдіктің баянды болуын тілейді. Ел қамын ойлау ақынның азаматтық болмысын асқақтата түспек.

Поэзиядағы ақынға тән поэтикалық әлемнен сүзіліп шығатын лирикалық қаһарман немесе лирикалық кейіпкер – ақынның рухани әлемін танытатын ақындық тұлға дер едік [117, 6]. Нақтылай айтқанда, « лирикалық меннің» жан - дүниесіне үңілу деген сөз – ақынның өз жүрегіне үңілуі, өз болмысын танытуы. Ақын лирикалық кейіпкерді бейнелеу үстінде өз жанының жұмбақ қырлары мен шынайы жүрек сырларын сарқа ақтаруы арқылы ғана даралыққа бой ұратыны шындық. Олай болса—ол өзінің өлеңінде қаһарманын барынша биікке көтеріп

қана қоймайды, бәрінен бұрын өз даусын естіртуге, ақын екенін танытуға тырысады.

Ақын Кәкей Жаңжұңұлын өзге көптеген ақындардан даралап алып, шығармашылық бағыт - бағдарын саралап отыруымыздың себебі бар. Атап айтар болсақ, аз жылдық шығармашылық ғұмырында ақын кеңестік идеологияға емес, туған халқына адал қызмет етуді мұрат тұтты. Ұлттың болмыс бітімі мен рухани тірлігін мейлінше шынайы суреттеуге ұмтылған өткір, уытты шығармалар жазып өтті.

Ақынның « Коммунизм көшіне ерген итаршыларға» атты өлеңдер циклінде мынадай шумақтар кездеседі:

Арман көшін алғанда жетегіме,
Бір ит келіп жармасты жетегіме.

.....
Үре берсін, кес - кестеп бүріккендер,
Күрендерім, оскырып үрікпендер.

Түйелерім жез бұйда, шегінбеңдер,
Сабаларым, шайқалып төгілмендер.

.....
Қоңыраулатып өткенде от қамаудан,
Бір шәуілге абдырап тоқтамаңдар.

Тоқтамаңдар, ілгері асығыңдар,
Күллі әлем, итсіз өтер ғасырың бар!

Ақын үшін қазақ халқының болашағынан күткен жайлы, бақытты шақ тек ұлттық мұрат тұрғысынан көрініс береді. Дара ақынның ұстанған басты позициясы « Үре берсін, кес - кестеп бүріккендер, / Күрендерім, оскырып үрікпендер. /Түйелерім жез бұйда, шегінбеңдер, /Сабаларым, шайқалып төгілмендер» деген шумақтардан айдай анық көрінеді. Ақындық қолданыстағы қазақ халқының тыныс - тіршілігіне қатысты ұлттық атаулар алынып отырғанының астарында үлкен әлеуметтік мән бар. Ол –қазақ халқының ұлттық ерекшеліктері, салт - дәстүр, әдет - ғұрып, салт - санасынан айрылмандар, ұлттық мінез, ұлттық болмыстарыңды жоғалтпандар дегенді көркемдікпен көмкеріп аса ұтымды жеткізеді.

« Тоталитарлық жүйенің темір тақасы қабырғаларына

талай батса да олар Рух атты ұлы сезімді жүректерінде аялап өсірді. Үлкен трибунада халық атынан сөйлеу, өзінің туған ұлтының келешегін болжай қамқор үн танытуы, ол жылдары екінің бірінің қолынан келмегені шындық» деген жолдар ақын К.Жаңжұнұлының асқақ жырларына да арнап айтылғандай.

Ақиқатында монғол қазақ поэзиясы үшін Кәкей өз жырларымен үлкен серпіліс ала келді. Әсіресе, ақын азаматтық лириканы, көркемдік кестесін сақтай, халық тілегін қозғап, жүрекке жеткізе тербеу арқылы үлкен ақындық шеберлік танытты.

Ақын шығармашылығы қоғамдық – кезеңдік құбылыстардан бастап, ұлт тарихының арғы - бергі кезеңдерін, танымал тұлғалардың тағдыр - талайын (« Дана даусы» , « Сәбит Мұқановқа» , « Ғани») уақыт пен ұрпақ үндестігін, адами - имандылық мәселелерді, диалектика заңдылықтарын, өмір - тұрмыс сырларын кең көлемде көрсетеді.

Ақынның поэзиясы - азаматтық әуен, азаматтық үнді жаңаша қырынан көтеріп, мазмұнын жаңалап қана қоймай тыңнан түрен сала білді. Бұл оның махаббатты, туған жерді, Отанды, бүкілтіршіліктің анасы болған жұмыр жерді жырлайтын өлеңдерінен анық көрініс табады. Ақын поэзиясын зерттеу үстінде біздің тоқтағымыз келген тағы бір ерекше қасиеті, күллі поэзияның негізгі желісі – оның шыншылдықтан айнымаған шынайылығында. Ақын қай тақырыпты жырламасын, қай мәселелерді қозғамасын соның бәрінің негізі ұлы жазушы М. Әуезов айтқандай: « Көп шындық жұртшылыққа ортақ шындық бар» . Ақын осы « жұртшылыққа ортақ бір шындықтан» танған емес. Ақын – өз өмірінің, жеке бас тіршілігінің рахатын халық бақытына айналдырған, өзінің қысқа ғұмырын халық жолына жұмсаған ақын. Оның қай өлеңін алсақ та сезімге салмақ салады. Тақырыпты көтеру арқылы ақын заман сырын ашады, әсіресе оның қайшылықтары мен кемшіліктерін көрсетеді, алға болашаққа жол сілтегендей ой қозғайды. « Халықпен бірге өмір сүріп, мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған, бірге қуанып, бірге қайғырған жазушы ғана халықтық шығарма жаза алады» [117, 50б.] – деген пікірді ақын туындылары, сөз жоқ, ақтай алады. Құбылыстың ақиқаттығына жүгіндіреді, реалистік өмір шындығын көрсетеді. Қысқасы, ол өз заманының шындығын

бедерледі.

‘Ақын Кәкей Жаңжұндылы «Мойындау» атты өлеңінде:

Бүгін ғана аңғардым саным соғып,

Сан қасиет бойымнан жойылғанын [59, 246.].

дей отырып, өлеңдегі осы шумақтарға өте үлкен әлеуметтік жүк арқалатады. Ақындық арнамен өлең боп өрілген бұл қос жолды бірнеше қайталап, зер салып оқыған саналы адам «ол жерде кім жайлы не жайында» жазылғанын дөп басып таниды. Ақынның айтар ойы–қазақ халқы, туған ұлтының тағдыры, тіршілігі, тынысы. «Бүгін ғана аңғардым» деп отыр. Лирикалық кейіпкерге сұрақ қойып көрелік. «Неге бұрын аңғармады? Әлде оған мұрша болмады ма екен?!» . Жок, әрине. Оған шама жетпеді... Ол кезде...

Өзіме - өзім қайқаңдаған кезім - ай,

Өз алдына майпаңдаған кезім - ай,

Әлмисақтан қазақ болып тусам да,

«Қазақпын» деп айта алмаған кезім-ай!»

деп жауап қатты лирикалық үн. Өлеңнің алғашқы жолдарында тәуелдіктің бірінші жағын қолданып, «өзіме - өзім» дейді. «Қайқаңдаған кезім» деп қана қоя салмай «кезім - ай» деп, еріксіз, өз ырқынсыз қиналысқа түскендігін және сездіреді. «Кезім - ай» дегендегі–» ай» шылауының өзі «қап, әттеген - ай, енді не істейін» деп тіл тістей өкінгенді, өкініштен екі көзден қан ағыза жылағанды білдірмей ме?! Соншалықты «кезім - ай» деп, шарқ ұра, жан дауысын шығара өкінуге не жағдай, не себеп болды екен. Оған лирикалық кейіпкер:

Жұртта қаппын жұрдай боп, мойындадым,

Қуанышым- бір күндік тойынғаным,

деді. «Жұртта қаппын жұрдай боп» деді. Және оны бүгін ғана аңғарғанын мойындауға шамасы жетті. Неге, не себепті?

Өлеңнің келесі шумақтары бірінен - бірі туындап, толқытып, байыбына баруға шамаңды жеткізбейтін сандаған сұрақтарға жауап береді. Тағы да лирикалық кейіпкердің даусына құлақ түрелік, және осы сан сұраққа қандай жауап алар екенбіз. «Бүгін ғана аңғардым саным соғып» дегенге орай «Неге бұрын аңғармады? Әлде оған мұрша болмады ма екен?!» деп сұрағанымызға алған жауапты аңдасақ:

«Бүгін ғана» – дегені елдік еркіндігін алған азат қазақ

елінің тәуелсіздікке қол жеткен кезі. « Бүгін ғана аңғарғаны» бұрын шама болмағандықтан екен. Себебі ол кезде:

...Бір даңғаза әуенді малданып қап,
Көп жүріппін алдап та, алданып та,

дейді, лирикалық кейіпкер ағынан жарыла, сосын тағы:

...Суыра алмай қанжар сөз - алмасымды,
Айыра алмай көп жүрдім алдашымды, [59, 36.].

деген пұшайман хал кешіпті. Оған сенеміз. « « Иә, даңғаза әуенді малданып жүріп» , « бүркеулі шындық пердесін сыпыруға батылымыз бармай жүр» деген ойдың ишарасы. Сол тұстағы қоғамдағы басты қорқыныш. Осы бастамадан табылатын оқыс әрекеттерге әркімнің жүрегі дауалай бермегені де ақиқат, ащы шындық. Сондықтан:

Білмей келем әлі күн, жалтақтаумен,
Кімге нанып, ал кімге нанбасымды? [59, 36.].

деген лирикалық кейіпкер өкінішін, өкініштен қан жылап жүрген себебін де айтады:

Тілімнен де, дінімнен де безіп - ай,
Өзімді - өзім қорашсынып өзгеге,
Жаутаң қағып көзім сүзген кезім - ай,
Жағымпазсып ісіп-толған кезім-ай.

деп қана қоймай;

Ұрандадым, былайша шалықтадым,
« Жылдамдықпен космостық» шарықтадым,

депті. Ал, бірінші жолға зейін қойып бірнеше мәрте қайталап оқып көріңіз. Ол өлеңнің ішінде аса қуатты, бүкіл айналасындағы сөздерді өзімен қоса сәулелендіріп тұрған «шалықтадым» деген атау. Түсіндірме сөздікте «Шалық» сөзіне 1. бас айналып, мең - зең боп ауыратын ауру, есірік; 2. (ауыспалы мағынада) бір нәрсенің көтеріңкі әсері; есірік, желік – деген түсініктеме берілген. Ал, шалықта етістігі 1. ақылдан адасу, естен айрылу, шатасу болса, 2. ауыспалы мәнінде жас баланың ұйықтап жатқандағы езу тартып күлуі. Сонда ақын қолданған шалықтадым сөзі контексте аса бай, әр қырлы мағынаға ие бола отырып, өлеңнің динамикасын арттыра түскен. Ақын бұл жерде керемет келісімді бір ғана сөзі арқылы бүкіл бір кезеңнің келбетін, сол кездегі адамдардың бет - бейнесін ашып отыр.

« Жылдамдықпен космостық шарықтадым» деген жол,

әрине, езуге күлкі үйіреді. Күлкі де емес, мысқыл! Сол кездегі жалпыға тән жалаң ұрандаушылық, «керемет жетістікке жеттік» деп, жар сала насихаттап жататын «басты әуен». Жалаң ұранға толы насихат – айқайдың, жасанды жаңғырықтың шындықтың аулынан қаншалықты алыстығын «космостық жылдамдықпен шарықтадым» деп, яғни адам қолымен жасалатын еңбекті асыра сілтеп көрсеткенін ақын өте тапқыр суреттеген. Енді:

Түйме жасай алмайтын халде екенмін,

Бүгін ғана осыны парықтадым–

деп отыр. Лирикалық кейіпкер аһ ұрып, өкініп қана қоймай өз адасуының себеп - салдарын байқайды: «Кеш тәңірім құлыңды» өлеңінде:

...Жаттамалы бір ізден жазбаппын ғой,

Мәңгүрт болып кетуге аз қаппын ғой .

«Ел дегенде елбіреп...» еліктеумен,

Өз отымды өшіре жаздаппын ғой!

«Ғой» шылауының өлеңге кіргізген экспрессивті-эмоцианалдық сипаты өте күшті. «Ғой» деп отырып өткен шақтың, қайтадан бас көтермес «қуыршақ қоғамның» келмеске кеткендігін біржола мәлімдейді. Әрі өзін - өзі жұбатқандай:

Өкінермін, кешермін өзімді-өзім,

Не бетімді айтармын, ал халыққа [59, 36.].

дейді. Енді халық, келешек ұрпақ алдында не жауап бермек?

Ғұмыр өтіп барады мен не дейін,

Өкінейін аһ ұрып, дөңгелейін.

Еш алаңсыз келемін, о бетім-ай,

Тағы жүз жыл жасайтын пендедейін [27, 36.].

«Мойындау»

«Ғұмыр өтіп барады» бұған не істемек? Уақытты тоқтату мүмкін емес, халық алдында өзін ұятты адамдай сезінеді. Бұдан айығудың амалы не? Мақсат біреу - ақ, ол – «сөз алмасын» жарқылдату. Демек, бұдан ұғарымыз айтарын айтып өткен ақында арман болмақ емес. Лирикалық шығарманың кейіпкері – сол өзі өмір сүріп отырған дәуірдің дауысы. Әр дәуірдің әдебиетінде өз дәуірінің ізі сайрап жатады, әрбір әдеби туынды тек өз дәуіріне ғана тән.

Демек, лирикалық кейіпкер атынан танылатын ұлы ой-сезім айналып келгенде ақынның арналы өз танымы дегенге

келіп саяды.

Талғампаз ақынның өмір шындығына зер сала қарап отырып өзінің шығармаларына өзек боларлық объектіні, олардағы оқиғаларды уақытпен бірге адымдатып, шебер соғылған сом тармақтармен өрнектеген қас шебердің өзі екендігін байқағандай боласың.

« Дара дарынды дәуір туғызады. Ол уақыттың сөзін айтады. Дәуірдің бет-келбетін танытарлық, болмысын байқатарлық, керек болса тарихи бедерін айқындарлық өлшем де сол дара дарындар сөзі» – дегендей, ақындықтың басты мұраты « сөз алмасын» жаркылдату. Қалған ғұмырында туған халқы үшін аянбай тер төгу.

Тілімнен де, дінімнен де безіп-ай,
Өзімді -өзім қорашсынып өзгеге
Жаутаң қағып көзім сүзген кезім-ай.
Жағымпазсып ісіп-толған кезім-ай.

Ақын қоғам өмірі, заман, адам туралы толғағанда өзін « мен» деп отырып сол ортаның адамы, белгілі бір ұрпақ өкілі ретінде сезінеді. Белинский: « Ақын бәрінен бұрын адам, содан соң өз жерінің азаматы, өз дәуірінің перзенті» -деген.

Негізінен қоғамдық даму мен қоршаған ортаның дамуы жалпы Ұлт поэзиясының даму тенденциясына тікелей әсер етеді.

Ақын неғұрлым құдіретті болған сайын, оның өсуі, бағыт-бағдары, тіпті талант характеріне шейін қоғамның тарихи дамуымен байланысты.

Ақын шығармалары соңғы кездері жаңа сапаға ауысқан. Оның нұрлы да сырлы жырларына үніле түссек, алданыштан арылу байқалады.

Күркіреген көк перінің ұрпағы
Қораға үрген күшлік болған кезім-ай.
...Ей бабалар! Соң өкіндім « ah» ұрдым
Күнәсін кеш екі жүзді пақырдың [27,166.].

Осы кезеңдегі шығармаларында – қазақ халқының намыс отын оятып, жігерлендіріп азаттыққа жетуді үгіттеген өзінің барлық күш - жігерін, қалам қуатын өз ұлтының, елінің, жерінің бостандығы мен еркіндігі жолына арнаған Кәкей Жаңжұңұлының негізгі ой - арманы мен талап - тілегі ұлт

мүддесі үшін ерінбей еңбек ету, қазақ халқының қамы үшін күресу болатын.

Ақын өз өлеңі арқылы өзін ақтайды. Ағат айтқандарына өкінеді, тарихтан, бабалар рухынан кешірім өтінгендей болады.

Даттай алмай қан-тер боп ем кеше күн
Ақтай алмай бүгін сені жатырмын!

Тұрып келем – жығылып бір сүрініп

Жүріп келем – жетегінде бір үміт. [27,166.].

Ақын жыры – оның жан сыры, ішкі дүниесі. Ақын сол сырын қағаз бетіне өлең жолдарымен түсірді, яғни сол өлең жолдары арқылы оқырмандарына ішкі жан сырын шертті. Олай болса ақын Кәкейдің өлеңінен өткен күндерге деген көңілінің толмай, онда да жеке өзінің өмірін емес, халқының қамын, елінің ертеңін ойлап күн кешкен ұлтжанды асыл болмысын аңғарамыз.

Бірте - бірте қара бұлтым түріліп.

Бірте - бірте өлген денем тіріліп.

Не демедік, не жемедік кеше күн,

Кеш Тәңірім, кеш тарихым, кеш елім!

Маңдайының соры қалың бес елі

Мен өмірден қапылдықпен кешемін

Сен өкінбе енді ешқашан « Жас өрім!» [27, 166.].

Кейде « саясаттың сан қилы сандырағы сарсытқан» заман мұңы Р. Зұрғанбайұлының өлендерінен де кездеседі.

Көз жасына кенде емес –менде мұңлық, жетімек.

Сағым сынған сан рет –сенім тіні сетінеп!

[60, 176.]

деп замана сырын, дәуір дауысын жеткізеді.

Бұл жерде Кәкей ақынның үні өзінен кейінгі буын өкілдерінде жалғастық тапқанын көреміз.

Суреткер белгілі бір қоғамда өмір сүреді, белгілі бір қоғамдық ұжымның мүддесіне ортақтасады, сондықтан оның шығармашылығында да белгілі қоғамдық мән және мазмұн бар.

Ақын Имашханның « Халқым менің» өлеңінде де жоғарыдағы ақындармен үндестік бар екені аңғарылады.

Не көрмедің, қазағым, не көрмедің?

Көнермедің әйтсе де көгермедің,

Телім болып біреуге тағдырынды,

Көгендедің басыңды көгендедің! [29, 126.].

3. Ахметов: « Ақынның өз тұлға – бейнесі оны тебіrentкен ой - сезімдерден, айтылып, баяндалып отырған өмірдегі алуан түрлі жағдайларға, қоғамдық мәселелерге, әр түрлі адамдардың іс-әрекеттеріне оның қатынасынан, берген бағасынан айқындала түсіп, жан-жақты толық көрінісін табады» – дейді [63, 566.]. Сондықтан да абстрактылы ұғым « лирикалық қаһарманды» ақынның « ақындық» атты ақиқат тұлғасына қарсы қоюға мүлде болмайды. Қайта ақын өзі тудырған, ал оқырман қабылдаған « лирикалық қаһарман» арқылы өзінің ішкі жан-дүниесін аша отырып лирикадағы биік тұлғалық күйінің бастауын (духовное начало личности) тап осы арадан алатыны сөзсіз. Яғни, айнымас ақындық ақиқат тұлға табиғаты дегенде лириканың өн бойында өмір сүрген ақынның эстетикалық сезімі, жан сыры, күллі рухани әлемі екеніне көзіміз жете түседі.

Кәкей ақынды тағы да тыңдайық:

Таныстырып ұлт-ру, бабамызды,

Табыстырып бала мен баламызды.

Тозғындаған ұрпақтың басын қосып,

Жалғап жатыр бұл дәуір арамызды...

Болса ұрпақ ұлтын білмес тексіз егер,

Тәңірім түзу жолға бет түзе гөр!

Ұзағынан бұл күнді баянды ғып,

Жақсылыққа әмманда жеткізе бер – [27, 96.] дейді.

Ақынның ұлтын бірлікке, халқын тұтастыққа үндейтін туындыларынан біз азамат ақынның ұлтжандылығын, еліне деген жанашыр көңілін аңғарамыз.

Бойына ой кірген адам – ел мен жер туралы, халық пен қасиет туралы ой толғайтын адам. Ал ондай адамның ойы да, сөзі де сол Ел мен Жерге тәуелді. Ондай ойлы адам ешуақта да еркім өзімде деп айта алмайды. Өйткені, ондай ойлы адамдардың еркі Елі мен Жерінде. Абай: « Ой кіргелі тимеді ерік өзіме» - деуі сондықтан.

Әдебиеттің бірінші элементі тіл екені мәлім. Ана тілі – қатынастың басты құралы ғана емес, ұлттық ақыл - ой, сана

- сезімді жеткізуші, бабадан балаға жалғасумен келген асыл казына; бай мұра. Ана тілін қастерлеп құрметтеу, ұрпаққа ұластыру әр халықтың, әрбір азаматтың абыройлы міндеті болмақ. Расул Ғамзатов: «Егер менің тілім ертең құриды десе, мен бүгін - ақ өлуге әзірмін» деген еді. Ұлттық тілін жоғалтқан халық – халықтығын да жоғалтумен бірге, ұлттық мәдениеті мен өнерін, әдебиетін жасай алмайтыны да белгілі» [138, 126.].

Кәкей ақынның «Тілім-пірім» өлеңі жаңа жазылғандай әсер етеді. Тіл тағдыры ел тағдырымен байланысты екенін ұққан ақын ағынан ақтарылады.

Пір тұтатын әулием, Ана тіл-ау;
Ана тіл - ау, ұшатын қанатым - ау ,
Жүдеу тартып күн сайын барасың - ау!
Замананың сай болса да құты басым;
Бүйте берсең – тозғындап жұтыласың,
Кеңсе, іс-қағаз тілінде сөйлей алмай,
Жиындарды ресми тұтығасың... [27, 106.].

Осы тақырыпта желі тартқан ой - арнасынан ақынның әрі табандылығы, әрі ұлтжанды азамат екендігі түсінеміз. Ұлтын сүйген ақынның халық құндылықтары тілі, діні, салт - санасы үшін ештеңеден аянбай өмірінің ақырына дейін тер төккен қайраткерлік болмысын біле аламыз.

1985 жылы қағазға түскен өлеңде осы бүгінгі күннің тыныс-тірлігі жатқан жоқ па?!

Ана тілім сен үшін өлімдімін:
Сенің күнің емес пе менің күнім.
Халқым өшіп кетпесе бұл тарихтан
Сен де өлмессің дегенге сенімдімін! [27, 10 б.].

Ескерте кететін жайт: Бұл жерде ақын Монғолиядағы қазақтар туралы айтып отырған жоқ; Қазақстандағы – ұлы Отанындағы қазақ тілі үшін қиналып отыр. Ана тілі тағдыры үшін қиналған ақынның жан даусы, міне, осы еді. Бұл тұста Кәкей ақын Ж. Әбдірашевпен үндестік тапқан. Жарасқан Әбдірашев поэзиясы жайлы ғалым Б. Майтановтың мына бір сөзін келтіре кетсек: «Ақынның туған дала тынысымен қатар тербелетін өрелі толғамдары ұлттық сана ұлағатын шешендік үрдіспен ширата бейнелейді:

Шығармаймын дыбысыңды,
дымыңды,
десе де кім,
өшіре алмайды үніңді.
Сені мылқау ету үшін әуелі
кесу керек мына менің тілімді!..

деп шамырқанатын қаламгер мына тұста халықтық дәстүр, салттың өріс алуына шідер салған заман қыспағына назаланып сөйлеген. Тұтас ұлт – қауымының атынан, азаматтық сенім биігінен үн кату – поэтикалық дайындықтың молдығы ғана емес, ішкі жан қуаты мен дүниетаным тереңдігіне айғақ құбылыс. Қара күштің дүлейлігін кім білсін, нәзік өнер, адал жүрек әлемді апаттан құтқара алады. Поэзияда айтылмаған ой, шырқалмаған сезім аз шығар. Әр ақын ортақ үлгіден өзгеше шешім қабылдамақ» деп орынды айтады [70, 137б.].

Ақын адамның ойы да, көзі де қырағы, өмірдің әр құбылысына жіті қарап, өзінің тіршілік етіп отырған қоғамында дәуір тынысына, замана ағымына үн қосып, қайшылықты қаймықпай ортаға салады.

Кәкей ақынның «Ана тілден жүректер от алуда» өлеңі:

Ана тілден жүректер от алуда,
Мұрасы өшіп, батпасын Ата мұңға.
Тілін сатқан сатқындық, опасыздық,
Сатар оңай халқын да, Отанын да!
Ана тілмен игеріп қаншама өнер,
Сол тілменен рухым шапақ төгер.
Ұлт тілімді құрметте ең алдымен,
Мені ел деп елейтін болсаң егер! [27, 116.].

Ақын сонау сексенінші жылдардың өзінде үлкен әлеуметтік мәселені көтереді. «Тілін сатқан сатқындық, опасыздық, сатар оңай халқын да, Отанын да» дейтін жолдардағы философиялық тереңдік қанатты сөзге айналып кеткендей. Кәкей ел атынан сөйлеп, үлкен талап деңгейіне көтеріледі. Бұл – ұлтын сүйген нағыз патриот ақынның сөзі.

Бұл Кәкей ақынның жан сыры еді. Қазақ өзін-өзі әлі түгендей қоймаған сексенінші жылдары жазылған өлеңі. 1985 жылы қағазға түскен өлеңде осы бүгінгі күннің тыныс-тірлігі жатқан жоқ па?!

Тіл – дегеніміз қай халықтың болмасын кешегі бүгінгі ғана тағдыры емес, бүрсігүнгі де тағдыры. « Кәкей – ана тілі мен ата жері тағдырына өмір бойы алаң болған ақын... Арманы-қазақтың тәуелсіз мемлекет болып, егемендік алуы еді» – деді есіне ала, ақын жайлы сөз қозғаған ақын Лайық Шалдыбаев [95, 86.].

Көркем әдебиеттің халықтығы оның ұлттығымен тікелей байланысты. Халық белгілі бір ұлтқа жататындықтан да әдебиетте ұлттық ерекшеліктер айқын көрінуі керек. Ұлттық сипаты жоқ әдебиет халықтық бола алмайды. Әдебиет белгілі бір ұлттың өмірін суреттеп, мұң-мұқтажын, ой-арманын, бостандыққа, бақытқа деген күресін көркем бейнелей алғанда ғана халықтық сипатқа ие болады. Халықтық ұғымы ұлттықтың басталады.

Ақынның әріптесі Рысбек Зұрғанбайұлы айтқандай: « Жастайынан « Мен – қазақпын» деп жар салып, ұлттық қазыналарымызға қамқоршы, насихатшы болуды өмірлік мұратына, азаматтық ар-ұжданына балаған, Монғолия қазақтарының айтыс өнерін халықаралық деңгейге көтерісіп, « Қазақ тіл-мәдениет қоғамын» құруға ат салысқан, ..арманды ұлы мақсаттарға дәнекер болуды ойлаған» Кәкей Жаңжүңұлының қысқа ғана ғұмырында ұлты үшін тындырған шаруалары мол екенін айта кеткен жөн.

Үлкен ақын Кәкей қазақ халқының ар-намысын жырлап тілі, діні үшін күрескен...

Көңілімде бір шапақ төкті жарық,
Бір бәйшешек келеді көкті жарып.
Үміт пенен күдікті жарыстырған,
Ызғар әлі қайтқан жоқ бетті қарып

Ақынның лирикалық қаһарманының ойында көп жағдайда қазақ жерін басып алған отаршылдар тұратын сияқты. Ақын жан сырын өлеңге айналдыра отырып, « үміт пенен күдікті жарыстырған ызғар» деп өткен өмір, тіпті қуыршақ қоғамға назын білдіреді.

Өзімді-өзім азғырам иландырып,
Әдіре қал, күйкі өмір жиған мүлік.
Сен жанырсың жасыған жігерімді,
Тәубе етерім, тәңірім – Имандылық, - [27, 56.].

деп ақын адамгершілік-имандылықты жырлай бастады. Соңғы кезде ақын үні мүлде басқаша естілді. Ол жүрегінің түбіндегі қайратын, жасыған жігерінің дауасы тәубе етерім Имандылық дей отырып айтпақ ойы бұрыс емес, ешкімнің еркіне бағынышты болмас бағыт тапқандығы болар.

Әр заман өз ақынын туғызады. Сол уақыт ақын шығармашылығының өзекті нүктесіне айналып, көңіл кеңістігінің құпия сырларын ақтарып, оқырманның жүрегіне жол тартқанда, лирикалық кейіпкерлердің сұлбасы арқылы өлеңнің шынайы келбеті айқындала түспек. «Кәкей өлеңдері заман, уақыт үнімен сырлас. Лирикалық кейіпкерінің өкініші мен күдігі де жоқ емес, уақытқа ой көзімен қарап қорытынды жасауға асық» [35, 21б.]. – дейді ақынның шығармашылығы сөз қозғаған әріптесі Е. Баятұлы. Кез-келген лирикалық өлеңдегі ішкі-сыр мен сезімді лирикалық кейіпкерге телігенімізбен, бәрібір ақын тұлғасын ұмыт қалдыруға хақымыз жоқ. Оған амалсыз айналып, соғып отырамыз.

Лирикалық шығармаға ақының ішкі дүниесінің сыртқы себептермен, жалпы ақиқат шындықтың әсері мен аса қатты толқыну, автордың өз басының алуан нәзік түйсіктер, күйініші, сүйініші тән болып келеді. Ақын басынан кешкен сезім, ақын басында болған түрлі толғаныс субъективті нәрсе, бірақ сонымен қабат кәдімгі объективті дүниенің әсері. Ақынның көңіл-күйі әрқашан өзі өмір сүрген қоғамдық ортаның хал-жайына байланысты, өзін қоршаған шындықтың саяси-әлеуметтік сырымен сабақтас. Ұлттық бірлікке, халықтық тұтастыққа үндейтін туындылар қатарынан табылар туындының қадір-қасиеті осындай!

«Үлкен қақтығыстан, өмір толқынысынан, оқиғалар соқтығысынан, қат-қабат тартыстардан жазушы бойын аулақ салса, тірліктің терең мәнін, адамдар жүрегіндегі жұмбақ сырларды аша алмас» – деп орынды айтады ғалым Р. Нұрғалиев [71, 32б.]. Қаламгер қауымына қойылған осы жауапты парызды Кәкей ақын орындай білді деп білеміз. Сөзімізге нақ дәлел ретінде ақынның жоғарыда сөз болған туындыларын атасақ та жеткілікті деп ойлаймыз.

Заман шындығын терең ашып дәуірдің қат - қабат шытырманды оқиғаларын лирикалық кейіпкердің

психологиялық сезім күйлері арқылы суреттеу Кәкей ақынның шеберлігінің бір қыры. « Ақынның қырағы көзі қоғам болмысының батуасыз, берекесіз жақтарын жырлау» – десек Кәкей ақын бұл үдеден әрқашанда шыға білді. Әрі оны жырлауда өзіндік өрнек тапты

Ақын өлеңдерінің ой оралымдары тым тереңді бойлайды. Атамекен туралы мына өлеңі ақынның өмірінің соңғы көктемінде жарық көрген « Қош, Көктем» (1993) жинағынан алынды.

Ассалаумағалайкум, Тас адам,
Бұл күнге де жеткенің бе бас аман.
Қолда – көзе, қасқа қылыш белиңде,
Қандай адам қашаған, кім жасаған.

...Бүгінгі қазақ халқы – сонау есте жоқ ескі замандарда - ақ тұлпарларының тұяғымен дүниені дүр сілкіндірген көне сақтардың, ежелгі ғұндардың, байырғы түріктердің ұрпағы, үлкен үйдің кара шаңырағын ата жұртта сақтап қалған халық. Бұл – ескіден қалған көне жәдігерлер, сақ заманының куәгері « Алтын киімді адамның» алтын тостағандағы және Түрік қағанатының тарихын танытқан Орхон – Енисей мен Талас жазбалары дәлелдеген шындық. [141, 76].

Келе жатқан ескі көзсің бір асыл,
Қай ғасырдан келе жатқан мұрасың
Сақшысындай байырғы Ата мекеннің,
Қас қақпастан тікеннен тік тұрасың,
Жылы ұшырап тұрасың.

Қазақ халқы Азияның алып даласындағы небір жойқын оқиғалардың, қанқасап күрестің ортасында жүрген, қай дәуірде де азатшыл рухымен, туған жерді алабөтен қадірлейтін отаншылдығымен ерекшеленген халық екендігі мәлім. Қазақ ұлтының бүгінге дейінгі қат - қабат тарихының басты мазмұны – елдік, бостандық, азаттық үшін күреске сайып келеді.

Кезігесің батыстан да, шығыстан,
Сарбаз едің қалған қайсы ұлыстан,
Сен тұрғанда шебіңе жау баспайды,
Сескенгендей жаныңдағы қылыштан [27, 396].

« Ассалаумағалайкум, Тас адам, Бұл күнге де жеткенің бе бас аман» деп ақын ата-баба рухына тіл қатады.

«Сақшысындай байырғы Ата мекеннің, Қас қақтастан тікеннен тік тұрасың». Қайсар Тас – адамнан еш азапқа бас имеген рухы биік қазақ ұлтының болашағынан күткен үмітін аңғарғандай боламыз. Ақын Кәкей Жаңжүңұлының шығармашылығы жайлы сөзімізді ғалым С. Қирабаевтың: «Өлең бар жерде ақын өлмек емес. Өлең оны өлім аузынан құтқарып алмақ, Өмір болып тіл қатпақ» [43, 316.]. деген сөзімен аяқтауды жөн көрдік.

1993 жылы. Көктем. Кәкей ақынның «Қош, Көктем» жинағы 1992 жылы жарық көріпті. Ал «Қош, Көктем» өлеңі:

Әлі күнге қалған жоқ бала машық,
Баяғыдай құс көңіл ала қашып,
Жиырма бестің желікпе қиқуымен,
Қырқасынан қырықтың барам асып.
Шұқығандай сол көзім оң көзімді,
Талақ етті бұл кезім сол кезімді.

Бүршік жайған «Жауқазын» ол да семді,
«Халінді біл, ал Кәкей жолдас, енді»
Деп сыбырлап уақыт мазалайды,
Қоштаспасам Көктеммен болмас енді,
Қош, Көктем, - деп аяқталыпты.

Ақын жаны сезімтал. Көктеммен қоштасыпты. Сезген ғой, ақиық ақын жүрек. Сезімтал ақын жаны әлденеден секем алғандай. Көктеммен қоштасу өмірмен қоштасу болатынын кім білген?!

Соңғы сөзін айтып қалғанына да шүкірлік етесің. «Көктем – өмірмен» қош айтқан ақын көп ұзамай 1993 жылы бақилыққа аттанып кете барды.

Поэзия белгілі бір уақыттың жемісі. Әр ақынның жетістігі мен кемшілігі жөнінде сөз болғанда, әңгіме жемісі сол ақын өмір сүрген орта мен уақыт туралы болмаққа керек. Яғни, сол уақыт ақын шығармашылығының өзекті нүктесіне айналып, көңіл кеңістігінің құпия сырларын ақтарып, оқырманның жүрегіне жол тартқанда, лирикалық кейіпкерлердің сұлбасы арқылы өлеңнің шынайы келбеті айқындала түспек.

«Шын талант қана өз туындылары арқылы өзінің «Менін» жалпы адамзатқа ортақ тіршілікпен байланысын бейнелейді, ақындық рухын, сиқырлы сөз өнерінің өз талантына

тән құпиясын ашады. Соны түсіне білгенде, соның сырына қаныққанда ғана « ақынды білдім, таныдым» деп айтуға право бар» [47, 326.]. « ...Лирикалық қаһарманның басты ерекшелігін айқындайтын –ақынның қоғамдық, эстетикалық мұраттары, идеялары, өмір құбылыстарын, дәуірді, халық тағдырын өзінше түсініп – сезінеді. Сөйтіп лирикалық қаһарман деген ұғым ақынның көптеген шығармаларында ой-сезім дүниесінің, максат-мұраттардың бірлік-тұтастығын танытады. Лирикалық шығармаларда көбіне-көп күрделі қоғамдық ой-пікірлер ақынның жеке адамға деген жылы сезімі, не болмаса назары түскен табиғаттың бір көрінісін сезінуі –бәрі тығыз байланысып жатады» [43, 226 б.].

Кәкей Жаңжұңұлының поэзиялық туындыларын жалпылай алғанда лирикалық, сатиралық деп екі салаға бөліп қарауға болады.

Ақынның поэзиясының басты бір саласы – сатира. Бұл – оның творчествосындағы дәстүрлі жанр. Ақынның сын-сықақтары өмірдегі келеңсіз көріністерді, ескінің қалдықтарын, өркенімізге кедергі келтіретін көлеңкелі көріністердің бетін ашып, батыл сынайды. Кәкей ақынның бұл туындылары әдебиетімізде сатира жанрының өсуіне теңізге тамшыдай үлес болып қосылды.

К. Жаңжұңұлы талантты сықақшы ақын да еді. Кәкей сықақтың поэзиялық жанрларында өз өрнегімен ел есінде қалып, тапқыр әдіс – тәсілімен көзге түсті. Ол қазақ сықақшыларының озық өкілдері Бейімбет, Асқар, Оспанхан, Шоналардың тәлімді үлгілерін жалғастырушы, көрнекті өкілі болды.

«Абай сатирасында саяси сарыннан гөрі, моралистік сарын басым болды. Сонымен сатиралық шығарма жазу үшін және ақынның сатирик болуы үшін керекті принцип – сатираның объектісін таба білу және өмірге тұрақты озық көзқарастың болуы жөніндегі принцип» деген ғалым Т. Кәкішевтің пікірін негізге ала отырып, Кәкей ақын сатирасында да « саяси сарыннан гөрі, моралистік сарын басым» [19, 86 б.]. болғандығына көз жеткіземіз

Кәкейдің сонау мектеп қабырғасында оқып жүрген шағында - ақ сықаққа бейім екендігі қарайлас оқығандардың есінде болар – деп еске алады ақынның әріптесі, сатирик

Батай Мақабылұлы: Сол шақта Кәкей Оспанханның « Соқыр ішек» хикаясын мәнерлеп, жеріне жеткізе сахнада орындаушы еді. Мүмкін сол бала кездің жүрегіне ұялаған әсері ме екен, Кәкей сықақтары стильдік жағынан Оспанхан сықақтарына туыс секілді көрінеді әрі қазақ сықағының ең көрнекті өкілі Оспанханның сықақтарынан Кәкей өлеңдері де бір кем түспейді. Сондықтан да Кәкей тек монғол қазақтарының сықақшысы ғана емес, күллі қазақ жұртшылығының белгілі сықақ жазушысы деп баға берсек асыра мақтап, артық айтқандық болмас» деп өте орынды пікір білдіреді.

К. Жанжұнұлының сықақ жанрындағы елеулі еңбегі – 1986 жылы Баян - Өлгийде жарық көрген « Жебе» атты өлеңдер жинағы. Біз тек қана осы жинаққа көз жүгіртсек те, сықақтың өлеңмен жазылған сан түрін тамашалаймыз. Олардың өлеңмен жазылған фельетон, хикаялар, әсіресе пародиялардың түр - түрін: пародия – жыр, пародия – бата, пародия – ән, пародия – беташар, пародия – бесік жыры, « Махамбетше» , « Абайша» сияқты тағы басқа көп қырын байқаймыз.

« ...Сатираның поэзиялық жанрларының бірі пародия. Жазғанымыз пародия болу үшін, ол нысанаға алынып отырған шығармаға тікелей еліктей соған ұқсатыла, соның екінші нұсқасы түрінде жазылуға тиісті. Бұл үшін ол сыналатын туындының материалдарын, тіл, стиль, сөз, сөйлемін, буын-бунақ, үн-сарынын пайдалануға міндетті» [75, 516.]. Ендеше, ақының Махамбетше пародиясы «Есердің ісі бітер ме» – де:

Көк таксиге « ер салмай» ,
 Көше кезіп жер шалмай;
 Елбең - елбен билемей,
 Еденді теуіп « илемей» ,
 Қырық қызға сөз бермей;
 Жай бұлтындай өзгермей [81, 726.]

— деп, мәнсіз - мақсатсыз күн кешкен желікпе есер жігіттерді Махамбеттің көпке әйгілі өлеңінің үлгісімен сықақтап пародияға айналдырады.

Ал басшыларға арнаған « Беташар» пародиясы былайша басталады.

А - ау!
 Жаңа бастық келіп тұр,

Жат ортаға еніп тұр.
Жалпақтаған жұртына
Шекеден сәлем беріп тұр... [81, 586.].

Ары қарай жаңа келген бастыққа жас келіндей таныстыру жасалып, сәлем беруге ұластырады.

.. « Ұлық болсаң – кішік бол» –
Деген сөзге алданба!
Қарапайым бастықта
« Айдын болмас» жалғанда.
Қалтыратсын қаһарың,
Қарсы алдыңа барғанда...
Арыстандай ақырсаң,
Алдыңнан жан өтпесін.
Бір мәжіліс шақырсаң,
Бір аптасыз бітпесін,
Шенқойларға бір сәлем!.. [81, 606.].

Осылайша « жағымпазға, жебеушіге, жеменқорға, туыстасына, қол - аяғына» бір - бір сәлем бергізеді. Оспадар кылықты ойып тұрып сілейте соғады.

Бұл өлеңде сол заманның ағымына қарсы келген, редакциялық цензурадан өтпей қалатындай да шумақтар кезігеді. Мысалы:

...Өркөкірек, білермен,
Мәнсапқұмар шіренген,
Сайын елге сиыспас,
Сендей бастық жіберген
Жоғартынға бір сәлем! [77, 636.].

Т. Қожакеев: « Сатираға да өктемдік керек, онда сыналатындарды Махамбетше төпеуге жол беріледі. Бірақ ол ойлы, салмақты, мәдениетті болсын, тапқырлықты танытсын» [83, 1636.] – дейді.

Ақын Ж. Кәкейдің сықақтарында « Ел арасында осындай олқылық болушы еді» деп жалпылап айтпай белгілі бір объектіні нысанаға алып, олқылықты дөп басып батыл сынауы қуанарлық та, құптарлық та жай. Әлбетте, сын-сықақтың басты шарты – сөз уыттылығы, жай ғана уыт емес, еріксіз езу тартқызар тапқырлығы болуға тиіс» – деген пікірдің бұлтартпас дәлеліндей.

Тұрмыс - салт жырларының бір түрі – беташар формасы мұнда кейбір адамдар мінез-қылығындағы жағымсыз, зиянды әдет - дағдыны әшкерелеу, келемеждеу ниетімен қолданылған.

«Тәйтiктің бесiк жыры» пародиясы халқымыздың белгiлi бесiк жырының үлгiсiнде жазылып, жас ғұмырын, өнiмдi шағын босқа өткiзiп, « сайран салып» жүрген кейбiр жастарды мiнейдi.

Әлди - әлди, әлдиiм,

Қажыттың ғой қалғын.

Астан - кестен қалды үйiң,

Ашыды ғой бар миым.

Безiп кетсең – ол қиын;

Қайда ерiп қаңғын?!

Әурелеген әлдиiм,

Әлдилеткен шал қиын!

Әлди - әлди, әлди - ай! [77, 156.].

Кәкей сықақтары, әсiресе нақты нысанаға дөп тиер фельетондары мәдениеттi, әдептi де ептi тiлмен жазылған.

Тұрмыстық пародияларда жеке адамның мiнезiндегi, тәртiбiндегi, iс- қылығындағы, жалпы тұрмыс - тiршiлiктегi кемшiлiктер белгiлi бiр туындының үлгiсiне салынып, соның материалымен сыналған. Оның мақсаты - өмiрдегi ұнамсыз жайларды келемеждеу.

К. Жанжұнұлы сықақтарының тақырыбы: бұрмаланған дәстүр, кертартпа әдеттер, тоңмойын бюрократтар, ойсыз, ессіз есерлер, маскүнем, жебiр – жемқорлар, дiн бұзатын дүмшелер сияқты сан алуан болып келедi

Ақын тұрмыс - тiршiлiкте кездесiп қалатын ұсақ - түйектен бастап қоғамдық сипат алған кемшiлiктердiң бәрiн де өзiнiң сын-сықағы арқылы шенейдi. Жинағының атын « Жебе» деп атауы да тегiн болмаса керек. Тағы бiр мысал келтiрейiк.

«Уәдешiл» атты шымшымасында:

« Жоспар деген қиын ба,

Орындай салу бұйым ба!»

Уәде бердi « бiттi ендi»

Дүрiлдеген жиында.

Болжамсыз-ақ соғады,

Тау тұрғызбақ болады.

Сөзіменен ісі алшақ

Көпірмелер көп әлі [77, 446.].

Бас - аяғы сегіз-ақ жол шымшыма көздеген нысананы мүлт жібермеген. Тіпті сөзі мен ісі қабыспайтын адамдар арамызда әлі де аз ұшыраспайды.

Кәкей Жаңжұнұлының сын-сықақтарының қамтымайтын тақырыбы жоқ. Қоғамдық ортада ұшырасып отыратын кем-кетіктерді сөз-сойылмен соғуды мақсат еткен. Ол үшін ең оңтайлы жанр-сатираны пайдаланған. Сын-садақты толассыз тартып отырған.

« Екі пиғыл» , « Пенсионер дүмше» сықақтары да адамдардың әр түрлі жағымсыз, оғаш мінез - құлқын, жат іс - әрекеттерін сынаған, тәрбиелік мәні зор туындылар. Олардың кейіп - кесірін авторлық баяндау, сипаттау әдісімен беріп отырады. Ақын мұраты – тек сынау ғана емес, асыл қасиеттерді қалыптастыруға, үлгі - өнеге көрсетуге бағытталған.

« ...Өмір материалдарының дұрыс көркемдік шешімін тауып, өнер тілінде көрінуіне бір-бірімен тығыз байланысты көптеген факторлар тікелей әсер етеді. Нәтижесінде белгілі бір ортаның қоғамдық санасы мен жан-жүйесі (психологиясы), тұрмыс-тіршілігі, ой-арманы, ұлттық діни ерекшеліктері көрініс табады» [83, 1016.].

«Бесікке салу» хикаясында ұлттық салт-дәстүрдің бұрмаланғанын тілге тиек етіп, осы бір жақсы ғұрпымыздың мәні - мағынасы жайлы еске салатындай:

Бәрі де бесікке салғысы кеп отыр,

« Тегін көйлек» алғысы кеп отыр.

Осы жолы құр қалса.

Біраз жерге барғысы кеп отыр.

Талай жақсы салтымыз бар,

Оны қадірлей алатын нарқымыз бар.

Табыс көзі деп қарамайық,

Дәстүрімізді дұрыс бағалайық! [77, 316.].

деп түйіндейді. Кәкей сатирасы « Сатира ірі нысананы, үлкен проблеманы, салмақты ойды керек етеді.» деген ғалым Т. Қожакеевтің пікірін толықтыра түсетіндей.

« Кеменгер - жеменгер» хикаясында қарабасының

қамын, тек қана өз құлқынын ойлайтын тоғышар адамдардың жағымсыз қылығын сынады:

« Шаруашылыққа тентек» деп,

« Ым мен дымға елпек» деп,

Бастығынан бата алған,

« Өз ісінің кемеңгері» атанған,

Нәр татпас Тоймасов деген шалымыз бар, -деп басталатын хикаяда пысықай, жағымпаз адамдардың бейнесін береді.

Ақын осындайларды жыр найзасына іліп сынады. Мансап пен дүниеқоңыздылықтың арасы тым жақын, екеуі де қарақан басын күйттеушіліктен туады.

Ақын сатирасын жаңа дәуірде талғампаздықпен ұштай түсті.. Оларда күн тәртібіндегі саяси - әлеуметтік мәселелерден бастап, тұрмыстағы моральдық - этикалық мәселелерді көтереді. Бұл туындылары үгіт - насихаттық, тағылымдылығымен құнды.

Ақын сын - сықақтарының бір нысанасы – жалқаулық, жұмысқа қырсыздық. « Есердің ісі бітер ме» , « Ойсыздық» сияқты сықақтарының мән - мазмұны осы мақсатқа бағытталған. Көптеген сықақтарының соңында шығарманың идеялық мазмұнын түйіп кетіп отыратындығы – оның қаламгерлік стилінің бір ерекшелігі. Осыдан келіп оның сын - сықақтары үгіт - насихаттық, санаткерлік сипатымен дараланады.

«Адамның лексикасынан, сөз саптау сиқынан, сөз өрнегі мен сөз айшығынан оның өресі, мәдениеті аңғарылатынын ұмытпаған жөн» [87, 164б.]. Олай болса К. Жаңжұңұлының сатирасының тіліндегі өзіндік ерекшелік—ақынның жеке дара қолтаңбасының сырын бірден аңғарамыз. Олғалым Б. Майтанов сөзімен айтсақ: « Жаңалық жазушының өмір құбылыстарына келу тұрғысынан, көз көрген, естіген фактілерді қорыту, ойлау позициясы мен суреттеу принциптерінен, белгілі бір идеяны жеткізу ерекшеліктерінен аңғарылмақ» [84, 76.].

Кәкей ақынның сатирасынан Абай дәстүрінің ықпалын көреміз. Бұл ақынның туындыларында көрінетін басты сипат ретінде сыншыл әрі шыншылдығын айта кету керек. Ақын өзінің айналасындағы адамдардың мінез- құлық, іс-әрекеттеріндегі оғаш қылықтар, жағымсыз әдеттерді сынап

– мінейді., Адам бойындағы жалқаулық, көрсеқызарлық, мақтаншақтық, өзімшілдік қасиеттердің апарар жері надандық. Осы орайда ғалым Б. Әбдіғазизұлының мына байламын келтіре кетуді жөн көрдік: «Шәкәрімді мазалаған әлеуметтік мәселелер қатарында өз замандастарының мінез-құлқы, кәсібі, елдің бірлігі, татулық-араздық, бойкүйездік, жалқаулық көріністері болды» [98, 120б.]. Бұл ойды Кәкей ақын туындыларына да келтіруге болатын сияқты. Өйткені қазақ халқының екі дәуірде өмір сүрген екі ақынының идеялық жақтан үндесетін тұсын көреміз.

Жаңжүңұлы Кәкей ақын – қоғамдағы сан қилы жаңалықтармен, әлеуметтік жайларды достық пен ізгілікті, бейбітшілік пен достықты, адал еңбекті, туған жер – Атамекенді перзенттік сезіммен жырлады. Оның өлеңдерінің нәр алар қайнар көзі – заман шындығы, халқының жаңа қоғам құрудағы жетістіктері, заманауи оқиғалар мен құбылыстар. Осылардың негізінде ол тек шығармашылықпен ғана тынбай монғолия қазақтарының осы заманғы поэзиясында жаңа тақырыптардың туып, салаланып баюына, мазмұнының жаңаруына, өрісінің кеңеюіне стильдік жаңалықтар ашуға, түрлік байыту жасауға еңбек сіңірді. Бұл – оның ұлттық поэзияға қосқан зор үлесі. Мұның бәрі де түптеп келгенде жаңа қоғамның, ел өміріндегі саяси - әлеуметтік, экономикалық және мәдени өмірдегі өзгерістердің жемісі.

Монғолия қазақ әдебиеті мен баспасөзінде К. Жаңжүңұлының шебер публицист ретінде алар орны бөлек. Ол тіл – әдебиет маманы ретінде әдеби шығармаларға қойылатын жоғары талаптар туралы, шеберлік пен композиция құру тәсілдері жайында, көркем әдебиет пен баспасөздің тілі, стилистикасы жөнінде өзекті мақалалар көп жазды және сол айтқандарының дәлелі боларлықтай сапалы туындыларды да өзі жасап, іспен көрсете алды. Кәкей қазақ диаспорасының журналистикасына лирикалық портрет очерк пен өткір де ащы әжуалы фельетонның жаңаша түрін әкелді. «Биіктік» (Жаңа талап – №4, 1967. – 67б), «Мәртебе» (Шұғыла. – №1, 1978. – 71 б) очерктері арқылы оқиғаны деректі қызықты формамен жеткізудің, шынайы өмірден де көркем образ жасауға болатындығын дәлелдеп, құрылымдық жағынан өзгеше тың

публицистикалық шығарманың озық үлгісін көрсете білді.

Сондай - ақ, ол аймақ өңіріндегі жат көріністер мен белгілі адамдар бойындағы оғаш қылықтарды атын атап, түсін түстей отырып, көркем шығармаларға бергісіз көптеген фельетондар жазды.

Кейбір фельетондарын әкімшіл - әміршіл жүйе ұнатпай тырнақ астынан кір іздеп, авторын айыптауға тырысқан кездері де болғанын білеміз. Бірақ аққа күйе жағылмады. Газет редакциясына лек - легімен келіп түскен хаттар, оқырмандардың риясыз көңілдері, әділеттікке араша түсулері тек Кәкейді ғана емес, шындықты құтқарып қалған еді. Қаламдас досы, ақын Тойлыбай Құрманмолдаұлы жалынды публицист Кәкей Жаңжұңұлы туралы: « Ол өз халқына түсінікті тілмен сөйледі. Оның шығармашылық өнерінен көпірме көп сөзділікте, жалған жылтырақ та, оралымсыз ой бұлдырлығы да ұшыраспайтын. Егер К.Жаңжұңұлының азаматтық тұлғасын мойындар болсақ, ең жақсы мағынасындағы өз халқының ағартушысы, мәдениет санаткері болғанын айтып өту ләзім.

Табиғатында ақын Кәкей сегіз қырлы, бір сырлы еді. Талғампаз таза жанды лирик, өткір тілді сатирашы, спортшы, суретші, журналист» .

К.Жаңжұңұлы жас қаламгерлердің шығармаларына ерекше назар аударып, олардың талабына қолдау көрсетіп, шеберліктерін шыңдауларына шын ниетпен көмектесетін қамқоршы ұстаз еді.

Кейінгі жастардың шебер публицист К. Жаңжұңұлынан үйренері: қарапайым әрі түсінікті сөз саптай білуі.

« Жаңа өмір» газетінің 1983 жылғы 45 - санында жарық көрген, ақын К.Жаңжұңұлының « Бұла Бұлғын баурайында» деген портрет очеркі сырттай қарағанда туған жерінің өзен суы туралы толғаныс секілді көрінгенімен оның ағынын уақытпен салыстыруы, тереңдігін ақыл - ойдың мөлшерімен сабақтастыруы табиғат пен адамның үндестігін меңзеген, философиялық ой тастаған, мазмұны бай публицистикалық шығарма екендігінен хабар береді.

Сондай - ақ, өмір дегеніміздің өзі өзен, ол аяқтаусыз мәңгілікте қала беретін ұлы дүние дегенді философиялық түйін, леппен ашып көрсеткендігімен бұл очерк басқалардан

даралана көрініп көп көңілінен шықты.

Ақын өзінің шығармашылық қысқа ғұмырында әдебиеттің поэзия және проза жанрында бірдей қалам тартып, өнімді еңбек етті. Оның поэзия не прозалық туындыларының қай - қайсысы болса да оқырманды енжар қалдырған емес. Ол өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында әдебиетке өз дауысы, өз үнімен келген қаламгер ретінде танылды. Ақын поэзиямен ғана шұғылданып қоймай, жауынгер жанр - фельетон, очерктер де жазды. Ол қай жанрда қалам тартса да имандылық - адамгершілікті жақтап, қоғам мен жеке адам бойындағы кемшіліктерді шенеді. Адам деген атқа лайық болуды үндеді. Аймақ әдебиетін тақырып - идеялық және көркемдік жағынан биіктете түсті. Көптің көкейінен шыққан тартымды шығармалары арқылы өзіне тән қолтаңбасын айқындай білді. Шынайы да шымыр жазылған поэзиялық туындыларын аманат қалдырды.

III. ПОЭЗИЯДАҒЫ ЖАҢА ИІРІМДЕР

Ұлттық поэзияның сағыныш толқындары

Поэзиялық шығарма тілінің бейнелілігі ойдағыдай болмаса, ондай туындының көркемдік-эстетикалық әсері солғын тартар еді. Поэзияның керемет күшінің бір сиқыры ажарлы айшығына байланысты екені даусыз.

Көркем шығарманың тілі күрделі, қыры мен сыры мол құбылыс. Әр суреткердің тілді қолдану амал - тәсілдері әр түрлі.

Поэзия – сөз өнері, көркемдік шеберліктің теңдесі жоқ озық үлгісі. Оның үстіне поэзияның аса маңызды әлеуметтік, қоғамдық құбылыстарды бейнелеп көрсете алатын зор мүмкіншілігі бар. Ол айналамыздағы дүниені, өмірді танып - білудің күшті құралы, біздің қоғамдық ой - санамыздың, көркемдік, эстетикалық сезіміміздің үлкен өнімді саласы. Сондықтан поэзиядағы сөз суреттілігі, бейнелілігі өмір шындығынан нәр алып, соған тікелей жалғас туады. Сөз қолдану шеберлігі, көркемдік шеберлік дегеніміз өмір құбылыстарын танып - білу, ұғып - түсіну қабілетімен, көркем

ой - сезім қуаттылығымен терең тамырласып, қабысып жатады « Поэзиядағы, өлең жырлардағы бейнелі, өрнекті сөздер әлдеқандай бір ерекше сұлулап сөйлеуге әуестіктен емес, эстетикалық сезімнен, образды, бейнелі ойдан, дүниені ақынша, суреткерше қабылдаудан туады» [112, 656.].

Жазған шығармаң көлемді болсын, шағын болсын оның тілі шұрайлы да шырайлы болуы керек. Бұл қаламгерге қойылар басты талап. Бірақ бұл талап оңайлықпен орындала қоймайды. Ол үшін суреткерге шеберлік қажет. Өленде ажар болса әсерлі болады. Поэзияның өрнек - нақышына оқырман тұшынса ғана ондай өлең көптің талғамына татиды, рухани ләззат бере алады. Өлендегі өрнек деп отырғанымыз көркемдеу құралдары.

« Лирикалық шығармада ақын өмірден, айналасынан көргені мен білгендерін ғана жазып қоймай, сол өзі жазып, суреттеп отырған өмір құбылыстарының лирикаға арқау боларлықтай ең басты асыл қасиеттерін тани білуі керек» [111, 106.] – дейді ғалым Ж. Дәдебаев.

Демек, тыңнан тауып орынды қолданылған бейнелеу құралдары, сөз жоқ, лириканың өміршен болуына әсер етеді. Шығарма қарабайырлықтан арылып, оқушының эстетикалық талғамын байыта түседі. Қазақтың сөз өнеріне өзіндік өрнек, сырлы сырымен келіп қосылған бір арна – шет жерде жасаған қазақ ақындарының туындылары екені де дау туғызбайды. Ата - баба топырағынан шалғай жүріп туған тілдің қадір - қасиетін жоғалтпай, саф таза бойында сақтап, қазақы нақышымен ұлттық бояуын қанықтыра сан сырлы, алуан қырлы өлең - өмір жасап ұлттық әдебиетке қосылған диаспорадағы қазақ әдебиетін жан - жақты зерттеу бүгінгі басты міндеттердің бірі.

Ғалым Б. Әбдіғазиевтің: « Қазақ халқының басына тәуелсіздік бақытын сыйлаған соңғы оншақты жылдың көлемінде рухани дамуымызда бірқатар оң өзгерістер дүниеге келді. Бұрын жоғалтқан, жоғалта жаздаған асыл қазыналарымызды қайта таптық, өшкеніміз жанды» [98, 36.]. деген пікірін қазақ диаспорасында қалыптасып, дамыған қазақ әдебиетіне де айтуға болатын сияқты.

Монғолиядағы қазақ әдебиеті қандай деңгейде, көптің көңілінен шыға ала ма? Осы мақсатпен біз бірнеше ақынның

өлеңдерінің көркемдік ерекшеліктеріне тоқталуды жөн санадық.

Қай ақын болмасын қиыннан қиыстырып, бұрын көп ешкім айта қоймаған сөз өрнектерін қолдануға тырысатыны белгілі. Ақын Кәкей Жаңжұнұлын поэзиясының тілдік қуатына, ақынның әсемдік әлеміне, ондағы көркемдеу құралдарына назар аударып көрейік.

Ақын өзі жырлап, суреттеп отырған құбылыстың қыр - сыры, мән - жайын, қадір - қасиетін ашатындай сөз өрнегін іздеп, барынша қарапайым баяндауға күш салады. Осы қарапайымдылығының өзінен ақынның ұлттық сөз өнерін халықтық тіл байлығын қаншалықты меңгергендігін айқын байқауға болады. Ақынның тіл байлығының өлшемін аңғартатын жәйттердің бірі – синонимдер немесе мәндес сөздер. Бұл бір мағынаны, ұғымды басқа - басқа болып келетін бірнеше сөзбен беру тәсілі екені белгілі. Синонимдер ақын шығармашылығында бір құбылысты, бейнені өлең ішінде бірнеше қайталануынан сақтандырып, өлеңнің нәрін кіргізіп, тартымды көркем бейнелеуге көмектесетін және ақынның тілді игеру өресін, суреткерлік қасиетін танытатын бірден - бір құрал деп қараған жөн.

Кәкей ақынның «Бабам менің» өлеңі.

Кек тасқындап, кеудеге мұң батқан шақ,

Қас жауларын жайпап өткен аттан сап.

Жығылғанда қан жамыла қайысып,

Ұрпақ үшін келер күнді жатты аңсап [13, 216.].

Ақын ата - бабалардың «қасық қаны қалғанша» күресіп, жапырақтай жерін жат жұрттыққа бермей ұрпағына аманат еткен асыл текті ер рухына арнап жазған өлеңі.

Қабырға қайысатын қиындықты бастан кешкен бабалардың сол бір ауыр жылдардағы жағдайларын шынайы жеткізу үшін «кек тасқындап, кеудеге мұң батқан шақ», «жығылғанда қан жамыла қайысып» деген контекстік синонимдерді бірінің үстіне бірін үстемелей қолданады. Бұл жердегі сөздер мен сөз тіркестері қиындықты күшейтіп, әсірелеп жеткізу қызметінде жұмсалған. Жаңжұнұлы «Дана даусы» өлеңі:

Ауыр тірлік сұм дәуірмен белдесіп,

Азар сүйреп келе жатты шер кешіп,

Қайран ғасыр мұң жолында толғатып,
Бір алыпты әлдилейді жер – бесік [13, 246].

« Қазақ өнері, оның ішінде сөз өнері әдемілік пен сұлулықтың, эстетикалық ләззаттың қайнар бұлағы болумен қатар үлкен мемлекеттік, қоғамдық - әлеуметтік деңгейге көтерілгенін естен шығармаған абзал» [20, 346.]. дейді ғалым Т. Кәкішев.

Ақынның ерекшелігі оның өмірді танып білуі, қабылдауынан, оны бейнелеуде тіл қазынасын меңгеріп, қалай қолданатынынан байқалады.

Қырық келіп өмірге,
Қылау түсті көңілге.
Қырау түсті шашыма,
Құрау түсті сенімге [59, 626.].

Ақын бір ғана ойды «кәрілік келді» дегенді осындай синонимдер қатарын қолдана отырып әрі ойнақылыққа негіздеп, әрі ойлануға салмақ сала түседі.

Ақын Қауия Арысбайұлы «Өлеңімнің шарапаты шаршы топта» деген өлеңінде:

Өлеңімнің шарапаты шаршы топта,
Бетінді қыздырғандай шарпып отқа.
Желпінтіп жетелейді, төтелейді,
Дегендей қызған шақта айтып тоқта.

Жаңағы қызу жалын жалп етеді,
Кім білсін қайта қашан жалт етеді.
Толқиды, торығады, тойпаңсиды,
Өзінен зордық үні саңқ етеді [44, 66.].

Осы жолдарда ақынның шабытты шағы аса шынайы берілген. Мұндағы. « желпінтіп жетелейді, төтелейді» , « толқиды, торығады, тойпаңсиды» деген сөздер жеке тұрғанда бірнеше ұғымға ие болғанымен, бұл контексте синонимдік қатар жасап қолданылған. Ақын бір сөзден бір сөзді асырып, үстемелей дамытып, толықтырып синонимдердің мол мүмкіндігін мақсатты пайдалана білген.

Өмірде ақынға тақырып болмайтын құбылыс жоқ. Әңгіме сол құбылыстың ішіне үңіле қарап, сырын ашып, нағыз ақындық қуатпен, зерделі шеберлікпен өрнектей білуде.

Ой көркемдігін, пікір дәлдігін арттыратын, поэзиялық шығармаға күш - қуат беретін компоненттердің бірі антоним сөздер. Антоним мағыналары бір - біріне қарама - қарсы қолданылатын сөздер екені ғылымнан белгілі. Ақындар лирикаларында да антоним сөздер молынан кездесіп отырады. Антонимдерді қолданудағы ақынның негізгі мақсаты ой айқындығы, мазмұн тереңдігі, өлеңнің эмоциялық әсерін күшейту.

Кәкей ақынның «Бадам менің» өлеңінде:

Кетсе де дос сүрініп, қас ақталып,
Жау болып аттанбапты жасақтанып.
Көндіріп парасатпен адамзатты,
Игілік талай істі жасапты алып.
Болса да өзі «көн етікті пұсырман»,
Ақ арманы қара бұлтты ысырған,
Кейінгіге ер рухым қалсын деп,
Зеңгір көкке бейбіт құсын ұшырған.
«Біз олармен біргеміз»

О, Вьетнам!

Тұлпар мініп қайраттан –
Бір күн дамыл етпестен,
Қас дұшпанын жайратқан.

«хирург Құзыкейге» өлеңінде:

Жабырқатып жаз көңілімді қыс алып,

Көкірекке шер боп қатып құсалық [17, 9-10; 186.].

Контекстік қолданыста «жаз көңіл» – ді «қыс алып» деген тіркестер мағыналық тұрғыдан бір-біріне қарсылық мәнде жұмсалған. Немесе, зейін қойып қарағанда, бірінші тармақтағы «жабырқаған жаз көңілге» келесі тармақ «көкірекке шер боп қатқан құсалық» барынша қарама - қарсылықты айқын бере алады..

Ақын өзі суреттеп отырған объектісін жан - жақты ашу үшін айшықты сөздермен бедерлеп, оқушы сезіміне әсер берерліктей тартымды етіп бейнелеуге тырысады.

«Поэзия, әдеби шығармаларда сөз, тіл жаңалығы деген жеке сөздерді қолданудағы жаңалық қана емес, ол алдымен белгілі бір ой - пікірді, сезімді жеткізудегі шеберлік, көркемдік. Зор қоғамдық пікірді, көркемдік қуаты күшті ақындық

ой -сезімді барынша жатық, тауып айтылған, қарапайым сөздермен айтып беру поэзияның таңдаулы туындыларында үнемі кездеседі және мұның өзі асқан шеберліктен туады» [112, 1496.].

Омонимге мысал Кәкей ақынның «Жазғы түн» өлеңінде:

Қақ айырып көк төсін,
Баяу жүзіп барады Ай.
Жер сұлуға телміріп,
Қарады - ай кеп, қарады - ай [17, 86.].

Ақындық шеберліктің деңгейін танытатын бір тетік – теңеулердің дәлдігі мен молдығы, шығарма шырайын кіргізудегі қызметі. «Тенеу – құбылысты басқа нәрсемен салыстыру арқылы сипаттау тәсілі» [96, 166.].

Кәкей ақын туындыларындағы көркемдік бейнелеулер талғампаздықпен таңдалған теңеулер арқылы да, заттық құбылыстың ерекше ұқсас белгілері нақты, дәлдікпен түрлендірілген.

Ақ сазандай лағыл тәні жарқырап,
Ай шомылып жатар төмен суатта.
Енді бір сәт көл анау ырықты алған,
Тас аяқта тамшыдай тұнып қалған.

Мұзтаудың тентегі осы Күрті деген,
Дауысы күндік жерден күркіреген.
Ақбұйра, аждаһа өзен допша қуып,
Үйдей - үйдей қойтастар дүркіреген. [17, 86.].

Ақынның өлең шумақтарындағы эпитет, теңеу, метафора, инверсия т.б тәсілдер образдылық жүйеде бірін - бірі толықтырып отырады.

Мұндай көркемдеу құралдарын қолданудағы мақсат – ақын - жазушылардың айтайын деген ойын терең мағыналы, мазмұнды етіп жеткізу, оның сезімге эстетикалық әсерін күшейту. Осы жағынан келгенде ақын көркемдеу құралдарының алуан түрін ой айқындығы, мазмұн тереңдігі жолында шебер қолдана білген.

«Бейнелеу құралдардың бар арсеналы – қазақтың кең даласы, ондағы табиғат көрінісі, жан - жануарлардың

өмір – тіршілігі, күн сәуле сі, айлы түн келбеті, соққан жел лебі, қамысты көлдің айдыны тағы басқалар» [30, 86.]. деп тұжырымдайды ғалым Ә. Нарымбетов. Кәкей ақынның өлең шумақтарында кездесетін бейнелеу құралдарының кейбірі ұлттық болмысқа тән бояумен бедерленген. « Көл көріністері» өлеңі:

Самал – балдыз асылса кім шыдайды,
Бүлк - бүлк күлген көл беті тыншымайды.
Бұлт пердесін бетінен сырып тастап,
Күн – келіншек қайнысын шымшылайды.
Күнге соғып маңдайын « мұз» жылады.
Суға төніп қуғыншы күз құлады.
Көл серінің қойнына кіріп кетті.
Қашып келіп төскейдің қыз – бұлағы. [17, 16 б.].

Самал желді – балдызға, көлді – сері жездеге, күнді – келіншекке, бұлақты – қызға балай отырып, табиғат көріністерінен көркем де тартымды кейіптеу бейнелер жасап суреттеген. Өлең шумақтарындағы табиғат суретін алсақ та, метафора түріндегі бейнелі сөздерді алсақта қазақ ауылдарының адамдарына тән болмыс - бітім, әрекет, мінез, әдеттерінен елес береді.

Ақынның өлең шумақтарындағы эпитет, теңеу, метафора, инверсия т.б тәсілдер образдылық жүйеде бірін - бірі толықтырып отырады.

Шаруадан шаршаған дара батыр –
Алқам-салқам көсіліп дала жатыр.
Көкжиектің бір шеті күреңітіп,
Жалын шарпып өртеніп бара жатыр.

Жылқышы « сал» қыр гүлін теріп кепті,
Отын алған аруға беріп кетті.
Сол шекер қыз тәп - тәтті қылығымен,
Құшағында жігіттің еріп кетті.
Күннің беті ұяттан шиедей боп,
Ар жағына таулардың еніп кетті. [27, 6 б.].

Өлең шумағы аса ойнақылықпен, образдылықпен, ұлттық бояумен бейнеленген. « Жазушының тіл шеберлігі оның лексикон байлығымен ғана өлшенбейді, сол байлықты

жазушының шығармада пайдалану шеберлігімен өлшенеді» [14, 226.] – дейді ғалым М. Қаратаев.

« Ақын образбен ойлайды, ол шындықты дәлелдемейді, оны көзге елестетіп көрсетеді» – дейді В. Г. Белинский.

Осы тұжырымға сүйенсек, Қатшанұлы Шабдарбайдың « Алтай суретін» осындай өлең қатарына қосуға болады. Оқып көрейік:

Қайынға тобылғысы жанай өскен,
Жарына қолын артқан жас келіндей.
Жамылған қардан сәлде керіп ұзын,
Сергек тұр сақшысындай еліміздің.
Бұлттары камшат бөрік үкісіндей,
Басында бұлғақтаған сері қыздың [116, 316].

Адамның ақындық құдіретін айқын танытатын әрбір көріністі суреттеуде көркем бейнелеу мен жаңа теңеулерді барынша әдемі қолдана біледі.

Кең қолтық Алатаудың туысындай,
Жайқалған бетегесі түгі сынбай.
Сыртынан алшаң басқан қызды ауылдың,
Кәдімгі сал жігіттің тұрысындай.

Көз алдымызға жанды бейне елестейді. [116, 316].

Тілші ғалым Т. Қоңыров « Қазақ тіліндегі теңеулер» атты еңбегінде қазақ теңеулерінің он түрлі тәсілмен жасалатындығын көрсетеді.

1. Жұрнақтарының көмегімен;
2. –дай, дей, тай, –тей, дайын, –дейін –ша, – ше жұрнақтарының көмегімен;
3. Шығыс септік жалғауының көмегімен;
4. Тең сөзінің көмегімен;
5. Бейне сөзінің көмегімен;
6. Секілді сөзінің көмегімен;
7. Ұқсас сөзінің көмегімен;
8. Параллелизм тәсілінің көмегімен;
9. Аралас тәсілінің көмегімен;
10. Қосалқы сөзінің көмегімен.

Өлеңде көптеген әдеби бейнелер осы тәсілдер арқылы жасалады.

« Табиғат – поэзияның объектісі ғана емес, оның

бойына қуат бітіретін, өңін кіргізетін сұлулықтың арсеналы да тәрізді. Тіпті көркемдік-бейнелеу амалдарының неше алуан түрлерін ақындардың табиғаттан алатыны белгілі» [30, 31б.] – деп жазады поэзия жанрын зерттеуші ғалым Ә. Нарымбетов.

К. Жаңжұнұлы поэзиясындағы көркемдеу құралдарының сонылығы мен байлығы, ерекше қасиеті, айрықша назар аударады.

« Поэзияның көркемдік құрылысына ойды образды жеткізуге айқындаудың мәні ерекше елеулі. Айқындау сөз айқындалушы мүшенің маңызын сыр - сипатын, ерекшелігін анағұрлым тереңірек баяндайды» [86, 31б.]. Кәкей ақынның « Сал ұйқы» (1969) өлеңіндегі сөз саптау сыры талғамды да тартымды.

Отау үйдің оң қанатын нұр қаптап,
Оңашада ару жатыр бұлғақтап.
Құмай төсті бүркеуге де бата алмай,
Шайы көрпе сусып түскен сырғақтап.

Қос анарды көтере ұстап жоғары,
От көкірек алау атып соғады.
Елік жанар, зер кірпікпен бүркелген,
Ояу да емес, ұйықтаған да жоқ әлі.

Аққу мойын, алшы иықта әр талы,
Қанат жайған қара бұрым тарқалып
Саңылаудан созылып кеп Ай-жігіт
Құс төсекке боз білегін артады. [17, 40 б.].

Келтірілген шумақтардағы « құмай төс» , « шайы көрпе» « мас кербездік» « сал дене» , « ақ сазан тән» , « бұла түн» , « алшы иықта қанат жайған қара бұрым» сияқты көркемдік айшықтаулар контексте ерекше мәнді, сәнді, сезім мен суретке сіңірілген сырлы бояу сырындай әсер берсе, ал « Елік жанарды зер кірпік бүркеуі» , « Саңылаудан созылып кеп Ай – жігіт, Құс төсекке боз білегін артуы» ақынның жеке дара сөз қолданысының қымбат қазынасынан алынған шеберлік өрнегі деуге болады. Кәкей ақынға тән мәнер – сурет. Кәкей ақын да кез - келген қаламгер әріптестері сияқты бұрынғы жолды шиырламай, тыңнан эпитеттер табуға, жаңадан жасауға,

өзіндік түрлерін туғызуға күш салады.

« Айқындау – суреткердің белгілі бір құбылысты, заттың жаратылыс табиғатын немесе адам жан - ділін ұғынуының өлшемі болып саналады» [96, 526.] деген анықтаманың растығына ақынның әлгі сипаттауы, сәтті сипаттама қаламгер кемелдігінің де көрсеткіші.

Ақынның лирикасының тілінде адамның жан тебіренісін, көңіл толғанысын, жүрек лүпілін, сезімнің сан құбылуын көрсететін сипаттамалар, эпитет, метафора, теңеу т.б бейнелі сөздер көптеп кездеседі.

Сәт таппай сыр ақтарар бір ыңғайлы,
Бозбала сыр ұрлайды, қырындайды.

Жас бүршік көкіректе гүлін жайды,
Тоқтамай торғай жүрек шырылдайды [27, 276.].

Алғашқы махаббат сезімнің бозбала жүрегінде оянған шағын « Жас бүршік көкіректе гүлін жайды» деген жолмен аңғартқан, яғни ұлғайған метафораны қолданған. Бала сезім, « гүл жайған жас бүршіктің» қауқары - әлі « торғай – жүрек» күйін кешуде, қорғансыз. Метафоралы эпитетте, сырттай түр - тұлғалық ұқсастық болмағанмен, мағыналық ішкі байланыс мықты.

Ақынның ерекшелігі әр өлеңіне айшық беріп, мағыналық танымдық қасиетін, әсерін күшейтуге барынша ұқыпты қарап отыратындығы.

Өлеңге шырай, айшық берудің ерекше түрі – эпитет немесе айқындау. Бұл көркем шығармада жиі кездеседі. Себебі құбылыстың ерекше сын - сипатын, айрықша мінез - қасиетін анықтап көрсететін сөздерсіз шығарма ешбір көркемдік дәрежеге жете алмайды. Соған орай әдетте ақындар айқындаудың әр түрлі формасын қолданды. Сонымен қатар ақын эпитеттерді көркемдеу құралдарының басқа да түрлерімен араластырып қолдануға да, түгел шумақты эпитетке құруға да шебер. Сөзімізге ақынның өлең шумақтары дәлел бола алады. « Ақын» атты өлеңінде:

Кеудесіне шабыт құсын қондырып,
Ақын отыр, асау жырға толғатып

Тау сілкініп, жаңғырыға жар құлап,
Тасығандай кеудедегі бар бұлақ.
Арындайды ол бір сәтке,

Алып қашып, асау қалам – арғымақ [17, 196.].

Өлең шумағындағы канатына жел біткен қаламды – асау арындаған арғымаққа балаған және нар шабыттың жемісі болатын жырға ақынның толғатып отыруы – балама тіркестер арқылы ұқсас құбылыстардың сыр – сипатын да бірге, қатарластыра суреттеген. Өлеңнің келесі шумақтарында:

Дір еткізіп жел қаққандай қияқты,
Көкіректен шымыр - шымыр күй ақты.

Жүрек тулап тербеледі жыр - сезім

Жапандағы жалғыз шынар сияқты.

...Бітті өлең нар шабыттың шәрбеті,

Кең мандайдан жалғыз моншақ үзілді – [17, 196.].

деп ақын сөзбен сурет салуда, көркемдік бейнелеуіш сөздерді құбылтып, түрлендіріп, олардың эстетикалық әсерін күшейтіп отырған. Бұл мысалдар ақынның тіл орамының икемділігін, өлең айшықтаудағы шеберлік қырларының ерекшелігін танытады. Ақын шығармаларындағы сөздің реңін кіргізіп, ажарлап, көркемдік көріктеулер беріп тұрған эпитет, теңеу, метафора т.б тәсілдердің сәтті, мәнді қолданысынан суреткер шеберлігін байқауға болады.

...Көркем ойға, образды, бейнелі ой жүйесіне тән өзгешелік – не нәрсенің, қандай құбылыстың болсын маңызды, ішкі қасиеттеріне және көптеген ұқсас құбылыстар мен нәрселердің ортақ ерекшеліктеріне қоса олардың жеке, өзіндік, жалқы сипатын танып - білуге ұмтылу.

« Поэзиялық сұлулық дегеніміз жүректің миуасындай гүлдей жайнаған, ақықтай жарқыраған үздік туған сөздердің сапқа, қатарға, сымға тартқан күмістей тізілуі, кестедей төгілуі, ішкі байланыстар жүйесінің беріктігі, құйқылжыған үнге ие болуы. Ендеше, Тойлыбай толғаныстарының мәні мен сәні ерекше елеулі.» [45, 96.]. – дейді ғалым Серік Негимов.

Ғалымның пікірін тағы да тыңдап көрейік: « ...Әлемдік фольклорда « Күн », « Ай », « Жұлдыз » бейнелері ала – бөтен көркемдік қуатпен мүсінделген. Осынау бейнелерді көркемдік - эстетикалық мұратқа орай небір қырларын жан - жақты ашып

көрсетуде, образ әлемін көркейтуде Тойлыбайдың көркемдік олжасы, ойлау жүйесі зейін аударарлық.

Ақ денесі ағарандап Ай шығар,
Он жетіде ғашықтардың алдынан.

Қызыл Ай миығынан күліп,
Дарияның ақ төсінен сүйіп алады.

Су ішеді кешкілік қос шалқардан,
Сынық мүйіз сиыр тіл ай мөңіреп.

Шынайы зердеден, қиял серпінінен туындаған, зергерлікпен тоқылған мейлінше нәзік, бейнелі оралымдар жігерінді, рухынды оятады, жаныңды, жүрегінді толқытады, ғарышқа самғатады»

Біз Тойлыбай ақынның көркемдік қазынасындағы көрікті әрі жаңа айқындаудың образын мысалға алып, тілге тиек еттік. Ондағы мақсатымыз – сөз зергерінің өрелі өнерінің бір қырын таныта кету. Өлеңде көптеген әдеби бейнелер осы тәсілдер арқылы жасалады.

Ақын Қауия Арысбайұлының өлеңдерінде өмір, тіршілік, дүние туралы алуан ұғымдардың шешуі қиын түйіндері, сондай-ақ, сырлы әлемнің әсерінен туған сезім саздары өрнектелген. Өлеңнің қыры мен сырын, астары мен тынысын өзінше аңғарып, қолтаңбасын әлдеқашан оқырман көкірегіне қалдырған ақынның әдемі сөз, әсерлі сурет жасаудағы бейнелілігі көзге бірден ұрады.

...Қайран шешем күн маңдай, [44, 33б.].

« Өзімді айтсам»

...Қалғиды қарт қарағай,
Бурыл самай, боз кірпік [44, 13 б.].

...Көкірегінде бұла таудың,
Жатқан қыстай тұншығып

« Өмірден туған ойлар» [44, 6б.].

Сөз жоқ, бұл эпитеттер сонылығымен ақын тіліне жаңа ажар үстеген. Әрі ақынның шығармашылық бетін айқындай түскен. Бұдан ақынға тән машық-мәнерді де аңғаруға болады.

Поэзиялық жанрға тән ерекшеліктердің бірі – дыбыс

қайталаушылық.

Ғалым Серік Негимов: «Орнымен үндескен сөздер әдеби тілдің өрнек кестесіне әдемі ажар, айшық қосады. Ассонанс сөздің интонациялық - музыкалық мәнін, экспрессивтік - эмоцияналдық бояуын күшейтіп, ерекше елеулі тұстарды дыбыстандырып, ой - сезімінің әсерлілігін арттырады» – деп көрсетеді Тойлыбай Құрманмолдаұлының « Ақ інгеннің аппақ сүті сел болып» деп аталатын төрт шумақ өлеңі түгелдей ассонансқа құрылған.

Ақ інгеннің аппақ сүті сел болып,
Ақсын өзен көбіктеніп, көл болып.
Ат шаптырып, ұлан - асыр той жасап,
Алтын арай күн жарқ етсе қуандым,
Ай жарқ етсе арасынан тұманның.
Ақбоз пырақ зымырасын даламен,
Арқасына жел тимесін құланның [56, 51б.].

« Әдеби тілге дауыс ырғағы емес - ау, тіпті дыбыс қайталаулар арқылы да әжептәуір ажар бітіруге болады» [86, 13 б.]. Ал « Арасанды асқар таулар, шалқар дала шалқайған» атты алты шумақ өлеңі тегіс ассонансқа құрылған.

Арасанды асқар таулар, шалқар дала шалқайған,
Асау толқын, көгілдір көл көбіктеніп шайқалған.
Ақсақалдар сұңқар салған, алма мойын арулар,
Аттандырды астанаға қасиетті Алтайдан [55, 43б.].

Ақын әлгі талаптарды яғни дыбыстық гармонияны қатты сақтайды. Сондай-ақ аллитерация талабына да ақын ұқыпты.

Тозбас күйін пернеңнің басып біліп,
Тамылжыған шуағы ашық күліп.
Теңбіл аспан ақ бұлты мамырлаған,
Телміртті ме мәңгілік ғашық қылып?
Тарлан тау ма толқытқан көптен бері?
Тарихтың талайғы өткелдері.
Топырағы алтын бұл менің далам.
Тұл батырдың өлерде өпкен жері.
Таң кеудеден тасқын боп ақпай ағын,
Таянумен қойшының ақ таяғын.

Татырда анау, өтіпті сабаз бабам,
Тастап артқа сүт құйған сапты аяғын.
Торғын бөктер көрдің бе көгал басқан,
Тағдырымды тұсағам оған бастан. [55, 246.].

Кемел азаматтың кіндігі туған ауылынан, туған
топырағынан үзілмеуі парыз екенін ақын осылай аңдатады

Кәкей ақында « Сағындың ба» өлеңі осы әдіспен
эрлене, әсерлі беріледі.

Боз қайыңды бозша айға шомылдырған,
Бозғыл түннің санынан жаңылдың ба?
Сексеуілдей сыңсыған шағыл құмда,
Сарғаюмен, бөленіп жаның мұңға,
Сағындың ба, ұлыңды сағындың ба? - немесе:
Көмескі айды көк жиекке батырып,
Көлеңкелер шөгіп қалды қапырық.
Көпке дейін шәу - шәу етіп ит үріп,
Көпке дейін үкі тұрады шақырып,
Бүгінгі түн қапырық. [17, 246.].

Қызай Бақтыбайұлының «Бесбоғда» өлеңінен мынадай
шырайлы шумақтарды оқуға болады:

Жұлдыз көрпе жаздағы түнін түріп,
Жөнелерде Бесбоғда шыңын сүйіп.
Тамылжып бір, толқып бір моп - момақан,
Келе жатса керіліп, таңың күліп. [17, 296.].

Өнер туындысында әдетте жаратылыс шындығы
осылай таныла отырып, сұлулық көрінісі ретінде бағаланады,
образды, өрнекті келісімін табады.

Бейнелі сөздердің, көркем баламалардың маңыздылығы әдеби
шығарманың мазмұнын ашуға, ондағы айтылатын ойды әсерлі
етіп жеткізуге қаншалықты себі тиетіндігімен өлшенеді.
Имашхан ақынның « Жаңбырдан соң» өлеңі де көркемдік
құнарымен назар аудартады.

Найзағай тентек бұлтқа дүре салып,
Қашты ол сүтті емшегін жүре сауып.
Төбемде жымыңдайды сылқым аспан,
Шекеге күн үкісін іле салып.
...Таулардың төбесіне тұман құлап,
Жуынып бұта, бүрген сыланды нақ.

Етекке шұғыл түсіп келе жатыр,
Жүйелеп жылғаларды жылан бұлақ. [12, 226.].

Имашханның табиғат лирикасын жасаудағы шеберлігі, өлеңмен өрнек салуы, құбылысқа қимыл беру, асқан сезімталдық пен көрегендік жемісі, әсем сурет пен әдемі құбылыстың үйлесімін тапқаны сәтті. Мәселен:

Жұлдыздар тайғанақтап төбесінен,
Сөгілді тегене аспан көбесінен.
Жантайып жата кетті Ай мен Үркер,
Түнімен көз алартып төресіген.

«Көктем таңы» [12, 226.].

Табиғат – поэзияның объектісі ғана емес, оның бойына қуат бітіретін, өңін кіргізетін сұлулықтың арсеналы да тәрізді. Тіпті көркемдік – бейнелеу амалдарының неше алуан түрлерін ақындардың табиғаттан алатыны белгілі» – деп жазады поэзия жанрын зерттеуші Әбділхамит Нарымбетов [30, 326.].

Табиғаттағы сұлулықтың сырын түсіне, сезіне білмеген адамдар жыр жазып та жарытпайтыны белгілі.

«Табиғатты жырлауда екі өзгешелік бар, – дейді сыншы әдебиетші І. Омаров, – бірінші – табиғатқа сүйсіну, дәлдікпен суреттеу, көрген жердің фотографиясын беру, екіншісі – табиғатқа жан беру, тірілту, адаммен, қоғам өмірімен теңестіру» [136, 546.].

І. Омаров айтқан пікірдің екіншісі аймақ әдебиетінде көбірек көрініс тапқаны аңғарылады.

Келді көктем. Келіп атып май таңы,
Тірлік біткен көктем әнін айтады.

Қар күпісін,

Мұз – көрпесін сүйретіп,

Алжыған қыс жалаңаяқ қайтады. [12, 316.].

Имашхан ақын өлеңіндегі жансыз нәрселердің өзі тіршілік иесінің қасиеттеріне ие болып, түрлі қимылдар жасайды. Ол үшін ақынды бүкіл ізгілік атаулыға қиялы ұшқыр, фантазиясы бай болуын, бір сөзбен айтқанда автордың өзі эстетик болуы керек. Сонымен бірге табиғатты шынайы суреттеуге ақын танымының ролі күшті екені белгілі. Осы жауапты талаптардан лирикалық кейіпкеріміз жоғары көріне біледі.

Жер – ананың сал денесі балбырап,
 Күн – келіннің беті нарттай албырап.
 Сығалайды түлкі аңдыған аңшыдай,
 Жылғалардан бас көтеріп балқұрақ. [12, 316.].

Ақын қарапайым сөйлеп отырып-ақ өзгеше бейне мен өзгерістерге толы дүниемен жолықтырады. Өйткені, ол – ақынның шын жүрегінен шыққан шынайы жырлар. Бұл шынайылықтың өзі адамда, ақында парасатты ой, сырлы сұлулық, игі жақсылықпен табиғи байланысып жарасым табады.

Болмаса мактасын деп бір ісімді,
 Бота таң бозторғайға жыр ұсынды.
 Алтын күн қоржыны тоқ жолаушыдай,
 Арқалап келе жатыр ырысымды
 Сал көктем! Сен де осынша киелі ме ең,
 Таулардың тер сорғалап иегінен,
 Оянып ұйқысынан маңғаз дала,
 Жыртылып өзен жатыр жиегінен. [12, 336.].

Табиғат ақын үшін тек материал, ақын идеясы, суреткерлік шеберлік пен талғампаздық нәтижесінде ол поэзиялық өрнек арқылы түрліше құбыла алады. Бұл нағыз лирик ақындарда болатын жетістік деп ойлаймыз.

«Адамның өзін рухани байытудың жолы біреу ғана. Ол табиғаттағы сұлулықты, әсемдікті көру, сезінудің сезімді ұштайтыны секілді, әдебиет пен өнердегі эстетикалық сезім бұлағындай білу» [37, 366.]. – деп С. Әшімбаев айтқандай адамның рухани жан дүниесін сұлуландырып, нәр беретін күдірет те осындай өлендерден дарыса керек

«Әдеби тіл қарапайым да сазды болуға тиіс. Асылында қарапайым әрі сазды жазу дегеніміз түсінікті жазу деген сөз. Тіл күдіреті таңғажайып. Адамның табиғат әлемінің сарқылмас түр-түсін, қозғалысын бейнелейтін ең абсалюттік ой-санасын белгілейтін сөздің шексіз мүмкіндігін тіл күдіреті дегеннен басқа лаж жоқ» [42, 66.].

Шарбы бұлттар шалдыққан шудаланып,
 Жалбыраған балағын суға малып.
 Бұрқыраған бұрымы тарқатылып.
 Жатыр жосып өріле, тулап ағып. [12, 316.].

Имашхан ақын « жалбыраған балағын суға малғызып» адамша әрекет еткізеді.

Ақын пейзажды адамның тұрмыс кешетін табиғи ортасы, мекен жайы ретінде ала отырып, әлеуметтік өмірмен, қазақ халқының көшпелі тұрмысымен тығыз байланыстыра көрсетеді. Ол өзінің шығармаларында жыл маусымдарын соны, ажарлы бояулармен әрлендіре суреттейді.

Метонимия да ой образдылығын арттыратын тәсіл.

Илиясұлы Яки « Жастық шағым» өлеңі:

О, Менің жастық шағым жалындаған,
Болат тұяқ қырансың.
Шырқап салар жыр, әнсің,
Қамалсың сен жауына алынбаған.
Секілдісің наркескен,
Жүзінде от бар дескен.
Найзағайсың қара бұлтты тілгілер,
Ақ жаңбырсың сіркірер.
Сенің жайсаң мінезің боп күн күлер,
Көк өрімсің жайқалған,
Сәйгүліксің тайпалған. [28, 166.].

Өлеңде он бір буын мен жеті буын аралас келіп отырады.

Орынды қолданылған құбылту өлеңге өзгеше рең дарытқан. Негізінде, бейнелегіш – суреттегіш құралдар жүйесі ақынның көркемдік дүниетанымына, қабылдауына, көзқарасына қатысты.

Поэзиялық шығармадағы көркем түр, тіл, өлең өрнегі өз алдына оқшау, бөлек қаралмай, бір - бірімен сабақтас, тұтас алынып, олардың шығарма мазмұнын ашудағы мәнін анықтау тұрғысынан қарап талданады.

Көңілдегі сайрап жатқан ойды ықшам, көрнекті , ажарлы етіп ұсына алу, әрине суреткердің тіл байлығына байланысты.

Тойлыбай Құрманмолдаұлының «Ногоннуурдағы қызыл тастар» өлеңі де ақынның өзіндік ойлау, өзінше бейнелеу тәсілін аңдататындай.

Омырауы өксік өрт, жаны жара,
Орқаш - орқаш, мүжілген бұжыр - бұжыр,

Үйдей - үйдей секпіл бет қызыл - қызыл.
 Шомбал - шомбал, су шайған, жұмыр - жұмыр
 Ашылмаған қабағы ғұмыры бір...
 Тіріледі мың сурет... Ойланамын,
 Соғатындай тула бір бойда қаным.
 Сәл кідірsem көретін секілдімін,
 Ақ толқынмен солардың ойнағанын. [59, 166.].

Шынайы шабыттан туған нағыз поэзиялық туындының мағыналық сыйымдылығы, көркемдік әсері де өлшеусіз ғой.

“... Бейнелі сөз не сөз тіркесінің өлеңнің мазмұнынан, идеясынан нәр алып, қуаттанып, әдеттегісінен гөрі анағұрлым зор мағынаға ие болып шығатынын мазмұн мен түр байланысының, мазмұнды көркем түрге айналдыратын поэзияның керемет күшінің ғажап бір көрінісі деп ұғуымыз керек”. [127, 166.].

Қуанған Жұмаханұлының «Бес сала» өлеңіндегі төмендегі жолдар да адамның көркемдік танымын кеңейтеді.

Аспаныңнан жаңбыр моншақ төгіліп,
 Жатса сіңіп, қасат қарға көміліп.
 Жалбыр бұлттар омырауына түнейді,
 Жұлдыз ілген шың - сүңгіге соғылып. [56, 266.].

Шеберлікпен қолданылған троптың түрлері өлеңге сұлулық дарытып, ойды көркемдей түскен.

Ақын халық поэзиясының түрлік және көркемдік құралдар дәстүрін жаңғырта отырып, поэзияға соны леп, жаңа үн әкелді.

Өлең – өнер, ой өрнегі, сөздің патшасы. Ол – өзіндік ырғақ, ұйқасқа құрылған белгілі бір заңдылықтарға негізделген сырлы әлем.

Кәкей Жаңжұңұлының өлеңдеріне осы мәселе тұрғысынан қарап көрсек төмендегідей.

«Ауыл таңы» Өлең 2 бунақ, 7 буын, шалыс ұйқасты.

4	3	
Қылаң тартты шығыс жақ,-	А	
4	3	
Түн түнегі түріліп.	Б	

4	3	
Құстар сайрап дыбыстап,		А
4	3	
Қайнады сан тірілік.		Б
« Сырлы әуез» өлеңі 11 буын, 3 бунақ, ақсақ ұйқасқа құрылған.		
4	4	3
Көк жиектен көтерілді алып таң,		А
4	4	3
Ән келеді анау қырдан талыққан.		А
4	4	3
Қыз тындайды ынтызар боп елендеп,		Б
4	3	

Кім біледі танық па ән? А

«Күз» өлеңі 11 буын, 3 бунақ, ақсақ ұйқаспен жазылған болса, «Көңіл атты көлімнен» деген өлеңі 7 буын, 2 бунақ, шалыс ұйқасқа құрылған. «Құмнан сусап құлағанда құмығып» 11 буын, 2 - 3 бунақ, аралас ұйқасқа құрылған өлең.

Қ. Қалиасқарұлы «Талантқа сай талап болса» атты мақаласында: «Халқымыз дүниеге өлеңмен көзін ашып, дүниемен қоштасатын жыр жанды, күй көңілді қасиеті бар жұрт. Анадан шыр ете құлағын әнмен аштырып аузына жыр үрлетіп өмірге араласқан қаламгерлеріміз әдебиетіміздің әлбетте поэзия жанрын дамытып келеді» --деп орынды пікір айтады. Аймақ оқушы қауымына ерте танылған «ойға жеңіл, жүрекке жылы тиер» өлеңдерін түйдегімен жазып көпшілік оқырманның ыстық ықыласына бөленген ақындар Байбатырұлы Иماشхан, Мәулітұлы Зүлкәпілдердің туындыларын үздік деп танып, жақсы бағалайды.

Ғалым тағы да: «Сондай - ақ осы бір сөз маржанын жасаушылар сапында Даян Қалаубайұлы, Қауия Арысбайұлы, Тойлыбай Құрманмолдин, Кәкей Жаңжұңұлы, Зухай Шәріпақынұлы сияқты көптеген ақындар елерлік еңбек сіңіріп келеді. Әсіресе жалынды да жан тебіренер жыр иесі жас дарын Кәкей өзінен көп үміт күттіруде. Оның «Айхай Русь», «Анаға», «Отаным менің, айдыным», «Туған жер», «Бұлғыным» атты сезімге тола лирикалары монғол қазақтарының әдебиет әлемінде жаңа жұлдыз туғанын бірден - ақ көрсете алады» [128, 126.]. – деді ғалым пікірін «Шұғыла» журналының 1975 жылғы

(Өлгий – 1975) санынан ала отырып « Кәкей ақынның жас ақын бола тұра өзгеден ерекше, өзіндік даралығымен поэзияға келіп қосылғанына» көзімізді тағы бір мәрте жеткіземіз.

Кәкей Жанжұнұлының туындыларындағы жаңа колданыстағы кейбір ерекшеліктер туралы айта кетер бір жайт бар. Ол – ақынның үйрену мектебінің бірі монғол әдебиеті болғандығы.

Монғол әдебиетінің – (сөз саптауының, өлең ұйқасының шешендік мақамының) өзіндік ерекшелігі бар.

Монғол – сөзге бай, жылағанды сөзбен жұбата білетін, сұқтанғанда тілмен сұлата білетін ділмар халық. Тек өлең жырда ғана емес, қара сөзде де мақал - мәтелдің сыртында, асқан шешендікпен, ұйқас қисынмен жазылған сөздер көп кездеседі. Кәкей ақынның « Маргааш ир» (« Ертең кел») атты өлеңіне тоқталсақ мынадай:

Заримдаа дарга өдөр бүр хүлээж авна
Зан сайтай, гэвч...

Хагас цаг шүдээ ухаж хэхэрч сууна
Харилцуураа цээжиндээ нааж,
хэн нэгнийг загнана [137, 50 б.].

Қазақшасы:

Кей бастық күн сайын қабылдайды,
Қабылдаудан жаңылмайды.
Жарты сағат тісін шұқып,
кекірумен өтеді,
Телефонды төсеніп ап әлдекімге
жекірумен өтеді. [77, 37 б.].

Чин үнэндээ ганц ч асуудлыг үл шийднэ,
Цэгнэн дүгнэж, цэгцэлж бүр ч чадна
Амархан бүтчих юмыг хэцүүд нь тооцно
Аюулт хуй салхи дэгдэх шиг сүржигнэнэ
Эсвэл бусад руу түлхэж орхино
Эцгэлээ хөөцөлдцэн хүмүүс хариу, горилно.

[137, 50 б.].

Қазақшасы:

Алдынан бір мәселе шешім таппайды,
Түйінделіп кесім таппайды.

Біте салатын істі киындатып жібереді.
Алай - түлей құйындатып жібереді.
Не басқаға аудара салады,
Аудармаса саудаға салады. [77, 37 б.]

Дараа болъе», « сайн бодъе» гэнэ
Гараад хаалгаа хаачих гэнэ
Гацаа нь олдохгүй болзоо ингэж тавина
Өчнөөн хоносны эцэст « боллоцоо» үгүй болно
Өгөөмөр царайлахад « маргааш ир» гэнэ
Маргааш нь очвол « маргааш ир» гэнэ
Хорвоод ямар « маргааш» дуусах биш дээ
Хожим нь уулзахад бас л « маргааш»
Тиймээ бид хүлээнэ
Тэгсээр яваад « хүлээсээр» дуусна. [137, 51 б.]

Қазақшасы:

Өлден уақытта « так» дейді,
« Есте болсын», « ойланайық»,
« Есікті сырттан жап» дейді,
Сөз бұйда уәдесі көп болады.
Бүгін барсаң - « ертең кел»,
Ертең барсаң - « ертең кел»,
« Ертең келі» - бітпейді,
« Әлде біраз күт», – дейді.
Күтесің –
Сонымен - ақ бітесің. [77, 37 б.]

Өлеңді аудармасымен бірге толық нұскасын беріп отырғанымыздың бірнеше себебі бар. Біріншіден, Кәкей ақын монғол өлеңінің техникасын да аса шебер меңгерген.

Сөз ретіне қарай айта кетер мәселе Монғол әдебиетінде әріп екпіні көп қолданылады. Қазақ сөйлемдер көбінесе шағын сөзден, монғол сөйлемдер кейде тым көп сөздерден (көптеген құрмалас сөйлемнен) құралады.

Кәкей ақынның жоғарыдағы өлеңінің 5-8 жолдарындағы өлең монғол тілінде былай айтылады:

Өгөөмөр царайлахад « маргааш ир» гэнэ
Маргааш нь очвол « маргааш ир» гэнэ

Хорвоод ямар « маргааш» дуусах биш дээ
 Хожим нь уулзахад бас л « маргааш»

Екі тілде де ақын айтайын деген ойын айқын, кен әрі мағынасын бұзбай бере отырып эпифора әдісін асқан шеберлікпен қолданғандығы таңдандырады.

Монғол өлеңінде жол басындағы екпін – ұйқас ғана емес, әр жолдың буын саны да, тіпті сөз саны да ескеріледі. Монғол өлеңінің ұлттық формалық ерекшелігі – екпін ұйқасы көбінесе жол басындағы екі әріп бірдей болған сайын толыса түседі.

Кәкей ақынның өлеңі монғол тіліндегі осы заңдылықты сақтай отырып мағынасын да, монғол ұлтының өлеңдік формасын да бұзбай берген.

Поэзия деген сөздің өлең - жыр деген мағынасынан басқа, ретіне қарай, көркемдік әсемдік деген мағынаны беретіні тегін емес. Поэзия терең, нәзік сезімнен туады. Ол көңілдің толқынын, жүректің лүпілін білдіреді. Жалпы поэзияға тән қасиет – айтылып, баяндалып отырған нәрсе жайлы ұғым, түсінік беру емес, оны бейнелі түрде сипаттау, суреттілік десек, осы ерекшелік лирикалық өлеңдерден айрықша байқалады.

« Әдемілікті әр халық өз ерекшелігіне қарай қабылдап, өзіне тән ұғыммен баяндайды» [136, 2396.].

Қуанған Жұмаханұлы « Таң» өлеңінде:

Көкжиектен көгілдір,
 Түн түндігі түріліп.
 Шылбырын шық зерлеген,
 Құлыншақ күн құлдырап,
 Шешіліп шықты көрмеден. [32, 21 б.].

Ақын күн шығып келе жатқан мезгілді қандай әсерлі суреттейді. Әрі халықтың тұрмыс - тіршілігінен туған сөздерді қолдану арқылы ұлттық сипаттағы үздік өлең үлгісін тудырған. Монғолиялық қазақ ақындар лирикасында сөздерді әр алуан контексте ойнатып, құлпыртып, құбылтып, қайталап беруге өте шебер. Бұл барлық ақынның бүкіл шығармашылығына тән ерекшелік. Ақын өзіне қажетті әрбір сөзді лирикаларында бірнеше рет қайталаудан тартынбайды, қайта осындай сөздерді, ойлы сөз тіркестерін, суретті сөздерді өлеңнің шырайын шығаратын, көркемдік дәрежесін көтеретіндей етіп, өзінің

айтар идеясына бағындырып қолдана білгені анық көрінеді. Ақын өлеңдерінде ұйқас үшін немесе буын санын толықтыру үшін қолданылып тұрған басы артық сөздер жоқ, әр сөз, әрбір тіркес әр тармақ өз орнында тұр.

Байбатырұлы Имашханның « Бүркіт тау» өлеңіндегі табиғат көріністері арқылы ойды беру тәсілі тартымды.

Дулығасы аспан төсін түртеді,
Бұлт қалжыңдап бетіне су бүркеді.
Шың басында қыран бүркіт сілкініп,
Етегінде тауешкілер үркеді.

немесе « Сырғалы суреті» атты өлеңінде:

Шыршалар сыланбай - ақ сал қайыңдай,
Құбылып қалы кілем таңдайындай.
Алыстан жарқырайды Сырғалы көл,
Даланың маңғыл қасқа маңдайындай. [12, 121 б.].

Ал, ақынның сәтті теңеу, метафора, эпитет – образды сөздері қаншама!

Екі нәрсені салыстыра бейнелеу арқылы өлеңдегі өрнекті құлпырта түседі.

Осының бәрі тұтасып келгенде күрделі де қызықты сырлы әлем құрайды. Жырларындағы дархан даланың кешегісі мен бүгінгісі, мезгіл мақамдарынан биік тұрған уақыт рухы, қазақ халқының ұлттық этнографиясы мен психологиялық күйлерінен тамыр тартқан сұлулық, гуманистік сипат аса шырайлы, шуақты, жарқын.

Ақынның суреткерлік дәрежесі мен сөз қолдану мәдениеті де, оның шығармаларының көркемдік сипаты да қолданылған сөздердің жалаң сандық молдығынан емес, ішкі ой сұлулығын берерлік үйлесімді сөз асылын сұрыптап, талғап қолдана білуі арқылы танылады.

Сөздің әсерін арттыру мақсатында көркем шығармада кездесетін фигураның (айшықтың) бірі – қайталау болып келеді. Бұл жайында ғалым З. Қабдолов: «...қайталау – сөз әсерін күшейте отырып, оқырман назарын айырықша аударғысы келген нәрсесіне құбылысты бірнеше мәртебе қайталап, айтар ойды, ұқтырар сырды ұғымға мұқият сіңіре түсу» [38, 239 б.]. деген еді. Ендеше осы қайталау көркем шығармаларда қолданылуына қарай бірнеше түрге бөлінеді: Жай қайталау,

еспе қайталау, әдепкі қайталау, әдепкі қайталау – анафора, кезекті қайталау эпифора деп аталады.

К. Жанжұңұлының «Спектакль үстінде» өлеңінен алынған мына бір шумаққа көңіл аударайық:

...Қарғыс апат солдырмады не гүлді,
 Қанша бүтін қабырғадан сөгілді.
 Қанша шерлі Толғанайлар егілді,
 Қанша жасы әжелердің төгілді. [17, 56 б.].

Өлең – кең алып қарағанда әлеуметтік құбылыстың уақыттық аясы артып, рухани мәні тереңнен қозғалады. Анафоралық тәсіл сезім қуатын күйлей өрнектесе, толымды ұйқасқа негізделген шендестіру амалы ақын жанының қызуы мен сындары ұғымын көтеріңкі әсермен бедерленген.

Ақын өзіне қажетті әрбір сөзді лирикаларында бірнеше рет қайталаудан тартынбайды, қайта осындай сөздерді, ойлы сөз тіркестерін, суретті сөздерді өлеңнің шырайын шығаратын, көркемдік дәрежесін көтеретіндей етіп, өзінің айтар идеясына бағындырып қолдана білгені анық көрінеді. Ақын өлеңдерінде ұйқас үшін немесе буын санын толықтыру үшін қолданылып тұрған басы артық сөздер жоқ, әр сөз, әрбір тіркес әр тармақ өз орнында тұр. Кәкей ақынның « Құмнан сусап құлағанда құмығып» деген өлеңі эпифоралық тәсілмен жазылған.

Құмнан сусап құлағанда құмығып,
 Демеп жібер, -
 Әшейінде молшылығың не керек,
 Шыңнан тайып жатқанымда жығылып,
 Жебеп жібер, -
 Әшейінде елшілігің не керек.

Немесе:

Ерлігіңді таршылықта көрейін,
 Байлығыңды жаршылықта көрейін.
 Иығыма күш түскенде көрейін.
 Басыма бір іс түскенде көрейін.
 Досым болсаң сүйемелдеп алып қал,
 Қасым болсаң қасқая кеп шалып қал
 Бұлан құйрық, арзан күлкі ағайын,
 Таныр болсаң, кезеңде танып қал. [17, 42 б.].

Кезекті қайталау – эпифора тәсілімен жазылған

ақынның келесі бір өлеңі « Юуны төлөө уух вэ?» (« Не үшін ішеміз?»)

Осы сатиралық өлеңінде автор қоғамда көрініс беретін жайсыз әдеттердің бірі үлкен - кіші арасында « айықпас дерт» боп тараған ащы судың әлегін сынға алады. Сол арқылы үлкен ойға жетелейді. Автор тілімен айтсақ: « Бір зауал жазалап, Күн сайын талқыға түсеміз. Жүр сауал мазалап, Осы біз не үшін ішеміз?» . Бұл өлеңді монғол тіліне аударсақ:

Манайхан нийлэх дуртай
Мал болтол дампуурах зуршалтай
Ганцаараа хүртдэх
Гахай биш дээ! [137, 38 б.].

Монғол өлеңіне тән ерекшеліктердің бірі – жол басындағы екпін – ұйқасқа құрылатын әдіспен жазылатындығы.. Монғол өлеңінің ұлттық формалық түрі – екпін ұйқасы көбінесе жол басындағы екі әріп бірдей болған сайын толыса түседі. Кәкей ақынның өлеңі монғол тілінде жазылғандықтан монғол ұлтының өлеңдік формасының заңдылықтары ескерілген. Ал осы өлеңнің қазақшасына назар аударайық:

« Ынтымақ түбі – бірлік» деп,
« Бірігуге» құмармыз.
Бірігіп ап дүрлігуге құмармыз.
« Өле ішкенше –
Бөле ішкен жақсы» – деп,
« Стакан түбін көре ішкен жақсы» деп,
« Достар қолқалаған соң,
Құмар таркамаған соң,
Солар үшін ішесің.
Ішесің де
Жалманыңнан түсесің. [77, 53 б.].

Өлеңде оқырман назарын өзіне аударатын бірнеше элементтер бар. Қазақтың «Ынтымақ түбі – бірлік» деген мәтел сөзі, мәтел сынды тілдік қолданыста көп кездесіп қалатын мәдениетті болмаса да « өле ішкенше –бөле ішкен жақсы» деген тіркес. Сондай - ақ контексте қайталанып келіп отырған -бірігу, -бірлік, -бірігіп алып деген сөздердің үш рет; -өле ішкенше, -бөле ішкенше, -көре ішкенше және өлеңнің соңғы шумағындағы -ішесің сөзінің екі рет; сонымен қатар бірінші

шумақта екі рет, екінші шумақта бір рет келіп тұрған -құмар сөзінің үш рет, яғни тармақ ішіндегі сөздердің қайталануы монғолшадан қазақша аудармасында да монғол тіліне тән заңдылықты сақтап қалып отыр. Кәкей ақынның өлең тіліндегі ұлттық ерекшелік ережесіне аса талғампаз, сөзге кіді, кірпияз екендігі таң қалдырады.

Өлеңді ары қарай оқығанда, әрбір мерекенің атымен басталатын шумақ тегіс осы жоғарыда көрсетілген тәсілдерді қатаң сақтай отырып жазылған. Мәселен, « Ал « Март» деген сөз – Бір - екі грамм тарт деген сөз» , немесе « Жайраң қағып май келеді, Көңілге тым сай келеді» , « Арасында « Күлкі күн» бар, Ал енді күлмейтұғын кім бар?» дегендей жалғаса береді. Өлең ойнақы тілмен жазылған. Ой бере алатын, толғандыра алатын, үздік туынды болуымен оқушысын баурай жөнеледі.

Монғолиялық жазушы, аудармашы С. Мағауияұлының: «Менің ойымша қазақ сөйлемдер көбінесе шағын сөзден, монғол сөйлемдер кейде тым көп сөзден (көптеген құрмалас сөйлемнен) тұрады құралады» деген пікірін жоғарыдағы өлең шумақтары дәлел болып тұрғандай. Мағыналық тұрғыдан өлең ешқандай да бөлшектеуге келмейді.

Өлеңді монғол тіліндегі нұсқасын ары қарай оқып көрейік:

«Хүүхдийн өдөр» бас бий
 « Үртэй бол жаргал»
 Үүнийг эс тэмдэглэвэл нүгэл
 « Нусгай хамартынхаа» төлөө
 Нууцгай борынхоо төлөө
 Сэтэрхий шүдэт ачийнхаа төлөө
 Сэнжиг нь салаа охиныхоо төлөө
 Хэний нь ч марталгүй хундага өргөнө
 Хэсэж, хэсэж ирээд
 Хаалгаар мөлхөж орно. [137, 38 б.].
 Осы өлеңнің қазақшасы:
 Үлкен - кіші сағынар,
 Балалар күні тағы бар.
 « Балалы үй - базар» деген,
 Мерекеді мына секілді.
 Біраз « базарлап» қалмау –

Әкелеріне күнә секілді.
« Дымқыл мұрындарың үшін,
Тұқыл тұлымдарың үшін,
Кетік тістерің үшін,
Қожанасыр істерің үшін,
Айналайын қалқаларым,
Менің ішіп жүргенім
Өздеріңнің арқаларың» – деп,
Айтшылап - айтшылап келесің,
Есік еңбектеп енесің... [77, 53 б.].

Бұл шумақтардың басында бала, базар, секілді деген сөздер екі реттен қолданылса, келесі шумақта үшін сөзі төрт рет (эпифора әдісімен) берілген. Бірақ сөздердің қайталануы өлеңнің мағынасына солғындық беріп тұрған жоқ.

Осы ретте қаламгер Ш.Нығышұлының мына бір пікірін келтіре кетудің зор мәні бар: « Ақын - жазушыларымыздың көбі, әсіресе, жас таланттарымыз монғол әдебиетінен оның өз тілінде сусындап, керегінше тәлім, өнеге алып, білім шеберліктерін, дарын таланттарын жетілдіріп келеді. Өз творчествосын монғол тілінде жасайтындар да туа бастады» [124-, 226.] – деген пікірінің нақты дәлелі осы.

Кәкей Жаңжұңұлы поэзиясында алмастыру тәсілін де сәтті пайдаланады.

«Той көріністері» атты өлеңінде:
Қызыққа қыран дала үздігуде,
Кім үйде отыра алар ізгі күнде.
Сексендер селк - селк етіп ат ерттетті,
Сегіздер жүйріктердің тізгінінде.

Ақынның сексендер деп отырғаны қарттар, ал сегіздер деп отырғаны жеткіншек балалар болса керек.

Ақынның лирикасынан шендестірудің небір үлгілерін көруге болады.

Әлі күнге қалған жоқ бала машық,
Баяғыдай құс көңіл ала қашып.
Жиырма бестің желікпе қиқуымен,
Қырқасынан қырықтың барам асып.
Шұқығандай сол көзім оң көзімді,
Талақ етті бұл кезім, сол кезімді.
Мініп өскен мойынға інілерім,
Келіп қапты қусырып ол да өзімді.

Хас жүйріктей жанса да талай бағым,
 Қаскөй уақыт қоймады алайғанын.
 Бара жатыр шөмейіп бал айларым,
 Бара жатыр көбейіп самайда ағым [27, 29].

«Қош, Көктем»

Шендестіру ақын лирикасында жаңаша және жақсы шыраймен көрінеді.

«Екі нәрсе қатар, яки қарама - қарсы келгенде арасындағы айырым көзге көбірек түседі. Биік пен аласа, ұзын мен қысқа, көрікті мен көріксіз, шебер мен олақ, ғалым мен надан қатар келгенде араларындағы айырмасын ашық көреміз» [38, 26].

Фигураның ендігі бір түрі – сөз тастап кету, яки эллипсис. Кәкей ақынның «Емен» өлеңі.

Өтті сол шақ, жалғыз - ақ күн « өлді» емен,
 Қара жердің түп тамыры түршігіп...
 Таңсәріде орнында желменен,
 Желкілдейді бір шыбық. [17, 42].

Қазақ тілінің бай сөздік қорын аса ұқыптылықпен орын-орнына орнықтыру арқылы олардың негізгі мағынасын тереңдетіп, кейде жаңартып, жаңғыртып қолданған.

Олардың ақындық сұрыптауынан өткен қарапайым сөздердің өзі жаңаша бір мағынаға ие болып, бұрынғысынан көріктене, әсерленіп шығады. Соның нәтижесінде ақындар өлеңдері ажарланып, айшықталып құбылып келіп отырады. Шығармада көркемдік құралдардың бір ғана түрі қолданылмайтыны белгілі. Бір өлеңде, тіпті бір шумақтың өзінде бірнеше көркемдік құралдардың түрлері қатар келіп, өлеңдердің қадір - қасиетін арттырып тұрады.

Алтайдың арғы бетіндегі сырлы әлем

Монғолиядағы қазақ ақындар шығармаларының дені ұлттық ерекшелігімен айқындалады.

«Ұлттық ерекшелігімен көрінбеген шығарма тіпті көркем шығарма емес, неге десеңіз, көркемділік ең алдымен нақтылық, нанымдылық, көркем өнердің қандай түрі болғанымен тек ұлттық негізде туады, ұлттық дәстүр, характер, ұғым, тіл, салт, әдет - ғұрып сияқты шындықта бар нақты элементтер мен категорияларды табиғи жолмен бойына жинайды»

Қуанған Жұмаханұлы «Бәйге» өлеңі.

Жанарлардан жаңбырдай жас парлатып,
Боз көдесін жайлаудың аспанға атып.
Сәйгүліктер шашасын шаң шалмаған,
Адырнадай мәреден шыққанда атып. [32, 19.].

«Өлең негүрлым образды, жанды суреттерге құрылған сайын ол көңілге жылы ұялайды, эмоциялық әсері арта түседі ғой. Образды ой мен сыршыл әуен астасып келген жағдайда өлеңнің құндылығы тіпті арта түсетіндігі мәлім. Мұндай өлеңдерді ақын Кеңес Ілиясұлынан көптеп кездестіруге болады» [54, 36.]. -- деп көрсетеді Яки Ілиясұлы.

Ақ көйлектің етегі доңгеленіп,
Аққудайын ақ тосін желге беріп.
Қысып ұстап келеді ат тізгінін,
Арғымаққа ару қыз бермей ерік. [28, 13.].

«Қызқуар» деген өлеңінен алынған осы шумақта шабандоз қыздың әсем образы бейнеленген. Бұл өлеңде қыздың сыртқы жарастығын ғана емес махаббаттық ішкі толғанысы да сәтті жырланған.

Жас жүрегі келеді - ау асықтырып,
Түлкі ілетін қырандай ғашық жігіт.
Тежеу керек ат басын, сүйсін бір сәт,
Аққан судай көңілі тасып тұрып. [28, 13.].

Бұл психологиялық толғаныс пен сыршыл образдардың астасып, әсем сурет болып өрілуі ақында өте шеберлікпен берілген.

Яки Ілиясұлы «Әткеншек» өлеңінде алма-кезек ауысқан тіршілікті « боз даланың тұғыры болған» әткеншек арқылы табиғи жеткізеді.

...Айлар, жылдар жылжып жәй өтіпті алдан,
Ұрпақтарға талай бір жетіпті арман.
Менің дағы жастығым әткеншекте,
Сезіледі ілесіп кетіп қалған. [28, 13.].

Тойлыбай Құрманмолдаұлы « Шілдехана» өлеңіндегі ажалды өмірдің келеке етуі ақындық тапқырлық.

Жақсы күн жаз күлкілі береке егіп,
Ажалды өмір үні келеке ғып.
Көтеріп кеудесіне нәрестені,
Жатқандай жалпақ әлем мереке қып...

ал «Балуандар» өлеңі:

Билеп шықты. Жол берді жұрт жарылып
Шойын желке, шалқак кеуде ақиық,
Далпылдатып ауыр үлкен қанатын,
Жерден ұшып барады бір самұрық, – [59, 336.]

деген жолдарда көз алдыға жанды бейне елестейді. Балуанды «ауыр үлкен қанатын жайып ұшқан самұрыққа» балауы да ұтымды.

Қайсар тұлға қайыспастан сірескен,
Шымыр мүсін шықпас мәнгі бір естен...
Жеңімпаздың жүзінде алау ойнайды,
Жауырыны жерге тимей күрестен!...
Қатшанұлы Шабдарбай «Бәйге» өлеңі:
Шулайды халық шығады бөтен, таныс үн,
Елiрдi жүйiрiк, қызған жоқ бiлем жан үшiн.
Атының басын жiберiп еркiн, өзiнiң,
Келедi бала қамшымен осып намысын.
Шабандоз әлi құйын боп кетiп барады,
Сағым боп ұшып, оятып теуiп даланы.
Өмiрдiң өзi адамдар үшiн бәйге ғой,
Бәйгесiз өткен минуттарым қаралы. [59, 316.]

Ш. Қатшанұлының бұл өлеңінде бәйгеге шапқан сәйгүліктер бірде құйын, бірде сағым болып көз алдымыздан өгіп жатады. Өлеңнің соңғы екі тармағында философиялық ой түйінделеді. Өршіл рухқа шақырғандай болады.

Байбатырұлы Имашхан ақын да «Алаулап жана сала таң шырағы» атты өлеңінде:

Алаулап жана сала таң шырағы,
Ауылдың оянады «аңшылары»,
Қанатын қалт - қалт еткен қомдай салып,
Шағала тұмсығымен шаншылады.

Ауылдың жастарын да билеп сауық,
Қойғандай биені де сирек сауып.
Желіден ағытылған қасқа құлын,
Барады нокта – жібін сүйреп шауып, – [12, 316.]

деген өлеңі шуақты ойға жетелейді. Имашханға тән бір ерекшелік—іркіліссіз емін-еркін жырлау басым.

И. Байбатырұлының келесі «Тұрса да аспан төсі алаң - ашық» өлеңінде жазғы ауыл көрінісінің бір сәтін көз алдына жайып салады. Өлең шынайылығымен баурайды.

Тұрса да аспан төсі алаң - ашық,
Құяды бұршақ, жаңбыр араласып.
Өткінші өте бере төбесінен,
Өресін бүкіл ауыл салады ашып.

Келіндер кезқұйрықпен « жағаласып» ,
Оның да тоқтатпайды араны ашып,
Қойса да айбар етіп тымақ байлап,
Жас құртты барады, әне ала қашып. [12, 256.].

Ақын Рысбек Зұрғанбайұлының « Махамбет» өлеңінде
Өзің жайлы ой теңізге батам көп...

(Отсыздығым кіл жанымды жатар жеп!)

Өрт сезімнің от жүректің иесі,

Мәрт мінездің түп атасы Махамбет!

Селін кешіп тұл тағдырының қатал бек,

« Кескекті ердің сойы» болған Махамбет.

Алмас қылыш, алдаспан сөз туысып,

Жүрегіңе тоғысты егіз – қатар кеп, – [60 146.]

деп ағынан ақтарылады. Ғажайып биік рухтың иесі болған, жауына жасын болып түскен ақынның ерлігін мадақ етеді.

Дауылпаз ақын образын алдаспандай жарқылдаған жолдармен сәтті, тапқыр бейнелейді. Бұл азаттық үшін арпалысқан Махамбет сынды ақынға бағышталған жыр-ескерткіш.

Ақын Садырбек Далайұлының өлеңдерінде қазақ халқының жақсы салт-дәстүрі мен этнографиялық көріністері өзіне тән ерекшелікпен тартымды жырланады. Ақындардың өлеңдерін оқып отырғанда олардың үнемі ізденіс үстінде екенін байқаймыз. Ақынның « Жолаушы» , « Сыбызғы сарыны» т.б. өлеңдері бұл ойымызға дәлел бола алады. Көптеген ақындар туындыларына тән бір жылы ағыс оқырман көңіліне шуақ сыйлап, жаныңды жадырата түседі.

Көркем тіл, образдылық – Монғолия қазақтары поэзиясы үшін бір байлық. Мұны атап айту қажет. Монғолия қазақтары поэзиясы үшін екінші арна –тарихи-этнографиялық

сипат! Ұлттық салт-дәстүрге адалдық, оны өлеңге өрнек ету – екінші арна, екінші бір ерекшелік.

Түйіндей айтқанда, Монғолиядағы қазақ поэзиясының мазмұны терең, тілі бай. Өйткені ақындар үнемі ізденіс үстінде болғаны байқалады. Соның нәтижесінде тілдің бояу - нақыштарында соны қолданыстар баршылық. Өлеңдердегі орынды баламалар халықтың өмір - салтынан алынғандықтан, халықтың ұғым түсініктерімен қабысып отырады. Оқырманның әсемдік сезімін оятып таңдай қақтыратын тың, соны бейнелі сөздер де аз емес. Талғампаздықпен қолданылған балау - салыстыру, ажар - айшық, ауыстырулар біз сөз етіп отырған кезеңдегі ақындар шығармаларынан молынан орын алған. Сонымен, Монғолиядағы қазақ поэзиясы қара шаңырақтағы қазақ әдебиетінің бір бұтағы десек орынды болмақ.

Ғалым З.Бисенғали: «Бүгінгі әдебиеттану ғылымы мен тарихы әдеби шығармалар мен құбылыстарды, бағыттарды көкке көтеру мен оған дәлелсіз күдіктене қараудың кесел көріністерінен арылып, тұрпайы социологиялық талдаулар мен дәлелсіз пікірлерді, дауларды артқа тастап, ғылыми фактілерге негізделген байсалды зерттеулерге тоқталды. Күн санап қосылып жатқан «көненің көзі» – әдеби мұраларымыздың көбеюі, ғылыми - зерттеу жұмыстарының тәжірибесі мен этикасының, эстетикасының артуы осының айғағы» [105, 4 б.] деп айтқан пікіріндегі «күн санап қосылып жатқан» мұрағаттардың бірі де осы диаспорада жасалған әдебиет деп айтуға болады.

Оны зерттеп, зерделеп әдебиет тарихына қосу басты парыз.

Өйткені төрт құбыламызды түгендейтін уақыт келді. Егемен ел болып, тәуелсіздікке қол жеткіздік. Ендігі басты міндеттің бірі сыртта жүрген қазақ диаспорасының мәдени - әдеби мұрасын жалпы қазақ атты халықтың рухани қазынасының бір тармағы ретінде қарау. Осы арқылы ұлттық идеяның ұлы діңгегін нықтай түсуіміз қажет.

СӨЗ ТҮЙІНІ

XIX ғасырдың екінші жартысында екі империя (орыс, қытай) шекара сызығын тартуға келіскенде бір бөлім ел Монғолия асады. Ондағы мақсат бодандық бұғауынан яғни қытайдың қысымынан құтылу еді. Сөйтіп, осыдан жүз елу жыл бұрын қазақ халқының бір бөлегі Монғолия жеріне қоныс аударады. Күн көріс кәсібі мал шаруашылығы болған халық шөптің шүйгінін, судың тұнығын қуалап өмір кешеді. Бірақ Монғолия мемлекетінің қоластына қарауға мәжбүр болды.

Алайда заман бірқалыпты тұрмады. Россиядағы қазақ төңкерісінің әсерінен 1921 жылы Монғолияда халық революциясы жеңіске жетіп, социалистік даму жолына бет алды. Барлық іс - шаралар Совет Одағының нұсқауымен жүргізіліп отырды. Компартияның қызыл саясатынан қазақтар да сырт қала алмады. Социализмді құруды жеделдету мақсатында түрлі саяси ғанауандар жүреді. Мәселен, бай - ауқатты адамдарды тәркілеу, партия қатарын тазалау, бірлестіктендіруді жедел қолға алу, саяси қуғын - сүргін (репрессия) т.б бәрін халық басынан өткерген зобалаң жылдар нәубеті болды.

Сонымен, 1940 жылға келгенде Баян - Өлгий жеке ұлттық аймақ болып құрылады. Мектептер саны көбейіп, қазақ тілінде газет - журналдар шыға бастады. Аймақ орталығынан клуб ашылып, жазушылар одағының қазақ бөлімшесі құрылды. Осының бәрі жаңа әдебиеттің қауырт дамып, қалыптасуына әсер етті.

Бұрынғы зерттеу еңбектерге жүгінсек; алғашқы өлеңін «Өркендеу» газетінің бетінде жариялап, аймақ әдебиетінің негізін қалаған ақын, драматург Ақтан Бабиұлы (1897 - 1973) болды деп айтылып келді... Ақтан өлеңді суырып салып та, жазып та шығарған. Ол Ақбала, Ұмсындық, Ғазиза сынды ақындармен айтысады. Кейін келе өлеңдерін үзбей жариялап, Монғолиядағы қазақ поэзиясының дамуына үлес қосады.

Осы арада ескеретін бір жағдай Ақтан Бабиұлының алдында да бір шоғыр ақындар болған. Бірақ олардың шығармалары кейде ауызша тараса, кейде қолжазба күйінде тарап отырған. Қытай мен Монғолия қазақтарына ортақ

ақын Ақыт Үлімжіұлының алғашқы кітабы 1891 жылы Қазан баспасынан жарық көрген. Сонымен бірге XIX ғасырдың соңында өлеңдері өз аттарымен тараған бірқанша ақындардың есімдері белгілі болғандықтан, біз аймақ әдебиетінің туп, даму жолын осы кезеңмен байланыстыра қарауды жөн көрдік.

Өз алдына отау тіккен аймақтағы қаламгерлер қатары біртіндеп көбейіп, өз кезінің қоғамдық - әлеуметтік шындықтарын үзбей жырлап келді. Сонда аймақ әдебиеті қандай сипатта дамыды? Басты тақырып социалистік өмірді жырлау болды. Әрине, социалистік өмір өзінен - өзі орнаған жоқ. Осы идеяның негізін салушы Ленин мен компартияның басшылығын мадақтау да уақыт талабына айналды. Сөйтіп, 1940 - 1990 жылдары аймақтағы қазақ поэзиясының басты тақырыптарының бірі – компартия мен оның көсемі Ленин болды. Социалистік революцияны халыққа бостандық, теңдік әперген жарқын күн, ұлы күш ретінде көрсетті. Ақындар бұдан басқа да өмірдің өзі ұсынған тақырыптарға қалам тартты. Алғашқы бірлестіктендіру, социалистік еңбекті, еңбек адамдарының образын сомдау, халықтар достығын жырлау әдебиеттің алдындағы үлкен міндеті тәрізді болды. Әдебиет идеологияның қару - құралына айналып, таптық тұрғыдан жазылды. Көнеге көңіл бөлмеу, жақсылықты қазан төңкерісімен байланыстыру басты принципке айналды. Бұл Монғолия мен Совет әдебиетіне де ортақ ерекшелік еді.

Ақындардың қаламына көбірек ілінген тақырыптың енді бірі табиғат пен Отан, туған жер т.б. болды. 1960 жылдардан бастап әдебиет жаңа бір даму биігіне көтерілді. Осы тұста әдебиетке Қазақстан мен Монғолияның жоғары оқу орындарын бітірген бір шоғыр талантты жаңа буын қаламгерлер келген - ді. Олар: И. Байбатырұлы, Ш. Қатшанұлы, Д. Қалаубайұлы, К. Жанжұнұлы, А. Жұмажанұлы, Я. Ілиясұлы, З. Шәріпақынұлы, Т. Құрманмолдаұлы, Қ. Жұмаханұлы, А. Алақанұлы, Ш. Рахметұлы, К. Ілиясұлы, Р. Зұрғанбайұлы т.б. Бұл ақындардың алды оншақты, соңы үш - төрт кітап шығарып, аймақ әдебиетінің белгілі өкілдері ретінде танылды.

Осы тұста әдебиетке өз үнімен келген ақынның бірі Кәкей Жанжұнұлы.

Ол қысқа ғұмырында бес жыр жинағын шығарып,

өлең өресін оқырман қауымға танытып үлгерді. Тұтастай алғанда ақын поэзиясы елге, жерге деген сүйіспеншіліктен туған. Ол көптеген өлеңдерінде туған жеріне, еліне, атажұртқа деген ыстық сезімін терең толғап жеткізеді. Туған жеріне деген бүкпесіз сүйіспеншілік небір тамаша мөп-мөлдір жыр шоғырын құрайды. К. Жаңжұңұлының өлеңдері жаныңа жылы тиіп, сезім қылын дөп басады. Ол халықтың арман-тілегін толғады. Сондықтан оның туындылары ұрпақ зердесінде, ел есінде сақтала беретіні шүбәсіз.

Алабұртқан ақын көңілдің емен-жарқын қуанышы да бұлыңғыр бұлтты реніші де оның туындыларынан мол орын алған.

Кәкей өлеңді алпысыншы жылдардан бастап жаза бастап, оқырман қауымға ерте танылған. Себебі алғашқы өлеңдерінен бастап-ақ адам сезімін, жалынды жастықты, табиғат сырларын шынайы бейнелей білді.

К. Жаңжұңұлы науқаншыл ақын болған жоқ. Тіпті кеңестік идеологияның айбыны асқақтап тұрған шақта да саясатты жақтап, оның үгіт құралы болған өлеңдер жазбады. Отыз жылдан астам шығармашылық ғұмырында компартия мен Октябрь революциясына арнап небәрі екі-ақ өлең жазған екен. Бұл нені көрсетеді? Өмір-тіршілік пен қоршаған орта және адам болмысының сан қырлы сырын суреттейтін нағыз лирика жазуды мақсат еткендігінде. Ол бұл мақсатына жетті. Кәкей өлеңдерінің басты сипатының бірі-адамды қадір тұту. Бұл тарапта ана туралы жазған жырларында сағыныштың сырлы сазы есіп тұрады. Қара жолға қарағыштап, ұлын күткен ана көңілі соншама әсерлі жырланған.

Туған жер мен ата жұртқа арналған жырлары да көп. Ақын қай жағынан қалай бейнелесе де, лирикалық кейіпкер ағынан ақтарылады. Ана мен туған жер туралы өлеңдері ерекше тебіреніске толы. Ақын адамгершілік-имандылық сияқты адамға тән қадір-қасиеттерді соңғы кезде жазған өлеңдерінің арқауына айналдырып, гуманистік идеяны жырлауды мұрат еткен. Жаны таза ақын өзгенің де таза, пәк болуын тілейді. Ақын пенделік ұсақ ойдан биік тұр.

Өзімізден шығар болса жау егер,
Бізді қалай сыйдырады ауа, жер.

Қазақ дерті-бақталастық деген бар.

О, тәңірім, осыған бір дауа бер!—

Жер бетінде жақсылықты ғана көргісі келетін ақын жүрек осылай соғады. Адам бір-біріне жылу мен жарық сыйласа екен дейді.

Кәкей — табиғат тамыршысы. Ол жылдың төрт мезгілінің сыр - суретін, сыбдыры мен сыңғырын келістіре сала білген ақын. Оның табиғат туралы өлеңдерінде табиғат өзгеше бояу-реңкпен көз тартарлық көрікке ие.

Ақын тек лирикалық өлеңдер жазып қана қоймай сатира жазумен де айналысқан. Ондағы мақсаты жамандықты жайрату еді.

Жаманшылық кетсін деп,

Жырмен түйреп, тіл безеп.

Жебіріне жетсін деп –

« Жебе» тарттым бір кезек, - деуіне қарағанда қоғам және жеке адам бойындағы кемістіктермен күрес ашқан. Сонымен бірге ол прозалық шығарма және зерттеу де жазған. К. Жаңжұңұлы-алпысыншы жылдардан бастап әдебиетке араласып, оның дамуына айтарлықтай үлес қосқан ақын.

Тұтастай алғанда халық бар жерде өнердің де өркен жаяры хақ. Монғолияда тұратын қазақтар ата жұрттан алыста жүрсе де мәдени - әдеби мұраларын сақтап, дамытып отырған. Осының нәтижесінде аймақ әдебиетінде эстетикалық - көркемдік талапқа толық жауап беретін шығармалар жазылған. Әсіресе поэзия биік белеске көтерілді. Мұның бірнеше себептері бар Біріншіден – көптеген ақын - жазушылар Қазақстанның жоғары оқу орындарынан білім алды, әдебиетке белгілі дайындықпен келді. Екіншіден – Қазақстанның баспаларынан шыққан көркем әдебиеттердің көбі - ақ Баян - Өлгийдегі қазақтардың қолына тиіп тұрды. Олар ата жұрттағы ақын - жазушылардың шығармаларын үнемі оқыды әрі олардан үйрене білді. Үшіншіден – монғол әдебиетіні де әсер - ықпалы аз болған жоқ. Ақын - жазушылар монғол тілінен аударма жасау арқылы өздері де үлгі - өнеге алды. Шеберліктерін ұштай түсті. Осындай жағдайлар аймақ әдебиетінің барық жанрының дамуына әсерін тигізді. Сөйтіп, Монғолиядағы қазақ әдебиеті ұлттық өнеріміздің бір бұтағына айналды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қинаятұлы З. Жылаған жылдар шежіресі. – Алматы: Мерей, 1995. – 298 б.
2. Сейітжанұлы З. Шынжаң қазақ әдебиеті. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 185 б.
3. Қалиасқарұлы Қ. Монғолия қазақтарының әдебиеті. – Өлгий, 1993. – 85 б.
4. Қалиасқарұлы Қ. Монғолиядағы қазақ зиялылары // Шалқар. – 1993. – №21 – 12 – бб.
5. Замана жыршылары // Құрастырған Қалиасқарұлы Қ, Қажыбайұлы С. – Өлгий, 1989.
6. Ғахилия . Ақыт хажы // Құрастырған Шынай Рахметұлы. Өлгий, 1992. 256 б.
7. Мұхамедиұлы Қ. Монғолиядағы қазақ этникалық тобының қалыптасуы мен дамуы» Алматы: ...2000. 448 б
8. Ақыт өлеңдері // Шұғыла. – 1993. – №1. – 6 - 13 бб.
9. Қажыбайұлы С.// Аққа күйе жағып. Жаңа өмір. – 1998. – №21. 12 - 16 бб.
10. Қажыбайұлы С.// Аққа күйе жағып. Жаңа өмір. – 1998. – №21. 12 - 16 бб.
11. Михайлов Г, Яцковская К. Монгольская литература. – Москва, 1999. – 270 с.
12. Нығышұлы Ш. Біз шұғылаға қалай жеттік // Шұғыла. – 1970. – №1. – 5 - 9 бб.
13. Субханбердина Ү. Ғашық наме. – Алматы, 1976. – 11 б)
14. Қаратаев М. Таңдамалы шығармалар. – Алматы, 1974.— Т.2. – 183 б.
15. Сейітжанов З. Ақыт ақын. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. 127 б.
16. Жанжұңұлы К. Отыз жылдың өрінде // Шұғыла. - 1985. - №3. – 12–19 бб.
17. Жанжұңұлы К. Жауқазын. – Өлгий, 1981. – 54 б.
18. Кәкішев Т., Дүйсенов М. Ұлы Октябрь шуағы. – Алматы: Мектеп, 1981. – 133 б.
19. Кәкішев Т. Абайдың сатирасы. – Алматы, 1986. –86 б.
20. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы:

Санат, 1994. – 448 б.

21. Мұхамәдиұлы Қ. Шығармалар жинағы / Редакторы Қ. Жұмаханұлы. – Өлгий, 1965. – 248 б.

22. Тілепов Ж. Елім деп еңіреген ерлер жыры. – Алматы: Білім, 1995. – 192 б.

23. Айбергенов Т. Өрнекті өлең өрісті // Жұлдыз. –1967. – №10. – 38-46 бб.

24. Дәдебаев Ж. Жазушы еңбегі. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 336 б.

25. Құрманмолдаұлы Т. Мұхит тамшысы. Өлгий 1971. 120 б.

26. 20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті / Редакторы Қирабаев.С. – Алматы: Ғылым, 1997. – 510 б.

27. Жанжүңұлы К. Қош, Көктем. – Өлгий, 1992. – 198 б.

28. Илиясұлы Я. Көңіл көктемі. – Өлгий, 1978. – 128 б.

29. Байбатырұлы И. Алтын сарай. – Өлгий, 1989. – 150 б.

30. Нарымбетов Ә. Қазіргі поэзиядағы дәстүр тұтастығы. Қазақ поэзиясындағы дәстүр ұласуы. – Алматы: Жазушы, 1981. – 260 б.

31. Байбатырұлы И. Жаңа өлеңдер // Шұғыла. 1989. №3. 19 – 23 бб.

32. Жұмаханұлы Қ. Іңкәр сезім. – Өлгий, 1982. – 127 б.

33. Бисенғали З. XX ғасыр басындағы қазақ романы. – Алматы: Өлке, 1997. – 268 б.

34. Абайдың қара сөздері / Редакторлаған Х. Сүйіншәлиев. – Алматы: Ел, 1993. – 98 б.

35. Баятұлы Е. Жаксы жырға жан құштар // Шұғыла. –1991. – №1. – 21–26 бб.

36. Мәулітұлы З. Ғашық жүрек. – Өлгий, 1988. – 82 б.

37. Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік. – Алматы: Жазушы, 1993. – 623 б.

38. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Мектеп, 1982. – 365 б.

39. Белдеубайұлы Д. Жыр жиһазы қандай? // Шұғыла. – 1989. – №2. – 24-30 бб.

40. Бақтыбайұлы Қ. Жаңа өлеңдер // Шұғыла. – 1983. – №3. – 23 - 24 бб.

41. Серікқалиев З. , Серікқалиева Э. Ақыл таразысы. – Алматы: Жазушы, 1976. – 146 б.

42. Эрдэнэ. Сауалға - жауап // Шұғыла. 1983. №1. – 3 - 11 бб.

43. Қирабаев С. Әдебиеттің ақтандақ беттері. – Алматы: Білім, 1995. –137б.
44. Арысбайұлы Қ. Жол басы. – Өлгий, 1969. – 172 б.
45. Негимов С. Тойлыбай толғаныстары // Қазақ әдебиеті. – 1998. - 18 ақпан.
46. Ілиясұлы Я. Сегіз қырлы, бір сырлы ақын // Шұғыла. – 1993. – №1. – 28 - 31 бб.
47. Ергөбек Қ. Арыстар мен ағыстар. – Астана: Таным, 2003. – 186 б.
48. Абай. Энциклопедия / Редакторлаған Р. Нұрғалиев. – Алматы: Атамұра, 1995. – 720 б.
49. Жұмаханұлы Қ. А. Бабиұлы шығармашылығы: Монография. –Алматы, 1992. – 299 б.
50. Қобда өзен толқыны. Жинақ / Құрастырып, редакторлаған Ш. Қатшанов. – Өлгий, 1975. – 208 б.
51. Бүкірбайұлы Қ. Арман мен қамал. – Өлгий, 1969. – 210 б.
52. Ташанбайұлы М. Жаңа өмір. Өлендер. – Өлгий, 1975. – 14 - 15 бб.
53. Жұмаханұлы Қ. Сын сыры. – Өлгий, 1985. – 125 б.
54. Ілиясов Я. Шеберлік деңгейі. – Өлгий, 1985. – 149 б.
55. Ілиясұлы Я. Өнер деп ұққан өлеңді (З.Шәрібақынұлы елуде) // Шұғыла. – 1991. – №1. – 40- 45 бб.
56. Құрманмолдаұлы Т. Мұхит тамшысы. Өлгий, 1971. 56 б.
57. Бұшатайұлы М. Қайдасың көктем. Өлендер // Шұғыла. – 1976. – №1. –13 - 18 бб.
58. Ілиясұлы К. Түз түлегі. – Өлгий, 1980. – 126 б.
59. Құрманмолдин Т. Монғолиям-миуа бағым. – Өлгий, 1982. – 158 б.
60. Зұрғанбайұлы Р. Ғалам саған ғашықпын. Өлгий, 1987. – 186 б.
61. Аяпова Г. М. Әуезовтің әдебиет теориясына қатысты ой-пікірлері // ҚазҰУ Хабаршы. Филология сериясы. –2004. – №6. (57). – 164-165 бб.
62. Жұмаханов Қ. Жыр баптап, шәкірт баулыған. Сын сыры. – Өлгий, 1985. – 146 б.
63. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1973. – 213 б.
64. Винонен Р. Чувство пути // Сб.: Современник. – Москва,

1981. – С. 47-52.

65. Мұқанов С. Жарық жұлдыз. Алматы: Санат, 1995. 268 б.

66. Зейнешқызы Г. Жарқырап атқан таңдарым. – Өлгий, 1972. – 145 б.

67. Мақатаев М. Аманат. – Алматы: Атамұра, 2002. – 303 б.

68. Базарбаев. М. Өлең - сөздің патшасы, сөз - сарасы. – Алматы: Жазушы, 1973. – 256 б.

69. Байбатырұлы И. Жаңа өлеңдер // Шұғыла. – 1991. – №3. – 76 - 77 бб.

70. Майтанов Б. Сөз сыны. – Алматы: Ғылым, 2002. – 145 б.

71. Нұрғалиев Р. Телағыс. – Алматы: Жазушы, 1986. – 178 б.

72. Қирабаев С. Әдебиеттің ақтаңдақ беттері. – Алматы: Білім, 1995. – 149 б.

73. Есімов Ғ. Хакім Абай. – Алматы, 1994. – 247 б.

74. Байтұрсынов А. Шығармалары: 5 том / Редакторы С. Қирабаев. – Алматы: Жібек жолы, 2002. – Т. 1. – 24–30 бб.

75. Қожакеев Т. Сатиралық жанрлар. – Алматы: Мектеп, 1983. – 169 б.

76. Мауқараұлы А. Жаңа қанат қаққанда // Шұғыла. – 1983. – №3. – 43-45 бб.

77. Жанжұндылы. К. Жебе. – Өлгий, 1986. – 88 б.

78. Ысмағұлов Ж. Абай: ақындық тағылымы. – Алматы: Ғылым, 1994. – 280 б.

79. Орайханұлы С. Аяулы дүние. – Өлгий, 1987. – 116 б.

80. Дәуітов. С. Көңіл сазы. – Алматы: Жазушы, 1989. – 172б.

81. Ілиясов К. Ақтоты. – Өлгий, 1970. – 175 б.

82. Мәгежұлы С. Өлеңдер // Шұғыла. – 1991. №1. – 10-11 бб.

83. Қожакеев Т. Сатира – күштілер қаруы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 201 б.

84. Майтанов Б. Қазақ прозасындағы замандас бейнесі. – Алматы: Ғылым, 1982. – 147 б.

85. Негимов С. Ақын - жыраулар поэзиясының бейнелілігі. – Алматы: Ғылым, 1991. – 223 б.

86. Шапаев Т. Ой түбінде жатқан сөз. – Алматы: Жазушы, 1989. – 221 б.

87. Алдаспан: ХУ-ХУІІІ ғ. қазақ ақын - жырауларының шығармалар жинағы / Құрастырған М. Мағауин. — Алматы, 1971. – 204 б.

88. Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. – Алматы: Жазушы, 1986. – 400 б.
89. Бәмішұлы Б. Қазақ әдебиетінің бір бұлағы // Шалқар. - 1996. – №13. – 6 б.
90. Медетбек Т. Баба дәстүрдің мұрагері кім? – Алматы: Өлке, 2001. – 231 б.
91. Зұрғанбайұлы Р. Кәкей Жаңжұңұлы туғанына 50 жыл. – Өлгий: Мирас, 1997. – 258 б.
92. Кенжебаев Б. Жылдар жемісі. Алматы, Жазушы 1984. 299 б.
93. Абай тағлымы: Мақалалар мен зерттеулер / Редакторы Н. Ғабдуллин. – Алматы: Жазушы, 1986. – 430 б.
94. Шалдыбаев Л. «Естисің бе, даусымды? // Қазақ әдебиеті. – 2003. – №25. – 6 -8 бб.
95. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі / Редакторы Ахметов З. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 220 б.
96. Тұрысбек Р. Парыз бен парасат. – Алматы: Атамұра, 2003. – 154 б.
97. Әбдіғазизұлы Б. Шәкәрім поэзиясының көркемдік қайнары. – Қарағанды, 2003. – 144 б.
98. Досмұхамедұлы Х.Аламан. Алматы. Ана тілі, 1991. 176 б.
99. Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. – Алматы: Мектеп, 1970. – 380 б.
100. Әлімбаев М. Өмір – Өнер – Өнерпаз. – Алматы: Өнер, 1991. – 264 б.
101. Сыдықов Т. Мұрат пен міндет. – Алматы: Жазушы, 1987. -318 б.
102. Мырзабеков А. Ақ жауын. Астана: Елорда, 2001. 209 б.
103. Әбдәзұлы Қ.Т.Әлімқұлов шығармашылығы және 60 -80 жылдардағы қазақ прозасы. Алматы. Ғылым, 2001. 269 б.
104. Бисенғали З. Қ. XX ғасыр басындағы қазақ романы. – Алматы: Өлке, 1997. – 268 б.
105. Шәріпақынұлы З. Сыр маржандары. Өлгий, 1976.145б.
106. Бисенғали З. XX ғасырдың басындағы қазақ прозасы. – Алматы: Мектеп, 1989. – 135 б.
107. Қабылханұлы Ө. Жаңа өлеңдер // Шұғыла. – 1983. – №3. – 52 -53 бб.
108. Майтанов Б. Қаһарманның рухани әлемі. – Алматы:

- Жазушы, 1987. – 229 б.
109. Рахметұлы. Ш. Епбек маршы. Шумақтар // Жана талап. – 1962. – №3. – 82 б.
110. Дәдебаев Ж. Өлендегі сөз // Жинақта: Уақыт және қаламгер. – Алматы: Жазушы, 1985. – 120-126 бб.
111. Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық. – Астана: Фоллиант, 2002. – 143 б.
112. Бүкірбайұлы Қ. Қобда озен толқыны. Өлгий, 1975. 134б
113. Әбілқайырұлы Д. Дала дидары. – Өлгий, 1979. – 208 б.
114. Кәпқызы Е. Монғол-қазақ әдебиетінде проза жанрларының қалыптасуы мен дамуы. Алматы, 2000. 250 б
115. Қатшанұлы Ш. Көрімдік. – Өлгий, 1969. – 120 б.
116. Оразбек М. Ақындық тұлға табиғаты. Астана, 2002. 241 б
117. Бердібай Р. Байқалдан Балқанға дейін. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 255 б.
118. Дікейұлы Д. Жылдар сазы. – Өлгий, 1988. – 234 б.
119. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 272 б.
120. Бағыбаева А. Есенберлин романдарындағы махаббат тақырыбы // Жинақта: М.Әуезов және әлем әдебиеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 390–393 бб.
121. И. Байбатырұлы. Алғашқы талпыныстар // Шұғыла. – 1985. – № 3. – 80 б.
122. Нығышұлы Ш. Біз шұғылаға қалай жеттік // Шұғыла. – 1970. – №1. – 5 - 9 бб.
123. Монғолия Жазушыларының ҮІІІ съезінің қаулысы // Шұғыла. – 1989. – № 1.– 80 б.
124. Кәкей Ж. Монғолия Жазушыларының ҮІІІ съезінде сөйлеген сөзі // Шұғыла. – 1989. – №1. – 80 б.
125. Тоханов Б. Жыл жемісі // Шұғыла. – 1989. – №1. – 80 б.
126. Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар. – Алматы, 1983. – Т.ІІ. – 239 б.
127. Қалиасқарұлы Қ. Талантқа талап сай болса // Шұғыла. – 1975. – №2 (68). – 10 – 16 бб.
128. Армысын, Атамекен / Құрастырған Қ. Жұмаханұлы. – Өлгий, 1992. – 222 б.
129. Ілиясұлы К. 1966 жылдың поэзиясы // Шұғыла. –1966.

–№6. – 50-55 бб.

130. Белдеубайұлы Қ. Жаңа өлеңдер // Шұғыла. – 1986. – №6 – 85 б.

131. Шәріпұлы Қ. Жаңа қанат қакқанда // Шұғыла. – 1983. – №1. – 35-36 бб.

132. Бәмішұлы Б. Тұмарлы таң. – Алматы: Көркем баспасы, 2003. – 519 б.

133. История казахской литературы / Под. ред. Н. Смирнова, М. Сильченко, Б. Акмуканова и др. Алматы, 1968. Т. 1. 452 с.

134. Нұрғалиев Р. Сөз өнерінің эстетикасы. – Астана: Елорда, 2003. – 390 б.

135. Омаров І. Әдеби толғамдар. Алматы. Жазушы, 1988. 230 б.

136. Какей Ж. Диваажинд залрахын нууц. – Улаанбаатар: Есөн эрдэнэ хэвлэлийн хоршоо, 1994. – 65 ц.

137. Рахметұлы Ш. Жаңа өлеңдер // Шұғыла. – 1982. – №3. – 52 -53 бб.

а. Жолдасбеков М. Ел тағдыры – ер тағдыры. – Алматы: Санат, 1997. – 683 б.

138. Рахымжанов Т. Романның көркемдік әлемі. – Алматы: Рауан, 1997. – 222 б.

139. Жолдасбеков М. Ел тағдыры – ер тағдыры. – Алматы: Санат, 1997. – 683 б.

140. Қалиасқарұлы Қ. Монғолия қазақтарының әдебиеті. – Өлгий, 1993. – 85 б.

141. Шәріпақынұлы З. Өлеңдер // Жаңа талап. – 1968. – №1. – 19- 26 бб.

142. Байбатырұлы И. Жүрек толқындары. Өлгий, 1983- 203 б

143. Жаңжүңұлы К. Маусым. – Өлгий, 1981.– 54 б.

144. Қалаубайұлы Д. Сын түзелмей – мін түзелмейді // Шұғыла. – 1978. –№4. – 20- 24 бб.

145. Шәріпақынұлы З. Сыр маржандары. Өлгий, 1976. 75- б

146. Тебегенов Т // Қазақ әдебиетіндегі тұлға мәселесі. Ғылыми еңбектердің жинағы. – Алматы, 1998.– 82 б.

147. Илиясұлы Я. Қаламгер парызы. – Өлгий, 1979. – 122 б.

148. Кәкішев Т. Оңаша отау. – Алматы: Жазушы, 1982. 156 б.

149. Хасбаатар Ц. Утга зохиолын тухай бодол. – Улаанбаатар, 1973. – 200 ц.

150. Құмарұлы К. Кәрібоз. – Астана: Елорда, 2001. – 253 б.

151. Мақпыров С. Қазына. – Алматы: Арыс, 2004. – 320 б.

152. Тоқайұлы Л. Тау қыраны. Алматы Үш қиян, 2004. 110 б

МАЗМҰНЫ

Бастау.....3

I. ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ӨРКЕНДІ БІР БҰТАҒЫ

Алтайдан жеткен азаттық әуен.....8

Қиырдағы қазақы үн серпіні.....23

II. АТА ЖҰРТТЫ АҢСАҒАН АҚЫН ЖҮРЕК

Танымасаң танып ал, мен қазақпын.....89

Тауда тудым, тауда өстім, тауда өлемін.....99

Жанда – рух, бойда – қан күшіменен,
мазалайын Атажұрт, түсіңе енем.....117

III. ПОЭЗИЯДАҒЫ ЖАҢА ИІРІМДЕР

Ұлттық поэзияның сағыныш толқындары.....148

Алтайдың арғы бетіндегі сырлы әлем.....175

Сөзтүйіні.....180

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....184

ӨМІРДЕРЕК

- Арыққарақызы Еркегүл – 1976 жылы МХР, Баян-Өлгий аймағы, Өлгий қаласында тудым.
- 1984 - 1994 жылдары орта мектепте оқып, алтын медальмен бітірдім.
- 1994 - 1998 жылдары Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің филология факультетінде студент,
- 1998 - 1999 оқу жылында Абай атындағы Алматы Педагогикалық университетінің қазақ әдебиеті кафедрасында ізденуші - стажер,
- 2000 - 2001 жылдары Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, қазақ әдебиеті кафедрасында оқытушы,
- 2001 жылдан бастап Көкшетау университеті «Тіл пәндері» кафедрасының оқытушысы /келісім шарт негізінде/.
- 2002-2005 жылдары ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, қазақ әдебиетінің сыны мен тарихы кафедрасында сырттай оқу бөлімінің аспиранты,
- 2005 жылы «Монгол қазақтарының поэзиясы және К.Жаңағұндылықтың шығармашылығы» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғадым.
- 2006-2007 оқу жылдарында Көкшетау университеті «Тіл пәндері» кафедрасының аға оқытушысы,
- 2007 жылдың II жартысында Білім беру мен тестілеудің мемлекеттік стандарттарының ұлттық орталығында «Қазтест» секторының бас маманы,
- 2008 жылдан Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Отырар кітапханасы» Ғылыми Орталығында аға ғылыми қызметкер,
- 2008 оқу жылының II жарты жылдығынан Көкшетау университеті «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының аға оқытушысы болып жұмыс істеймін.

